Функционалдық сауаттылыққа мынадай деректер келтіруге болады. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Тіпті олар әр түрлі жағдайда кездескен іс- қағаздардың бланкісін толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмапты. Бір қызығы, олар теледидарда не айтылып жатқанын, жалпы айтқанда, күнделікті өмірдің есебін білмейтін болып шыққан. Соның салдарынан жұмыссыздық, өндірістегі апат, жазатайым оқиғалар жарақат алулар көбейіп кеткен. Қазақ маманы С. Раевтың ойынша, сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады екен. Әсіресе бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта пайда болады. Яғни, үшінші сынып оқушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымас тағы бір ертеңгі сауатсыздың дүниеге келгені. Сол себепті келешек ұрпаққа жалаң білім беріп қана қоймай саналы, сапалы білім беру басты мақсатымыз. [1]

«Функция» сөзінің мәні Қазақ тілінің түсіндерме сөздігінде: «функционалды ұғымы бір нәрсенің құрылысы, құрамынан емес, қызметінен болатын, соның әрекетіне байланысты болады»– деп сипаттама беріледі. Бұдан «функция» категориясы белгілі бір заттың атқаратын қызметіне немесе іс-әрекетіне қатысты айтылатыны танылады. Мысалы: ақпарат құралдарының функциясы – халыққа ақпарат тарату. Ал «функция» ұғымы адамға қатысты айтылғанда, оның іс-әрекетіне байланысты қарастырылады. Жоғарыда сауаттылық адамның білімділігіне қатысты ұғым екені нақтыланды. Яғни, «функционалдық сауаттылық» белгілі бір кезеңге сай субъектінің алған білімі мен білігі негізінде сауатты іс-әрекет ете алуы деген мағынаны білдіреді. Қоғамның дамуына байланысты сауаттылық ұғымының мәні тарихи тұрғыдан өзгергенін, тұлғаға қойылатын талаптарда оқу, жазу, санай білу қабілеттерінен гөрі белгілі бір қоғамда өмір сүруге қажетті білім мен біліктердің жиынтығын игеру, яғни функционалдық сауаттылыққа жету деген сипатта ұғынылады.

Үкіметтің 25 маусым 2012 жылы №832 қаулысымен бекітілген «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» қабылданды. Ұлттық жоспардың мақсаты–Қазақстан Республикасындағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау болып белгіленген болатын.

Қазіргі әлемдегі, еліміздегі өріс алып отырған түрлі бағыттағы дамулардың әсерінен қоғамның адамға қоятын талаптарының өзгеруі нәтижесінде функционалдық сауаттылық ұғымы кең тарала бастады. Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. [2]

Жасөспірімдердің студенттік өмірге қалыптасуы әлеуметтік және биологиялық өзгерістердің толықтай жетілмегендігінен, қиын әрі көпжақты үрдіс. Сондықтан да, бірінші курс студентінің колледж жағдайына бейімделу мәселесі жалпы теориялық мәселелердің бірі. Кешегі мектеп оқушысының студенттік өмірге «енуі» мәселе міндеттерінің өзектілігін анықтап береді. Бірінші курс студенттерінің студенттік өмірге тез бейімделу үрдісі олардың өмір сүру үрдісінде жаңа кезең болып саналады.

Оқу кезеңінің алғашқы баспалдағында олардың оқу – іс-әрекетіндегі психологиялық ерекшеліктері мен өзгерістерін, психологиялық жағдайын зерттеуді қажет етеді. Бірақ, бірінші курстағы оқу – іс әрекетін ұйымдастыру ісі колледж жағдайына орай студенттің бейімделуіне бағытталған. Студенттік өмір бірінші курстан басталады. Сондықтан да бірінші курс студентінің колледж өмірі мен оқу әрекетіне тиімді бейімделуі тұлға ретінде болашағының жақсы дамуына, жақсы кәсіби маман болып қалыптасуына кепіл бола алады.

Колледжге қабылдануымен қатар бұрынғы қалыптасқан стереотип бұзылып, жаңа түрі

қалыптасады. Бірінші курсқа түскен студенттерге колледждің оқу үрдісі мен тәртібін қабылдау оңайға соқпайды. Бұл мектеп кезі мен үйде баланың үнемі мұғалім мен ата – ана қамқорлығында болуымен тікелей байланысты. Студенттер өздерін өзі бақылауға әлі қалыптаспаған, үйренбеген. Колледжге түсушілердің негізгі бөлігі аудандардан (елді-мекендерден, өзге аудандардан) келеді. [3]

Сондықтан білім жолындағы тұлғаның өміріндегі ауыр кезеңіде мұғалім – басты тұлғаға айналып, студент өмірінде ерекше роль атқаруға тиісті. Студенттердің білімді де, білікті, парасат пайымы мол, саналы да сабырлы азамат боп жетілуі, тәлім мен тәрбие беретін мұғалімге тікелей байланысты болмақ. Егер бала мұғаліммен ортақ тіл тапса, онда ол жаңа оқуды да, ортаға да тез үйреніп, жақсы көріп кетеді. Мұғалімге артылатын сенім жүгі соншалық ауыр дей отыра, сонымен қатар оның ұлағатты ұлы жол екенін естен шығарып алмаған жөн. [3] Демек, өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, ұлттық қасиеттеріміздің асылдарын асқақтата отырып, шәкіртінің жанына құятын ұстазды ғана бүгінгі күннің лайықты тұлғасы деуге болады.

Студенттердің функционалдық сауаттылығын дамытуда оқу бағдарламасындағы әрбір пәннің рөлі зор. Соның ішінде географияның алатын орны ерекше. Осы ретте, қазіргі заманды оқыған кезде, оқушылардың жан-жақты географиялық білімдерді игеруі, оқушылардың функционалдық сауаттылығының дамуы, кеңеюі басты мақсат болып табылады.

География пәнінің мазмұны оқушылардың география ғылымдары жүйесінің негіздерін игеруіне, оларда тұлғааралық және этникааралық қарым-қатынасқа қатысты жоғары мәдениеттің қалыптасуына, жеке тұлғаның өзін-өзі анықтауына және кәсіби бағдарлығына, функционалдық сауаттылықтың қалыптасуына, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік тұрғыдан дамуына бағытталған. Пән бойынша оқу бағдарламасында, дүниежүзілік инновациялық оқыту тәжірибесін трансляциялау және оқушының оқуға деген қызығушылығын тудыратын, қазіргі білім беру технологияларын пайдалану арқылы, оқытудың нысандары, әдістері және технологиялары елеулі түрде жаңартылған. Жоғары білім нәтижелеріне жетуді, алған білімді оқу және тәжірибелік қызметте пайдалана алуды қамтамасыз ететін, логикалық, сыни және құрылымдық ойлау негіздерін қалыптастыру үшін оқытудың тиімді нысандары мен әдістері енгізілген. Сынып ұжымын жаппай оқыту нысандарынан әр оқушының жеке білім алу траекториясын құруды жүзеге асыруға ауысу қамтамасыз етілген. Бұл интерактивті, инновациялық, жобалық-зерттеу технологияларын, сандық инфрақұрылымды пайдалану арқылы да жүзеге асырылды.

Білім алушыларды абстрактылы-теориялық білімдер және тапсырмалармен шамадан тыс жүктеу жойылған, сондықтан оқыту үдерісін тәжірибелік-бағдарлы және бейімді бағытта құру мүмкіндігі туды. Жалпы бағдарлама мазмұнын, оқыту нысандары мен әдістерін жаңарту мұғалім мен оқушы арасында серіктестік және достық қарым-қатынастың орнауына көмектеседі.

Функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша Кіріктірілген білім беру бағдарламасының талаптарын жүзеге асырудың міндетті шарты – бірқатар артықшылығы бар, белсенді және интерактивті оқыту әдістерін пайдалану болып табылады. [4]

Белсенді әдіс – бұл білім алушылар мен мұғалімнің өзара әрекеттесуінің нысаны, бұл жағдайда мұғалім мен студенттер бір-бірімен сабақ барысында әрекеттеседі, және де, бұл жерде студенттер пассив тыңдаушылар емес, сабақтың белсенді қатысушылары. Егер пассив сабақта негізгі әрекет жасайтын адам және сабақ менеджері мұғалім болып табылса, бұл жерде мұғалім мен оқушылардың құқығы бір деңгейде. Егер пассив әдістер әрекеттесудің авторитарлық стилін қарастырса, белсенді әдістер көбіне демократиялық стильге жүгінеді.

Оқытудың белсенді әдістері – студенттердің танымдық қызметін ынталандыратын әдістер. Негізінен, белгілі бір мәселені шешу жолдары туралы пікірлермен еркін алмасуды ұйғаратын диалогпен құралады. Олар оқушылар белсенділігінің жоғары деңгейімен сипатталады. Оқу және оқу-өндірістік қызметті белсендіру тұрғысындағы оқытудың әр қилы әдістерінің мүмкіндіктері әр түрлі, олар тиесілі әдістің табиғаты мен мазмұнына, оларды пайдалану тәсілдеріне, педагогтің шеберлігіне байланысты болады. Әр әдісті оны қолданатын адам

белсенді қылады

Оқытудың белсенді әдістерінің артықшылықтары:

Біріншіден, олар өздері белсенді болып табылады, себебі іргетасы зияткерлік және физикалық тұрғыдағы белсенді ойындар болып табылады.

Екіншіден, олар пассив монологті білім алу үдерісінің барлық қатысушыларының белсенді пікір алмасуына ауыстырып, студенттер мен білім алушыларды пассив тыңдаушылар және «сөйлеуші бастар» қатарынан ұйымдасқан командалардың жігерлі, қайратты, шығармашыл, талапкер ойыншылары мен бапкерлеріне (ойнаушы бапкерлерге) айналдырады.

Үшіншіден, бұл әдістер, дәстүрлі тәсілдеме кезінде жасырын болатын студенттердің әлеуетін арттырып, оқыту барысында вербалды және вербалды емес қатынас жасаудың барлық қолжетімді түрлерін пайдаланады.

Төртіншіден, бізде бар интеллектілердің барлығын пайдалану нәтижесінде, білімді, іскерлікті, дағдыларды, қасиеттер мен құндылықты бағдарларды игеру үдерісі елеулі түрде белсендетіледі. Оқытудың интерактивті әдісі. Интерактивті («inter» – бұл өзара, «act» – әрекет ету) – өзара әрекеттесу, біреумен әңгімелесу, диалог құру режимінде болу дегенді білдіреді. Басқа сөзбен айтқанда, белсенді әдістерге қарағанда, *интерактивтілер оқушылардың тек мұғаліммен ғана емес, бір-бірімен де кеңінен әрекеттесуге және оқу үдерісінде оқушылар белсенділігінің басым болуына бағытталған*. Интерактивті сабақ кезінде мұғалімнің орны оқушылар қызметін сабақтың мақсаттарына жетуге бағыттауға саяды. Сонымен қоса, мұғалім сабақ жоспарын құрастырады (әдетте, бұл, оқушыға материалды игеруге көмектесетін, интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар). [4]

Сондықтан, интерактивті сабақтардың негізгі құрамдас бөліктері оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың кәдуілгі жаттығулар мен тапсырмалардан негізгі айырмашылығы – оларды орындаған кезде оқушылар өткен материалды бекітіп қана қоймай, жаңа материалды оқып біледі.

Интерактивті тәсілдемелер. Интерактивті тәсілдемелердің ұйытқысы оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар болып табылады. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың кәдуілгі жаттығулар мен тапсырмалардан негізгі айырмашылығы олар өткен материалды бекітіп қана қоймай, жаңа материалды оқып білуге бағытталған.

Интерактивті әрекеттесудің бастапқы сипаттары:

Плюрализм. Бұл педагогикалық үдерістің әрбір қатысушысының кез келген қарастырылатын мәселе бойынша дербес көзқарасын білдіре алу мүмкіндігі.

Диалог. Педагог пен оқушылардың диалог құрып, қатынас жасауы олардың тыңдай алу және бір-бірін ести алу ептілігін, бір-біріне ықыласпен қарауын, мәселеге қатысты жеке көзқарасын, мәселені шешуге қатысты жеке жолды қалыптастырудағы көмек көрсетуін бағамдайды.

Ойлау әрекеті. Педагог пен оқушылардың белсенді ойлау әрекетін ұйымдастырудан құралады. Педагогтің дайын білімді оқушының санасына трансляциялауы емес, олардың дербес танымдық қызметін ұйымдастыру.

Мағыналы шығармашылық. Оқушылар мен педагогтің, қарастырылатын мәселе бойынша өздері үшін жаңа мағыналарды, саналы түрде құрастыру үдерісі. Бұл – өмір құбылыстары мен заттарына қатысты дербес көзқарасты көрсету.

Таңдау еркіндігі.

Жетістік жағдайын құру. Жетістік жағдайын құру мақсатындағы басты шарт – оқушыларды позитивті және оптимистік бағалау.

Рефлексия. Педагогикалық үдеріске қатысушылардың өз қызметін, өзара әрекеттесуін талдауы, бағалауы.

Сын тұрғысынан ойлау. Сын тұрғысынан ойлау, маңызды дағды ретінде барлық тапсырмаларды тізеді.

Кері байланыс ұсыну. [4]

Қорыта келгенде, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заман талабы. Осы орайда, қазақ тілі мен әдебиеті пәнін дұрыс үйрете білу өте маңызды. Педагогтің сабақ өту

шеберлігі, яғни шығармашылық пен жауапкершілікті ұштастыруы, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Өз мамандығын толық меңгерген жоғары деңгейлі оқытушының алдынан шыққан оқушы – өмір айдынындағы өз жолын адаспай табады, азамат болып қалыптасады. Бұл ұстаз үшін абырой, яғни үмітінің ақталғаны, әрбір мұғалім осыған ұмтылса ұрпақ алдындағы қарыздың өтелгені. Мұғалімнің сабағының өн бойындағы негізгі мақсаты, оның негізгі мәнін естен шығармай, әрбір сәтті тиімді пайдаланғанда өз мақсатына жетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.«ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдаламасы» 2010ж. [1]
2. ҚР Жалпыға міндетті білім берудің Мемлекеттік стандарттары// 12 жылдық білім беру 2012 ж. [2]
3. <https://bilimdinews.kz/?p=165928> [3]
4. География сабағында функционалды сауаттылықты дамыту: Әдістемелік құрал / Р.Ә. Қаратабанов. - Астана, 2018. -60 б. [4]

ФОРМИРОВАНИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Махметова Айслу Аскеровна
Рахап Шынар ТөкенқызыГКП на
ПХВ «Технологический колледж»,
город Астана**

Аннотация: В данной статье раскрываются методы и приемы преподавания русского языка и литературы в процессе формирования функциональной грамотности студентов. Инновационные технологии, используемые для развития функциональной грамотности, делают урок интересным, ярким; помогают преподавателю увлечь студентов своим предметом, формируют базовые навыки, необходимые для профессионального роста и повседневной жизни, создают на уроке ситуацию успеха для студента.

Ключевые слова: функциональная грамотность, читательская грамотность, базовые навыки, инновационные технологии, методы, приемы.

Проблема формирования функциональной грамотности студентов приобрела в последние годы особенную актуальность и значимость. Часто уровень сформированности функциональной грамотности определяют как индикатор общественного благополучия. Так в «Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы» приводятся результаты международного исследования PISA-2018, где приняли участие 15-летние студенты из 100 колледжей страны: «Результаты исследования показали, что обучающиеся организаций ТиПО отстают от своих сверстников из школ по базовым навыкам, которые формируются в процессе обучения по предметам общеобразовательного цикла, что в перспективе не позволит им адаптироваться или повысить уровень своих навыков, или обучиться новой профессии». И далее: «по уровню читательской грамотности студенты колледжей на 27 баллов отстают от своих сверстников, обучающихся в школах. Данная ситуация требует принятия мер по развитию базовых знаний студентов организаций ТиПО».[1]

Что же такое функциональная грамотность? Почему функциональной грамотности уделяется такое пристальное внимание?

Функциональная грамотность – это способность человека использовать приобретенные в

течение жизни знания для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений.[2]

Выделяют следующие виды функциональной грамотности:

Читательская грамотность. Способность понимать и использовать тексты, размышлять о них, а также заниматься чтением, чтобы достигать своих целей, расширять знания и возможности, участвовать в социальной жизни.

Математическая грамотность. Способность формулировать, применять и интерпретировать математику в разнообразных практических контекстах.

Естественнонаучная грамотность. Способность занимать активную гражданскую позицию по вопросам, связанным с естественными науками: научно объяснять явления, понимать особенности естественнонаучного исследования, интерпретировать данные и использовать научные доказательства.

Финансовая грамотность. Способность рационально распоряжаться деньгами, принимать разумные финансовые решения, которые позволяют достигать личного финансового благополучия.

Глобальные компетенции. Способность успешно применять знания, умения, взгляды, отношения, ценности при взаимодействии с различными людьми, при участии в решении глобальных проблем

Креативное мышление. Способность создавать или иным образом воплощать в жизнь что-то новое.

Ключом ко всем видам функциональной грамотности является читательская грамотность - способность человека понимать и использовать письменные тексты, размышлять над содержанием, оценивать прочитанное и заниматься чтением для того, чтобы расширять свои знания и возможности, участвовать в социальной жизни. Читательская грамотность – базовый навык функциональной грамотности.

Что может сделать преподаватель русского языка и литературы, чтобы обеспечить функциональную грамотность учеников? Прежде всего, создать оптимальные условия для продвижения каждого обучающегося в образовательном пространстве. Для этого необходимо знать учебные возможности каждого студента. То есть студент должен:

1. Быть готовым взаимодействовать с окружающим миром, иметь уверенную адаптацию.
2. Уметь самостоятельно решать учебные и житейские задачи.
3. Уметь строить отношения в малой социальной группе, в частности — в группе.
4. Владеть навыками рефлексии, уметь посмотреть на себя со стороны, оценить свою работу.

Работая над формированием функциональной грамотности студентов, в своей работе я опираюсь как на традиционные методы обучения, так и новые технологии. Использование инновационных педагогических технологий играет большую роль, так как это позволяет так организовать учебный процесс, что обучающемуся урок приносит не только радость, но и пользу, не превращаясь просто в игру.

На каких же этапах урока я использую методы и приёмы, которые способствуют формированию функциональной грамотности у обучающихся?

На этапе мотивации можно использовать прием «Отсроченная отгадка».

1 вариант приема. В начале урока учитель дает загадку (удивительный факт), отгадка к которой (ключик для понимания) будет открыта на уроке при работе над новым материалом.

2 вариант приема. Загадку (удивительный факт) дать в конце урока, чтобы начать с нее следующее занятие. Пример. В начале урока я объявила, что разговор наш пойдёт о писателе, вот только имя автора студентам придётся угадать самим. Студентам были предложены несколько его произведений, напечатанные на отдельном листе, естественно, без указания имени поэта или писателя.

Повышают мотивацию к изучению материала, развивают умение прогнозировать приемы: «Верные – неверные утверждения», «прогнозирование». Используя приём «верные-неверные утверждения», предлагаю несколько утверждений по ещё не изученной теме.

На этапе целеполагания часто составляем таблицу «Знаю. Хочу узнать. Узнал». К последней

графе нашей таблицы мы возвращаемся уже в конце урока. Это и приём этапа рефлексии учебной деятельности.

На этапе актуализации использую прием «Двухчастный дневник». Двухчастный дневник – обобщающее название различных приемов обучающего письма, согласно которым студенты во время изучения темы записывают свои мысли. Известная информация и предположения в первой графе, а во второй – новая информация.

Для осмысления содержания текста, обнаружения личностного смысла чаще всего использую прием: «Чтение с остановками» (например, чтение «Мой зеленоглазый аруах» С.Назаровой).

Здесь же можно и включить работу с несплошными, смешанными текстами, например, по теме урока «А.С.Пушкин «Моцарт и Сальери» заполнить таблицу «Речевая характеристика героев», опираясь на критерии сравнения.

Приём «Тонкий и Толстый вопрос» может быть использован на любой из трёх фаз урока:

1. На стадии вызова – это вопросы до изучения темы.
2. На стадии осмысления – способ активной фиксации вопросов по ходу чтения, слушания.
3. При размышлении – демонстрация понимания пройденного.

Из технологии развития критического мышления использую прием «Ассоциаций», «Синквейн».

Прием «Ассоциаций» развивает образное мышление, память, логику, речь. Студентам необходимо назвать ассоциации по слову. Пример: В.В.Маяковский. «Атлантический океан».

- Какие ассоциации вызывает у вас слово «Океан»?

Составим кластер на доске и в тетради.

- Какое настроение передают ваши ассоциации?

Синквейн – самая лёгкая форма стихотворения по алгоритму. Данный приём помогает выразить свои мысли кратко и точно. Мне нравится использовать синквейн и на стадии мотивации, и на стадии рефлексии. Иногда его применяю на обоих этапах сразу.

В каждой строке задается набор слов, который необходимо отразить в стихотворении.

1 строка – заголовок, в который выносится ключевое слово, понятие, тема синквейна, выраженное в форме существительного.

2 строка – два прилагательных.

3 строка – три глагола.

4 строка – высказывание, несущее определённый смысл.

5 строка – резюме, вывод, одно слово, существительное.

Так при изучении стихотворения в прозе «Два богача» И.С.Тургенева составленные синквейны помогли студентам сформулировать основную идею произведения - богатый тот, кто богат духовно.

На этапе рефлексии использую прием «Незаконченные предложения».

1. На уроке русского языка и литературы я испытываю такие чувства, как.....
2. Я думаю, что уроки русского языка и литературы проходят.....
3. Больше всего на уроках русского языка и литературы люблю....
4. Мне не очень нравится.....
5. Если бы я был преподавателем русского языка и литературы, я бы

Рефлексия осуществляется на разных этапах урока. На завершающем этапе можно спросить: Какие трудности встретились? Что нового узнали на уроке? Как эти знания можно использовать в жизни? (приём «Фантазия»).

Большое значение для раскрытия творческого потенциала студентов, формирования функциональной грамотности имеют и нетрадиционные формы домашнего задания, которые призваны, с одной стороны, закреплять знания, умения и навыки, полученные на уроке, а с другой стороны, позволяют проявить самостоятельность, самому найти решение нестандартного вопроса, задания. Типы домашнего задания:

- написание эссе
- подготовка иллюстраций к литературным произведениям
- рисование обложек к литературным произведениям

- художественное чтение
- инсценировка художественного произведения
- продолжение неоконченных произведений
- составление конспекта, опорных таблиц
- создание словесных и визуальных текстов разных стилей, типов и жанров.

Такие домашние задания помогают избегать однообразия в обучении. Студент может почувствовать себя и в роли автора, иллюстратора, педагога.

Акцент на формирование функциональной грамотности – это требование сегодняшнего дня. Человек развивает функциональную грамотность всю жизнь. Один из важных периодов ее формирования является время обучения в колледже. Результат сформированности функциональной грамотности студента – это качественный показатель образования на всех уровнях, в том числе по результатам экзаменов, а также готовность студента к профессиональному росту.

Список использованной литературы

1. Об утверждении Концепции развития дошкольного, среднего, технического и профессионального образования Республики Казахстан на 2023 – 2029 годы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249#z156>

2. Развитие функциональной грамотности обучающихся основной школы методическое пособие для педагогов / Под общей редакцией Л.Ю. Панариной, И.В. Сорокиной, О.А. Смагиной, Е.А. Зайцевой. – Самара: СИПКРО, 2019. - с.

ДИАЛОГТЫҚ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Калиакпарова Айжан Абдымолдаевна,
Нагызканова Бакыт Муратовна,
«Жоғары көлік және коммуникация колледжі»
ШЖҚ МКК, Астана қаласы**

Аңдатпа. Бұл мақалада ағылшын тілін үйретуде диалогтық оқыту арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру жолдары қарастырылады. Диалогтік оқыту - білім алушылардың грамматикалық материалдарды меңгеруге, сөздік қорларын кеңейтуге мүмкіндік беретін ағылшын тілін үйренудің тиімді тәсілі екендігі нақтыланады. Бұл тәсіл білім алушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытумен қатар тілдік және мәдени білімдерін тереңдетеді. Сонымен қатар мақалада диалогтық білім берудің негізгі бағыттары сипатталып, аталған оқытудың коммуникативтік дағдыларды қалыптастырудағы әсері қарастырылады.

Түйінді сөздер: диалогтық оқыту, ағылшын тілі, қарым-қатынас, топтық жұмыс, пікірталас.

Кіріспе

Қазіргі таңда қоғамға білімді, маңызды мәселелерді аңықтап шешім қабылдай алатын заманауи жастар қажет. Осыған орай білім алушыларға түрлі әлеуметтік топтарда байланыс орната білу талабы қойылып отыр. Сондықтан олар өздерін мәдениетаралық коммуникацияның толыққанды және құзыретті қатысушысы ретінде көрсетуге мүмкіндік беретін қарым-қатынасты үйрету қажеттілігін сезінеді. Мұндай қарым-қатынасты үйретудің тиімді жолы – диалогтық оқыту.

Диалог – адамдардың өзара әрекеттесуі, яғни сөздер немесе басқа белгілер арқылы алмасатын өзара әлеуметтік қарым-қатынас түрі. Диалогтық білім берудің заманауи тәсілдерінің негізгі көзі деп есептелетін философ М.М. Бахтин сұрақ пен жауаптың логикалық қарым-қатынасқа жатпайтынын және әрбір жауаптан жаңа сұрақ туындайтынын айтады. «Егер жауап жаңа сұрақ тудырмаса ол диалог болмайды. Онда ол жүйелік танымға енеді». [1]

Диалог барысында қойылған сұраққа жауап алып қана қоймай сол жауаптан келесі сұрақ

туындата білудің маңызды екенін ескеру қажет. Бұл білім алушылардың білімді меңгергенін анықтаумен қатар олардың ойлау қабілетін кеңейтеді.

Б.А. Қадырбаева мен Б.Қ. Төлбасова «Адамдар кез келген жағдайда өз ойын біреуге түсіндіріп білдіруде пікірлерімен алмасу үшін тілдік қарым-қатынасқа түседі, демек, диалог құрып сөйлеседі», – дейді. [2] Олардың тұжырымдауынша зерттеушілер – адамның бір-бірімен қарым-қатынас жасауының үштен бір бөлігі тілдік сөйлеу қарым-қатынасына түсуден тұрады, яғни адамдар арасында үнемі диалогтық сөйлеу жүріп жатады.

Диалогтық білім беру туралы Р. Александр өз еңбегінде: «Бұл технологияның мақсаты – сөйлеушілер мен тыңдаушыларға өздерінің немесе басқалардың идеяларын зерттеуге және дамытуға мүмкіндік беретін әңгімеге оқушыларды тарту» деген. Ол 2000 жылдардың басында «әңгімелесу арқылы оқыту» оқушыларға өмір бойы білім алуға мүмкіндік бере отырып әңгімеге қызықтыру, ойлауды кеңейту, түсінуді тереңдету, дәлелдер келтіру және жауапты бағалау үшін пайдалана алатынын айтады. Сондай ақ Мерсер мен Литлтон диалогтың сабақта негізгі орын алатынын, оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы олардың интеллектуалды дамуына және білім деңгейінің артуына ықпал ететіндігін атап өтті. [3]

Диалогтық оқыту сабақтың барлық кезеңдерінде қолданылады. Диалогтық оқытуды нақты өмірмен байланыстыру білім алушылардың сыни ойлауын дамыта отырып олардың белсенділігін арттырады. С. Фрайтерс П. Дам және Г. Райлаарсдам сыни тұрғыдан ойлау мен диалогты өзара байланысты деп есептейді. Р.У. Полдың пайымдауынша диалог – сыни тұрғыдан ойлау әдісінің бір бөлігі. Себебі диалог басқалардың көзқарасын ескеруге мүмкіндік береді, ал бұл «шындық талаптарын бағалау» үшін қажет. [4]

Әдістеме

Диалогтық оқыту – қарым-қатынас дағдыларын дамытуға, туындаған мәселелерді шешуге және қарым-қатынас жасаушылардың бірін-бірі түсінуіне әсер ететін әдіс. Бұл әдіс білім алушылардың жаңа сөздер мен грамматикалық материалды меңгеріп қана қоймай, тыңдап түсіну дағдыларын, еркін және сенімді сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар диалог – сөйлеу дағдысының ең ұтымды тәсілі, себебі ол әркімнің өз идеясын, ойын, көңіл күйін жеткізуге мүмкіндік береді. Оқытудың бұл түрі кері байланысқа негізделген және сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу дағдыларын дамытуға бағытталған. Диалогтық оқыту дағдыларын қалыптастыру үшін мұғалім мен білім алушыларға коммуникативтік дағдыларды дамытуға және топта жұмыс істей алуға ықпал ететін әртүрлі әдістер мен техникалар бар:

- Қолайлы жағдай жасау. Білім алушыларға қарым-қатынас жасауда белсенділік таныту, өз ойларын ашық жеткізе алу үшін қолайлы жағдай жасау қажет.

- Пікірталас жүргізу. Диалогтық оқыту дағдыларын дамыту үшін пікірталас жүргізу қажет. Пікірталаста оқушылар өз пікірлерін айта алады, оған дәлел келтіреді, басқалардың көзқарасын тыңдай алады. Бұл оларды көпшілік алдында сөйлеуге, негізгі ойларын айқындауға, өз пікірінің дұрыс екендігіне басқаларды сендіре алуға және басқалардың пікірімен санасуға үйретеді.

- Топтық талқылау. Білім алушылар өз пікірлерін білдіріп сұрақтар қойып, өз ойларымен бөлісе алу керек. Бұл оларға сабақ барысында сөйлеуге, талқылауға қатысуға және топтық қарым-қатынас жасауды ұйымдастыруға мүмкіндік беру арқылы жүзеге асады. Топтық талқылаулар сыни ойлауды дамытуға ықпал етіп, тақырыпты талдауға және талқылауға баға беруге баулиды.

- Кері байланыс. Кері байланыс диалогтық оқытудың маңызды элементі болып табылады және оқушылар тапсырмаларды қаншалықты жақсы орындап жатқандығын сонымен қатар қандай өзгерістер енгізу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. Мұғалім жеке әңгіме, жазбалар, пікір беру мен бағалау арқылы кері байланыс бере алады.

- Рөлдік ойындар. Рөлдік ойындар барысында білім алушылар өздерінің қалыптасқан сөйлеу дағдыларына сүйене отырып әртүрлі рөлге ену арқылы әртүрлі жағдаяттарда қарым-қатынас жасай алады. Бұл оларға басқалардың көзқарасын жақсы түсінуге және қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектеседі. Сонымен қатар, рөлдік ойындар шығармашылық тұрғыда ойлау және мәселелердің балама шешімдерін табу қабілетін дамытады.

Диалогтық оқытуда рөлдік ойынның маңызы өте үлкен. Оқу үрдісінде рөлдік ойындарды қосу оқушылардың тілді үйренуге деген қызығушылығын, мүмкіншіліктерін арттырады. Бұл бір реттік іс-шара емес, сабақтың ажырамас бөлігі болуы мүмкін. Топ мүшелері рөлдік ойындар арқылы қарым-қатынасқа түседі. Бұл тәсіл ағылшын тілін ауызша қолдануға көшуді жеңілдетеді. Бұл ойынды бастамас бұрын даярлық кезінде білім алушыларға грамматикалық және лексикалық құрылымдар түріндегі қосымша қолдау қажет. Рөлдік ойын кезінде оқытушы бақылаушы болады, соңында түсініктемелер мен кеңес береді. Қажет жағдайда рөлге еніп рөлдік ойынға қатысып, ойынның қызықты дамуына араласа алады.

Рөлдік ойын басқа біреудің мінез-құлқына, жүріс-тұрысына немесе ойдан шығарылған адамдардың кейпіне ену арқылы жүзеге асырылады. Ол «президент», «миллионер», «поп-жұлдыз», «жазушы», «ақын» болуы мүмкін, сондай ақ ойын кинода, әуежайда, ресторанда, поезде, кітапханада, ауруханада, қонақта болуы мүмкін.

Мысалы: «Тамақ ішетін уақыт» рөлдік ойыны. Бұл ойынды бастау үшін тамаққа, ресторандық байланысты сөздікті енгізу керек. Бастапқыда сұрақ түрлерін, ас мәзірі бойынша сұрақ-жауаптарды неғұрлым оңай лексикамен бастап, оқушылардың сөйлесе алатынына сендіру керек. Білім алушылардың табысқа жетуі үшін алдымен ең көп тараған сөз тіркестерін, грамматикалық оралымдарды қолдануды ұсынып, рөлдік ойындарды күрделендіре түсу маңызды. Нақты рөлдік ойын жасау үшін оларды шағын топтарға бөліп, кезек-кезек даяшы немесе қонақ ретінде әрекет етулерін сұрау керек.

Рөлдік ойындар кезінде қателерді түзетудің көптеген жолдары бар. Мұғалімнің қайта-қайта араласып, әрбір қатені түзетіп отыруы құпталмайды. Ойынның соңында жіберілген қателерді топ болып талдауға болады. Сондай ақ әрекетті бейнежазбаға жазып қате жіберушіге өз қатесін тауып, түзетуге мүмкіндік беруге болады. Топта көрермен болған оқушылар қателерді анықтап, түзете алады. Бірақ бұл тұста олар бір-бірінің көңілін қалдырмайтынын қадағалау қажет. Білім алушылардың жіберген қателерін өздері байқап, түзетуі, олардың келешекте қатеге жол бермеуіне үлкен әсер етеді.

Рөлдік ойындар сабақтың көңілді, қызықты, қарқынды өтуіне мүмкіндік береді. Бұл тәсіл шынайы өмірмен байланысты болғандықтан білім алушылар үшін зардапсыз тәжірибе бола алады.

Интерактивті технологиялар. Онлайн оқыту платформалары, форумдар, бейнеконференциялар сияқты заманауи технологиялар оқушыларға тек мұғаліммен немесе сыныптастарымен ғана емес, сондай ақ әлемнің түкпір-түкпіріндегі басқа адамдармен де қарым-қатынас жасауға, пікір және идеялар алмасуға мүмкіндік береді. Бұл олардың диалогтік оқу дағдыларын жетілдіруге, басқа елдің мәдениетімен танысуға, топтық жұмыс істеуге қалыптасуға және уақытты басқару дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Практикада қолдану

Коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруда ауызша жұмыс жасау оқушылардың белсенділігін арттырады. Әр ұстаз білім алушыларға ағылшын тілін үйретуде ынталандыру үшін әртүрлі технологияларды қолданады. Көп жағдайда білім алушы ұяң немесе өзіне сенімсіз болуы мүмкін. Қандай да болсын себепке қарамастан оқушыларға сөйлеуге көмектесетін тәсілдердің түрі көп. Егер сабақты мұқият жоспарламаса топтағы кейбір оқушылар үнсіз қалуы немесе белсенділік танытпауы мүмкін. Барлық адамның өз пікірі бар, бірақ олардың кейбірі ғана өз пікірімен бөлісе алады. Сұрақ қойылған соң көптеген балалар қол көтеріп жауап беріге тырысады, ал өзіне сенімсіздері құр тыңдаушы болып қала береді. Осындай жағдай болдырмас үшін келесі стратегияларды қолдануға болады:

1. Өз қағидаңды құрастыр. Оқушылар қарым-қатынас жасаудың қағидаларын бірлесіп жасай алады. Олар: сөйлеушінің көзіне тікелей қарау, сұрақты бөлмей аяғына дейін тыңдау, диалогты ары қарай сұрақ қою арқылы жалғастыру.

2. Сөзді кім бастайды? Білім алушылар диалогты бастағанда кім бірінші бастайтынын оқытушы шешу керек. Мысалы, диалогқа қатысушылар сан жасырады, кімнің саны үлкен болса сол бастайды немесе оң (сол) жақта тұрған адам бастайды. Бұл бір оқушының екінші оқушыға басымдылық көрсетпеуі үшін қажет.

3. Жаз, жұп құр, бөліс. Бұл стратегияны қолданғанда үнсіз қалатын оқушыларға ойларын жазбаша түрде жеткізумен алмастыру әңгімелесудің сапасын да, үлес қосатын балалардың санын да арттыра алады. Ойларын жазып жатқан оқушыларға жақындап «ойың дұрыс, осыны ауызша айт» деп қолдау білдіруге болады. Бұл білім алушылардың өздеріне деген сенімділігін арттырады.

4. Жұп және шаршы. Бұл стратегияда бірнеше апта бойы жұмыс істеу үшін жұп және екі жұптан құралған шаршы құрылады. Олар бір-бірінің есімдерін, бір-біріне қандай есімдіктер қолдануға болатындығын еске сақтап, басқа адамдардың оларға қарап айта алмайтындай ерекшелік ойлап табады. Сондай-ақ олар қол алысып амаңдасудың да ерекше түрін құрастырады. Жұптар сабақ бойы да, үзіліс кезінде де берілген тақырып бойынша сөйлеседі. Белгілі бір тақырып берілгенде жұптар бірлесіп өздерінің ми белсенділігін арттыра алады. Мұндай жұптасу белсенділігі төмен оқушылардың сөйлеуге деген қызығушылығын арттырып, пікірталасқа қатысуға ықпал етеді. Бірнеше аптадан кейін жұптар бір-біріне алғыстарын айтып, жыл соңына дейін олар топтағы басқа сыныптастарымен топтасып жұпта немесе шаршыда жұмыс істейді. Бұл жұмыс түрі топтың ынтымақтаста болуына және ортада қолайлы жайлы жасауға қолайлы.

5. Дауыссыз «иә» мен «жоқ». Қарым-қатынас барысында сөйлеушімен келіскен немесе келіспеген жағдайда «иә» немесе «жоқ» дегенді білдіру үшін американдық қимыл тілін қолдануға болады. Бұл барлық оқушының диалогқа толықтай қатысуына және сұрақ қойған адамның бірден кері байланыс алуына мүмкіндік береді. Бұл әңгімелесу барысында вербалды емес тілді қолданға мүмкіндік береді.

6. Пікірталас. Екі топқа бөлінген оқушылардың қолына бір жағына «agree», ал екінші жағына «disagree» деп жазылған парақты беріп дау тудыратын мәлімдемені айтып тұрғанда қай тарап келіседі, қай тарап келіспейтінін анықтап, талқылап, әр топтың белсендісі өз ұстанымдарын түсіндіріп, қысқаша талқылауға қатысады. Бұл білім алушылардың пікірталасқа түсуіне жіне өз ойларын дәлелдеуге мүмкіндік береді.

7. Даусыз кезек. Кішігірім топтарда кейбір пікірталас жүргізу үшін допты қолдануға болады. Бұл стратегияда допты ұстаған адам ғана сөйлей алады. Бұл білім алушылардың өмірімен байланысты эмоционалды тақырыптарды талқылағанда тиімді.

8. Шындықты кім айтып тұр? Әр оқушы параққа өзі туралы үш сөз жазады. Бұл сөздерді топта ешкім білмегені дұрыс. Парақтың жоғарғы жағына бұл балалар өздерінің аттарын жазады. Парақтарды жинап алып, осы үш баланы тақтаның алдына шығарып, осы үшеуінің біріне қатысты мәліметті дауыстап оқу керек. Үш оқушы да бұл мәлімет өздеріне тиісті деп мәлімдейді. Кімнің рас, кімнің өтірік айтқанын анықтау мақсатында топтағы оқушылар сұрақ қоя бастайды. Әр бала бір ғана сұрақ қоя алады. Сұрақтарға жауап алу арқылы кімнің шындық айтқаны анықталады.

9. Екі шындық, бір өтірік. Әрбір білім алушы қағазға өзі жайлы үш мәлімдеме жазады. Оның екеуі шындық, біреуі өтірік болуы керек. Басқа балалар бұл оқушының мәлімдемесін тыңдап, қайсысы шындық, қайсысы өтірік екендігін сұрақ қою арқылы анықтау керек.

Коммуникативтік дағдылардың шетел тілін маңызы өте зор, себебі олардың көмегімен кез келген адам бүкіл әлеммен байланыса алады. Сөйлесу қабілеті жақсы болған кезде қарым-қатынас жеңіл болады. Ағылшын тілі халықаралық тіл болғандықтан, шетел тілін үйретуде ағылшын тілінде сөйлеу дағдыларын жетілдіру керек. Білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын жақсарту үшін әртүрлі стратегияларды қолданған жөн. Диалог арқылы сөйлесу сөйлесу дағдыларын жақсартудың тиімді әдістерінің бірі.

Ұсыныстар

Сонымен, диалог – білім алушылардың ауызекі сөйлеуін жақсартады, топтағы атмосфераны жақсартады, сонымен қатар олардың өзіне деген сенімділігін арттырады. Диалогтық оқытуды қолдану нәтижесінде оқушылардың ағылшын тіліне деген қызығушылығы мен ынтасы артады.

Диалогтық оқыту барысында мұқият назар аударуды талап ететін жағдайлар:

- мұғалімнің басшылығымен бірлесе отырып контекст құрастыру;

- мұғалім-оқушы, немесе оқушы-оқушының жұптық жұмысын ұйымдастыру;
- қойылатын сұрақтардың мақсаты мен олардың құрылымын (ашық немесе жабық) анықтау;
- берілетін жауаптардың формалары (фактіге сүйену, сыни тұрғыда ойлау арқылы, бағалау) мен ұзақтығын ескеру;
- кері байланыс орнату;
- көрнекі құралдарды (сурет, диаграмма, кесте) қолдану;
- пікір алмасу үшін проблемалық жағдаяттар жасау;
- талқылау барысындағы оқушылардың атқаратын рөлін анықтау;
- топта жайлы атмосфера қалыптастыру;
- білім алушылардың пікір алмасуда өздеріне деген сенімділігін арттыру;

Диалогтық оқыту үрдісі жеке тұлғаға бағытталған коммуникативті, когнитивті және гуманистік тәсілдерге негізделеді. Диалогтық оқытуда жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін жоспарлы жұмыс жүргізу қажет. Даярлық кезеңде тақырыпқа байланысты жаңа сөздерді енгізу, сөйлем құрылымының грамматикалық ерекшелігін түсіндіру, сурет, диаграмманы сипаттау, мәтін тыңдау немесе оқу қажет. Жаттығу кезеңінде тақырыпқа байланысты сұрақтар қою, берілген материал бойынша сұрақтарға жауап беру арқылы тақырыпты тереңірек түсіндіру керек. Негізгі, тәжірибе кезеңінде білім алушылар жұппен немесе топпен пікірталас немесе рөлдік ойын жүргізеді. Соңында мұғалім немесе білім алушылар өздеріне (бір-біріне) бағалау жүргізе алады. Мұндай жұмыстың нәтижесінде оқушылардың мотивациясы, өз қабілеттеріне деген сенімі артады. Өз білімдерін басқару, өз жетістіктерін немесе бір-бірінің жетістіктерін бағалау арқылы басқа білім алушылармен ынтымақтастық қарым-қатынас орнатады, яғни басқа адамды тыңдап түсінеді, пікірімен келіседі немесе келіспейді, өз ойын дәлелдей алады. Оқушылардың жауапкершілік сезімі, жұмысты ұйымдастыру дағдылары қалыптасады.

Қорытынды

Қорыта келгенде диалогтық оқыту – білім алушылардың коммуникативті дағдыларын дамытудың маңызды аспектілерінің бірі. Оқытудың бұл әдісі олардың белсенді әрекет ету, пікір алмасу, сыни ойлау, талдау дағдыларын және шығармашылықпен жұмыс істеуді дамытуға мүмкіндік береді. Сонымен, диалогтік оқыту дағдыларын дамытудың әртүрлі әдістері білім берудің тиімді құрамдас бөлігі болып табылады. Топтық пікірталас, рөлдік ойындар және интерактивті технологияларды пайдалану коммуникативті дағдыларды, аналитикалық ойлауды, мәселелерді шешуге және шығармашылық көзқарасты дамытуға ықпал етеді. Бұл әдістер оқушыларға білім беру процесінің белсенді қатысушылары болуға, сындарлы қарым-қатынас жасауға және заманауи мәселелерді шешуге ат салысуға баулиды. Диалогтық оқыту ауызша сөйлеуді үйретідегі тиімді әдіс.

Қолданылған деректер тізімі

1. Бахтин М.К. Методологии гуманитарных наук. // <https://cyberleninka.ru/article/n/k-metodologii-gumanitarnyh-nauk/viewer>
2. Қадырбаева Б.А., Төлбасова Б.Қ. Диалогтық оқыту әдістемесін жоғары оқу орындарында қолдану ерекшеліктері // Қарағанды университетінің хабаршысы / Вестник. - 3(83)/2016 - 57-62 б.
3. Александр Р. Обучение через диалог: первый год / Alexander R. Teaching through Dialogue: the first year // <http://robinalexander.org/wp-content/uploads/2019/12/Bardaglea-eval-report-05.pdf>
4. Frijters S., Dam G., Rijlaarsdam G. Effects of dialogic learning on value-loaded critical thinking <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/>

СЫЗУ ПӘНІН ОҚЫТУДА ДЕҢГЕЙЛЕП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нысанбаева Марал Сериковна
«Жоғары көлік және коммуникация колледжі»

Сәлеметсіздер ме, құрметті қауым. Бүгін сіздердің алдарыңызға «Сызу пәнін оқытуда деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану тиімділігінің ерекшеліктері» атты өз баяндамамды таныстырғым келеді.

Заманауи білім беру жүйесінде оқыту процестерінде жаңа әдістер мен технологиялар белсенді даму үстінде. Солардың ішінде сызу пәнінде өзінің тиімділігін көрсеткен жаңа әдістердің бірі – деңгейлеп оқыту технологиясы.

Деңгейлеп оқыту технологиясы – әр білім алушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту технологиясының түрі. Бұл – оқыту технологиясын қолдану барысында білім алушылардың жас ерекшеліктерін, білім деңгейін, қызығушылықтарын ескеру деген сөз.

Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әр білім алушының өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгеруін қамту.

Сызу пәні бойынша білім алушылардың пәндік білімін нығайту және дамыту бойынша осы технологияны пайдалануға мына 3 нәрсе себеп болды:

1) Деңгейлеп оқыту әр білім алушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

3) Деңгейлеп-саралап оқыту құрылымында білімді игерудің бірнеше деңгейі қарастырылады: ең төменгі деңгей (базалық), бағдарламалық, күрделенген деңгей.

Осы себепті «Жоғары көлік және коммуникация колледжі» мекемесінің «Темір жол көлігінің көтергіш-көлік, құрылыс-жол машиналары мен механизмдерін техникалық пайдалану, ПМ-222», «Темір жол құрылысы, жол және жол шаруашылығы, С-222», «Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар, РЭТ-222» мамандықтары бойынша 2-курс студенттері алынды.

Аталмыш жетістіктерге қол жеткізу үшін алдымен білім алушылардың білім дәрежесін, ынтасын, ақыл-ой, еңбек дағдысын, өз жұмысына деген жауапкершілігін ескеру қажет болды. Олар деңгейлік тапсырмаларды қандай дәрежеде орындалса, баға сол біліміне сай қойылды.

Алдымен, сабақ барысында топтағы барлық білім алушылардың білім деңгейі анықталды. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы – білім алушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне мүмкіндіктері болады. Бұл білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттеріне қарай бағаланады.

Сабақ барысына тоқталар болсақ, сабақта білім алушылардың өзінің көзқарасын білдіруге, талдауға, қорытындылауға көп көңіл бөлінеді. Сабақ барысында өздігінен еңбектенуге, шығармашылықпен ізденуге, қорытынды жасауды үйренді. Тапсырманы орындау барысында жіберілген қателер мен кемшіліктерді уақытында анықтап түзетуге мүмкіндік беру керек. Оқытушы білімі төмендерге көмек беріп, қабілеттілермен жұмыс ұйымдастырып отыру арқылы сызу пәнін оқуға деген қызығушылығын, белсендігін арттырады. Тақырыпты толық меңгере алмаған студенттермен қосымша сабақтар, топтан тыс жұмыстар жүргізілуі керек.

Жеке басым деңгейлеп оқыту технологиясының мына ерекшеліктерін айтқым келеді:

1. Тапсырмалардың біртіндеп күрделенуі: деңгейлеп оқытудың негізгі белгілерінің бірі – тапсырмалардың күрделілігі кезең-кезеңімен жасалуы. Студенттер сызбаның қарапайым элементтерінен бастап біртіндеп күрделі әдістерді меңгереді.

2. Жеке оқыту: деңгейлеп оқыту технологиясы оқу процесін студенттің жеке қажеттіліктеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл студенттердің өзіндік оқу стилі бар сызба жасауда өте маңызды.

3. Алған білімді тәжірибеде қолдану: деңгейлеп оқыту тек теориялық аспектілерге ғана емес, сонымен бірге үйренген білімді практикалық қолдануға да назар аударады. Бұл тек техникалық дағдыларды ғана емес, сонымен қатар оларды нақты жобаларда қолдану қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Сызу пәнін игеруде деңгейлеп оқыту технологиясының ерекшеліктерін және сызбаны орындау қабілеттерін мен дағдыларын дамыту процесінде практикалық қолдану жөнінде айтар болсақ, сызу пәнінде деңгейлеп оқыту технологиясы тиімділігі келесідей:

❖ Негізгі дағдыларды дамыту: оқу бағдарламасының бастапқы деңгейлері сызықтар, пішіндер және қаріптер, сызбаны рәсімдеу секілді сызудың негізгі элементтерін игеруге бағытталған.

❖ Қарапайымнан күрделіге дейінгі кезеңдер: студенттер біртіндеп қарапайым сызбалардан күрделі жобаларға ауысады. Бұл қадамдық процесс оларға білімдері мен дағдыларын жүйелі түрде тереңдетуге мүмкіндік береді.

❖ Заманауи құралдарды пайдалану: сызбадағы деңгейлік оқыту технологиялары сонымен қатар осы саладағы кәсіби дағдыларға қойылатын заманауи талаптарды көрсететін заманауи бағдарламалық құралдар мен құралдарды пайдалануды қамтиды.

Сызуда деңгейлеп оқыту технологиясы – студенттердің дағдылары мен құзыреттерін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін перспективалық әдістің бірі. Оның кезеңдеп, даралау және практикалық қолдануға баса назар аудару сияқты ерекшеліктері бұл әдісті білім беру мекемелерінде сұранысқа ие етеді, сызу саласында білікті мамандарды даярлауды қамтамасыз ететіні сөзсіз.

Қорыта айтқанда, сызу пәнінде студенттердің техникалық шеберлігін және шығармашылық қабілеттерін дамытудың ең тиімдісі – деңгейлеп оқыту технологиясы. Жоғарыда айтып көрсетілген оның тиімді тұстары әріптестеріме де ұнайды деп сенемін. Назарларыңызға көп рақмет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары.-А.: 2007.
2. Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий «Просвещение» 2006 г.
3. Мұхитанова С. Деңгейлеп оқыту тәсілімен // Қазақстан мектебі . № 12, 2004
4. Дандыбаева А.С. Оқу процесінде деңгейлік тапсырмалардың пайдалану ерекшелігі «Жастар және қазіргі заманғы әлемдік мәселелер». Республикалық студенттер және жас ғалымдардың ғылыми-практикалық конференция материалдары.- қарағанды «Болашақ- Баспа», 2012.-435б.-Том 3. 227-230 б.

ПРИМЕНЕНИЕ ГРАФИЧЕСКИХ ПЛАТФОРМ В ОБУЧЕНИИ МАТЕМАТИКЕ СТУДЕНТОВ КОЛЛЕДЖА

Базикова Карлыгаш Манаповна
преподаватель математики
колледж ТОО «Astana IT University»

Аннотация: в статье рассматривается применение современной технологии обучения как одного из способов повышения мотивации студентов колледжа на уроках математики. Актуальность работы обусловлена интересом к наглядности и визуализации при решении задач с помощью графического онлайн калькулятора Desmos. Приводятся примеры построения графиков функций, задачи на преобразования графиков. Изучение математики с многофункциональной платформой способствует повышению качества профессиональных компетенций студентов.

Ключевые слова: обучение в колледже, информационные технологии, решение задач по

математике, преобразование графиков, использование графического калькулятора Desmos

В современном мире для повышения привлекательности технического и профессионального образования, в условиях технологической модернизации экономики страны для рынка труда необходимы кадры с универсальным набором компетенций, активной гражданской позицией, межличностными навыками и системным мышлением [1].

Для формирования универсального набора компетенций перед учителями возникает задача: эффективно применить информационные технологии и социальные сервисы в образовательном процессе, при этом повысив интерес у обучающихся к знаниям и наибольшую усваиваемость изучаемого материала. Социальные сервисы, которые могут быть полезны при изучении математики, можно классифицировать следующим образом:

1. **Онлайн-сообщества и форумы:** Это платформы, где студенты и учителя математики могут общаться, задавать вопросы, делиться знаниями и решать проблемы вместе. Некоторые популярные онлайн-сообщества включают Math Stack Exchange, MathOverflow и Reddit's r/math.
2. **Образовательные ресурсы и онлайн-курсы:** Существуют множество онлайн-ресурсов и курсов, которые предлагают математическое обучение на разных уровнях. Некоторые из них включают Khan Academy, Coursera, edX и Brilliant.
3. **Математические социальные сети:** Это платформы, где студенты и учителя математики могут создавать профили, обмениваться математическими задачами, решениями и идеями. Примеры таких социальных сетей включают MathOverflow, Math.SE и MathPara.
4. **Коллаборативные платформы:** Это инструменты, которые позволяют студентам и учителям работать вместе над математическими задачами и проектами в режиме реального времени. Примеры таких платформ включают Desmos, GeoGebra и CoCalc.
5. **Математические игры и задачи:** Существуют онлайн-игры и задачи, которые помогают развивать математическое мышление и навыки. Некоторые из них включают Prodigy, Math Playground и Math Games [2].

Это только некоторые примеры социальных сервисов, которые могут быть полезны при изучении математики. В зависимости от ваших конкретных потребностей и уровня изучения математики, вы можете выбрать подходящие сервисы для своего образовательного процесса.

Рассмотрим коллаборативные платформы, особенно обратим внимание на использование графических приложений при изучении математики. Графические приложения позволяют визуализировать математические концепции и помогают студентам лучше понять абстрактные идеи.

Вот несколько способов, которыми графические приложения могут быть полезны при изучении математики:

1. **Визуализация функций:** Графические приложения позволяют строить графики функций и исследовать их свойства. Студенты могут видеть, как изменяется график при изменении параметров функции, и лучше понимать ее поведение.
2. **Геометрические построения:** Графические приложения могут помочь студентам визуализировать геометрические конструкции, такие как треугольники, окружности и другие фигуры. Это может помочь им лучше понять геометрические свойства и решать задачи с использованием геометрических методов.
3. **Решение уравнений и систем уравнений:** Графические приложения могут помочь студентам решать уравнения и системы уравнений графическим методом. Они могут строить графики уравнений и находить точки пересечения, что помогает визуализировать решения и проверять их правильность.
4. **Исследование математических объектов:** Графические приложения могут помочь студентам исследовать различные математические объекты, такие как графы, матрицы, векторы и другие. Студенты могут визуализировать эти объекты, проводить операции с ними и исследовать их свойства.
5. **Интерактивные задачи и упражнения:** Графические приложения могут предлагать интерактивные задачи и упражнения, которые помогают студентам применять математические

концепции на практике. Это может быть особенно полезно для развития навыков решения проблем и креативного мышления [3].

В целом, использование графических приложений при изучении математики может сделать процесс более интерактивным, визуальным и понятным. Они могут помочь студентам улучшить свою интуицию в математике и развить навыки анализа и решения проблем. Desmos - бесплатный онлайн-калькулятор [4], созданный Дэном Майером и Эли Любероффом для построения графиков, легко используемый учителями и студентами. В нем реализованы такие преимущества компьютерных программ как: 1) интуитивно понятный интерфейс, 2) возможность работать в онлайн-режиме с любых устройств (смартфоны, компьютеры, планшеты); 3) свободно распространяемое программное обеспечение; 4) возможность работать на русском языке; 5) возможность сохранять созданные работы и делиться ими с другими пользователями. Применение Desmos на уроках математики позволяет: строить любые графики по заданному математическому выражению; изменять цвет графиков; сохранять построенный график; создавать таблицу или конвертировать существующее выражение в таблицу; строить графики с несколькими параметрами с помощью ползунков, устанавливая предел и интервал параметра и создавать творческие задания [5].

Рассмотрим тему «Функция и способы ее задания. Преобразования графиков функций». Для достижения цели занятия построим в Desmos графики функций вида: $y=f(x)+n$; $y=f(x+n)$; $n \in R$ (см. рисунки 1, 2)

$y=af(x)$; $y=f(ax)$; $a \in R$ (см. рисунки 3, 4); a также $y=-f(x)$;

$y=f(-x)$; $y=|f(x)|$; $y=f(|x|)$.




Рисунок 1




Рисунок 2




Рисунок 3




Рисунок 4




Рисунок 5

На рисунке 5 представлен алгоритм решения задания 6.6 на преобразования графика функции из [6]. Графический калькулятор Desmos выступает как многофункциональная платформа, помогающая решать множество задач, привлекает интерес своей простотой в использовании, но в тоже время имеет огромное количество функций.

На различных этапах урока данный онлайн-калькулятор применяется как источник учебной информации или как наглядное пособие, с помощью которого студенты могут создавать интерактивные графики и манипулировать ими, не тратя время на вычисления и построение различных моделей в тетрадах. Это позволяет исключить вычислительные ошибки и сосредоточить внимание обучающихся на анализе, рефлексивном размышлении, осмыслении возникших противоречий, что приводит к конструированию личностного знания, к ситуации личностного успеха. Desmos можно использовать как средство диагностики и контроля первичных знаний для выявления индивидуальных затруднений в реализации новых знаний и умений; структуризации полученных знаний; на обучение обобщению, развитию умений строить теоретические предположения о дальнейшем развитии темы. Тогда предлагаем в рамках системно-деятельностного подхода организовать проектную работу с использованием

графического онлайн-калькулятора Desmos [7]. Таким образом, можно сделать вывод, что применение многофункциональной платформы Desmos уроках математики способствует повышению качества обучения математики и совершенствованию формирования профессиональных компетенций студентов.

Список использованной литературы

1. ГОСУДАРСТВЕННАЯ ПРОГРАММА развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы.
2. Другая математика - URL: <https://ioe.hse.ru/mirror/pubs/share/352549533.pdf>
- 3 Чекурова. М. С. Использование графического калькулятора Desmos // Молодой ученый. - 2023. - № 46 (493). - С. 437-440. - URL: <https://moluch.ru/archive/493/107870/>.
4. <https://www.desmos.com/calculator?lang=ru>
5. Иванова О.В. Использование графического калькулятора Desmos при обучении учащихся понятиям функциональной линии курса алгебры и основной школы - URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ispolzovanie-graficheskogo-kalkulyatora-desmos-pri-obuchenii-uchaschihsya-ponyatiyam-funktsionalnoy-linii-kursa-algebry-osnovnoy>
6. А.Е.Абылкасымова и др. «Алгебра и начала анализа», часть 1, электронный учебник для 10 класса, сайт <https://www.okulyk.kz/>
7. Эверстова В.Н., Сивцева А.П. Применение графического онлайн-калькулятора DESMOS в обучении алгебре (на примере изучения темы «Линейная функция и ее график» в 7 классе) // Современные проблемы науки и образования. – 2021. – № 6. URL: <https://science-education.ru/ru/article/view?id=31268>

ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДА ОНЛАЙН РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҰТЫМДЫ ЖОЛДАРЫ

Әлібек Ақжұлдыз Сағидуллақызы
Химия пәні оқытушысы
Астана қаласы, «Шипагер» медициналық колледжі

Аннотация: Мақалада химия пәнін оқытудағы онлайн платформалардың тиімді тұстары, тапсырмаларды орындаудағы ұтымды жолдары қарастырылған. Химиялық онлайн ресурс және онлайн платформа мысал ретінде көрсетіліп, қосымша көптеген педагог жұмысына тиімді, қолжетімді онлайн сервистер тізімі ұсынылды. Сонымен қатар, онлайн платформалар арқылы жеке құндылықтарды дамыту жолдарына бірнеше әдіс түрлері ұсынылды.

Түйін сөздер: цифрлы сауаттылық, функционалдық сауаттылық, онлайн платформалар, онлайн ресурстар, құндылықтар

Қазіргі таңда оқу үрдісінде химия пәнін оқытуда сан-алуан жаңа әдіс-тәсілдер мен жаңа технологиялар, сонымен қатар заман талабына сай компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып оқыту, студенттерге сапалы білім беруде үлкен рөл атқарады.

Нәтижеге бағытталу оқу процесінде шәкіртті бірінші орынға шығаруды талап етеді. Ал бұл ұстаным әрбір ұстазға шәкірттерді белсенділендіретін оқыту әдістемелерін қолдануды міндеттейді, өйткені бүгінгі күні оқу процесі бұрынғыдай «үйрету», «оқыту», «беру» сынды етістіктерден құралмай, «ұйымдастыру», «жағдай жасау», «бағыт-бағдар беру» сияқты ұғымдардан тұрады. «Үйрену мен үйрету тек өзара белсенді әрекеттерге негізделген қарым-қатынас арқылы жүзеге асырылады» және тек әрекеттесу арқылы ғана үйренуге /үйретуге болады [1].

Міне, осы себептерге байланысты оқу процесінің негізін интербелсенді (интерактивті) әдістемелер, инновациялық технологиялар, цифрлық ресурстар құрауы керек, әрбір педагог онлайн ресурстар мен тәсілдерді өзінің әдістемесінің төрінен көруі қажет, алайда, менің пайымдауымша, **функционалдық сауаттылық пен цифрлық сауаттылық** қашан да бірге


ұштасуы керек.

Цифрлық технологияларды пайдалану, яғни, электронды оқулықтарды, әр түрлі дискілерді, презентациялар, бейнероликтер, оқу фильмдері, флэш анимациялар, демонстрациялық және зертханалық эксперименттерді, химия суреттер жинағы, аудио-файлдар, музыка үзінділері оқытушыға жаңа тақырыптарды түсіндіруге немесе ескі тақырыптарды қайталауға, алған білімдерін бекітуге және жүйелеуге, тіпті топқа бөлуге, кері байланыс жасауға көмектеседі. Химия пәні бойынша виртуалды зертханалар оқу материалын меңгерудегі іс- әрекетін жүзеге асырудың бір құралы болып табылады. Виртуалды зертхана білім алушыға пәндік білімдер мен біліктерді игеруге жағдай жасайды. Оқыту үдерісінің көрнекілік деңгейін арттыруға, білім алушылардың іс-әрекетін белсендіруге мүмкіндік береді [2].

Қазіргі таңда химияны оқытуда интернеттің қорлары мен мүмкіндіктері және химияға арналған компьютерлік программалар ерекше орын алуда. Бұл жұмыста ақпараттық байланыстар арқылы семинар сабақтары ұсынылады. Компьютер алдында білім және қажетті материал алу барысында студент үздіксіз жеке жұмыспен қамтамасыз етіледі. Яғни, студенттің компьютер алдында жеке жұмыс жасауы, базалық білімді меңгеруге кететін уақытты едәуір қысқартады. Интернет байланыстары арқылы керекті ақпараттарды табу, алу және оларды өңдеуге машықтандыру. Химияға арналған арнайы программалармен танысып, олармен жұмыс жасауды үйренеді. Мысалы, ChemOffice, CHEMIX, HyperChem, ChemPen3D, Chem lab, ChFormulas, ChemSW Chemsite v3.01, KINETICS, CHE3WIND, CHPlay, SymyxDraw-3, CH_605, SP_607_WIN, SP_607_WIN және т.б. химиялық сайттар жетерлік. Соның ішінде өте қолжетімді төмендегі бір сайтқа тоқталып өтпекшімін.



Химия пәнінде қазіргі заман талабына сәйкес химиялық қосылыстар құрылымдық формуласын, молекула модельдерін 3Д форматта бейнелейтін MolView <https://molview.org/?cid=2244> сайтына өте қолжетімді сайт ретінде оқытушыларға ұсынар едім. Бұл сайттың оқытушы үшін ұтымды жолы:

- кез-келген қосылыстың кеңістіктегі формуласын көрсетеді;
- кез-келген қосылыстың 3Д молекулалық моделін көрсетеді;
- екі түрде берілген формуланы сурет ретінде жүктеп, сабақта тапсырмаға қолдануға болады;
- жүктеп алынған суреттегі формулаларды сәйкестендіру, изомерия, құрылымдық формула жазу, гомологтық қатар, химиялық байланыс, т.б. тапсырмалар құрастыруды жеңілдетеді.



1-сурет. MolView сайтындағы демонстрациялық жұмыс терезесі

Химиялық сайттардан бөлек, онлайн платформалар оқыту процесінде белең алуда. Сабақ барысының әрбір кезеңіне тапсырма құруға тиімді бұл платформаларды білім алушылар да жетік меңгерген, жұмыс жасау өте қолайлы. Көпшілікке мәлім **Learningapps** платформасын химия пәнінен тапсырма құрауда мен жиі қолданамын. Дайын шаблондарға тапсырма енгізу арқылы уақыт үнемдеуге болады, білім алушыны қызықтыруға болады, қолжетімді, тек сілтеме не QR код жіберу арқылы тапсырманы орындатуға болады.



2-сурет. Learningapps онлайн платформасының тапсырма орындаудағы жұмыс терезесі

Осы орайда, өзім оқыту процесінде жиі қолданатын, мен үшін тиімді болған онлайн оқыту сервистерінің тізбегіне қысқаша шолуды ұсынамын:

- QR код алу үшін:
 - 📌 qr.coder.ru
- Кроссворд құрастыру үшін:
 - 📌 crossmaker.ru
- Жасанды интеллект, видеосабақ, видеосұрақ жасау үшін:
 - 📌 d-id.com
- Тапсырмалар құрастыру үшін:
 - 📌 wordwall.net
 - 📌 learningapps.org
 - 📌 chat-gpt.org
 - 📌 www.socrative.com
 - 📌 tarsiamaker.co.uk
- Креативті презентация, карточка, сертификат, дипломдар, кез-келген тапсырма құрастыру үшін:
 - 📌 canva.com
- Электронды кітап жасау үшін:
 - 📌 3dcoverdesign.ru (3д обложка)
 - 📌 rawpixel.com (сапалы суреттер)
 - 📌 heyzine.com
 - 📌 anyflip.com (эл.кітап)
- Суретті анимацияға айналдыру:
 - 📌 sketch.metademolab.com
- Топқа бөлуге арналған сайттар:
 - 📌 flippity.net
 - 📌 pickerwheel.com
 - 📌 qr.coder.ru
 - 📌 wordwall.net

Қазіргі таңда оқытушыларға жоғарыда аталған сайттар, онлайн платформалардан бөлек сан түрін кезіктіре отырып, өз шеберлігіңізше пайдалануға болатынын да қоса айтқым келеді.

Цифрлық оқыту формаларының ең тиімді тұсы – уақыт үнемдеу, білім алушыны сабаққа қызықтыру, жан-жақты, түрлі тапсырмалар орындату, өз шығармашылығыңызды дамыту, үнемі жаңашылдыққа ұмтылып, ізденісте болу, заман талабымен оқыту. Алайда, цифрлық сауаттылықты арттырамын деп, адами құндылықтар шетте қалмауы тиіс. Ол үшін төмендегідей әдістерді ұсынамын:

- ұлттық құндылықтарды насихаттай отырып, онлайн тапсырмалар орындату;
- химия пәнін тұрмыспен, медицинамен байланыстырып тапсырмалар орындату арқылы функционалдық сауаттылықты арттыру;

- онлайн платформаларды топтық жұмыстарда, ұжымдық жұмыстарда білім алушының сыни ойлауын, бәсекеге қабілеттілігін, шапшаңдығын, шеберлігін дамытатын тапсырмаларды құрастыруға қолдану;

- аталмыш сервистерді тек онлайн емес, демонстрациялық тапсырмалар не көрнекілік ретінде шығарып, білім алушының дамытушылық қабілеттерін арттыру үшін пайдалану.

"Цифрлық үдерістерді басқару үшін цифрлық сауаттылыққа және білімге баса мән беруіміз қажет екенін түсінуге тиіспіз" – деп президентіміз Қ.К. Тоқаев айтқандай, білім алуды жеке құндылықтарымызды жоғалтпай, заман талабына сай үйрене де, үйрете де білуіміз керек [3].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://en.ppt-online.org/1329680>
2. https://p.ayu.edu.kz/documents/83fae832-4519-4024-9c80-405c50910598_№2-2020-Ясауи%20хабаршысы.pdf
3. sputnik.kz/20230608/bizdin-adamdar-zhanasha-oyla

ПРИМЕНЕНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**Белгибаева Канатгуль Жунусовна
«Казахстанский Швейцарско- Американский колледж»,
город Астана**

Аннотация: цель исследования – показать взаимосвязь теории и практики на уроках русского языка и литературы, применение активных методов обучения и решение этой проблемы в учебном процессе. Главное внимание в статье уделяется развитию творческих способностей учащихся, мышления в условиях взаимодействия имеющихся знаний с новыми, либо со знаниями, полученными на уроках из различных источников, в качестве которых выступают учителя, сверстники, учебники.

Активному конструированию знаний способствует диалогическое обучение – это новый подход, при котором диалог между учениками, учителем и учениками помогает самостоятельно формировать и развивать собственное мышление, которое занимает центральное место на уроке, способствует интеллектуальному развитию учащихся и их результативности в обучении и усвоении нового материала, повторении изученного.

Используя такую теорию, досконально изучив ее, преподаватель сочетает в обучении новые методы и подходы, которые способствуют активному конструированию знаний учащихся в условиях социального взаимодействия.

Преподаватель в своей работе использует новые технологий, элементы ТРИЗ педагогики, активные методы, методы критического мышления, диалоговое обучение, ИКТ, самооценивание учащихся.

Такой подход по семи модулям был использован на уроке по творчеству М.Шолохова.

Данный урок М.Шолохова «Судьба человека» включал в себя 5 этапов урока:

1 этап- организационный момент, запись темы, объявление цели и задач урока.

2 этап- актуализация знаний учащихся (аналитическая беседа- исследовательская игра по материалам урока), обобщение образа с использованием картин, фрагмента фильма, мини-сочинения, классической музыки, постановки мини-спектаклей.

3 этап- тестирование.

4 этап- домашнее задание с объяснением.

5 этап- рефлексия, выводы, оценки.

Тема и цель урока обсуждалась и формировалась в диалоге с обучающимися.

Цель и задачи урока достигнуты благодаря использованию новых форм и методов обучения на уроках русского языка и литературы, взаимосвязи элементов урока, а также учета учебно-психологических особенностей учащихся. Оптимально выбрано время для каждого этапа урока,

была обеспечена логическая связь между ними.

Цель урока достигнута, так как структура, содержание урока, методы и приемы обучения соответствовали данному типу урока и возрастной категории ребят.

Ключевые слова: активные методы обучения, теория, практика, новые методы, этапы урока, взаимосвязь, цели и задачи, учащиеся, преподаватель, творчество.

Современный учитель, преподаватель - настоящий исследователь своего педагогического мастерства, готов сотрудничать, понимать, что новый подход в обучении строится на конструктивистской теории обучения. «Данная теория базируется на утверждении о том, что развитие мышления учащихся происходит в условиях взаимодействия имеющихся знаний с новыми, либо со знаниями, полученными в классе из различных источников, в качестве которых выступают учителя, сверстники, учебники». Используя такую теорию, досконально изучив ее, я применяю в преподавании и обучении новые методы и подходы, которые способствуют активному конструированию знаний учащихся в условиях социального взаимодействия. В этом учителям помогают подходы критического мышления, диалоговое обучение, ИКТ, самооценивание учащихся, рефлексия. При использовании новых технологий в обучении русскому языку и литературе я успешно применяю на своих уроках следующие приёмы: -ассоциативный ряд; -опорный конспект; -мозговая атака; -групповая дискуссия; -синквейн; -эссе; -ключевые термины; - дидактические игры; -исследование текста; -работа с текстами; -лингвистические задачи. Остановлюсь лишь на некоторых из них.

Активному конструированию знаний способствует диалогическое обучение – это новый подход, при котором диалог между учениками, учителем и учениками помогает самостоятельно формировать и развивать собственное мышление, которое занимает центральное место на уроке», способствует интеллектуальному развитию учеников и их результативности в обучении и усвоении нового материала, повторении изученного. Такая методика становится более эффективным в период, когда ученик работает в своей зоне ближайшего развития: ученик развивает свои навыки и способности, если ученик не может самостоятельно выполнить задание, ему может помочь учитель или товарищ в группе более компетентные в данном вопросе или задании. Данная поддержка происходит через общение. Знания обретаются путём вовлечения студента в диалог. А роль учителя – это поддержка ученика в процессе обучения. В ходе диалога происходит использования вербальных средств: говорение, обсуждение и аргументация, то есть в результате групповой работы.

Взаимный процесс, в которой идеи проходят в двух направлениях, и на этой основе обеспечивают динамику обучения ученика. Здесь понимаешь, что прав Мерсер, утверждавший, что диалог – это совместное приобретение знаний, «обмен мыслями». В диалоге и преподаватель и студенты являются равноправными партнёрами, которые стремятся согласованно работать для достижения результата.

Сегодня ученик, студент – это личность, которая умеет самостоятельно добывать знания и стремиться быть конкурентоспособным, поэтому традиционные формы обучения не востребованы, а ученика, владеющего ИКТ лучше, чем учитель сложно замотивировать. Приходится в своей работе использовать приёмы и методы критического мышления, игровые моменты включать, создавать комфортную психологическую обстановку для работы в группе, «включаться» в диалог как равный с равным».

На своих уроках я постоянно использую диалог ученик – ученик, ученик – учитель, тем самым обеспечивая в группе атмосферу комфорта, уважительного отношения к чужому мнению, умению безбоязненно высказать свою точку зрения. После таких уроков, построенных по семи модулям, учащиеся стали открытыми, готовыми к сотрудничеству, к диалогу. Конечно, происходит развитие речевой деятельности учащихся. Они на таких уроках не пассивные слушатели, а непосредственные «строители» урока. Так моим ученикам нравятся выразительно читать и разыгрывать диалоги, нравятся стратегии «Джигсо», «Чтение с остановками», «ДК», «Фишпул», «Толстые и тонкие вопросы», «Карусель», «Час X», «Лошадь

и жокей» ...

Предмет обсуждения при учебном диалоге должен рассматриваться с разных точек зрения и тогда есть вероятность назревания общей проблемы в одной групп. И тогда учебный диалог может перерасти в исследовательскую беседу. А. Барнс и Мерсер утверждали, что исследовательская беседа является тем типом беседы, который необходимо развивать учителям. Если учащиеся имеют общую проблему в малой группе, то стараются ее совместно понять, обмениваются мнениями, обсуждают и оценивают идеи, ищут дополнительные знания с источников, создают коллективное знание и понимание. Всё это может перерасти в урок-исследование.

Например, обобщение темы по русской литературе «Судьба человека в годы Великой Отечественной войны» (по произведению М.Шолохова «Судьба человека»).

Были поставлены цели урока: повторить биографию и творчество писателя М.Шолохова; обобщить идейно-художественное содержание рассказа «Судьба человека»; учиться высказывать и аргументировать свое мнение; воспитывать любовь к Родине, к истории, патриотизм, гуманизм.

Для проведения интеллектуальной игры «Умники и умницы», был собран большой иллюстративный, исследовательский материал учащимися, тесты, фрагмент фильма, музыкальное сопровождение из композиции Л.В.Бетховена», для игры избран ариопаг.

Исследовательская игра состояла из нескольких этапов, судил игру ариопаг (приглашенные преподаватели-языковеды).

Урок начался с отбора участников, пока они теоретики, на все этапы урока.

Преподаватель задает вопросы по рассказу «Судьба человека» (тонкие вопросы) и отбирает на интеллектуальную игру студентов.

-Расскажите кратко о жизни и творчестве М.Шолохова, используя презентацию.

-О каком произведении сказал писатель, что «здесь переживается вся жизнь, вся судьба героя?» («Судьба человека»). На каждый этап отбирались участники.

Итак, конкурсанты определились, игра началась.

1 этап исследовательской игры.

-Конкурс красноречия на тему: «Рассказ Шолохова после публикации стало событием. А как вы восприняли этот рассказ? Почему рассказ до сих пор волнует сердца современного читателя?

2.Вспомните встречу рассказчика с Андреем Соколовым. Когда это происходит?

3. Что смутило рассказчика во взгляде главного героя? (глаза, словно присыпанные пеплом...». Шолохов- мастер детали. Одной фразой писатель может раскрыть все, что на душе у героя. Такой деталью он передает всю глубину горя героя.

4.На какие части можно условно разделить рассказ? Почему?

5. На столе реквизиты: автомат, одеяло, хлеб, стакан, сало, папка с документами. Назовите владельцев этих вещей и расскажите кратко о них.

2 этап урока. -Показан фрагмент фильма С.Бондарчука «Судьба человека».

-Какой эпизод из рассказа показан в фильме? Какова идея этого эпизода? (Встреча Андрея с Мюллером).

-Постановка мини-спектакля «Разговор Андрея с Крыжневым». Чем закончился разговор. (Андрей Соколов задушил Крыжнева- предателя. «После чего ему страшно захотелось руки помыть. Будто не человека, а какого- то гада ползучего душил. Первый раз в жизни убил. И то своего...»).

-Вспомните первый побег Андрея из плена. Как это случилось?

3 этап урока. -Чем жив человек, с точки зрения Шолохова? Что он может противопоставить судьбе? (Любовь, доброту, человеческое достоинство).

Далее студенты работают по картинам художников, нарисовавших эпизоды к рассказу «Судьба человека».

-Когда Андрей узнает о гибели своей семьи и старшего сына Андрея?

-Как раскрываются взаимоотношения Андрея с Ванюшкой?

_Что не смогла отнять война у героя? (человечность, храбрость, доброту, сострадание).

Аргументируйте свой ответ.

-Звучит песня «День Победы». К какому эпизоду подходит эта песня? (всему рассказу- это победа не только на войне, но и победа человека над собой).

5 этап урока. -Как итог- обобщение темы учащиеся решали тесты.

-Мы сегодня говорим о судьбе главного героя, а что такое судьба? Как вы понимаете значение этого слова? А теперь прочитайте из словаря Ожегова определение судьбы.

-Эпиграфом к уроку послужили слова: «Честь, совесть, порядочность, надежность – самое важное из того, что дает человеку жизнь. Обладая таким богатством, можно выстоять в любых, даже невыносимо тяжелых обстоятельствах. Выстоять и победить!» Соответствует ли этот эпиграф сегодняшнему уроку? Аргументируйте свой ответ.

На таких уроках большое внимание уделяется развитию коммуникативных умений и навыков, опыта установления нравственных отношений в общении, развитию коммуникативных компетенций. Такие уроки создают доброжелательную атмосферу, пронизанную духом патриотизма и увлекательности, задействование интересов и потребностей, а также понимание важности, нужности и полезности таких уроков, неподдельное, заинтересованное участие в них ученика и учителя, способствуют установлению взаимопонимания, эмоционально-творческих контактов, дают уникальную возможность учащимся не только наблюдать высоконравственное общение поколений, но и самим активно в нем участвовать, переносить эмоционально творческую атмосферу из колледжа в семью.

Список использованной литературы

1. Урсабаев М.Р. Основные направления программы "Атамекен" //Русский язык и литература в казахской школе, 1992.,№4
- 2.Зайцев В.С. Современные педагогические технологии: учебное пособие. – В 2-х книгах. – Книга 2. – Челябинск, ЧГПУ, 2012 – 496 с.
3. Мамекбаева С«А.г Алиева К.Т., Огус Т.К. Республика Казахстан. Лингвострановедческое пособие по русскому языку. -Алматы, Билим, 1994., 222 с.
4. Сериков, Г.Н. Образование и развитие человека / Г.Н. Сериков. – М.: Мнемозина, 2002. – 416

СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУ

Касенова Жазира Ахметказыевна
Астана қаласы әкімдігінің «Технологиялық колледжі»
ШЖҚ МКК

Аннотация: Мақалада сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды оқыту үдерісіне енгізу қарастырылған. «Сыни тұрғысынан ойлау» терминінің негізгі тәсілдері талданады. Оқытудың әртүрлі кезеңдерінде қолдануды қажет ететін әдістерге баса назар аударылып, осы әдістерді қолданудың мысалы да келтірілген.

Түйін сөздер: сыни тұрғыдан ойлау, білім беру, оқу процесі, оқытудың белсенді формалары, білім беру технологиялары.

Соңғы уақытта білім дағдарысы өзін көбірек сезіндіруде. Саясатқа, экономикаға және елемеуге болмайтын басқа да әлеуметтік аспектілерге әсер ететін дағдарыс туралы ұзақ уақыт талқылауға болады. Сонымен бірге, жалпы қоғамды алаңдатып отырған маңызды мәселелердің бірі – білім беру мәселесі.

Білім дағдарысы бекерден-бекер пайда болған жоқ. Қоғамның дамуы ортақ мақсаттарға жету үшін әлеуметтік бағдарларды, мотивацияны және ынталандыруды қажет етеді. Әрине, адамның дүниетанымы мен өмірлік мақсаттарының қалыптасуы жасөспірімдік шағында, жеке тұлға дербес өмірге алғашқы қадамдар жасаған кезде болады, бірақ бала кезінен ол барлық жерде шектеулер мен тыйымдарға тап болады.

Жаңа ғасыр жеке тұлғаның мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған білім беру мазмұнын сапалы өзгертуді талап етеді. Студенттер жаңа жұмысқа тез бейімделіп, араласуы керек. Ол үшін мобильді және көпшіл, өз пікірін бар, топта жұмыс істей білетін тұлға болуы қажет.

Қазіргі студенттер білімді меңгеріп қана қоймай, оны іс жүзінде шебер қолдана білуі керек. Биология, химия сабағында әрбір оқушы мәтінмен жұмыс істей білуі керек және бұл мәселені шешуге өзіндік көзқарасты, сұрақ қоя білуді және қойылған сұраққа жауап таба білуді талап етеді. Олай болса, студенттердің пәнге деген қызығушылығын қалай арттыруға болады?

Менің ойымша, маңызды элементтердің бірі болып табылатын сыни тұрғыдан ойлауды қалыптастыру және дамыту арқылы қатысушыларды одан әрі тиімді іс-әрекетке дайындауға, алға қойған мақсатына жетуге және өзін-өзі дамытуға баулуға болады. Оқытушылар оқу үдерісінде сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясын пайдалана отырып, белсенді оқыту әдістерін пайдаланады.

Сыни тұрғыдан ойлау өздігінен пайда болмайды. Кез келген нәтижеге қол жеткізу үшін сіз өз ойыңызды жақсартуға және дамытуға бар күш-жігеріңізді салуыңыз керек. Әрбір жаңа факт сыни және рационалды рефлексияға ұшырап, таным процесі даралық сипат алып, өнімді сипатқа ие болады. Адамдардың сынға, өзін-өзі сынауға деген құлшынысы зор, бірақ білімнің аздығы мен бұл білімді іс жүзінде қолдана білу қабілетінің жоқтығы сынға, т.б. қате сын. Бұл мәселе теориялық және практикалық зерттеулердің бірлігінде ғана өз шешімін табады. В.И. Ленин: «Пәнді шынымен білу үшін оның барлық аспектілерін, барлық байланыстары мен «делдалдықтарын» қабылдау және зерттеу керек» деп дәлелдеген. Біз бұған ешқашан толық қол жеткізе алмаймыз, бірақ жан-жақтылықты талап етсек, ол қателіктен сақтайды» [2, 42-б. 290].

Онтогенездегі сыни ойлаудың дамуы мен көрінуінің кейбір ерекшеліктері даму психологиясы бойынша зерттеулерде көрсетілген. Әсіресе, студенттердің жасы ұлғайған сайын сыни тұрғыдан ойлауы артып, өзін-өзі бағалауы барған сайын барабар болатынын атап көрсетеді [1, 546 б.].

Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін қолдана отырып, оқытушы маңызды мәселелерді шешеді: оқу процесін қызықты етеді; ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын дамытады, онсыз қазіргі адамның әлеуметтік жетістікке жетуі қиын; кез келген мәселені шешудің дұрыс жолын таба алатын, сыни тұрғыдан ойлайтын тұлғаның қасиеттерін дамытады.

Химия және биология сабағында сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясының қолданылуын байқаған кезде, бұл технология білімнің сапалы деңгейіне жетуге, оқушылардың сөйлеу әрекетінің көлемі мен сапасын арттыруға мүмкіндік беретінін байқаймын. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясын қолдану, оның әдістері тамаша нәтиже береді.

Сыни тұрғыдан ойлауды дамыту әдістері сабақтарды мазмұнды, студенттердің жұмысын тиімдірек және қызықты етуге көмектеседі. Бұл технология оқушылардың сөйлеу тілін дамытуға, ойын дұрыс жүргізуге, пікірталасқа түсуге, өз көзқарасын қорғауға, есепті өз бетімен шешуге бағытталған. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын дамыту әдістерін қолдану жақсы нәтиже береді. Көптеген студенттер жаңа сабақ мәтіндерді қызығушылықпен оқиды, тақырыпты талдағанда өз ұстанымдарын нақты дәлелдей алады, топпен жұмыс жасау арқылы ынтымақтастыққа үйренеді. Балаларда өз іс-әрекетін жоспарлау, мақсат қою, іс-әрекет нәтижелерін талдау қабілеттері анық дамиды.

Сыни тұрғыдан ойлау әдістерін қолдана отырып өткізілетін сабақтар тиімді және материалды тереңірек түсінуге ықпал етеді. Қолданылатын әдістер оқытылатын материалды түсіну дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Оқушылар тек өз бетінше білімді игеріп қана қоймайды, сонымен қатар шешімін табу барысында өз пікірін дәлелді түрде қорғай білу және өз әрекеттерін қайта-қайта түзету қабілеттері қалыптасады.

I курс студенттерінің химия және биология сабақтарын бақылағанда мынаны байқаймыз: студенттер өздерінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі есептерді шығарады. Топтағы жеке және топтық жұмыстар барысында пікірлерін айтып, қорғай алатынын, сонымен бірге басқа адамның пікірін қабылдайтынын, құрметтейтінін, кейде оның дұрысырақ екенін мойындауға дайын болатынын көрсетті.

Осылайша, осы технологияны қолдану арқасында сабақтары барынша қызығушылықпен және студенттердің интеллектуалдық және шығармашылық белсенділігі жоғары өткізіледі, ауызша және жазбаша сөйлеу, сыни және аналитикалық ойлау дамиды. Химия және биология сабақтарында сыни тұрғысынан ойлау технологиясының әдіс-тәсілдерін қолдануды ұсынамын, өйткені олар өте тиімді, мотивацияның жоғары болуына ықпал етеді, шығармашылыққа, оқушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына, материалды берік меңгеруіне кең мүмкіндіктер береді, өйткені қатысушыларға білімді өз бетімен меңгереді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Блонский, П. П. Избранные психологические произведения [Текст] / П.П. Блонский – М., 1964. – с. 546
 2. Ленин, В. И. Полн. собр. соч. [Текст] / В.И. Ленин – М.: РОССПЭН, 2002 т. 42 с. 290
- Сманқұлова Ж. Оқытудың инновациялық әдістері оқу әдістемелік құрал - Алматы, 2014

ИНФОРМАТИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ КӨКЕЙКЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мылтыкбаева Жаннат Төлеубековна
«Жоғары көлік және коммуникация колледжі»
ШЖҚ МКК, Астана қаласы

Аннотация: мақалада Информатика пәнін оқытудың қыр-сыры, бүгінде мұғалімге қойылатын талаптар, мұғалім тұлғасының дамуы мен оқыту әдістемесінің қалыптасуы қарастырылады.

Кілт сөздер: пән, оқыту, әдістеме, тәжірибе, білім, кәсіби біліктілік, ақпарат, информатика, ақпараттық технологиялар, мектеп, колледж, студент.

Мұғалім өз ісіне және шәкіртіне деген сүйіспеншілікті біріктіре алса, ол кемел ұстаз болады.

Л. Толстой

Педагогикалық университеттің түлегі тәуелсіз, мобильді, мүмкіндігінше бәсекеге қабілетті, ең бастысы бастамашыл және шығармашыл болуы қажетті шарт.

Оның ортаға икемделе ойлану дағдысы, стандартты емес жағдайларда оңтайлы шешімдерді таңдау қабілеті бар болып, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін әзірлей алуы керек.

Кәсіби жолдағы мансап - кәсіби қалыптасу мен тұлғаның дамуы болады, оның негізгі көрсеткіштері:

- кәсіби дербестік;
- кәсіби ұтқырлық;
- ұжымда жұмыс істей алу қабілеті. [1]

Бұл ізденіс жұмысының мақсаты - заманауи педагогтың жұмысында кездесетін көкейкесті мәселелерді анықтау және оларды сапалы шешу жолдарын ұсынуға әрекет жасау.

Таңдалған тақырыптың өзектілігі педагог тұлғасына қоғам тарапынан қойылатын талаптардың артуымен тікелей байланысты болады, себебі мұғалім мамандығына үлкен әлеуметтік жауапкершілік жүктеледі. Эмпатияға бейімділігі педагогтың маңызды қабілеті болып саналады. Сонымен бірге, кәсіби қызметіндегі эмоциясының практикалық маңызы екі жақты. Мұғалім бойында, ол эмоционалдық күйзеліске түспейтіндей, басты құзыреттіліктер қалыптастырылады. Өйткені мұғалімнің орындайтын жұмысы жоғары эмоционалдық жүктемемен атқарылады.

Еліміздің әрбір мұғалімі, күнделікті қызметінде, ұшырасатын мәселелер аз емес. Атап өтетін болсақ:

- педагог кадрлардың дайындығына қойылатын талаптар;
- педагогикалық үрдіс қатысушыларының арасындағы сенімді қарым-қатынас орнамауы;

- педагог образына сенімсіздікпен қарау;
- әкімшіліктің сансыз тапсырмалары;
- информатик мұғалімге жүктелетін сабақтан тыс қағаз және баспа жұмысы;
- ақпараттық және цифрлық технологиялардың жедел дамуы;
- көптеген қосымшалардың қолданысқа еніп, танымал болуы;
- оқуға деген білім алушылардың төмен мотивациясы;
- тәрбие жұмысында туындайтын қиындықтар;
- педагогикалық қызметкерлердің кәсіби шаршауының (выгорание) орын алуы.

Информатиканы, ақпараттық технологияны оқытудың отыз жылдық тәжірибесіне қарамастан, бірқатар мәселелер күн тәртібінен түспейді. Барлық мәселелердің кешенін екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа, дәстүрлі деп аталатын, келесі проблемаларды атауға болады: компьютерлік техниканың қажетті көлемінің болмауы; жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің тез ескіруі; жаңа ақпараттық технологиялардың үнемі пайда болуы; мемлекеттік білім беру стандарттарының қазіргі ақпараттық технологиялардың шындықтарына сәйкес келмеуі. Екінші топқа мыналарды жатқызуға болады: оқыту үрдісін ұйымдастырумен де, оқытылатын пәндердің мазмұнымен де байланысты әдістемелік мәселелер; оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру мәселелері; оқыту проблемалары. [2]

Осы жерде айта кететін жайт, «Информатика» пәнін оқыту орта білім беру ұйымдарынан мектептен басталады. Мазмұны жағынан бұл пән теориялық информатиканың негіздерін: іріктеу және кодтау, санау жүйелері, модельдеу және алгоритмдеу және т.б., сонымен қатар қолданбалы информатиканың бастамаларын: компьютерлер мен есептеуіш желілердің архитектурасын, компьютерлік бағдарламалық және техникалық құралдарды қамтиды. Колледждерде «Ақпараттық технологиялар» және «Информатика» пәндері дәстүрлі түрде бірінші және екінші курстарда оқытылады және жалпы математикалық және жаратылыстану циклінің пәні болып табылады. Мемлекеттік, кәсіптік стандарттарға салыстырмалы талдау жүргізетін болсақ, осы пән бойынша әртүрлі мамандықтардың кәсіптік білімінің мазмұны, оқу нәтижелері мен бағалау критерийлерінің іс жүзінде бір-бірінен шамалы айырмашылығы бар екенін атап өткен жөн. Сонымен қатар дидактикалық бөлімдер орта білім берудегі осы пәнінің бағдарламасын көп жағдайда қайталайды. Ал, пәнді оқыту мәселелері оқу процесінде, яғни оқыту барысында қандай технологияларды және қандай көлемде қолдану керек деген сұраққа жауап іздейді.

Оқыту әдістерін дамыту мен ақпараттық технологияларды пайдалануды алға жылжыту үшін оза оқытуды қолдану қажет: ол үшін мұғалімдерге жаңа технологияны меңгеру мүмкіндігін, бос уақыт, әдістемелік күн беру қажет. Ақпараттық технологияларды оқытатын оқытушыларды да, арнайы пәндерден сабақ беретін оқытушыларды да педагогикалық кадрларды үнемі қайта даярлаудан өткізу қажет.

Колледждегі мамандықтардың оқу жоспарларында ақпараттық технологияларды кезең-кезеңімен оқытуды, төмен курстарда – құралдармен таныстыруды, ал жоғары курстарда – нақты объектілерде ақпараттық технологияларды қолдану әдістемесін ұйымдастырған жөн.

Демек, қазіргі информатика мұғалімдерінің мәселелері педагогикалық қауымдастық менталитетінде болып жатқан өзгерістерді ашып анық көрсетеді. Ендеше, педагог тұлғасы өзіне аса назар аударуды қажет етеді.

Екінші топқа жататын мәселелерге келсек, бірқатар сұрақтарды қарастыру қажет. Ақпараттық технологиялардың алуан түрлілігі және теориялық информатиканың іргелі табиғаты арнайы кәсіби білім беру шеңберінде білімді жетілдіруге кең мүмкіндік береді. Және осы себептерге байланысты техникалық мамандықтардың студенттері Microsoft Office (MS Word, MS Excel, MS Access, MS Power Point) тобына кіретін жалпы мақсаттағы бағдарламалық пакеттерді оқу арқылы ақпараттық технологиялар саласында практикалық білім алады. Студенттер кейіннен түрлі форматтағы мәтіндік құжаттарды: рефераттар, курстық және дипломдық жобалар, ғылыми мақалалар, т.б. дайындауда, әртүрлі есептеулерді жүргізуде және олардың презентацияларын жасауда, шығармашылық пайдаланылатын жұмыстарды орындауда алған білімі мен дағдыларының пайдалылығына күмән жоқ.

Қазіргі еңбек нарығының талаптарына жауап бере алатын маман дайындауға, біздің ойымызша, қажет: орта мектеп түлектеріне информатиканы оқыту сапасын арттыру; «Информатика» және «Ақпараттық технологиялар» пәні бойынша ақпараттық технологияларды кәсіби салада пайдалану саласында білім мен дағдыны беретін тақырыптарды енгізу; түлектерді кәсіптік салада ақпараттық технологиялар бойынша білім беретін пәндерге оқыту; бітірушінің дипломдық жобасының құрылымына ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, кәсіптік саладағы зерттеулерді қамтитын бөлімді міндетті тарау ретінде енгізу.

Ұсынылып отырған жаңашылдықтар техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының түлектеріне, осынау ақпараттық қоғамда, кәсіби тұрғыдан алғанда маман ретінде жан-жақты дамуып жетілуіне мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Годочкин Е. Ю. Проблемы преподавания информатики и информационных технологий экономическим специальностям в ВУЗах / Е. Ю. Годочкин. - Молодой ученый. - 2011.
Костюнина Н.Ю. Нескучная педагогика/ Практикум – Москва - 2017

ФИЗИКАНЫ ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ШЕШІМДЕРІ

Умбетова Жанбала Сундетовна
Менеджмент, бизнес және білім колледжі,
Астана қаласы

Аннотация: Бұл мақалада жаңа білім беру технологияларын өнімді пайдалану тақырыбы қозғалады. Тақырыптың өзектілігі қазіргі студенттердің оқу материалын неғұрлым қолжетімді түрде: ойындарда, интерактивті оқытуда, проблемалық оқытуда оңай қабылдауымен түсіндіріледі. Студенттердің белсенділігін арттыруда және білім беру нәтижелеріне қол жеткізуде заманауи педагогикалық және ақпараттық технологиялар құралдарын, атап айтқанда виртуалды зертханалық жұмыстарды және жобалық оқыту технологиясын қолданудың оң әсері атап өтіледі.

Түйін сөздер: проблемалық оқыту, зертханалық жұмыстар, ойын технологиясы.

Қазіргі уақытта білім алушылардың танымдық белсенділігін дамыту, таным процесіне қызығушылықты дамыту, қажетті материалды таба білу, тапқан ақпаратты меңгеру және қолдана білу маңызды. Бұл студентке заманауи білім әлемінде және өндірісте оңай шарлауға мүмкіндік береді. Колледждегі білімнің түпкілікті өнімі – «өзгеріп отыратын әлемде шығармашылық пен өзін-өзі анықтауға арналған кәсіби және әлеуметтік құзыретті қабілеттері қалыптасқан, жауапкершілік сезімі және жаңалықтар жасауға ұмтылысы дамыған» түлек.

Мен физика пәнінің оқытушысы ретінде студенттердің пәнді оқуға деген қызығушылығының төмендеуіне тап болдым. Студенттердің қызығушылығын ояту, бірінші курс студенттерін білім берудің бастапқы кезеңінде физика курсынан оқудан итермеу, болашақ орта буын мамандарының шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын іздеуіміз керек.

Оқуға қызығушылықтың төмен болуының бірнеше негізгі себептері бар:

1. физика мен математиканы нашар білуі;
2. жеке мотивацияның болмауы;
3. ерік-жігердің әлсіздігі, тәртіптің жоқтығы, сабаққа келмеу;
4. өз бетінше жұмыс істеу дағдысының болмауы;
5. денсаулық проблемалары: әлсіз жүйке жүйесі және т.б.;
6. ата-ананың қараусыздығы;
7. бейімделу мәселелері: сабақтар арасындағы қысқа үзілістер, студенттердің тамақ ішуге уақыты жоқ, пән санының көптігі, ұзақ жол[1].

Жоғарыда айтылған мәселелерді қандай жолдармен шешуге болады?

- бірінші сабақта оқытушының студенттерге қоятын талаптары, бағалау критерийлері нақты белгіленіп, оларды қатаң сақтау көзделеді;

- студенттердің кез-келген оқу іс-әрекетін ынталандыру.
- үлгерімі төмен студенттерге жеке тапсырмалар беру;
- тұлғаға бағытталған көп деңгейлі оқытуды қолдану.

Сонымен қатар, студентке бағытталған технология студенттердің кәсіби, танымдық және коммуникативтік құзыреттілігін арттыруға мүмкіндік береді [2];

- қиындық дәрежесіне қарай әртүрлі типтегі тапсырмаларды қолдану;
- оқытудың барлық кезеңдерінде және физика оқулығының әрбір бөлімін оқығаннан кейін білімнің тұрақты мониторингін қамтамасыз ету;

Оқытудың қазіргі әдістерінің ішінде мен материалды меңгеру барысында студенттердің іс-әрекеті әдісін жиі қолданамын. Қазіргі заманда барлық оқу орындары компьютер, ноутбук, телевизор, проекторлармен жабдықталған және студенттер де заманауи ұялы телефондар қолданады. Бұл оқу-тәрбие процесіне жаңа әдістерді енгізуге мүмкіндік беріп отыр.

Сондықтан физика сабағының тиімділігі мәселесін шешуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданамын:

- проблемалық оқыту;
- интерактивті оқыту;
- сыни тұрғыдан ойлау технологиясы.

Проблемалық технологияны физиканы оқытудың ең тиімді технологиясы деп есептеймін. Проблемалық оқыту технологиясы - мұғалімнің басшылығымен проблемалық жағдаяттарды құруды және оларды шешу үшін студенттердің белсенді өз бетінше әрекетін көздейтін оқу іс-әрекетін ұйымдастыру деп түсініледі, нәтижесінде шығармашылық білім, білік, дағдыны меңгеру пайда болады.

Бұл оқыту жаңадан ғана пайда болған жоқ. Кезінде бұған өз үлесін қосқан педагог-ғалымдар: Сократ, Руссо, Дистерверг, Ушинский. Мысалы, Дистервергтің дәлелдеуінше, «жаман ұстаз ақиқатты айта салады, жақсы ұстаз оны іздеп табуды үйретеді»[3].

Проблемалық сабақ келесі құрылымда болады:

- оқу мәселесін қою;
- оқу тапсырмасын қою;
- шешімді іздеу;
- шешімді білдіру, айту;
- өнімді іске асыру.

Проблемалық оқыту студенттердің ойлау әрекетін белсендірудің негізгі құралы – проблемалық жағдаятты құрудан басталып, одан әрі негізгі кезеңдерден өтеді: проблеманы қалыптастыру, оны шешу жолдарын табу, мәселені шешу, қорытынды тұжырымдау, қорытынды жасау.

Физика сабағында проблемалық оқытуды сабақтың барлық кезеңдерінде өте кеңінен қолданамын. Мысалы, кинематика тақырыбында «жол» мен «орын ауыстыру» ұғымын түсіндіргенде қаламыздың картасын қолдануға болады. Әркім өзінің мекен-жайынан оқу орнына дейін траектория сызып, уақыт, жол, орын ауыстыру, жылдамдық ұғымдарын түсініп, осы ұғымдар бойынша есеп шығара алады.

Жаңа материалды меңгеру кезінде материалды баяндап, ең қиын ұғымдарды түсіндіремін, содан кейін сабақта проблемалық жағдаяттар жасаймын. Мұнда мен студенттерге мәтін мен оқулық материалды салыстыру арқылы таба алатын бірқатар сұрақтар қоямын. Студенттердің фактілерді талдау және құбылыстарды бақылау негізінде өз бетінше қорытындылар мен негіздемелер жасауы үшін оқу-танымдық іс-әрекетті күшейтемін. Проблемалық жағдаятты талдаудағы қиындықтар студент үшін мүмкін болуы керек және оның оны шешуге деген ұмтылысы болуы керек. Проблемалық оқыту интерактивті құралдар, виртуалды зертханалық жұмыстар, әр түрлі видео, суреттер әрбір жағдаятты талдау кезінде қолдану керек.

Сонымен, проблемалық оқыту қамтамасыз етеді:

- оқу процесін тартымды және қызықты етеді;
- студенттер білімін практикалық іс-әрекетте қолдана білуге үйретеді;
- студенттердің аналитикалық және логикалық ойлауын дамытады;
- оқытушының шығармашылық өсуіне ықпал етеді.

Олай болса, сабақта проблемалық жағдаяттар тудыру сабақты мазмұнды етеді деп есептеймін, өйткені ол ғылыми білім процесінің логикасына сүйенеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Булатова Г.Х. О проблемах преподавания физики в колледже. Проблемы и перспективы информатизации физико-математического образования материалы Всероссийской научно-практической конференции, 14 ноября 2016 г.С. 293-296
2. Корнеев Ю.В. Реализация компетентностного подхода в сфере профессионального образования // «Профессиональное образование. Столица». –2008 № 11. С. 23-25.
3. Арапов К.А. Проблемное обучение как средство развития интеллектуальной сферы школьников // Молодой ученый. 2012. С.290-294

ХИМИЯ ПӘНІНЕН ОЛҚЫЛЫҚТЫ ТОЛТЫРУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ДАЙЫНДАП, ҚОЛДАНУ

Шетенowa Ермек Нұржуаровна
«Астана профи» қалалық шаруашылық колледжі,
Астана қаласы

Аннотация: Об устранении пробелов знания по химии студентов, полученные во время обучения и способах эффективной организации работы над ней, о проблемах, на которые необходимо обратить внимание преподавателю, о наиболее часто встречающихся ошибках и пробелах в работе учащихся, способах их устранения, методах организации подготовки к устранению пробелов знаний.

Кілтті сөздер: оқушы, оқылықты толтыру, химия, тесттер, тесттерді шешу, теориялық білім мен практикалық білімді ұштастыру.

Биылғы оқу жылында колледж студенттерінің өткен оқу жылындағы біліміндегі олқылықтарды анықтау және білімін толықтыру болып табылады, оқушылардың біліміндегі жиі кездесетін қателіктер мен олқылықтар, оларды жою жолдарын қарастыру, оқытушылар үшін маңызды мәселелердің бірі.

Олқылықтарды анықтау және толықтыру бойынша жұмыс әр оқытушы қызметінің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Әрине, бұл жұмыс маңызды және өте күрделі. Сондықтан білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтау және жою бойынша іс-шараларды жүйелі және жоспарлы түрде жүргізу қажет.

Бірінші кезең: Кешенді диагностикалық жұмыс жүргізу. Тапсырмалар әзірлеу үшін алдымен өткен оқу жылында қарастырылған оқыту мақсаттарын (тақырыптарды) іріктеп алған дұрыс. 5-6 сынып. Жартылыстану.

7- сыныпта химиядан диагностика жүргізу үшін, 5,6- сыныпта жаратылыстану пәнінен химиямен байланысқан осы оқу мақсаттарын таңдап алып, тапсырмалар құрастырдым.

Тапсырмалар

I - нұсқа

1. Мына берілген құбылыстардың ішінен *физикалық, биологиялық, химиялық* құбылыстарды анықтаңыз:

№	құбылыстар	физикалық	биологиялық	химиялық
1	Отынның жануы			
2	Шынының сынуы			
3	Қымыздың пайда болуы			

4	Жапырақтың сарғаюы			
5	Өсімдіктің гүлденуі			
6	Темірдің балқуы			

[6]

2. 6 –сыныпты бітірген соң, каникулда, оқушылар «Тереңкөл» көлін айналып шығу үшін, мұғаліммен бірге саяхатқа барды. Біраз уақыт өткен соң, оқушылардың өзімен бірге алып шыққан суы таусылды. Осы көлдің суын балаларға ішу үшін, тазарту әдісін ұсыныңыз. [3]

3. Күнделікті өмірде бізді қоршап тұрған ерітінділер бір-бірімен табиғаты бойынша ерекшеленеді. Ерітінділерді ажырататын заттар- **индикаторлар** деп аталады. Өмірде жиі қолданатын индикаторларды атаңыз. [3]

4. Табиғатта кездесетін заттар **бейорганикалық және органикалық** болып жіктеледі.

Мына заттарды : құм, май, су, қант жіктеңіз:

бейорганикалық	органикалық
----------------	-------------

[4]

Екінші кезең: Жоспарлау. Екінші кезеңде жаңа оқу жылындағы пән бойынша оқыту мақсаттарына сәйкес келетін оқу мақсаттарын ескере отырып, қысқа мерзімді жоспарлар жасалады.

5-сынып	Оқу мақсаттары	7-сынып	Оқу мақсаттары
	5.3.1.2- заттардың қатты, сұйық және газ күйіндегі құрылымын бөлшектер теориясына сәйкес түсіндіру		7.1.1.4 -заттардың әртүрлі агрегаттық күйлерін білу және бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан қатты, сұйық, газ тәріздес заттардың құрылымын түсіндіру
	5.3.1.4- физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату		7.1.1.3 -физикалық және химиялық құбылыстарды ажырату
6-сынып	6.3.1.1 атом мен молекулаларды, қарапайым және күрделі заттарды айыра білу		7.1.2.1 -атомдар мен молекулалардың айырмашылығын білу
	6.3.1.2 атомның негізгі бөлшектерін және олардың орналасуын сипаттау		7.1.2.5 -протон, электрон, нейтронды және олардың атомдағы орналасу тәртібін, массасын зарядын білу

Үшінші кезең: Жүзеге асыру. Жүзеге асыру жұмыстарын сабақ барысында немесе сабақтан тыс уақытта жүргізуге болады. Атап айтқанда, сабақтар кіріктірілген оқыту мақсаттарымен құрастырылған қысқа мерзімді жоспар негізінде жүргізіліп, соңында тест алдым.

ТЕСТ-оқытудың белгілі бір бөлігін меңгеру дәрежесін өлшеуге бағытталған тапсырма жиынтығы. Олар уақытты көп жоғалтпас үшін, көлемінің шағын болуы, тестік тапсырманы өз бетінше қалай болса, солай түсінік жібермеуді, жауапта дәлсіздік немесе көп сипаттылықты болдырмауды, оның әрі қысқа әрі жинақы болуын, тестік тапсырманы орындау мен сандық бағалау ара қатынасының мүмкіндігін жариялылығының, тапсырма мен жауаптағы дәлдік пен айқындықты қамтамасыз етуге т.б. талап етеді.

Колледж студенттеріне химия пәнінен олқылықты толтыру тесті:

1. Қышқыл ортада қызыл индикатор

A. лакмус

B. әмебап

C. метилоранж


D. фенолфталеин

2. Калий карбонатының ортасы

- А. бейтарап
В. сілтілік
С. қышқыл
D. күшті қышқыл
3. $\text{Cu}(\text{OH})_2 \downarrow$ тұнбасының түсі
А. ақ
В. сары
С. көк
D. қоңыр
4. Калий катионының жалын түсінің өзгеруі
А. сары
В. қызыл
С. жасыл
D. күлгін
5. SO_4^{2-} - сульфат анионға сапалық реакция
А. калий катионы
В. барий катионы
С. темір катионы
D. натрий катионы
6. Массасы 14 г темірді 4,8 г күкіртпен қосып қыздырды. Темір (II) сульфидінің массасын анықтаңыз.
А. 13,2 г
В. 14 г
С. 15,2 г
D. 16 г
7. А затының айырылуы нәтижесінде оның концентрациясы 10 минутта 0,6 моль/ л-ден 0,4 моль/ л-ге дейін азайды. Реакция жылдамдығын есептеңіз.
А. 0,001 моль/л*мин
В. 0,01 моль/л* мин
С. 0,02 моль/л*мин
D. 0,04 моль/л*мин
8. Температура көтерілгенде реакция жылдамдығы өседі. Температураны әр 10^0 С –қа көтергенде реакция жылдамдығы
А. 1-2 есе артады
В. 2-3 есе артады
С. 2-4 есе артады
D. 2-5 есе артады
9. Химиялық реакцияны тездететін, бірақ реакция нәтижесінде жұмсалмай қалатын заттар
А. тежегіш
В. ингибитор
С. концентрация
D. катализатор
10. Химиялық тепе –теңдіктегі реакцияның жүру жағдайларының (температура, концентрация немесе қысым) біреуін өзгертетін болса, тепе-теңдік солсыртқы әсерді әлсірететін реакцияның жүру бағытына қарай ығысады
А. М. Фарадей заңы
В. Ле Шателье- Браун принципі
С. Вант – Гофф ережесі
D. Усанович теориясы

Төртінші кезең: Мониторинг. Төртінші кезеңде білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша жүргізілген жұмысты міндетті түрде талдау қажет. Талдауды әр семестр соңында жүргізу ұсынылады.

Колледж студенттерінің ПБ-113, АУ-113 топтарында оқылықты толтыру барысында химия пәнінен пайыздық көрсеткіші:



Сонымен, оқу процесінің басты міндеттерінің бірі болып табылатын оқушылардың біліміндегі оқылықтарды толықтыру жұмысы жүйелі түрде және оқу жылы бойы жүргізілуі керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстан Республикасындағы Білім туралы заңнама. –Алматы: Юрист, 2004. – 224 б.
2. Жадрин М.Ж. Дидактические аспекты дифференциации содержания школьного образования. –Алматы: РИК, 2000. – 91-98 с.
3. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу- тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Б.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.
4. Ксензова Г.Ю. Оценочная деятельность учителя. Учебно-методическое пособие. М:Педагогическое общество России, 2000. 121с
5. Десятибалльная система оценки результатов учебной деятельности учащихся: Инструктивно –метод.Материалы /Под.ред. О.Е.Лисейчикова Мн:НИО, 2002.400с.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ ЦИКЛЫНДАҒЫ ПӘНДЕРІМЕН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ

**Досанова Айнур Шаймуратовна
Инновациялық Еуразия университетінің
жоғары колледжі, Павлодар қ.**

Дене тәрбиесін оқытуда жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу – бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды, өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылумен айқындалады. Жоғарыда айтып өткенімдей қазіргі қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да өзгеріс енгізуде. Оған қоса салауатты өмір салты, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, студенттердің дене тәрбиесін салауатты өмір салтымен байланыстыра қарастыру қажеттілігі тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі. [3]

Дене тәрбиесінің әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс есебінде дене тәрбиесі жүйесін, оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың дене тәрбиесін қамтамасыз ету үшін керек. Дене тәрбиесі тек мектептегі немесе колледждегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, оқу орындарынан тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратын, дене тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта болашақ мұғалімдерді дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты. Қазіргі кезеңде жалпы орта мектептердегі және техникалық және кәсіптік білім берудегі оқу бағдарламаларын құрастырудың бағыт-бағдары өзгерді. Алайда, бұлардың бәрінде студенттердің қайда оқитындығы ескерілмейді, олардың меңгеруі тиіс негізгі дағдылар мен қабілеттер, оқу нормасын тапсыруға арналған шарттар көрсетілген. Денені шынықтыру жаттығуларының орындалуы қозғалыс дайындығының деңгейі туралы мәлімет береді. Дегенмен, бұл бағдарламалар базалық, үлгілік сипатқа ие, сондықтан оларды әрбір педагог жергілікті жағдай мен салт-дәстүрлерге орай өзгертулер мен толықтырулар енгізіп, өзгерте алады. Дене тәрбиесін оқытушы мамандардың педагогикалық қызметіндегі

инновациялық технологиялар тақырыбы бүгінгі күні өте өзекті. Ең өкініштісі денсаулығына байланысты арнайы анықтамалармен дене тәрбиесі сабағынан босатылған білім алушылар санының көбейіп келеді. Оның ішінде мүлдем қызығушылық танытпайтындардың қатарыда қуанттып отырған жоқ. [1] Осы себепті педагогтар үшін білім алушыларды қызықтыратын сабақтардың жаңа әдістерін енгізу өзекті бола түсуде. Осылайша мұндай мәселелердің алдын алу үшін төменде көрсетілген инновациялық технологияларды қолданып көруге болады: жоғары политехникалық колледжі

1-кесте-Білім берудегі инновациялық технологиялар

№ р/н	Технологиялар атауы	Мақсаты мен күтілетін нәтижесі
1.	Денсаулық сақтау технологиялары	<p>мақсаты білім алушыларға мектепте оқу кезеңінде денсаулықты сақтау мүмкіндігін қамтамасыз ету, салауатты өмір салты бойынша қажетті білім, дағдылар мен дағдыларды қалыптастыру, алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету. Денсаулықты сақтайтын білім беру технологиялары білім алушылардың денсаулығына әсер ету дәрежесі бойынша барлық технологиялардың ішіндегі ең маңыздысы болып табылады, өйткені олар балалардың танымдық іс-әрекетінің жас ерекшеліктеріне, шағын топтарда оқуға, көрнекілікті қолдануға және ақпарат берудің әртүрлі формаларының үйлесуіне негізделген.</p>
2.	Тұлғаға бағытталған технология	<p>Жеке тұлғаға бағытталған оқыту технологиясы сабақта шығармашылық атмосфераны құруға көмектеседі, сонымен қатар балалардың жеке қабілеттерін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасайды. Білім алушылардың жауапкершілігін қалыптастыру үшін өзін-өзі бағалау технологиясын қолдануда білім алушылар өз бағаларын орындалған тапсырмамен, меңгерген тақырыбымен анықтайды. Өзін-өзі бағалау кезінде қызмет нәтижелеріне талдау жасалады және жеке адами қасиеттері бағаланбайды.</p> <p>Бұл технологияның мәні білім берудің тұлғалық-бағдарлы сипатында, дене шынықтыру сабағын ұйымдастыруда әр балаға жеке көзқараста, спорттық-сауықтыру және спорттық-шығармашылық іс-әрекетке саналы қажеттілігін қалыптастыруда жатыр. Бұл әрбір студент үшін жеке дене түрі, дене дайындығы, денсаулық жағдайы, сонымен қатар психикалық дамуы ескерілетін жеке білім беру траекториясы жасалғанын білдіреді. Балалардың дене дамуының ерекшеліктерін біле отырып, дене шынықтыру сабақтарын оқытуды даралау және саралау бойынша құрастыру. Балаларға әртүрлі дәрежедегі күрделі жаттығуларды ұсынылып, қажетті дағдыларды біртіндеп меңгеруге мүмкіндік беріледі.</p> <p>Оқу іс-әрекеті процесінде сабақтың әртүрлі түрлерін, оларды өткізу формаларын енгізу арқылы, фронтальды, топтық, жеке жұмыс түрлерін кешенді түрде қолдану. Оқытудың түрлі әдістері мен тәсілдерін қолданып, аралас сабақтармен қатар заманауи сабақтың элементтерін пайдалану. Стандартты емес сабақтарын да өткізу: ойын сабақтары, жарыс</p>

		сабақтары, эстафета сабақтары т.б.
3.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)	<p>АКТ оқу процесін жаңа, жоғары деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік береді, оқу материалын неғұрлым толық меңгеруді қамтамасыз етеді. Бұл бізге тағы бір мәселені шешуге көмектеседі – білім алушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыруға қызығушылығын ояту.</p> <p>Дене шынықтыру сабақтары теориялық материалдың үлкен көлемін қамтиды, оған ең аз сағаттар бөлінген, сондықтан электронды презентацияларды пайдалану бұл мәселені тиімді шешуге мүмкіндік береді. Үйреніп жатқан қимыл-қозғалыстардың орындалу техникасы, тарихи құжаттар мен оқиғалар, спортшылардың өмірбаяны, әр саладағы теориялық мәселелердің қамтылуы туралы көптеген түсініктемелерді білім алушыларға көрсету мүмкін емес, сондықтан көрнекіліктің әртүрлі түрлерін қолдану қажет. Мәселен, дене тәрбиесі сабағын оқыту процесінде пәнаралық байланысты пайдалана отырып, АКТ-ны қолдану маған қызықты сабақтарды дайындауға, ал оқушылардың оқылатын материалды толық және терең түсінуіне көмектеседі</p>
4.	Дене шынықтыруды саралап оқыту технологиясы (ДШСОТ)	<p>дене шынықтыру білімі адамның жеке қабілеттерін дамыту арқылы адамның мақсатты физикалық қалыптасуын білдіреді. ДШСОТ-бұл білім беру мақсатына тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ететін құралдар, әдістер мен ұйымдастырушылық формалар жүйесі арқылы сараланған дене шынықтыру білімінің мазмұнын жүзеге асыру әдісі. ДШСОТ мазмұны-бұл саралап оқытудың педагогикалық технологияларының жиынтығы, физикалық қасиеттерді дамыту, білімді, әдістемелік дағдыларды қалыптастыру, физикалық жетілуге қол жеткізуді қамтамасыз ететін оқу процесін басқару технологиялары.</p> <p>ДШСОТ мәні-бұл жаттығуды сапалы орындау мақсатында студенттердің техникалық дайындық деңгейіне байланысты әр түрлі тәсілдермен интеграциялай отырып, кейіннен саралауға (технологияның егжей-тегжейін бөліп, оларды күрделілігіне қарай бөлу) тұтас әдіспен оқыту.</p> <p>Қозғалыс әрекеттеріне үйрету белгілі бір қозғалыс тапсырмаларын шешу үшін операцияларды таңдау мүмкіндігін қарастырады. Бұл жағдайда әрбір машықтанушы өзіне ұнаған операциялардың құрамында қозғалыс әрекетін меңгере алады, бұл оның жеке, ең тиімді, іс-әрекет стилінің қалыптасуына негіз болады. Мәселен, оқу материалын бекіту кезінде балаларды дайындықтарына қарай шартты түрде топтарға бөлеміз. Бір топқа жеңіл жағдайда дайындық жаттығуларды, екінші топқа – күрделі жаттығуларын, үшіншісі – іс-әрекетті тұтастай, бірақ жеңілірек нұсқада және т.б. береміз. Күшті топтың білім</p>

		<p>алушылары оқу материалын орташа және әлсіз оқушыларға қарағанда орта есеппен ілгері, сондықтан олар үшін қимыл-қозғалыс әрекетіне жаттықтыру оқылған жаттығуды жарыс жағдайында орындаумен, ал әлсіз және орта топ студенттері үшін, жаттығуды бөліктерге бөліп, стандартты жағдайларда бірнеше рет қайталап орындауды жалғастырады. Сол немесе басқа қозғалыс әрекетін орындай алмаған білім алушылармен үнемі жеке жұмыс жүргізіледі. Бұл балалар сыныпта да, үй тапсырмасы үшін де жеке тапсырмалар алады. Сабақтың қорытынды бөлімінде сынып бірігіп, барлық білім алушылар бірдей жаттығуларды орындайды, ойнайды. Арнайы медициналық топқа денсаулық жағдайына байланысты бөлінген білім алушыларға сабақ бөлек, сабақтан тыс уақытта жүргізіледі, дәрігер ұсынған жаттығуларды орындайды.</p>
--	--	---

Қазіргі жағдайда дене тәрбиесі сабағының тиімділігі мен сапасын арттыруда жоғарыда аталған технологияларды қолдану нәтижесінде:

- білім алушылардың жан-жақты қабілеттерін ашылады;
- балалардың пәнге деген қызығушылығын, ынтасы жоғарлайды;
- білім алушыларды өзіне деген сенімділікке тәрбиелеуге жағдай пайда болады;
- білім алушыларды алған білімдерін әртүрлі жағдайларда пайдалануға үйретуге болады;
- білім алушылардың білім сапасын арттырады;
- білім алушылар дене шынықтыру бойынша олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері болуға ынтасы жоғарлайды.

Денсаулықты сақтайтын технологиялар, тұлғаға бағытталған технология, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, сараланған дене шынықтыру технологиясы – осының барлығы қазіргі дене тәрбиесі сабағының ең маңызды ерекшеліктері.

Әдебиеттер тізімі

1. <https://bilimger.kz/> - Республикалық білім порталы // Дене шынықтыру сабағында инновациялық технологияларын қолдану, 29 мамыр 2022 жыл
2. <https://bilimger.kz/> - Республикалық білім порталы // Дене тәрбиесі сабағын өткізудің заманауи әдіс-тәсілдері, 9 қазан 2017 жыл
3. Қазақстан республикасы оқу-ағарту министрлігі «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚҚ. // 2022-2023 оқу жылына арналған дене шынықтыру мұғалімдеріне нормативтік және әдістемелік құжаттар. Нұр-Сұлтан қ. 2022 жыл

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРДЕЛЕУ АРҚЫЛЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Казыгулова Маржан Ясыновна
«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті»

Аннотация

Болашақ мамандар даярлауда білім алушының ғылыми-зерттеу жұмысына және тарих пәніне деген қызығушылығын арттыра отырып, туған өлкеге деген құрметін оятып, сол арқылы туып - өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

РАЗВИТИЕ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ СТУДЕНТОВ ЧЕРЕЗ ИЗУЧЕНИЕ

ИСТОРИЧЕСКИХ ДАННЫХ

Казыгулова Маржан Ясыновна

Колледж АО "Казахский университет технологии и бизнеса имени К.Кулажанова".
Преподаватель общественных дисциплин

Аннотация

Воспитывая интерес обучающегося к научно-исследовательской работе и предмету истории в подготовке будущих специалистов, прививать уважение к родному краю, тем самым прививая любовь к родному краю, Родине.

ENHANCING STUDENTS' CREATIVITY THROUGH THE STUDY OF HISTORICAL DATA

Kazygulova Marzhan Yasynovna

JSC College "Kazakh University of Technology and Business named after K.Kulazhanov".
Teacher of social subjects

Abstract

Nurturing the student's interest in research work and the subject of history in the training of future specialists, to instill respect for the native land, thereby instilling love for the native land, the Motherland.

Қазіргі білім жүйесінің ерекшелігі – тек білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамда білім мен іскерліктің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін және кеңінен ойлауға қабілетті болуын талап етеді. Білім берудің негізгі міндеті - маманды тек қана біліммен қаруландырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениетінің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты «Білім туралы» Қазақстан республикасының Заңына сәйкес әзірленген және техникалық және кәсіптік білім саласында мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаларын айқындайды. Білім беру жүйесінде мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты - мамандықты игеру ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау. Заман талабы «білу аз, сол білгенінді өмірде қолдана білу» керек.

Кәсіби оқу орындарында оқу үрдісінде болашақ маман даярлауда мынадай басты міндеттердің шешімін табу мәселесі туындайды:

- оқытудың жетік жолдарын меңгерген маман даярлау;
- кәсіби пәндерді игерумен қатар, адамгершілік, рухани-мәдени құндылықтарды меңгерген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- болашақ құзіретті маманның қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру; әдіскерлік іскерлігін арттыру ;
- өз бетінше білім ала білу қабілеттерін қалыптастыру ;
- іскерлік пен шеберлігін үздіксіз арттырып отыру.

Болашақ мамандар даярлауда тұлғаның ғылыми-зерттеу жұмыстарын дамытуға, олардың қызығушылығын арттыруда қоғамдық пәндердің де үлесі зор. Қазақ халқы «Отан» деген ұғымды бала бойына ерте бастан сіңіруге тырысқан. Бұл қасиеттер ұрпақ бойына оқумен, біліммен, үйренумен, талпынумен бітеді. Келешек ұрпағын өз халқының патриоты етіп тәрбиелеу - қай халықтың болса да тәрбиелеу жүйесінің негізгі талаптарының бірі. Мұны ең алдымен туған жер, атамекен, ел, жұрт деген ұғымдармен барынша кеңінен байланыстырған. Сондықтан да болар, соншама кең далада өмір сүрсе де, ата-бабаларымыз үшін «Атамекен, туған жер» ұғымы - әрдайым қастерлі де қасиетті ұғым. Ал біздің халқымызда бұл талап әрдайым жоғары тұрған.

Тарихи білім берудің ең басты элементі - ол білім. Тарихты тану процесінде деректің

маңызы зор, ол тарихи байланыстарды айқындау, салыстыру және жинақтауда аса қажет. Сондықтан да әр тақырып студенттің мүддесіне, шамасына сай болса, оларды құлшындыра түседі. Олардың шығармашылығы деректерді игеруден басталады.

Қажетті деректер, өлке тарихынан алынатын фактілер мен оқиғалардың мынадай талаптарға сәйкес келгені дұрыс:

1. Алынған материалдың осы өлке тарихына ортақ, аса маңызды және де жеке тұлғаға бүкіл еліміз тарихымен қоса түсінуіне ыңғайлы, қиындық келтірмейтін болуы;
2. Анық, айқын эмоциолды фактілері олардың санасына да, сезіміне де әсер ететіндей болуы;
3. Студенттерге қарапайым болса да зерттеушілікке қатыстыруға жағдай жасалуы;
4. Жеке тұлғаның қоршаған ортаны бақылай алу білігін қалыптастыруы және оларда күнделікті қажетті істерге қатысу қабілетін дамыта алуы;
5. Студенттердің туған өлкеге деген құрметін оята отырып, сол арқылы туып - өскен өлкеге, Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыруы.

«Қазақстан тарихы» бағдарламасында маңызды тақырып мазмұндары көрсетілген. Туған өлке материалын қолдану бағдарламадағы негізгі материалға қосымша болып саналады. Сондықтан да ол ешуақытта бағдарламалық тақырыпты ауыстыра алмайды. Туған өлке деректері өтіліп жатқан материалды нақтылау үшін, оқушыларға таныс, жақын өмірден мысал келтіре отырып оларды тарихқа, тарих сабақтарына қызықтыру үшін қажет. Сабақ нәтижесінде бұл міндеттер өлке деректерін тиімді пайдаланған кезде ойдағыдай орындалады. Өйткені, өлке материалы оқушылардың түсінуіне қиындық келтірмейді, таныс болғандықтан тәрбиелік мақсатқа да, ойлау қызметін дамыту үшін де еркін пайдалануға болады.

Қазақ елінің өткен тарихымен танысу үшін арнайы топ құрылып, тақырып бойынша терең мағлұмат жинап, онымен бүкіл топты таныстыру мақсатында олар мұражайға барып, тарихшыларға барып сұхбат алып, тақырыпқа байланысты материалдарды суретке түсіріп, мұрағат деректерін пайдаланып, жалпы толық бейнематериал жинақтайды. Осындай жұмыс түрлерін өткізу арқылы жеке тұлғаның шығармашылық қабілеттері шыңдалып, олардың пәнге деген қызығушылығы артады.

Өздігінен жан-жақты оқуға дайындалып, өздеріне таныс емес сұрақтардың жауаптарын тауып толықтыруға тырысады. Деректермен байланыстырып оқытудың нәтижесінде:

- Студент әр түрлі тапсырма алып, өз бетінше бір нәтижені анықтайды
- Берілген тапсырманы өздігінен ізденеді
- Сабақ үстінде білуге деген құлшынысы, жауапкершілігі артады
- Қабілеті шыңдалып, талаптанады

Өлкетану материалдарын тәрбие процесінде пайдалану бұл жас ұрпақты еліміздің тарихын, тарихи мәдени мұраларын құрметтеуге, аға буын өкілдерінің игі істерін мақтан тұтып, үлгі ете білуге тәрбиелеу болып табылады. Оқушыларды өлкетану ісіне тартудың бірі – үйірме тарту.

Оқушыларды өлкетану ісіне тартудың тағы бір жолы – таным жорықтары мен саяхатқа шығу. Оқушылар өзіндік жұмысы мен айналыса жүріп, ғылыми конференцияға, жарыстарға қатысып, өз ой қабілеттерін, сөз өнерін жетілдіреді.

Тарихты білу – өзінің туып өскен өлкесінің тарихын білуден басталады. Елін, жерін қорғаған батыр бабаларымыздың, халқымыздың бостандығы мен гүлдену үшін күрескен ұл - қыздарымыздың ерлік істері бүгінгі жас ұрпақ үшін өнеге үлгі, әрі мақтаныш. Сондықтан да ұрпақ тәрбиесі сияқты маңызды істе тарихын, мәдени мұрасын білудің орны ерекше.

Тарихты тану процесінде деректің маңызы зор, ол тарихи байланыстарды айқындау, салыстыру және жинақтауда аса қажет. Деректерді жинақтау және жүйелеу – тарихи танымның құралы.

Нақты тарихи деректерді сабақ материалдарында пайдаланудың мынадай тиімді жолдары байқалды:

- Туған өлке деректерін қосымша материал ретінде пайдалану тарих сабағына қызығушылығын арттырды;
- Тақырыпты өлке тарихымен байланыстыру оқушылардың ойлау және таным қызметін

дамытуға мүмкіндік берді;

- Сабақта толықтыру мақсатында берілген шағын көлемде тартымды, нақты материалдарды пайдалану ізденіске талпындырды;
- Өлке деректерінің тиімді әдіс-тәсілдерін (Тарихи орындарға саяхат, ескерткіштер мен қайраткерлердің есімі берілген көшелерге туралы таным жорықтарын ұйымдастыру және т.б) пайдалануда білімін жан-жақты дамытуға мүмкіндік туғызды;
- Мұрағат пен мұражайдағы өлке деректерін басқа сабақтарда да қолдана алу тиімді.

«Мәдениеттану негіздері» пәні негізінде материалдық және рухани құндылықтарды қалыптастыруда мүмкіндігі мол. Өлкетану жұмысының мұндай түрі оқушылардың табиғатпен танысып, әдеби шығармаларды оқып, өнерді, тұрмыстық бұйымдарды зерттеп, халық шаруашылығымен, көрмелермен танысады. Осының бәрі оқушылардың эстетикалық талғамының қалыптасуына ықпал етіп, патриоттық сезімге тәрбиелейді.

Ұстаздық шеберлік өз-өзінен тумайды, ол бірнеше жылғы жұмыс пен білімнің нәтижесі. Жеке тұлғаны білімділікке тәрбиелеу ұзақ та күрделі процесс.

Кәсіби білім берудің мақсаты- терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс жауапкершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Оқыту формасында жеке тұлға өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көңіл бөлу қажет. Болашақ жас маманның қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс.

➤ Тақырып: «Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы», пәні: Қазақстан тарихы, студенттер 3 топқа бөлінеді. Әр топ оқушылары компьютермен, интернет мүмкіндіктерімен қамтылған. Оларға оқулықпен, тарихи құжаттармен іздену жұмыстары берілген. Әр топ тақырыпқа қатысты деректер баяндау керек. Әр топқа 7 минуттан беріледі, уақыт аяқталғаннан соң топтар ортаға шығып қорғайды, қорғауға шыққанда барлық оқушылар сөйлейді.

➤ «Шығармашылық жұмыс». Бұл тақырыпта әр оқушы интернет мүмкіндіктерін пайдалана отырып, шығармашылық жұмыс жасайды. Бұл жұмыстың ерекшелігі алдағы өткен білімді пысықтау мақсатында барлық мүмкіндіктерін пайдалану. Тарихи деректермен жұмыс жасалынады.

➤ «Ой-қозғау». Оқытушы мен студент компьютерлерін арнайы бағдарлама арқылы байланыстырып, білім алушы сабақта берілген тақырыпты орындайды.

➤ Интерактивті тақтаны әр сабақта тиімді қолдану арқылы оқушылардың сабаққа қызығушылықтарын арттыруға болады.

➤ Ғаламтор желісінен тақырыпқа байланысты тарихи деректерді өздігімен оқып, білімін толықтырады.

Білім берудің негізгі міндеті - болашақ мамандарды тек қана біліммен қаруландырып қоймай, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениетінің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады. «Жетістік өзі келмейді, біз оған жетеміз».

Студентті тек болашақ маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, шығармашылық тұлға келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

2.ҚР Мемлекеттік білім стандарт , 2011ж

3.Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың халқына Жолдауынан

4.Атабаев К.М, Қадыртаева М.А «Деректанудың теориялық мәселелері» Алматы, 1999жАҚ колледжі, Астана қаласы

Рипак Илья Александрович
Колледж туризма Санкт-Петербурга, Россия

Аннотация: в статье рассматриваются исторические истоки проблем воспитания современной молодежи в рамках учебно-воспитательного процесса. Анализ трансформации взаимоотношений общества и ребенка сквозь призму материалистического подхода позволяет выделить первопричины снижения эффективности классических воспитательных подходов в образовательном процессе. В заключении работы констатируется фундаментальный характер выявленных проблем и описываются возможные способы их разрешения или смягчения как со стороны государства, так и со стороны преподавательского состава учебных заведений

Ключевые слова: воспитание, образование, демографический переход, система образования, семья

Федеральный закон об образовании Российской Федерации определяет образование как единый целенаправленный процесс воспитания и обучения. Схожее определение дано и в законе об образовании Республики Казахстан, где фиксируется совмещение в образовательном процессе и обучения, и воспитания. Если причины сложностей с передачей знаний детям в современном мире достаточно известны, то воспитательный процесс, с учетом специфики нашего времени, регулярно становится настоящей проблемой.

Современные дети часто не замотивированы к участию в чем-либо как в рамках образовательного процесса, так и во внеучебной деятельности, равнодушны к общему, коллективному и придерживаются индивидуалистических позиций, не склонны к традиционному проявлению уважения к старшим и их опыту, проявляют мало интереса к развитию духовно-интеллектуальному и, помимо хороших отношений с родственниками и сверстниками (стандартно занимающими 1-е место в опросах среди подростков, касающихся определения ценностей), в качестве основного ориентира рассматривают нахождение деятельности по душе, связанной с зарабатыванием наибольших сумм денег и высоким социальным положением [Черникова 2019, с. 335-336].

Причиной озвученных выше изменений, некоторые из которых представляются весьма драматичными, является целый комплекс взаимосвязанных между собой процессов трансформации общества, активно происходящих примерно с начала XIX века по сегодняшний день, связанных в первую очередь с изменением материального базиса существования обществ, что в свою очередь влекло и влечет за собой изменения в культуре и общественных отношениях.

До индустриальной революции XIX-XX вв. ребенок был родителям почти всегда экономически выгоден – уже в 5-7 лет он был способен помогать родителям в поле, по хозяйству и в ремесле. Чем старше он становился, тем больше окупалось его существование в сугубо материальном смысле. Затраты на ребенка при этом редко превышали стоимость его пропитания. Одежду он вполне мог донашивать за старшими, а процесс обучения представлял собой копирование поведения этих же старших, опыт которых всегда был актуален – какой-либо системы образования в традиционном обществе для более чем 90% населения не существовало. Все это, наряду с необходимостью компенсировать невероятно высокую детскую смертность (около 50% детей умирали до наступления полового созревания, причем 25% - в возрасте до 1 года) [Пресса 1966, с. 89], приводило к такой репродуктивной модели, при которой для женщины было естественно рожать в среднем от 5 до 7 детей.

Индустриальная революция XIX века привела к урбанизации населения – люди массово переезжали из сельских мест в города. При этом гуманизация общества и борьба рабочих за свои права уже в конце XIX – начале XX вв. привели к ограничению изначально широко

распространившегося детского труда в тяжелом и опасном промышленном производстве [Старостин 2020, с. 132-133] (позднее – запрету), а массы не занятых в общественно-полезном труде детей постепенно были направлены в формирующуюся систему общего образования. При этом трансформация общества и его материальной базы привела к радикальному увеличению общественной же потребности в образованных специалистах, число которых ранее было относительно невелико – учителях, врачах, инженерах, государственных управленцах, механиках, техниках и т.д., что и спровоцировало широкое распространение в индустриализировавшихся странах систем общего образования.

Абсолютное большинство детей находились в плохом материальном положении и единственным социальным лифтом, который они видели перед собой, было именно образование – отсюда и знаменитая прилежность детей на учебе в первой половине XX века, во многом инерционно продолжавшаяся и во второй его половине. При этом и конкуренция среди этих детей была значительно выше сегодняшней – их родители, жители городов в первом-втором поколении, привозили с собой традиционную репродуктивную модель и продолжали рожать по 7 детей (коэффициент детей на женщину в 1927 г. в РСФСР – 6,7 [Андреев 1998, с. 164]), а формирующаяся система здравоохранения и повышение качества жизни постепенно, но интенсивно, снижали детскую смертность. Сочетание этих факторов привело буквально ко взрывному росту населения в XIX-XX вв. в промышленно развитых странах. Впрочем, каждое новое поколение городских жителей рожало и рождает меньше детей, чем их родители, что в среднем, вместе с рядом других факторов, и является сутью современного демографического кризиса во множестве стран мира.

Со временем затраты на обучение ребенка росли (и продолжают, в среднем, расти; в странах СНГ активное начало этого этапа пришлось на конец XX века в связи с распадом СССР), а количество детей уменьшалось. Кроме того, в обществах, накопивших серьезную материальную базу, начался процесс деполитизации – на сегодняшний день в мире нет ни одного государства (кроме, может быть, КНДР и КНР), жители которого бы в массе своей искренне верили бы в некую общегосударственную идеологию, установленную официально или поддерживающуюся на неформальном институциональном уровне. Современным миром, так или иначе, правит потребление, что отражается в массовой культуре и что активно впитывают современные дети в рамках социализации.

Описанные процессы, не остановившиеся, но продолжающиеся, привели к тому, что мы видим сегодня. Так как современный ребенок требует весьма значительных материальных вложений, а его экономическая польза для родителей скорее отрицательна, материальный фактор мотивации рождения детей у семьи как у экономического агента просто отсутствует. Комплекса духовных, культурных и биологических факторов мотивации, таких как государственная и религиозная пропаганда, давление общества, а также естественное желание продолжить род, обычно не хватает, чтобы переломить негативную демографическую тенденцию. Таким образом, количество детей в большинстве современных обществах развитых и развивающихся стран сравнительно невелико (в некотором роде исключениями являются Израиль с его 3,1 детей на женщину и Казахстан с коэффициентом 3,3). В свою очередь, это приводит к тому, что ребенок для государства и родителей становится сверхценностью и объектом различных форм гиперопеки. Будучи опекаем со всех сторон, ребенок часто теряет возможность получить в необходимом времени естественный для его предшественников в его возрасте жизненный опыт, а момент окончательной сепарации от родителей оттягивается до возраста, во многих случаях превышающего 21 год. Второстепенным фактором более поздней сепарации является высокая стоимость жизни в современном обществе и неготовность повзрослевших детей поступаться комфортом и качеством быта, наличествующим при жизни с родителями.

Благодаря накопленной обширной материальной базе современные общества способны в той или иной мере поддерживать всеобщее благосостояние, достаточность которого разнится от одной страны к другой. Вследствие этого сверхполитизированное массовое общество XX века, склонное к коллективизму «ради общего блага» уступило место индивидуалистическому обществу потребления. Идеалы нового общества – личное обогащение и индивидуальный

успех, что современные дети усваивают через процессы социализации на фундаментальном, мировоззренческом уровне.

Развитие технологий привело к смене форм коммуникации в связи с массовым распространением интернета, телефонов и компьютеров. Ребенок, проводя в самых разных социальных сетях большое количество времени видит несколько искаженную картину реальности, где личный успех в большинстве случаев не связан с формальным образованием. Кроме того, значительную негативную роль играет нейрофизиологический фактор получения быстрых гормонов удовольствия при помощи вовлечения в социальное взаимодействие ребенка через интернет – иными словами, мозг, отвыкнув от более сложных форм получения удовлетворения, буквально требует присутствия человека в виртуальном мире как для эскапизма и подавления стресса, так и для создания иллюзии успешности.

Наконец, объективным фактором общественного прогресса на сегодняшний день является крайне быстрая трансформация самого общества в целом, как в экономической, так и в остальных сферах. Системы образования просто не могут угнаться за этим процессом и, зачастую, по-настоящему перестают являться наиболее актуальным социальным лифтом для детей. Все перечисленные факторы приводят к закономерному и печальному итогу: современные дети часто не видят смысла не только в получении формального образования, но даже и в простом усвоении опыта старших – он просто не кажется им актуальным.

Таким образом, проблемы воспитания современных детей кроются в первую очередь фундаментальных общественных противоречиях, связанных со стремительной трансформацией социально-экономической реальности – изменениями, которое мы, находясь внутри данного процесса, по-настоящему замечаем лишь в кризисные моменты. Разрешение данных проблем возможно лишь методами, трансформирующими сам социально-экономический и демографический базис нашего общества.

Первый вариант – жесткий децивилизационный процесс, превращающий общество обратно в аграрное и традиционное. Он, разумеется, неприемлем – реформы наподобие тех, что проводит современное правительство Афганистана общественным мнением развитых и развивающихся стран никогда не будут восприняты позитивно, как и идея ожидания некой глобальной катастрофы, могущей привести к тем же результатам.

Второй вариант – радикально прогрессивная социальная политика по отношению к семье в целом и к женщинам в частности, приводящая к экономической пользе ребенка для семьи. Речь идет, например, об установлении некой формы крупных регулярных выплат за рождение и воспитание ребенка родителям – достаточных, чтобы их считать полноценной заработной платой за этот воистину нелегкий труд. В целом, государства делают по этому пути первые шаги – в Российской Федерации, например, выплачивают материнский капитал за каждого родившегося ребенка, но дальнейшие шаги в этом направлении, безусловно, будут сложны и крайне дорогостоящи. Стоит отметить, что ситуация в Республике Казахстан с демографией значительно отличается от той, что наблюдается в России, но демографический переход, выражающийся в падении уровня рождаемости, увеличении продолжительности жизни и, как следствие, старения населения и здесь является делом не ближайшего, но обозримого будущего.

Пока же мы сами в рамках учебно-воспитательного процесса можем лишь делать то, что уже активно делаем – привлекать детей к внеурочной деятельности, разбивать при помощи организации коллективных мероприятий ощущение студенческой атомизированности, то есть отдельности детей друг от друга и от общества в целом и личным примером сосредотачивать внимание учеников на безусловной пользе принятия социально одобряемых морально-нравственных норм.

Список использованной литературы

1. Черникова Е.Г., Пташко Т.Г., Рослякова С.В. Ценностные ориентации современных городских подростков // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. 2019. № 1. С. 333-

337.

2. Пресса Р. Народонаселение и его изучение (демографический анализ). М., 1966.

3. Старостин В.А. Детский труд в России в XIX веке // Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. Философия. Политология. Культурология. Том 6 (72). 2020. № 1. С. 128-137.

Андреев Е., Дарский Л., Харькова Т. Демографическая история России: 1927-1959. М., 1998.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДА ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Адырбекова Үміт Жүсіпназаровна
жалпы білім беру пәндерінің оқытушысы
«Астана қ.Қазтұтынуодағының жоғары колледжі» ББМ
Оспанова Анар Маратовна
жалпы білім беру пәндерінің оқытушысы
«Астана қ.Қазтұтынуодағының жоғары колледжі» ББМ

Аннотация: Қазіргі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі - функционалды сауатты адамдарды қалыптастыру қажеттілігінде. Бүгінгі таңда білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларында функционалдық сауаттылық дағдыларын қалыптастыруға ерекше мән беріліп отыр.

Түйін сөздер: білім алушы, реформа, білім, тілдік қабілет, жазылым, бағалу, дағды, әдіс –тәсіл, норма, мәтін.

Қазіргі жаһандану заманында ХХІ ғасырдың азаматтарының бойына қандай білік, дағдыларды қалыптастыру керек? - деген сұрақ негізгі мәселеге айналып отыр. Осы мәселенің шешу жолын көрсететін тұлғаның бірі – мұғалім.

Жаңа мазмұнда білім беру бағдарламасы негізінде жаңаша қисынды, сыни тұрғыдан ойлай алатын, алған білімін өмірде қолданып, кез келген мәселені шеше алатын сауатты да білімді тұлға қалыптастыру қажет. Осы сұранысты қанағаттандыру үшін мұғалімдер өз тәжірибесіне өзгерістер енгізіп, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тиімді қолданып, іс-тәжірибеден өткізіп жатыр.

Заман талабына сай қазіргі білім беру жүйесінде білімнің мазмұнын, оның құрылымдық жүйесін жаңарту - білім реформасының жүзеге асуының өзекті мәселесі болып отыр.

Білім беру саласының басты міндеті ретінде, осы талапқа сай білім алушылардың белсенділігі мен танымдық ісәрекеттері арқылы шығармашылықтарын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дамыту, осыған орай оқытудың жаңа технологияларын енгізе отырып, білім беру мен нағыз отансүйгіш азаматты тәрбиелеу және оның жақсы маман болып қалыптасуы жолындағы еңбегін қолдау жолындағы коммуникативті-белсенділік пен салыстырмалы тәсілдер туралы ережелерді, тілдің қоғам өміріндегі әлеуметтік рөлі туралы ережелерді жан жақты реттеуде тәжірибелік және ғылыми маңыздылық айқындалады.

Бүгінгі ұстаздардың алдында тұрған проблемалардың бірі - бала бойындағы еркіндікті қалыптастыру, оның белсенділігін арттыру, өз бетінше шешім қабылдай білуге үйрету, ойын жинақтай алуға дағдыландыру, соның нәтижесінде еркін, өзіндік ойын дәлелді жеткізе білетін, ойлай алатын жастарды тәрбиелеу.

Білім алушылармен түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып сабақ өткізу - олардың білімге құштарлығын оятып, сыни ойлауын қалыптастыруға септігін тигізеді. Осы мақсаттарды жүзеге асыру және оқуды жақсарту, білім алушылардың білім деңгейін көтеру үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды қолданған дұрыс әрі тиімді болмақ.

Бұл үшін ең алдымен, тілдік қабілетті, біліктілікті, әлеуметтік мүмкіндіктерді көрсету үшін оларға жағдай туғызу қажет. Тілді жетік меңгерту үшін әртүрлі тілдік әрекеттерді орындау арқылы қол жеткізуге болады. Осы әрекеттерді меңгеру барысында білім алушы қазақ және орыс тілдерінің грамматикалық ерекшеліктерін біледі, тілдік оралымдарды қолданып үйренеді, сөздік қорды молайту арқылы олардың мағыналық топтарын игереді, қазақ және орыс тілдерін қолдана отырып, тұтас халықтың тарихымен, мәдениетімен, әдебиетімен, салт-дәстүрлерімен танысады.

Мұғалім, оқытушы оқу үдерісі барысының ауысуы кезінде өмір деңгейіне сәйкес қоғамға қажетті ұрпақты сапалы біліммен сусындатуға жауапты!

Қазіргі қазақстандық оқыту бағдарламасының мақсаты - жас жеткіншектерді бүгінгі заманаға сай етіп, оқыту, функциональды жазылым деңгейін жетілдіру. Білім алушылардың функциональдық оқу сауаттылығын арттыруда мәтінмен жұмыс пен жазылымның маңызы зор.

Білім берудегі **төрт** дағдының көздеген мақсаты - әрбір тұлғаның жеке қабілетін өмірге бейімдеп қалыптастыру болса, соның ішінде жазылым дағдысын қалыптастыру өте жауапкершілікті, жүйелілікті қажет етеді.

Термин ретінде «Жазылым» деген ұғымды қарастыра болсақ, берілген ойды немесе жарыққа шыққан өз ойыңды, жалпы жазба түрінде жеткізіп беру дегенді көрсетеді. Жазбаша түрдегі сөйлесім – бұл тілдік құбылыстардың бірі, соның ерекшеліктерін толықтай игеріп, оны нақты меңгергендіктің көрінісі болып табылады.

Сонымен, жазбаша сөйлесім - білім алушының жеткізу, не болмаса баяндау дүниесін жарыққа шығару арқылы өз ойын жеткілікті дәрежеде толықтай жазып шығу, соған өз көзқарасын, ой-пікірін қағаз бетіне түсіруі [1].

Жазылым дағдысы - тақырыпты аша білу, грамматикалық сауаттылық, өз ойын сын тұрғысынан дәлелдеу, қорытынды шешім шығарып, өз көзқарасын білдіру деңгейіне бағытталады.

Жазылым дағдыларын бағалау - шығармашылық бағыттағы сипаттау, баяндау (*шағын әңгіме, эссе, қойылым сценарийі*) және белгілі бір аудиторияға бағытталған дәлелді мәтіндер жазу (*үндеу хат, пікір, мақала, жарнама*), әңгіме, шығарма, эссе жазу, хат жазу, қорытынды шешім шығару, өз көзқарасын білдіру және цитатамен жұмыс.

Жазылым әрекетін бағалауда келесі мәселелерді ескеру керек:

1. Жазба жұмыстарын орындау барысында білім алушының коллеграфиялық, пунктуациялық, орфографиялық заңдылықтарды қолдануы;

2. Тұтас жазбаша пікір қалыптастыру үшін бөлімдерді қиыстырып қамтуы;

3. Мәтіннің құрылымын сақтауы (*басы, оқиғаның дамуы, шарықтау шегі, соңы*);

4. Грамматикалық нормаларды сақтауы;

5. Материалдық құрылымдық логиканың сақтауы (*мазмұндама, шығарма, эссе*).

Тілді жаттықтыруға арналған жазба жұмыстарына түсініктеме, реферат, хат, пікірді жатқызуға болады.

Жалпы жазылым дағдыларын қалыптастыратын жұмыстар тілді үйренушілерге пайдалы бола тұра, оны есте сақтауларыңа ыңғайлы болуы керек. Мәселен, әдеби туындылар, шығармаларға жоспар жасау, берілген сұрақтар бойынша қысқа да нақты жауап беру, тақырып негізінде өзіндік стильмен мәтін құрау.

Жазылым әрекетін іске асыруда жүргізілетін жұмыстар:

1. Жазба жаттығулардың түрлері

2. Қысқа мәтіндер

3. Үнемі берілетін жазбаша жұмыстар

4. Жазба түріндегі түрлі бақылау жұмысы

5. Диктант жазу

6. Жазу арқылы жүзеге асатын ойындар

7. Түсініктеме, хат, пікір секілді іс-қағаздардың үлгілері.

Жазба жұмысының негізгі ерекшеліктері - ойды дұрыс пайымдап жеткізу, жазу түрлері арқылы жазба тапсырмаларын ойлау жағынан дұрыс игеру, орфография мен орфоэпия

дағдыларын еркін меңгеру, ойлау, сөйлеу жағынан есте сақтап, қабылдауға жеңіл болатын дайын деңгейлік, шығармашылық бағыттардағы тілдік бірліктерді білу болып табылады.

Жазба жұмыстарының әдіснамалық ерекшеліктеріне тікелей орфографияны меңгеру, жазба түрінде айту мен сөйлеуді үйретудің амал-тәсілдері жолдарын қарастыра отырып, оны оқыту мен жазғызу болып табылады.

Қазіргі кездегі әдіскер мамандардың пікірі бойынша жазба жұмыстары үш бөлімнен тұрмақ. Олардың алғашқысы – себептік ерекшеліктер, екіншісі - талдаусинтетикалық ерекшеліктер, үшіншісі – орындаушылық ерекшеліктер ретінде көрсетіледі [2].

Себептік ерекшеліктер жазу барысында берілген не алынған бір әсерді екінші бір адамға жеткізу арқылы ойға келу, сөйтіп оның негізгі себебі туады.

Талдау-синтетикалық ерекшеліктер сөйлем құрылымы не құрылымы жасалғаннан кейін сөздер өзара бір-бірімен байланысқа түсіп, тіркесу арқылы сөздің негізгі қызметі мен орны анықталады.

Орындаушылық ерекшеліктер таңбалар негізінде пайда болады, жазба мәтіні арқылы жүзеге асырылып, жазу әрекеті орындалады.

Жазылым бойынша қалыптасатын икем-машықтар қатарына берілген тақырыпты талапқа сәйкес аша білу, грамматика жағынан дұрыс жазу, өз ой-пікірін, көзқарасын жан-жақты дәлелдеп, өзіндік пайымдау арқылы қорытынды ойға келу, дұрыс шешім шығара білу жатады. Бұндай жұмыстар өзіндік ой-шешімді білдіре білу деңгейіне бағытталды.

Жазылым жұмысының сәтті шығуы, ең алдымен, сөздік қордың мол болуына тікелей байланысты. Сөздік қор оқылым арқылы келеді.

Тілдік төрт дағды бір-бірімен тығыз байланысты.

Жазылым - бұл төрт іс-әрекеттің бірі, ол үнемі өнімді машықтың бағытында болады. Өнімді машық дегеніміз – тілдік бірліктер жайындағы анықтама, тілдегі дайын моделдік фразаларға сүйену арқылы сөйлеу және жазу болып табылады.

Жазба жұмыстарының түрлерінің тілдік негіздеріне қатысты өзіндік ерекшеліктері болады.

Ол жазба тапсырмаларының мақсаты мен міндетіне, тілдің құрылымдық түрлеріне байланысты болмақ. Яғни, жазылымның өзіндік стиліне байланысты болып, ескерілуі керек.

Ғылыми, іс қағаздар стилі, яғни ресми стилдер түріне, ауызша сөйлеу стилі, бейресми стилі түріне байланысты жазылым машықтары өнімді жазылым мен жазу әрекеті негізінде жүзеге асады.

Өнімді жазылым түрі - білім алушыны жазба жұмысқа белгілі бір үлгі арқылы үйрету. Жазылым бойынша үлгімен таныстыра отырып, кез келген мәтін түрімен жұмыс істеу оның жалпы мазмұнымен, сөздің қормен, стилімен, құрылымымен таныс болып, одан әрі жұмыс жасауға септігін тигізеді.

Жазылым үдерісі - білім алушы жазбаша жұмыстардың барлық түрімен жұмыс жасай білу үдерісі болып табылады. Жалпы алғанда, жазба жұмыстарды жоспарлауды, оның бірінші нұсқасында жаздырту, түзету арқылы білім алушы ісін жетілдіру. Яғни, оларға жазба тапсырмаларын әр түрлі аспектілерімен әр түрлі кезде іс-әрекетін ұйысдастыруға үйретеді. Жұмысқа жоспар құру кезінде ой-идеяларды іздестіріп, оны табады. Бірінші кезеңде үлгі нұсқасын жазу барысында ой-пікірін бере білу үшін керекті сөздер мен сөйлемнің дайын құрылымдарын іздестіріп, оны дұрыстау, бағалау кезінде жазбаша жұмысты ұйымдастыру, грамматикалық сауаттылық, ондағы ережелерге сай тілдік бірліктердің орынды сақталуы, мәтіндегі ойды сараптауға, істеген жұмысының нәтижесін көруге мүмкіндік береді.

Оқытушы жазба жұмыстарын тиімді қолдану арқылы білім алушылардың тілдік дағдыларын қалыптастыра алады. Яғни, білім алушылар жазба іс-әрекеті арқылы әр түрлі стильдегі мәтіндерден ақпараттарды сұрыптап, тәжірибеде қолдана алады. Жалпы, мәтінмен өзіндік жұмыс жасау дағдысын қалыптастырады.

Сөйтіп, тілдік сауаттылықты үйрету үшін білім алушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор деген қорытынды жасауға болады.

Жазылым тапсырмаларын ұйымдастыру барысында орындалатын кейбір тапсырма

түрлеріне тоқталайық:

Күнделік жанры: Француз жазушысы Жюль Ренар: «Күнделік – адам жанының айнасы» деген. «Күнделік-күнделікті өмірің! Әрбір адам өзіне күнде есеп беріп отырса, өмірде қателігі аз болады. Күнделік сенін сырласың, әрі досың». Үйге берілетін тапсырмаларға қосымша ретінде күнделік жазуды дағдыға айналдыру білім алушының айналасында болып жатқан қызықты оқиғалармен бөлісуге деген қызығушылығын оята отырып, оны тыңдаушыға тартымды етіп жеткізуге деген ықыласын дамытады.

Интервью жанры: көсемсөз жанры, журналистің бір не бірнеше адаммен қандай да бір өзекті мәселе төңірегінде сұхбат жүргізуі интервью барысында белгілі бір оқиғаның, құбылыстың мән-мазмұны маман әңгімелесушінің түсіндіруі, айтуы бойынша терең ашылады. Күнделікті көрген-білгенін интервью ретінде жазуға дағдыландыру да білім алушының тілдік құзіретін дамытады деп ойлаймын. Жаттығудың бұл түрін белгілі бір тақырыптар топтамасының қорытындысы ретінде іскерлік ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Ойын барысында білім алушылар өздерін еркін сезінеді, сондықтан айтатын немесе жазатын ойларын нақты әрі қорытып айтуға дағдыланады.

Әңгіме жанры: оқиғаны қара сөзбен баяндайтын шағын көркем шығарма жанры. Бұл жұмыс тұрақты орындалса да, жетілдіретін тұстары әлі де болса баршылық. Айталық, көркем сөздерді, яғни тілдің көркемдеуіш құралдарын дұрыс пайдалана алуын үйрету керек. Ол үшін бұл жұмысты оқылым әрекетімен үндестікте орындаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, 1991
2. Әдебиеттің қысқаша энциклопедиясында. – Алматы, 2010
3. М. Жанпейісова Модульдік оқыту теориясы. – «Өрлеу» БАҰО АҚ Ақтөбе облыстық филиал

ОСОБЕННОСТИ ПРЕПОДОВАНИЯ БИОЛОГИИ ДЛЯ ОБУЧАЮЩИХСЯ ПРОФЕССИИ «ПОВАР, КОНДИТЕР»

Арбабаева Алма Толеуовна
Преподаватель биологии
колледж: КГКП «Карагандинский колледж питания и сервиса»

Аннотация

В данной работе будут рассмотрены основные особенности биологии студентов получающих профессии повара, кондитера. Биологические знания позволяют понять основы питания, влияние ингредиентов на здоровье человека, а также способы сохранения и улучшения качества продуктов.

Ключевые слова: биология, особенности преподавания, компетенции обучающихся

Целью преподавания биологии являются развитие биологических знаний и умений у обучающихся; понимание сущности, развития и проявления жизни на разных уровнях ее организации; Задачи: применять законы развития и функционирования природы в качестве основы и средства для приобретения новых знаний, их дальнейшего расширения и углубления; формировать в процессе овладения системой знаний и основ научного мировоззрения; творческой самостоятельности и критического мышления, исследовательских умений; Формируемая компетенция. Базовые: знать и понимать науку цитологию, химический состав клетки, особенности её строения, деления и формы размножения. Знать историю развития генетики и селекции. Формировать знания о генетике человека, методах изучения наследственности и изменчивости. Понимать и владеть знаниями исторических процессов возникновения и развития жизни на земле. Знать об эволюции живой природы.

Профессиональные: понимать, применять духовные ценности и нормы, основанные на истории Земли, её летописи и место человека на основных этапах эволюции. [5] Биология важна в профессии повара. Повару и кондитеру очень важны органы чувств. Ведь степень готовности блюда и его качество они определяет по виду и цвету, запаху, вкусу. Кроме того, им необходима хорошая память, чтобы запоминать рецепты разных блюд. Они должны много знать о продуктах: как выбрать самые лучшие, как их правильно хранить, как определять их свежесть. Разные продукты готовятся по разному и необходимо знать особенности их приготовления. Очень важно уметь красиво оформить и подать приготовленное блюдо. В процессе работы преподавателем в колледже было отмечено, что у студентов первого курса, начинающих обучение, выяснилась низкая мотивация к изучению биологии, непонимание её значения для жизни и их профессиональной деятельности. В конце первого семестра, при подведении итогов учебной деятельности, мы отметили повышение мотивации обучающихся, что проявлялось в том, что студенты начинали задавать большое количество вопросов по изучаемым темам, более качественно и грамотно выполняли предложенные им задания. Задаваемые студентами вопросы обычно затрагивали особенностей функционирования организма человека. Можно выделить следующий перечень важных биологических знаний, необходимых в профессии повара и кондитера: Состав клетки, значение элементов, неорганических и органических веществ для организма человека, их содержание в продуктах питания. Значение витаминов для здоровья человека; содержание витаминов в продуктах питания; условия приготовления пищи, необходимые для сохранения витаминов. Виды бактерий и вирусов, особенности их размножения и влияния на продукты питания. Достижения современной биотехнологии и генетики; создание генномодифицированных продуктов питания, их влияние на здоровье человека. Обсудив необходимость биологических знаний в профессии повара, учащиеся приходят к выводу, что хороший повар должен уметь готовить не просто вкусную, но и полезную пищу, а для этого ему необходимо владеть знаниями из области биологии, химии, биохимии и физиологии питания. Поэтому, уроки биологии необходимы в процессе обучения профессии повара. [4] Кроме того, человеку необходимо иметь представление об особенностях строения и функционирования своего организма, что необходимо для организации здорового образа жизни и сохранения здоровья. В процессе изучения тем приведём примеры заданий для учащихся на уроке биологии, направленных на установление связи биологических знаний с профессией повара. На уроке «Органические вещества клетки». изучаются виды органических веществ, их свойства и функции в клетке и живом организме. Студенты знакомятся с углеводами, белками, липидами, витаминами, их значении, обращая внимание на содержание их в продуктах питания. После изучения нового материала, студентам даётся творческое задание: продумать два варианта меню на один день: 1) витаминизированное питание; 2) питание, содержащее большое количество белка. Должны быть перечислены используемые продукты, указано содержание в них рассматриваемых органических веществ, перечислены блюда, приготовленные из перечисленных продуктов. Учитывая свойства белков и витаминов, указать, какие особенности приготовления пищи следует соблюдать в процессе создания выбранных блюд, чтобы сохранить в пище витамины и белки. Задания такого характера вызывают интерес у студентов и способствуют лучшему усвоению материала. При изучении сложной темы: Органические вещества. Нуклеиновые кислоты, у студентов нередко возникают затруднения с усвоением материала. В процессе изучения нового материала, для того чтобы установить связь с жизненными ситуациями, необходимо сделать акцент на роли нуклеиновых кислот в живом организме, рассмотреть их структуру и возможные нарушения в строении под воздействием различных факторов, приводящие к серьёзным патологиям человеческого организма. Рассматриваются виды нуклеиновых кислот в организме и выполняемые ими функции. Студенты должны усвоить в процессе изучения учебного материала, что нуклеиновые кислоты являются носителями всей наследственной информации. Формулируется вывод об особенностях строения нуклеиновых кислот и влиянии на них экологических факторов среды. [1] Возраст большинства студентов средне специальных заведений 15-18 лет и моменты заинтересованности в учебном процессе они

воспринимают с интересом. На уроке изучению темы «Строение клетки», мы предлагаем видео. Затем студенты используя учебники называют органоиды клетки и их функции, заполняли таблицу «Органоиды клетки». С одной стороны, это очень устойчивые биологические молекулы, но с другой, подвергаясь воздействию неблагоприятных экологических факторов (загрязнение окружающей среды химическими веществами, радиацией, избыточное влияние ультрафиолетовых лучей), может вызвать поломки в их структуре, в результате которых у человека возникают заболевания как врождённые (синдром Пирсона), так и приобретённые (например, онкологические). Следует обратить внимание студентов на тот факт, что большинство загрязнений, вызывающих заболевания, являются результатом деятельности человека. Рекомендуется использовать видеоматериал, на которых наглядно можно показать возможные нарушения молекул и объяснить их последствия. Студенты в конце урока приходят к выводу, что основой наследственности и передачи наследственной информации являются нуклеиновые кислоты, от правильности передачи наследственной информации зависит здоровье человека и необходимо не допускать загрязнения окружающей среды, вести здоровый образ жизни, чтобы не допустить отклонений в наследственном аппарате организма. Для закрепления изученного материала предлагается студентам заполнить таблицу «Особенности строения нуклеиновых кислот и варианты нарушения их структуры» способствует лучшему усвоению объёмного теоретического материала. Мы предлагаем следующие темы, устанавливающие связь между профессией повара и биологической наукой: Название нуклеиновой кислоты Особенности строения нуклеиновой кислоты. Факторы, негативно влияющие на ДНК. Виды нарушений структуры нуклеиновой кислоты. Заболевания, связанные с нарушением структуры молекулы нуклеиновой кислоты. Влияние плесневых грибов на экологию помещения для хранения продуктов питания. Влияние экологических факторов на качество сельскохозяйственных пищевых растений. [3] В процессе анализа методической литературы, выяснилось, что большинство авторов отмечают необходимость практической направленности преподавания биологии в средне специальных учебных заведениях. Работа по формированию познавательного интереса к биологии тесно связана с внедрением в учебно-воспитательный процесс материалов, показывающих связь с повседневной жизнью и будущей профессиональной деятельностью студентов. Использование активных методов на уроке биологии: практических заданий, заполнение таблиц и схем, работа с текстами способствуют лучшему усвоению материала. Биология играет важную роль в различных профессиях, включая и кулинарное искусство. Одной из таких профессий является профессия повара-кондитера. Повара-кондитера, основываясь на биологической основе, создают вкусные и безопасные блюда, которые приносят радость и удовольствие своим клиентам. Перед преподавателями всё чаще встаёт вопрос: «Как мотивировать студентов к изучению общеобразовательного предмета?» Среди студентов встречается мнение: «Мне нужны только те предметы, которые пригодятся в работе по профессии, т.е. специальные дисциплины». Предмет «Биология» изучается студентами по профессии «Повар, кондитер» на первом курсе. Для повышения мотивации студентов необходим учет их потребностей, что требует реализации принципов в обучении. Чтобы стать хорошим поваром, они должны все знать о белках, жирах и углеводах, все о диетах, и т.д. Общая биология является обязательной дисциплиной в структуре средне специального образования. Данный курс направлен на формирование у студентов функциональной грамотности, необходимой в повседневной жизни, в том числе профессиональной. Большое внимание в учебном процессе по биологии уделяется формированию у студентов навыков здорового и безопасного для окружающей среды образа жизни, а так же ценностного отношения к окружающей среде и человеческой личности. Основной проблемой преподавания биологии в средне специальных заведениях является отсутствие у большинства обучающихся интереса к её изучению. Студенты заинтересованы в дисциплинах, являющихся основой их будущей профессии, считая биологические знания второстепенными. Кроме того, на биологию в данных учебных заведениях отводится меньше часов, чем в общеобразовательных школах и большую часть материала студентам необходимо изучить самостоятельно, что не всегда выполняется ими продуктивно. Перед преподавателем

биологии стоит непростая задача показать студентам значимость данной дисциплины, заострить внимание на биологических знаниях, необходимых в их профессиональной сфере и в разнообразных жизненных ситуациях. В учебниках общей биологии отсутствуют материалы, отражающие связь биологических знаний с профессиональной деятельностью. [2] Преподавателю, на наш взгляд, требуется показать студентам эту связь, убедить в необходимости изучения биологии. В этом случае процесс обучения станет более эффективным. Всё вышеизложенное определяет актуальность нашей работы.

Список использованной литературы:

1. Уласик, С.А. Основные положения методики обучения биологии в общеобразовательных организациях и организациях профессионального образования / С.А. Уласик. - Текст : электронный // Prodlenka : образоват. портал. - URL: <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/340996-specifika-prepodavaniya-biologii-v-usloviyah-> (дата обращения: 20.01.2024).
2. Блажко, И.В. Специфика преподавания биологии в условиях профессионального образования / И.В. Блажко. - Текст : электронный // Prodlenka : образоват. портал. - URL: <https://www.prodlenka.org/metodicheskie-razrabotki/340996-specifika-prepodavaniya-biologii-v-usloviyah-> (дата обращения: 20.01.2024).
3. Константинов В.М. и др. Биология для профессий и специальностей технического и естественно-научного профилей: учебник для студентов профессиональных образовательных организаций, осваивающих профессии и специальности СПО. - М., 2017
4. Чебышев Н. В., Гринева Г. Г. Биология: учебник для студентов профессиональных образовательных организаций, осваивающих профессии и специальности СПО. - М., 2017
5. Типовая учебная программы по дисциплине «Биология» (естественно математическое направление) на базе основного среднего образования от 15.06.2020 года.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖҮЙЕЛІ ӘРЕКЕТ

Атанова Молдир Шынгысбековна

Экономика және құқық негіздері пәнінің оқытушысы

№1 Алматы қазақ мемлекеттік гуманитарлық-педагогтік колледжі

Аннотация: Педагогикалық қызметтің басты мақсаты – білім алушылардың мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына сай білім алушыда оқытылатын пән бойынша құзыреттілігін (компетенттілігін) қалыптастыратын және бір мезгілде олардың тұлғалық дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ету. **Педагогтің жеке-дара мәдениеті** – тұлға әлемі. Мұғалім мәдениеті өзін-өзі жетілдіру үшін педагогикалық еңбектің мақсатын және оларға жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет пен өзіндік сана-сезім негізінде қаланады, іс-әрекеттің кәсіби және интеллектуалды тәжірибесін меңгеру жағдайында туындайды.

Түйін сөздер: педагогикалық қызмет, тұлға, мәдениет, құзіреттілік, пед шеберлік, даму кезең, кәсібилік.

«Өнер мен шеберлік педагогты жүректілік пен ақылдылыққа байланыстыратын қабілеті»
В.Сухомлинский

А.Н.Каримовтың авторлығымен жазылған «Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері» оқу құралы бойынша педагогикалық мамандықтарды «Білім беру» кәсібі тобына біріктіретін дифференциациялаудың бірнеше түрі бар:

1. Тұлғаның жасына, даму кезеңіне қарай (мектеп жасына дейінгі тәрбиеші, бастаушы мектеп мұғалімі, негізгі мектеп мұғалімі, т.б.).
2. Білім саласына қарай пәндік оқытушы (тарих, физика, математика мұғалімі).
3. Тұлғаның педагог әрекеттесетін психофизиологиялық және әлеуметтік даму ерекшеліктері негізінде педагог-дефектолог, логопед, сурдопедагог, тифлопедагог және т.б.

4. Әртүрлі типтегі білім беру жүйесіндегі мамандар тобы (жалпы білім беруші жүйедегі педагог, кәсіби білім беретін және т.б.).

Педагогикалық қызметпен кәсіби айналыспайтын, бірақ басқаларды тәрбиелеуші және білім беруші тұлғаны педагогикалық қызметпен айналысады деуге бола ма? Бұлай айтуға болатын шығар, өйткені оқытушы және тәрбиеші болу кез келген адамның жеке және кәсіби даму қажеттілігі болуы керек.

Педагогикалық қызмет мақсатты бағытталған, арнайы ұйымдасқан педагогикалық әсерлесуге негізделеді, мақсаты – білім алушының даму шарттарын жасау. Егер ата-аналар өндіріс шебері және кез келген маман алдына белгілі мақсат қойып педагогикалық әсерлесу процесін ұйымдастырса, онда олардың қызметін педагогикалық деуге әбден мүмкін. Негізгі мазмұны – тәрбиелеу, білім беру, оқыту, оқушы мен тәрбиеленушінің дамуы мен білім алуына бағытталған кәсіби қызмет түрінің нақты түрде кәсіби-педагогикалық қызмет деген анықтамасы бар. Бұдан соң «педагогикалық қызмет» дегенде біз дәл осы қызмет түрін айтатын боламыз.

Педагогикалық қызметтің табиғаты мен ерекшеліктерін түсіну және бөлу үшін оны басқа қызметпен, мысалы өндіріспен салыстырып көрейік. Қызмет – адамның өзі мен қоршаған әлемді өзгертуге арналған белсенділігінің ерекше формасы. Қызметтің материалдық немесе рухани құндылықтарға бағытталуына қарай оны екіге бөледі: материалдық және рухани. Бұл қызметтердегі айырмашылық олардың құрылымында да байқалады.

Педагогикалық қызметтің полифункционалдық сипаты оның көп аспектілігінде: білім алушылардың білімді және қызмет тәсілдерін игеруіне бағытталуында ғана емес, сонымен қатар тұлғаның дамуы мен қалыптасуын, сыныптағы қатынастың орнауын, оқушылардың мектептен тыс тәрбие қызметін ұйымдастыру, мектепте дамытушы және білім беруші орта орнату және т.б. Педагог қызметінің негізгі бағыттары мен мазмұны «мұғалім» мамандығын бітірушінің мемлекеттік стандарттардың квалификациялық сипаттамасында анықталған. Ол келесі кәсіби қызмет түрлерін орындауға дайын болуы керек: оқытушы; тәрбиелеуші; әлеуметтік-педагогикалық; мәдени-ағартушылық; коррекциялық-дамытушы; ғылыми-әдістемелік; басқарушылық.

Педагогикалық қызметтің басты мақсаты – білім алушылардың мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына сай білім алушыда оқытылатын пән бойынша құзыреттілігін (компетенттілігін) қалыптастыратын және бір мезгілде олардың тұлғалық дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз ету.

Педагогикалық білім беруде оқыту мен тәрбиелеу технологиясына руханилық қосылмаса, онда күйреуге ұшырайды. Педагогикалық мәдениеттің прагматикалық және руханилық бөліктерінің арасында органикалық байланыс бар. Педагогикалық еңбек адамның мәдениетті жасау мен дамытуда өз үлесін қосуына тікелей байланысты болады. **Педагогтің жеке-дара мәдениеті** – тұлға әлемі. Мұғалім мәдениеті өзін-өзі жетілдіру үшін педагогикалық еңбектің мақсатын және оларға жету тәсілдерін еркін таңдауға мүмкіндік беретін кәсіби іс-әрекет пен өзіндік сана-сезім негізінде қаланады, іс-әрекеттің кәсіби және интеллектуалды тәжірибесін меңгеру жағдайында туындайды. Ал **кәсіби мәдениет** – еңбек нәтижесі мен адамзаттың жалпы мәдениетінің өнімі. Тұлғалық мәдениет дегеніміз, әлеуметтік іс-әрекеттің әртүрлі формалары арқылы әлеуметтік шараларды ережеге сәйкес өзін-өзі жүзеге асыруы, ал білім беру жүйесінде педагогтің қызметтік мәртебесіне барабар. Мұғалім-кәсіпкердің әлеуетті құндылығы осы мәдениеттің кірігуі мен тұтастығын қамтамасыз етеді. Мәдениет өзін-өзі реттеу негізінде әлеуметтік-кәсіби ортада қалыптасып дамиды. Педагогикалық қызмет өз табиғатында технологиялық, сондықтан оны әр алуан педагогикалық мәдениеттің мәнін түсінуге көмектеседі, ол тарихи ауысып отыратын әдістер мен қарым-қатынасқа байланысты іс-әрекет бағыттылығын түсіндіреді. Нақ осы жағдайда педагогикалық мәдениет педагогикалық шындықты реттеу, сақтау, қайта жаңғырту және дамыту функциясын атқарады. Инновациялық-критивтілік мәдениеттің тұлғалық-шығармашылық компоненті шығармашылық акт ретінде оны игеру және іске асырудың механизмін ашады. Оқытушының дағдыланған педагогикалық құндылықтарды иемденуі тұлғалық-шығармашылық деңгейде өтеді. Педагогикалық мәдениетқұндылықтарын игере отырып, тұлға оларды қайта өзгерту, өзінше беруге қабілетті,

бұл оқытушының тұлғалық ерекшеліктері және оның ғылыми-педагогикалық қызмет сипаттарымен сипатталады. Инновациялық – креативтілік мәдениеттің эвристикалық компоненті “эвристиканың ұғынымдылығы” атты когнитивті эмпирикалық әдісі түсіндіреді. Эвристика – қарапайым тиімді ойлау стратегиялары. Эвристиканың ұғынымдылығы айқын сипаттамалар негізгі базалық статистикалық ақпаратқа қарағанда нанымды екенін көрсетеді. Педагогикалық іс-әрекет, ең алдымен, мұғалімнің білім алушыға мақсатты және ынталы ықпал етуінде жатыр. Мұғалім жан-жақты тұлға болып қалыптасуына ұмтылуы, баланы ересек өмірге дайындауы керек. Мұндай іс-әрекеттердің негізі білім негіздері болып табылады. Педагогикалық қызмет тек оқу орны жағдайында ғана жүзеге асырылуы мүмкін және оны жүзеге асырушылар – бұл мамандықты меңгерудің және оқудың барлық қажетті кезеңдерін өткен тек қана дайындалған мұғалімдер. Педагогикалық іс-әрекет мақсатының сипаттамасы – баланың өзін тәрбиелеу объектісі және субъектісі ретінде толық жүзеге асыруы үшін оның қалыпты дамуы үшін барлық қажетті жағдайларды жасау қажет. Мақсатқа қол жеткізілгенін анықтау оңай. Ол үшін білім алушының оқу орнына келген және оқу орнынан кеткен тұлғалық қасиеттері жай ғана салыстырылады. Бұл педагогикалық қызметтің негізгі сипаттамасы. Педагогикалық іс-әрекет қызығы да, қиындығы да мол қызмет. Себебі мұғалім ата-аналар сияқты бір-екі баланы ғана тәрбиелемейді, ондаған әр түрлі қабілеттері мен бейімділігі, қызығушылығы, мінез- құқы мен әдет- ғұрыптары, түсінігі мен көзқарастары әр деңгейдегі жасөспірімдерді тәрбиелейді. Олардың әрқайсысының өзіндік жекеленген ерекшелігін дамытады, ынтымақты, тату, жарасымды ұжымға топтастыра отырып әр балаға жеке адам ретінде шынайы қамқорлық жасауға тырысады. Қазіргі заман мұғалімі қызметіндегі ең басты ерекшеліктердің бірі -жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды нығайту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматтарын, еңбеккерлерін, отан қорғаушыларын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін мұғалім табиғат, қоғам, саясат, өнер, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңа ғылыми біліммен қаруланған болуы керек. Мұғалім еңбегінің нәтижелілігінің басты көрсеткіші — баланың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру болғандықтан, педагог шәкіртінің даму, тәрбиелену заңдылықтарын жете біліп, оның ішкі жан дүниесін сезіне алуына арнайы үйренуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия/ Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясы». — 704 б.
2. Жексенбаева У.Б. Компетентностно ориентированное образование в современной школе: учебно-методическое пособие. Алматы, 2009-190с.
3. Таубаева Ш.Т. Государственные образовательные стандарты высшего профессионального образования: методология, теория и технология проектирования в компетентностном формате /Білім әлемінде. В мире образования. №1-3, 2006.с 19-28.
4. Кәсіби педагогикалық қызмет – педагогтік шеберлікті қалыптастыру негізі - Stud.baribar.kz

**ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП,
СТУДЕНТТЕРДІ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ.**

**Даулетова Айнур Турсынкановна – оқытушы
«Қазтұтынуодағы агробизнес және экономика колледжі»**

Аннотация. Қазіргі информатиканы оқытудың өзекті мәселелері қарастырылып, оларды шешу перспективалары ашылды. Информатиканы оқыту үдерісінде оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылардың өзара әрекеттесу жолдары көрсетілген.

Түйінді сөздер: информатика, ақпараттық мәдениет, информатиканың жүйелік сипаты.

Бүгінгі уақытта талқылау ортасында оқытуды ұйымдастыруға арналған қадамдар табылып, зерттеліп жатыр. Информатика – білім беруді заманауи ұйымдастыруын жасайтын қоғамның сұранысына және өмірімізге толыққанды жақындап енген инновациялық және қажетті заттардың бірі. Ең маңыздысы оқу саласына қызығушылығын қалыптастыру, студенттерге оқу процесінің субъектісі болуға мүмкіндік беру болып табылады. Оқыту нәтижесі тікелей оқытудың негізгі мақсаты және әдісі ретінде не таңдалғанына, оқытушы сабақта қандай көрнекіліктер қолданғанына байланысты болады. Жалпыға бірдей қабілеттіліктер мен дағдылардың дамуының негізгі тапсырмасы: студенттердің бәсекеге қабілеттілігін дамыту, білім беру сапасын арттыру, оқу саласын ұйымдастыруда жаңа педагогикалық қадамға көшу.

Қазақстандық білім беру реформасының басты мақсаттарының бірі – инновациялық технологияларға сүйене отырып, оқушының бойында шығармашылық ойлауды, бастамашылдықты дамытуға мүмкіндік жасау, тұлғаның үйлесімді дамуына қолайлы жағдай туғызу нәтижесінде оның өзіндік мүмкіндіктерін жоспарлы пайдалана білуіне қол жеткізу арқылы тұлға біліктілігін қалыптастыру. Білім жүйесі ел өміріндегі стратегиялық маңызды сала болып табылатындығы белгілі. Ал, оқу үдерісіндегі дәстүрлі әдістердің озық заман талабына жауап бере алмайтындығы өзінен-өзі түсінікті.

Бүгінгі уақыт талабына сай білім беруді одан әрі жетілдіру оқу-тәрбие үдерісіне озық тәжірибені, ғылыми жетістіктерді енгізуді талап етеді. Қазақстанда ең алғаш **«Инновация»** ұғымына қазақ тілінде анықтама берген ғалым Н.Нұрахметов. Ол “Инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады. Сонымен қатар оқытудың инновациялық технологиялары негізінде білім беруді жүзеге асыру арқылы оқушының қабілетін, өзіндік дамуын, біліктілігін қалыптастыру мәселесіне ғалым-педагогтар М.Құдайқұлов, Б.Тұрғынбаева, М.Жанпейісова, Н.Сарсенова да назар аударған [1]. Белгілі ғалым М.Поташник «Инновация – оқу бағдарламасын меңгертуде мұғалімнің оқытудың жаңа әдістемелері мен технологияларын тиімді игеруі» деген анықтама берсе, Н.Талызина «Инновациялық технологияларды қолданудағы негізгі міндет: сабақ үрдісінде белгіленген мақсатқа жетуде ең тиімді әдістерді таңдай білу» деп анықтайды, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді [2]. Жаңа технологияларды меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін – өзі дамытып, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі.

Инновациялық технологияларды қолдана отырып оқыту – бұл таным әрекетін ұйымдастырудың арнаулы формасы.

Сабақтың қызықты да түсінікті болуы мұғалімнің шеберлігі мен ізденімпаздығына тікелей байланысты. Оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру үшін сабақты түрлендіріп өту керек. Осындай жұмыс барысында жаңашыл мұғалімдердің тәжірибесіне сүйене отырып, сабақты түрлі іскерлік ойындар, жарыстар түрінде, пәнаралық байланыс түрінде, көрнекіліктермен, дидактикалық материалдар пайдалана отырып, өтсе балалар қызығатын сияқты. Ол үшін оқытудың жаңа технологияларын, қашықтықтан оқыту, ақпараттық – коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану секілді ауқымды мәселелердің өзектілігі артады.

Информатика мұғалімдерінің педагогикалық жұмысына қойылатын талаптарының басқа пәндер мұғалімінің жұмысына қойылатын талаптардан гөрі елеулі ерекшеліктері, айырмашылықтары бар. Сол талаптарды іске асыру - мұғалімнің жұмыстарының мақсаттылығын күшейтіп, сабақтан тыс уақытында нәтижелі әрі құнды материалдарды ұйымдастыруына мүмкіндіктер туғызады. Дидактикалық материалдар информатика оқулығының негізінде алынған өзіндік, бақылау және тестік тапсырмалардың, пысықтау сабақтарының, қызықты есептердің жиынтығы болып табылады. Дидактикалық материалдарға

енетін өзіндік жеке жұмыстар тек оқыту сипатына, жаңа өтілген материалдарды пысықтауға және бекітуге арналып беріледі. Ол тапсырмалар оқушылардың біліктіліктерін, дағдыларын қалыптастыруға көмектесуге және олардың білімдерін тексеруге бағытталған.

Бақылау және тестік жұмыстарды жүргізуде өзіндік жұмысқа қарағанда уақыт көлемі қатаң ескеріледі. Дидактикалық материалда ұсынылатын тест тапсырмаларының сұрақтары өте анық, түсінікті, ой тұжырымын жасауға өте ыңғайлы болуы тиіс. Тест тапсырмаларды пайдаланып, нәтижесіне талдау жасай келе, мынадай қорытынды жасауға болады. Тест тапсырмалары оқушылардың қандай материалды игеріп, қай материалды қандай тәсілмен түсіндіру қажет екенін анықтауға да мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындар – сыныпта жүргізілетін жұмыстардың ең қызықтысы. Ойынның қай түрі болса да, оқушыларды өзіне тартып әкететіні белгілі. Оқушылардың пәнге қызығуын шығармашылықпен ойлауын және білім сапасын арттыруда сабақта қолданылатын ойыс элементтерінің рөлі зор. Ойын элементтерін пайдаланудың оқушылар білімін тиянақты етудегі зор мүмкіндігін ескере отырып, мен өз іс тәжірибемде бірнеше ойын түрлерін қолданамын. Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушылардың жоғары көңіл күйін туғызады. Ал мұның өзі оқушының белсенділігін, дербес ойлануын, қызығуын арттырып, сабақты қабылдауға, барынша қолайлы ықпалын тигізеді. Ойынның қандай түрі болса да жалқау, енжар балалардың ынтасын арттырып, білімге қызықтырады.

"Информатика" пәнінен «Ақпаратты қорғау. Вирусқа қарсы програм-малар» тақырыбында өткен сабақта оқушылар компьютерлік вирустардың түрлерін анықтап , вирустарды жою түрлерін меңгеріп , және ақпаратты вирустан сақтау жолдарымен өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланды. Менің бұл сабағым бұрын өтіп жүрген сабағымнан әлде қайда өзгеше болды. Бұл сабақтағы мен оқыту мақсатына - оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытып, тақырып мәнін өз бетімен оқып түсінуін, топпен жұмыс жасауын, өзгелердің пікірін тыңдай алып, ол пікірді бағалауын және өзін - өзі бағалауға, топпен бағалауға, жұппен бағалау дағдыларын қалыптастыруды алдым. Оқушылар терең білім алып, болашақта пайдалана алатындай және тиісінше сол білімдердің ұзақ уақытқа есте сақталуына жағдай жасайтын тәсілдерді оңтайлы таңдау болды. Осы мақсатты жүзеге асыруда «Ойлан, жұптас, бөліс», тұжырымдамалақ карта, «Сәйкесін тап», «Кеңейтілген тапсырма», компьютермен жұмыс, әдістерін таңдап алдым. Үй тапсырмасын пысықтау мақсатында "Крестиктер мен нолдіктер" ойынын қолдандым. Бұл тапсырмада интерактивті тақтадан суреті мен сұрақтар көрсетіледі, осы сұрақтардың дұрыс жауабын «Х» -деп, дұрыс емес жауабын «О» - деп белгілеп шығуы керек. Нәтижесінде, дұрыс жауап берген оқушыларда үш «Х», үш «О» шығады. Сұрақтар күрделірек болғандықтан жетінші, сегізінші, тоғызыншы сұрақтарға жауап берген оқушылар саны көп болмады, бұл тапсырманы сыныптағы барлық оқушылардың бірдей деңгейде орындамағанын анықтадым. Осы тапсырма арқылы дарынды және талатты балаларды, жас ерекшеліктеріне сай оқытуда ізденісті дамыта түсуім керектігіне көз жеткіздім.

Жаңа сабаққа ену мақсатында мен сыни тұрғысынан ойлау қабілетін дамыту аясында "Педагогикалық жағдаят" арқылы мынандай ситуациялық сұрақтар қойдым: Балалар барлықтарыңда үйде компьютер бар ма? Ол компьютермен қандай жұмыс жасай аласыңдар? Қаншалықты көп жұмыс жасайсыңдар? Компьютерлерің жақсы жұмыс жасай ма? Неге кейде әр түрлі жазулар шығып кетеді деп ойлайсыңдар? Оқушылар бұрын-соңды компьютермен, телефон түрлерімен жұмыс жасап жүргеннен кейін бұл сұрақтар аса қиындық туғызбай, «вирус» - деген жауапты тез алдым. Жаңа сабақты пысықтау мақсатында «Сәйкес мәтінді тап» атты жұптық жұмыс жүргіздім.

Мақсатым: жаңа сабақты меңгеру барысындағы оқушылардың алған білімдерін пысықтау болды. Кестеде орны алмастырылған 2 сұрақ берілді. Жұпта орындалған тапсырманы бір - біріне тексерту арқылы оқушылар бірін - бірі критерий арқылы бағалады. Сабақ үстінде кроссворд шешуге арналған қысқаша бақылау жұмыстарының да орындауға болады. Кроссворд жасау - үй жұмысы. Балалар әдебиетпен танысып, терминдерді қайталайды, жаңа ұғымдарды біледі. Мұғалім олардың тереңдігін, жаңа сөздер санын кроссвордтың құрылу күрделілігін, қателерді тексереді. Кроссвордтармен жұмыс істеу балаларға ұнайды, сабақты қызықты етіп

өткізуге көмектеседі. Олар оқушылардың шығармашылық жұмыспен айналасуына түрткі болады, олардың тек компьютерге жұмыс істеуге ғана қызығушылығын емес, пәннің теориялық негіздерін білуге ынталандырады.

Анаграммалар, ребустар және кроссвордтардан да басқа ойын технологияларын пайдалануға болады. Мысалы, «Литерлік шамаларды өңдеу операциялары» тақырыбын өткенде, қиып алып желімдеу операцияларын да қарастыруға болады, олардың жаңа сөздер табуға көмектесетінін де айтып кеткен жөн. Информатика пәні -басқа пәндерден алған білімдерді пайдаланушы және оны дамытушы пән. Демек, оқушылардың ғылыми дүние танымының, көзқарастарының негізі олардың басқа пәндерден алған білімдерін жинақтау нәтижесінде қалыптасуы керек. Бұл пәнаралық байланыс арқылы жүзеге асады.

Пәнаралық байланыс - күрделі педагогикалық проблемалардың бірі. Информатика сабағына интерактивтік әдісті қолданудан оқушылардың білімі тиянақталады, білімі тереңдейді, өздігінен кітап оқуға дағдыланады, өмірмен байланыстығын, информатика пәнінің түрлі пәндермен байланысты екендігіне көздері жетеді. Компьютерді экологияны, табиғатты қорғауға, экономиканы жобалауға, мәдениетті дамытуға, информатиканы география, физика, химия, еңбек, құқық, математика пәндерімен, медицина ғылымдарымен байланыстыруға болады. Міне осындай тәсілдермен өзгермелі ортада тиімді шешімді жылдам қабылдай алатын, өзіндік ойлау қабілеті бар, өзін өзі жетілдіре алатын, жаңа типтегі адамды қалыптастыруға, тәрбиелеп шығаруға болады. Осындай қасиеттері бар адам әлеуметтік жағынан да өзін өзі жақсы қорғай алады.

Ендеше қоғам талабына сай білім беру үшін жаңа педагогикалық технологияларды әр түрлі оқыту әдістерімен сабақтастыра жүйелеп, заманауи тиімді білім беру жүйесін жасақтай білуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жалпы орта білім беруді ақпараттандыру вания: Ғылыми-әдістемелік құрал / ред. Д.Ш. Теңізші. - М.: Ресейдің педагогикалық қоғамы, 2004.
2. Коваленко А.А., Красовская Л.В. Про- Қазіргі мектепте информатиканы оқыту мәселелері // Ғылым және білім: Отандық және шетелдік тәжірибе: халықаралық ғылыми- практикалық сырттай конференциясы. - Белгород, 2016. - 143 б.
3. Коротков Н.Мектептегі информатика: қазіргі кезде бүгінгі мен болашағы / Н.К.Коротков // Халық ағарту. - 2008. - № 6. - С. 176-180.
4. Красовская Л.В. Заманауи пайдалану мектепте информатиканы оқытудағы ақпараттық технологиялар / Л.В. Красовская, А.С. Зубенко, Н.С. Саляева, Е.В. Чуев. - Ялта: Жаңа жағдайларда жоғары білім берудің даму тенденциялары, 2016. - 218.
5. Лыфенко А.В. Оқыту мәселелері Жалпы білім беретін мектепте «Информатика және АКТ» пәні // «Қазіргі мектепте информатиканы оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» халықаралық конференциясы. FGBOU VO MPGU / Ред. Т.Б. Захарова, Н.К. Нателаури. – М.: МПГУ, 2016. – 397 б.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Джакасова Гульмира Ермуратовна
Шет тілі пәнәнің оқытушысы
«Қазтұтыну одағы агробизнес және экономика колледж»

Аннотация

"Педагогикалық қызмет – педагогикалық процесте тәрбиеленуші тұлғасын тәрбиелеудің, дамытудың, оның өзінше дамуының оңтайлы жағдайларын тудыруға және өзін еркін

шығармашылықта көрсетудің мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған кәсіби қызмет". Педагогикалық қызмет дегеніміз - мұғалімнің оқу-тәрбие істерін нәтижеге жеткізетін әрекеттер құрылымы. Мұғалімнің шеберлігі педагогикалық мамандық негізінде басқара білу.

Түйін сөздер : Педагогикалық қызмет, білім беру, педагогика, кәсіби қызмет

Жоспар :

- 1) Педагогикалық қызметтің ерекшелігі мен маңызы
- 2) Педагогиканың кәсіби қызметінің негізгі түрлері
- 3) Қазіргі кездегі білім беру қызметіндегі реформалар және оның педагог қызметіндегі көрінісі

Педагогика (гр. 'παῖς', paída — бала, гр. 'ἄγωγος', gogos — жетектеуші) — жеке адамды тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбие мен білім беру туралы ғылым. Тәрбиені, білім беруді және оқытуды зерттейтін теориялық және практикалық ғылымдардың жиыны. Ежелгі Грецияда педагогтар деп баланы мектепке жетектеп апарып қарап, қадағалап жүретін күтуші адамдарды атаған.

Педагогикалық ойлар алғашқыда философия, діни ілімдер жүйесінде, саясаттануда, құқықтануда, әдебиетте дамыды. 12 ғасырдың басында жеке ғылым болып бөлініп шықты

Педагогикалық қызмет - педагогикалық процесте тәрбиеленуші тұлғасын тәрбиелеудің, дамытудың, оның өзінше дамуының оңтайлы жағдайларын тудыруға және өзін еркін және шығармашылықта көрсетудің мүмкіндіктерін таңдауға бағытталған кәсіби қызмет. Егер педагогикалық қызметтің ерекшелігі мен маңызы жүйелі түрде зерттеліп, қоғамда педагогикалық қызметтің рөлі мен маңызы талқыланып, педагогтың әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында жүйелі жұмыс жүргізілсе, онда педагогикалық қызметтің сапасы жақсарып, педагог мамандығының беделі арта түспек.

Педагогикалық қызмет-негізгі мәселе мұғалімнің талаптары мен мақсаттарының оқушының мақсаттарымен, мүмкіндіктерімен, тілектерімен, сәйкестігі. Педагогикалық қызмет сәтті жүзеге асыру мұғалімнің педагогикалық технологияны, педагогикалық техниканы игеруімен, оның кәсіби санасының деңгейімен байланысты.

Педагогикалық қызмет үш моделі:

- ❖ мәжбүрлеу педагогикасы (авторитарлық педагогикасы);
- ❖ толық бостандық педагогикасы;
- ❖ серіктестік педагогикасы.

Алдымен біз педагогикалық қызмет не үшін керек деген сұраққа жауап беріп көрелік. Біріншіден, өмір бойы өзін-өзі оқыту ,тәрбиелеу, өзін-өзі қалыптастырумен айналысқан адамды осы замандағы қоғамдағы нағыз кәсіп иесі деп айтуға болады. Екіншіден, “адам-адам” жүйесінде жұмыс жасайтын көптеген мамандықтар, педагогикалық - ағартушы қызметтердің негізін салады. Үшіншіден, білімнің рөлі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында ауқымдану салдарынан дамудың ең негізгі қозғушы күші болып табылатыны белгілі. Төртіншіден, “педагогика” ғылымы адами- мәдениет пен осы заманғы ғылыми білімнің бір бөлігі болып табылады және көптеген тарихи бай тәжірбиелері бар, сондықтан әлемнің толық ғылыми бейнесін маманның дүниетанымдық көзқарасын, бастапқы педагогикалық білімсіз қалыптастыру мүмкін емес. Бесіншіден, қазіргі заманғы білімнің сапасына сауатты міндеттер қоя білу үшін, білім беру жүйесін білу қажет.

Қоғам дамуының үнемі өзгеруі және бүгінгі күні гуманизациялануы адамдар бойында адамгершілік құндылықтарды қоғам сұранысына сай қалыптастыру өзекті мәселелердің бірі болмақ. Толыққанды адам келбеті , әрбір адамның іс-әрекетінен көрініс табады. Демек, адамдар өзіндік біліміне,тәрбиесіне байланысты іс-әрекет жасайды. Адамдар бойында адамгершілік мәдениетті қалыптастыру үшін, адамгершілік құндылықтарды меңгерту керек екені дау тудырмайтын қағида. Дәл осы мәселелер төңірегінде педагогикалық қызметтің алар орны орасан зор.

Педагогикалық қызмет өзінің бүкіл іс-қимыл әрекетін қоғамда пайда болған тәрбие мен білім

беруге, оқытып- үйретуге қатысты өзекті мәселелерді жедел шешуге жұмылдырып, бағыттап отырады.

Педагогтың кәсіби қызметінің негізгі түрлері:

- тәрбиелеу
- оқыту
- білім беру

Тәрбиелеу - жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс.

Оқыту - ғылыми білімдерді, біліктерді және дағдыларды игеруі бойынша, шығармашылық қабілеттерін, дүниетанымдықты, өнегелі-әдепті көзқарастарды дамыту бойынша оқушылардың белсенді танымдық қызметін ұйымдастыру мен ынталандырудың педагогикалық үрдісі.

Білім беру - бұл оқушылар алып, меңгеретін білімдердің, қабілеттердің және дағдылардың жүйеге келтірілген жиынтығы.

Білім беруді жаңарту –үнемі алға қарай ұмтылу мен дамыту үрдісі, бұл білім беруде кезең-кезеңімен өтетін және алынған нәтижелерге сәйкес түзету енгізіліп, талданатын өзгерістер.Сонымен қатар білім беруді жаңарту үрдісі салт-дәстүрді, мәдени мұраны, жалпы ұлттық құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауды талап ететін тұрақты жүйелерден тұрады.

Бес күндік білім беруге көшу білім беру бағдарламасының жаңартылуына байланысты болып отыр. Жаңа білім беру бағдарламалары, осыған дейін айтылғандай, Назарбаев Зияткерлік Мектебі бағдарламасына негізделеді. Білім беру бағдарламалары үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес функционалдық сауаттылыққа негізделеді

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін , барлық шәкіртін , мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық , психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау,

ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек «кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады».

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай-ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе – білім беру, ғылымды дамыту. Өркениет біткеннің өзегі, сғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Осы орайда білім ордасы – мектеп, ал мектептің жаны – мұғалімдердің басты міндеті - өз ұлтының тарихын, мәдениетін, тілін қастерлей және оны жалпы азаматтық деңгейдегі рухани құндылықтарға ұштастыра білетін тұлға тәрбиелеу.

Осы орайда, «Сабақ беру – үйреншікті жай шеберлік емес, ол – үнемі жаңадан жаңаны табатын өнер» деген, Жүсіпбек Аймауытовтың сөзін айта кету артық болмас.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Алматы 2010.6-б
2. Қазақстан Республикасында 2015жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы//Астана. 2004. 3-4б.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы // Астана . 2004. 28-б

ИНФОРМАЦИОННО - КОММУНИКАТИВНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ: ДОСТОИНСТВА И НЕДОСТАТКИ

Тойғанбаева Асем Мұхаметоллақызы
Преподаватель химии
Балхашский технический колледж имени «Халық қаһарманы»
Республики Казахстан Рақымжана Кошкарбаева

Аннотация: Использование информационных технологий позволяет решить множество проблем. Всем преподавателям химии знакомы сложности, связанные с постановкой и проведением отдельных опытов, сопровождающихся выделением вредных веществ, а также их безопасностью.

Ключевые слова: студенты, компьютерная технология, интерактивные задания, эксперимент, контроль, самообразования, электронные учебники.

Современный век меняет цели и задачи, стоящие перед современным образованием. 21 век - это период компьютерных технологий, когда человечество находится в состоянии перехода к информационному типу общества, что необходимо для развития современного грамотного человека. Происходит смещение усилий с усвоения знаний на формирование компетентностей, где акцент переносится на личностноориентированное обучение. Применение компьютерных технологий в учебном процессе позволяет значительно повысить уровень индивидуализации обучения и как следствие - глубину усвоения материала.[1]. Но, тем не менее, урок был и остается главной составной частью учебного процесса. Качество подготовки студентов по химии определяется содержанием химического образования, технологиями проведения урока, его организационной и практической направленностью, его атмосферой, поэтому для достижения целей современного химического образования преподавателю необходимо применять новые педагогические технологии, среди которых ведущая роль отведена ИКТ [2]. Однако в большинстве случаев лишь немногие ребята используют компьютер в учебных целях. В основном лишь затем, чтобы поиграть в различные виртуальные игры, чтобы «скачать» реферат или другую текстовую работу или используют его как печатное средство. Сегодня применение компьютерных технологий в образовании представляется естественным и необходимым, поэтому важной задачей современного преподавателя является показать студентам возможности ИКТ. В связи с этим возникают вопросы, связанные с наиболее эффективным применением компьютерных технологий при обучении химии. Компьютер уже перестает быть диковинкой, с которой ассоциируются игры, безделье, он стал принципиально новым средством обучения. Для меня, как преподавателя химии, компьютер является средством: подачи материала, для проведения демонстрационного эксперимента, контроля, самообразования и, как следствие, повышения своей квалификации. Использование информационных технологий позволяет решить множество проблем. Всем преподавателям химии знакомы сложности, связанные с постановкой и проведением отдельных опытов, сопровождающихся выделением вредных веществ, а также их безопасностью. В этих случаях целесообразна демонстрация виртуальных опытов, где показываются взрыво- и пожароопасные процессы, реакции с участием токсичных веществ, радиоактивных препаратов, словом, всего, что представляет непосредственную опасность для здоровья обучаемого. Другая проблема, связана с необходимостью объяснения механизмов протекания тех или иных процессов. На словах - нет наглядности, а показать невозможно. И снова на помощь может прийти демонстрация видеотрейлеров, яркая анимация. Включение электронных учебников в учебный процесс имеет большие плюсы. Видеоматериал вводит студентов в виртуальный мир химических процессов. Широкое использование анимации, химического моделирования с использованием компьютера делает обучение более наглядным, понятным и запоминающимся.

Умение решать задачи - интегрированный показатель степени овладения знаниями по химии и, несомненно, мыслительных способностей студентов. Одним из универсальных средств для самообразования являются компьютерные обучающие программы, которые обладают самыми широкими возможностями. Можно выделить три основных направления использования компьютера в обучении решению химических задач. Первое связано с привлечением студентов к разработке обучающих программ. Такую деятельность можно организовать как научно - исследовательскую. Второе связано с использованием вычислительных и аналитических возможностей компьютерной техники. Например, программа chemical for windows. Третье использование компьютера как средства обучения. Сюда можно отнести некоторые обучающие программы, среди которых 1 С: Репетитор по химии. [3]. Не только преподаватель может проверить знания студента, используя систему тестирования, но и сам студент может контролировать степень усвоения материала с использованием компьютерных тестирующих программ. Интерактивные задания помогают более объективно оценивать знания студентов, которые становятся требовательнее к себе. Однако применение

электронных учебников имеет и ряд сложностей, материал, необходимый для урока разбросан в разных частях учебника и поэтому выходом из данной ситуации служит создание презентаций в Power Point, где через переход по гиперссылке можно показать различные видеофрагменты, а не искать их в различных местах рабочего стола и электронного учебника. Наиболее широко распространена классификация ИКТ, предложенная Н.М. Шахмаевым и П. П. Прессман, в которой за основу взята роль ИКТ в учебно-воспитательном процессе. В соответствии с этим признаком ИКТ делят на три группы: 1) передающие информацию; 2) помогающие осуществить контроль знаний студентов; 3) соединяющие многие функции - универсальные.

Н. Аткинсон выделяет проективные и непроективные ИКТ. В группу проективных ИКТ автором отнесена только световая и оптическая проекция. К непроективным ИКТ он относит учебные таблицы, схемы, чертежи, фотографии, радио, телевидение, ЭВМ, магнитофон и т. д. По формам материализации учебной информации аудиовизуальные ИКТ целесообразно разделить на три группы: 1) ИКТ записи, хранения и воспроизведения звуковой информации (звуковые средства обучения), т. е. опосредствования мыслительной деятельности человека во внешнеречевой форме; 2) ИКТ записи, хранения и предъявления зрительной информации, т. е. опосредствования мыслительной деятельности человека в визуальной знаковой форме (экранные средства обучения); 3) ИКТ записи, хранения и предъявления аудиовизуальной (зрительно - звуковой) информации, т.е. звуковой и зрительной учебной информации одновременно (экранно-звуковые средства обучения).

Мною активно используются возможности ИКТ, составлено более 100 презентаций по неорганической и органической химии. Основные способы введения ИКТ на уроке химии - это просмотр видеозаписи урока или его фрагмента в Интернете; мультимедийные презентации, подготовленные как преподавателем, так и самими студентами (например, в профильном обучении); работа с компьютерными тренажерами; поиск информации непосредственно в сети, так как интернет содержит много химической информации - главное суметь найти нужную. [4]. Порой оказывается целесообразным объединить несколько форм работы и видов деятельности в рамках одного урока. Одним из таких примеров является урок по теме «Три металла три эпохи Балхашского комбината» (урок входит в тему «Характеристика d- элементов»). Заранее необходимо подготовить презентацию в Power Point или флипчарт с помощью программного обеспечения SMART Activstudio, которые будут сопровождать весь урок. В этой информационном продукте будет и тема урока, и вопросы студентам перед определёнными этапами работы, и необходимые таблицы, а также видеофрагменты отдельных демонстрационных опытов по химическим свойствам Al , Zn , Cu . Знание прикладных программ пакета Microsoft Office помогает мне и в организации внеклассных мероприятий по химии, на которых студенты активно ведут исследовательскую работу.

С 2014 года в кабинете химии функционирует мультимедийный подиум. Использование интерактивной доски и программного обеспечения SMART Activstudio (ПО, предназначенное для интерактивной доски) позволяет мне объяснять новый материал из центра кабинета, поощряет импровизацию и гибкость, позволяя рисовать и делать записи поверх любых приложений и веб-ресурсов, позволяет сохранять и распечатывать изображения с доски, включая любые записи, сделанные во время занятия, не затрачивая при этом много времени и сил и упрощая проверку усвоенного материала, вдохновляет на поиск новых подходов к обучению, стимулирует профессиональный рост. Что же даёт использование ИКТ на уроках химии? Прежде всего это развитие личности обучаемого, подготовка его к самостоятельной продуктивной деятельности в условиях информационного общества через развитие конструктивного, алгоритмического мышления, благодаря особенностям общения с компьютером; развитие творческого мышления за счет уменьшения доли репродуктивной деятельности; формирование информационной культуры, умений осуществлять обработку информации (при использовании табличных процессоров, баз данных). Так же позволяет осуществить реализацию социального заказа, обусловленного информатизацией современного общества через подготовку обучаемых средствами информационных технологий к самостоятельной познавательной деятельности. Повышается мотивация учебно-

воспитательного процесса, что сказывается на повышении качества и эффективности процесса обучения за счет реализации возможностей информационных технологий; выявление и использование стимулов активизации познавательной деятельности.

Химия - одна из самых сложных учебных дисциплин, становится интересной, у студентов повышается мотивация к изучению данной науки, предоставляется больше возможностей для участия в коллективной работе, развития различных и социальных навыков, студенты начинают понимать более сложный материал в результате более ясной, эффективной и динамичной подачи материала. Пройдя обучение по Программе Intel® Обучение для будущего», активно внедряю в учебный процесс проектную деятельность, что расширяет возможности ИКТ и позволяет эффективно использовать новейшие информационные и образовательные технологии для развития у студентов ключевых компетентностей, основанных на ценностях, знаниях и умениях, необходимых человеку в 21 веке. Подводя итог, можно отметить, что использование информационно-коммуникативных технологий в химии решает следующие задачи: -Индивидуализация и дифференциация процесса обучения; самоконтроль и самокоррекция; самодиагностика и ликвидация пробелов в собственных знаниях; самооценка результатов учебной деятельности; тренинг в процессе усвоения учебного материала; самоподготовка студентов; визуализация учебной информации, в том числе процессов, скрытых в реальном мире (например, рассмотрение процессов на атомно-молекулярном уровне); проведение виртуальных химических экспериментов; формирование культуры учебной деятельности студентов.

О необходимости применения ИКТ говорит и диагностика.

Таблица 1. Результаты анкетирования.

Химия и ИКТ	Да	Нет
1. ИКТ повышает интерес к уроку	100%	0%
2. Хотели бы вы сами создать проект по химии с помощью ИКТ?	68,73%	31,26%
3. Легче ли стало изучение химии с помощью ИКТ?	47,98%	53,10%

Использование ИКТ на уроках химии позволяет мне, как преподавателю, быть в курсе тенденций развития педагогической науки. Повысить профессиональный уровень, расширить кругозор и самое главное позволяет усилить мотивацию учения путем активного диалога студента с компьютером, путем ориентации учения на успех; усвоить базовые знания по химии, их систематизировать; сформировать навыки самостоятельной работы с учебником и дополнительной литературой. С использованием ИКТ источником информации является не только преподаватель, но и сам студент, а самое главное они в процессе обучения становятся партнерами.

Список использованной литературы

1. Н.П. Безрукова, А.А. Сыромятникова и группа авторов. Использование компьютерных технологий при изучении химической связи. //Химия в школе//, 2001, №2.
2. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. Под редакцией Е.С.Полат, М., Академия, 2000.
3. А.К. Ахлебинин, Л.Г. Лазыкина. Компьютерные программы для обучения решению задач. //Химия в школе//, 2002, №4.
4. Д.Ю. Добротин, А.А. Журин. Интернет в обучении химии.//Химия в школе//, 2001, №7.
5. Ресурсы Интернет.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ: ПРОБЛЕМАЛАР,
ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Білім беру технологияларының проблемалары, педагогикалық инновациялардың, авторлық мектептер мен жаңашыл мұғалімдердің үлкен тәжірибесі үнемі жалпылау мен жүйелеуді қажет етеді. Жүйенің маңызды сипаттамалары мақсатты бағдарлар мен нәтижелер болып табылады. Педагогика үшін жаңа тұжырымдаманы — "технология" және педагогикалық процестерді талдау мен жобалауға жаңа "технологиялық" тәсілді қолдану негіз, жүйе құраушы негіз ретінде ұсынылады.

Проблемы образовательных технологий, огромный опыт педагогических инноваций, авторских школ и учителей-новаторов постоянно требуют обобщения и систематизации. Существенными характеристиками системы являются целевые ориентации и результаты. В качестве основы, системообразующего каркаса целесообразно использовать новое для педагогики понятие — «технология» и новый — "технологический" подход к анализу и проектированию педагогических процессов.

Бұрын сиыр күніне 3 рет сауылған. Кейінгі кезде 2 рет саууға көштік. Себебі 3 рет сауғанға қарағанда 2 рет сауғанда сүт мөлшері 7 – 10 % кемиді де, сүттің өзіндік құны төмендейді. Сиыр сауғанда сауудың мерзімі 5 – 6 минутқа созылады. Сондықтан да осы уақыт ішінде сауып үлгеру керек. Әйтпесе окситоцин гормонының әрекеті аяқталып сүт мөлшері мен майлылығы азаяды. Сиырдың алдыңғы сауымы мен соңғы сауымының арасында сүт құрамына өзгеріс енеді. Мысалы, алдыңғы сауымда майлылығы аз болады, ал соңғы сауымда ол көбейеді. Сүт майы сиыр желінінің үстіңгі жағында болады. Соған орай соңғы сауымда барып сыртқа шығады.

Сиырдың жасы. Сүт мөлшері мен құрамы сиырдың жасына да байланысты. Сондықтан да 3 – 4 жасқа дейінгі сиырлар сүтті келеді де одан әрі, мәселен 7 – 8 жасынан бастап сүті қайтады. Мал денсаулығы. Толық бағалы сүтті тек дені сау, жан – жақты теңестірілген азық рационымен азықтандырылған, санитарлық – мал дәрігерлік талаптарға сай бағып – күтілген малдан ғана саууға болады. Мал денсаулығының физиологиялық мөлшерден ауытқуы әрқашанда сүтінің мөлшері мен құрамының өзгеруіне әкеліп соқтырады. Сонымен қатар оның тағамдық құндылығы да, технологиялық қасиеті де өзгереді. Ауру малдың сүтінде кальций, фосфор, магний мөлшері азаяды да, натрий, хлор, сарысу белоктарының мөлшері көбейеді. Сүт дәм сортаң татып тұрса тез іриді. Сиырлар арасында көп тараған аурулардың бірі – сүт бездерінің қабынуы. Оның жасырын, созылмалы т.б. түрлері бар. Аурудың жасырын кездерінде сиыр сүтінің түсі көкшіл тартып, дәмі сораң татады. Кейде қышқыл тартады. Сүтте белок үлпегі пайда болады. Сондай – ақ сүт құрамында құрғақ заттар 10,8 %, майлылығы 2,2 %, лактоза 3,6 % дейін төмендеп, белогі 6 % дейін жоғарылайды. Жалпы қышқылдығы 10 – 12 0 Т – ге төмендейді. Сүт құрамының өзгеруі оның технологиялық өндеу қасиетін де өзгертеді. Мысалы, сүттен ірімшік жасау үшін мәйекпен ұйытқанда оның ұю уақыты ұзаққа созылады (20 – 28 мин). Айран ұйытқанда одан сары су бөлініп, ірімтікпен тұрады. Егер ауырған малды антибиотикпен емдесе, онда сүтпен бірге антибиотик бөлініп, кейбір адамдарда аллергия туғызуы мүмкін. Аусылмен ауырғанда сүттегі құрғақ заттардың мөлшері, майлылығы көбейеді. Сүтте лейкоциттер мөлшері де артады. Жағымсыз иіс шығып, шырыштанып тұрады. Аусылдың ауру қоздырғышы сүтте 30 – 45 күнге, кілегейде 11, сары мыйда 8 – 45 күнге дейін сақталады. Бруцеллезбен ауырған малдан алынған сүттің тығыздылығы, құрғақ заттардың массалық мөлшері азаяды (11,0 %). Бруцеллез қоздырғышы сүтте 273 күнге дейін, айранда 30 күнге, сүзбеде 24, ірімшікте 1 жылға дейін, майда 142 күнге, қымызда 3 күнге дейін сақталады.

Туберкулезбен ауырған мал сүтінің қышқылдығы, майлылығы (0,7 %), углеводтары төмендейді, Туберкулез талшығы сүтте 10 күнге, ірімшіктерде 345 күнге, сары майда 3 айға, айранда 21 күнге дейін сақталады.

Сальмонеллезбен ауырған мал сүтінің түсінде көп өзгеріс байқалмайды, ал химиялық құрамында сүт безінің қабынуы кезіндегідей өзгерістер болады. Сальмонелла сүтте, сүттен жасалған тағамдарда 60 күнге дейін, сары майда 128 күнге дейін тіршілік етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Пиксасова О. Функциональное питание: мода или необходимость? // Экология и жизнь, 2009, № 3, стр. 80-84.

Булдаков А.С. Пищевые добавки. Справочник.-С-Пб, «УТ» 1996. –240с.

Ажибаева З. С., Есмағұл К. Е. Витаминдер және витамин тәрізді заттар. Алматы, 2008

Филиппович Ю. Б., Егорова Т. А., Севостьянова Г. А. Практикум по общей биохимии. М., Просвещение, 1982

Бохински Р. Современные воздрения в биохимии. М., 1987

Есқайыров М. Е. Биоорганикалық қосылыстар. Алматы, Мектеп, 1987

ҚОҒАМНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫНЫҢ АЖЫРАМАС КҰРАМДАС БӨЛІГІ РЕТІНДЕ КАДРЛАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ

Султаналиева Зауреш Тенизбаевна
№3 Байзақ колледжі, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы, Жамбыл облысы

Аңдатпа: Мақалада мамандық әлемінің ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту, алдағы уақытта дұрыс мамандық бағытын таңдауда жауапты шешім қалыптастыру, кәсіптік ақпаратты ұйымдастыру, кәсіптік кеңестер беруге көмектесу ұсынылады.

Аннотация: В статье рекомендуется расширить мировоззрение об особенностях мира профессий, сформировать ответственное решение в выборе правильного профессионального направления в будущем, систематизировать профессиональную информацию, помочь дать профессиональный совет.

Мамандықты дұрыс таңдау – ол өмір жолының сәттілігінің негізі.

Э. Ф. Зеер

Қазіргі қоғамның әлеуметтік және ғылыми-техникалық прогресінің даму дәуірінде адамның зияткерлік еңбегінің үлесі өсуде, әр адамның шығармашылық даралығының білім деңгейіне, дамуына және кәсіби бағдарлауына қойылатын талаптар артып келеді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің негізгі міндеті ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері, кәсіптік даярлау, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті жұмысшылар мен мамандардың біліктілігін арттыру негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік жетілдіруге бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

Жалпы білім берудің үш негізгі міндеті бар: баланың жалпы дамуын, жан-жақты дүниетанымын қамтамасыз ету және оны болашақ нақты мамандыққа дайындау. Осы үш міндеттің ішінен әлеуметтік даму күрделене түскен сайын баланы алдағы сабаққа дайындау мәселесі ең өзекті болатыны дәлелденді. Қазіргі кезеңде жалпы білім берудің міндеті – баланың жалпы дамуын қамтамасыз ету ғана емес, ең бастысы оны ерте жастан бастап оның қабілеттері мен мүдделеріне сәйкес белгілі бір мамандыққа бағыттау мүмкіндігі.

Әрбір студенттің бірдей санаға, мінез-құлыққа, мәдениетке өмірге деген көзқарасқа, әртүрлі мамандықтардың ерекшеліктеріне ие бола бермейді. Олардың өзіндік ерекшелігі олардың тәрбиесіне және шығу ортасына байланысты.

Ер азаматтарының болашақ мамандығын анықтауға бағдарлану – бүгінде күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Мектеп, колледж – оқушылардың кәсіби бағдар беру жұмысын ұйымдастыратын және үйлестіретін орталық болып табылады. Барлық педагогикалық ұжым мұғалім, сынып жетекшісі, еңбек сабақтарының мұғалімі, сыныптан тыс және мектептен тыс тәрбие жұмысын ұйымдастырушысы болып саналады, ол негізінен мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізеді.

Бастауыш мектепте кәсіптік бағдарлаудан өтетін әрбір оқушы алдында болашақ мамандығын таңдау мәселесімен бетпе-бет келеді.

Балаларды белгілі бір қызмет түріне бейімдеу, олардың мүдделерін анықтау және олар кәсіптік бағдарлау арқылы жүзеге асыруда үлкен көмек алады.

Қазірдің өзінде бастауыш мектепте бір минутты жіберіп алмау және балаларды мамандық таңдауға уақытында қызықтыру маңызды.

Көптеген үйірмелер, қызығушылықтары бойынша қосымша сабақтар мамандық таңдауда жақсы демеу болады. Бастауыш мектепте кәсіптік бағдар берудің мақсаты-мамандықтар әлемі туралы білімді кеңейту және білім мен еңбек әлеміне қызығушылықтарын тудыру.

Кәсіптік бағдар беруде пәндер бойынша негізге ала отырып жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеріп, бірінші сыныптан бастап жүргізу қажет. Балалардың ой – өрісін

кеңейту, олардың өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының ең өзекті салаларындағы қызмет көрсету саласындағы еңбек өмірімен таныстыру.

Бастауыш мектепте бастауыш сынып оқушыларының академиялық пәндер арқылы ересектермен жұмыс істеуге деген қызығушылығын дамытуға болады. Сабақ барысында оқушылар мамандық атауының мағынасын біледі: дәрігер, мұғалім, кітапханашы, сатушы, құрылысшы т.б, сонымен қатар әртүрлі мамандармен танысады. Сабақта осы мамандықтар туралы мақал-мәтелдер қолданады.

Математика сабақтарында мәселенің мәнімен танысу, сондай-ақ осы мамандықтың адамдардың өмірі мен қызметіндегі рөлі мен маңыздылығын көрсету аясында мамандық туралы қысқа әңгімелер өткізіледі.

Дүниетану сабақтары мәселелерді шешуде кәсіби бағдар беруге үлкен үлес қосады. Мысалы, «синоптикалық минуттар» өткізіледі, оның барысында балалардың әрқайсысы өзін болжаушы ретінде сынап көреді немесе оқушылар сабақтың тақырыбы бойынша репортаж дайындап, журналист ретінде әрекет етеді. Технология сабақтарында біз мамандықтармен таныстық: адам — адам, адам — ақпарат, Адам — табиғат: құрылысшы, ағаш ұстасы, инженер, тігінші, модельер, аспаздық маман, аспаз, даяшы мамандықтарымен танысты. Олар мамандық құндылықтарына байланысты түрлі жобаларды жүзеге асырды.

Біз сондай -ақ сыныптан тыс кәсіптік бағдарлау жұмыстарын сынып сағаттары аясында жүргіземіз. "Мамандықтар әлемі", "Мен кім болғым келеді", "Ата-анамның мамандықтары", сонымен қатар тақырыпқа бейненің үзіндісі, тақырыпқа қатысты мультфильмді талқылаймыз.

Экскурсия кезінде студенттер әр түрлі кәсіп түрлерімен тек сөзбен ғана емес, іс жүзінде де танысады. Мысалы: "Мамандықтар қаласында" студенттердің өздері таңдаған рөліне қарай тырысып, арнайы костюм киіп осы мамандыққа жататын құралдарды қолданады. Сондай-ақ, экскурсиялар кітапханашы мамандығымен танысу үшін кітапханаға да ұйымдастырылуы мүмкін. Балалар кәсіпорындарға, фермаларға, зауыттарға, мұражайларға саяхат жасайды. Мұражайларға, көркем галереяларға, кітапханаларға, театрларға барған кезде студенттер сұлулық әлемімен танысып қана қоймай, экскурсия жетекшісі мамандығы туралы ақпарат алуға мүмкіндік алады.

Кәсіптік бағдарды ойын арқылы да дамытуға болады. Рөлдік ойындар мен кешенді ойындар, театр элементтерін инсценировка арқылы көрсетіп баланың мамандыққа деген ойын кеңейту. Мысалы: «Кәсіптердің қай әрпіне көбірек?», «Заттар кімге тиесілі?» ойындарын ойнауға болады. Колледжішілік іс-шараларда студенттер жаңа мамандықтар туралы біліп, өздерін түрлі мамандық өкілдері рөлінде сынап көреді, рөлдік көріністер ойнайды, конкурстар мен жобаларға қатысады.

Ата-аналар жиналысында ата-аналармен мастер-класстар, әртүрлі жұмыс салаларындағы мамандармен, жол полициясы мамандарымен кездесулерді ұйымдастыруға болады. Жол полициясы студенттерге өз жұмысы туралы айтады және олармен жол қозғалысы ережелерін сақтаудың маңыздылығы туралы сөйлеседі. Медицина қызметкері медбике қызметі туралы, түрлі аурулар, жарақаттар кезінде алғашқы көмекті қалай көрсету керектігін айтады.

Бала неғұрлым көп мамандықтармен таныс болса және оның мамандықтар әлемі туралы түсінігі неғұрлым кең болса, оның болашақта кәсіби таңдауын қалыптастыру барысында жіберетін қателері аз болады.

Мұғалім студенттерге терең білімді береді, оны кәсіптік бағдар беру жұмысымен байланыстырады, мамандықты таңдауда оларға көмектеседі.

Кәсіптік бағдар берудің бірінші кезеңі отбасылық тәрбиеден басталады және колледжбен, мектептен тыс мекемелермен, кәсіпорындармен, фермерлік шаруашылықтармен байланысты.

Студенттерді кәсіптік бағдарлау және болашақ мамандығын анықтауға көмектесу колледж алдында тұрған міндеттердің бірі. Сондықтан психология мен педагогикада бұл мәселеге көп көңіл бөлінеді. Әр мектепте және колледждерде балаларға кәсіби және кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспары жасалуы керек, оны жүзеге асыру үшін педагог-психологтардың үлесі енгізілуі керек.

Сонымен, жасөспірімдердің өзіндік бағалау ерекшеліктері мен мамандық таңдаулары өзара байланыста бола отырып, кәсіби өзіндік анықталуға мәнді әсер етеді. Жоғарғы сынып оқушылары мен жастарды мамандықты саналы түрде таңдауға дайындау үлкен әлеуметтік – психологиялық маңызы бар мәселелердің бірі болып табылады. сұрақтардың бірі. Мамандықты дұрыс таңдау -бұл кәсіби өзін-өзі анықтаудың нәтижесі. Кез –келген елде мамандық таңдау әрекеттері дәстүрлі түрде еңбек психологиясы мен кәсіби дайындық тұрғысынан қарастырылады.

Ұрпақ тәрбиесі - болашақ қоғамды тәрбиелеу. Қоғамның болашақ иелерін жан-жақты жетілген, мамандыққа икемді, ақыл-парасаты мол, мәдени ой-өрісі кеңейген озық етіп тәрбиелеу – біздің қоғам алдындағы борышымыз.

Сонымен, ХХІ ғасыр – білімді ғасыры, білім беру қызметкерлеріне үлкен жауапкершілік жүктеледі. Біздің басты мақсатымыз-жас ұрпаққа кәсіби білікті маман болу үшін бағыт беру екенін ұмытпауымыз керек.

Ж. Аймауытов айтқандай: «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті талап етеді».

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-ІІІ Қазақстан Республикасының Заңы.
- 2.Марцинковская Т. История психологии - Библиотека Гумер, Москва. 2004г.
- 3.Климов Е.А. (соавторы — Буцык А.Л., Каверина Р.Д. и др.) Памятка профконсультанту. — Л.: ВНИИ профтехобр., 1969.
- 4.Мажитова, Л. Х. Особенности профессиональной ориентации школьников в системе" школавтуз": депонированная рукопись / Алматы 1994. 9 с.
- 5.Өстеміров. К. Кәсіптік оқыту әдістемесі.//Оқулық-Алматы «РАДиАЛ» баспасы, 2006ж.33-33б.

ТЖКББ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

Рахимбекова Насип Талгатовна
«Техникалық колледжі» ШЖҚ МКК, Астана қаласы

Аннотация: Мақалада «цифрлық сауаттылық» түсінігінің пайда болуы және аталған ұғымның «цифрлық құзыреттілікке» трансформациялану мәселелері қарастырылған. Сонымен қатар, компьютерлік және цифрлық сауаттылық ұғымдарының айырмашылықтары айқындалып, цифрлық сауаттылықтың құрылымдық компоненттері тұжырымдалған.

Түйін сөздер: ақпарат, цифрлық білім беру, компьютерлік сауаттылық, АКТ сауаттылық, цифрлық құзыреттіліктер, ақпараттық технологиялар, цифрлық технологиялар.

ҚР-ның білімі мен ғылымын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттары Қазақстандық білім мен ғылымның, білім берудің, жалпы адамзаттық құндылықтарға негізделген жеке тұлғаны даярлаудың жаһандық бәсекеге қабілеттілігін дамыту мен арттыру болып табылады [1].

Цифрлық білім беру – қазіргі таңда қоғам дамуындағы білімді ақпараттандыру мен дамытудың, бәсекеге қабілеттіліктің, әлемдік білім кеңістігіне енудің басты құралына айналып отыр. Осындай білім беру саласындағы өзекті мәселе – Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарында [2], «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында [3] айқын көрініс тапқан.

2020 жылғы 1 қыркүйек айындағы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында әлеуметтік жаңғырту мәселелері бойынша, еліміздің индустриалдық-инновациялық дамуының негізі – білім беруді жаңартуды жалғастыру қажеттігі туралы айтылған. Цифрландыру – сәнге айналған үрдіске ілесу емес, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі құралы [4].

Бүгінде отандық білім беруді дамытудағы жаңа "тренд" ретінде цифрландыру ерекшеленеді. Ол қоғамның барлық салаларын қамтиды, жұмыс процестеріне, қарым-қатынасқа, адамдардың ойын-сауығына өзгерістер енгізеді, олардың көзқарастары мен өмір салтын өзгертеді. Бұл процесс жаһандық бола отырып, мұқият ғылыми зерттеуді қажет етеді.

Цифрландыру – адамның өмірі мен кәсіби кеңістігін ұйымдастыру мен дамытуға жаңа көзқарас, дамудың мүлдем жаңа әлеуметтік жағдайы. Білім берудегі цифрландыру – білім беру субъектілері арасындағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттестіктің жаңа мүмкіндіктері мен жаңа формаларын қамтамасыз ететін жаңа парадигма; сапалы білім алудың тиімді құралы.

Білім алушылардың жаңа ұрпағы (Z буыны) цифрлық технологиялармен өмір сүреді, оның ішінде білім берудің маңызды цифрлық технологиялар: телекоммуникациялық технологиялар, көлемді деректер, таратылған бухгалтерлік жүйелер, жасанды интеллект, робототехника компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және толықтырылған шындық технологиялары, бұлттық технологиялар, электронды сәйкестендіру және аутентификация технологиялары, мамандандырылған білім беру мақсаттарына арналған цифрлық технологиялар, заттардың интернеті. Кәсіптік білім беру саласын цифрлық түрлендіру тенденциялары кәсіптік қызметті табысты жүзеге асыру үшін болашақ маманнан жоғары кәсіби құзыреттілікті талап етеді, өйткені қазіргі цифрлық қоғамда жас ұрпақты өмірге және еңбекке одан әрі дайындауға педагогтар шақырылады. Заманауи педагогтардың кәсіби құзыреттілігінің өзектілігі мен маңыздылығы, оның ішінде цифрлық сауаттылық ЮНЕСКО-ның жаңа ұсыныстарында көрсетілген [5].

Жоғарыда айтылғандарға байланысты цифрлық білім беру ортасында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі өзекті болып табылады және жоғары білікті мамандарды дайындаудағы міндеттерді барынша толық орындауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінгі таңда білім берудегі негізгі тенденция еңбек нарығын түбегейлі өзгертуге, жаңа құзыреттердің пайда болуына, ынтымақтастықтың жақсаруына, азаматтардың жауапкершілігінің артуына, олардың өз бетінше шешім қабылдау қабілетіне әкелетін цифрлық революциямен байланысты. Бұл өз кезегінде оқу-тәрбие үрдісін кейіннен қайта құрудың себебі болып табылады. Қазақстандағы цифрлық экономиканың дамуы кәсіптік білім беруді цифрландыру жағдайында білім беру үдерісін құрудың жаңа тәсілдерін жобалаудағы білім беру қауымдастығының белсенді ұстанымын болжайды.

Цифрлық технологиялар, әлеуметтік желілер мен мессенджерлер әлеуметтік құндылықтарды өзгертті, тұлғаны желілік сәйкестендіруге әкелді. Оқу траекториясын өз бетінше анықтайтын жаңа типтегі студенттер пайда болды. Олар жеке өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі анықтауға ынталы, оқуды еңбекпен ұштастыруға дайын және қабілетті. Цифрландыру міндеттерін шешу үшін білім беру цифрлық трансформациядан өтуі керек. Білім берудің цифрлық трансформациясы, ғалымдардың пікірінше, әлемде болып жатқан жаһандық ақпараттық сын-қатерлерге жауап [6]. А.Ю.Уваров өз зерттеулерінде білім берудің цифрлық трансформациясы білім сапасының түбегейлі жақсаруына әкелетін мазмұнды «синергетикалық» жаңартумен қатар жүруі керектігін айтады. А.Ю.Уваровтың айтуынша, білім беру жүйесі цифрлық қоғамның талаптары мен мүмкіндіктеріне сай болса, білім берудің цифрлық трансформациясы қоғамды цифрлық экономикаға әкеледі. Цифрлық кеңістікте дәстүрлі педагогикалық теориялар мүлде жаңа жағдайларға тап болады.

Кәсіби құзыреттіліктің, оның ішінде АКТ-құзыреттіліктің жоғары деңгейіне ие оқытушылар "цифрлық дәуір білім беру алдына қоятын түбегейлі жаңа тәрбиелік міндеттерді" ескеруі тиіс: әдеттегі құндылықтар жүйесінің белгілі бір өзгеруін талап ететін үздіксіз өзгерістерге дайындықты дамыту; "адам-сандық құралдар-қоғам" қарым-қатынас жүйесіндегі әлеуметтік

жауапкершілікті тәрбиелеу; виртуалды және нақты әлемдер арасындағы ішкі шекараны қалыптастыру, осы әлемдерді және оларға сәйкес келетін жауапкершілік түрлерін саралау қабілетін дамыту; ақпаратты сыни талдау және ақпараттық шуды, жарнаманы және т. б. сүзу қабілетін дамыту [7].

Құзыретті кадрларды даярлау үшін білім беру жүйесін тиісінше жаңғырту, "білім беру бағдарламаларын цифрлық экономиканың қажеттіліктеріне сәйкес келтіру, Оқу қызметінің цифрлық құралдарын кеңінен енгізу және оларды ақпараттық ортаға тұтастай енгізу, азаматтарды жеке оқу жоспары бойынша өмір бойы – кез келген уақытта және кез келген жерде оқыту мүмкіндігін қамтамасыз ету" қажет [8].

Білім беруді цифрландыру саласындағы нормативтік құжаттарды, ұсыныстарды, зерттеулерді талдау білім беруді цифрландыру шарттарын анықтауға мүмкіндік берді, олар: оқушылардың цифрлық буыны; білім беруді цифрландырудың құқықтық базасын құру; білім беруді цифрландыруды, оның ішінде білім беру ұйымының цифрлық білім беру ортасын ресурстық қолдау; цифрлық білім беру үшін ақпараттық-коммуникациялық компетенцияға, оның ішінде цифрлық сауаттылыққа ие адам ресурстарын даярлау; сандық педагогикалық технологиялар және білім беру маңызды цифрлық технологиялар.

Білім беру саласын цифрлық трансформациялау үрдістері педагог-психологтан кәсіби қызметті іске асыру үшін ақпараттық - коммуникациялық технологиялар саласындағы құзыреттіліктің жоғары деңгейін және АКТ мен қазіргі заманғы білім беру технологияларын (қашықтықтан оқыту (онлайн-оқыту), "аралас оқыту" (blended learning) қолдануды айтарлықтай практикалық-бағдарланған даярлауды талап етеді. Бірқатар зерттеушілер (Н.А. Ершова [9], және В. Смирнова [10] және т. б.) бүгінгі таңда университет біздің еліміздегі педагогикалық білім берудің маңызды компоненттерінің бірі болып қала береді, ол айтарлықтай көлеммен және мұғалімдердің практикалық дайындығының жоғары сапасымен сипатталады.

Бүгінгі таңда цифрландыру дәуірінде «болашақ маманға еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуға, үздіксіз кәсіби өсуге және заманауи білім беру қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби ұтқырлыққа дайын болуға мүмкіндік беретін» АКТ саласындағы құзырет ерекше маңызға ие, ол ЮНЕСКО-ның жаңа құжатында көрсетілген. Бұл мақалада бүгінгі таңда АКТ-ның таралуы прогресті жеделдету, цифрлық теңсіздікті жою және инклюзивті адам құқықтарына негізделген білім қоғамдарын дамытуға, гендерлік теңдік пен құқықтарды кеңейтуге қолдау көрсету үшін айтарлықтай әлеуетке ие екенін атап өтеді. Осы мақсаттарға жетуде технология білім алушыларға өмір бойы сапалы білім алуға, ақпарат пен білімге қол жеткізуге және қоғамға толық қатысуға мүмкіндік беретін инновациялық шешімдерді ұсына алады. Интернеттегі қоғам өміріне қатысу қабілеті мен этикалық құндылықтары болып табылатын цифрлық азаматтық 21 ғасырдың маңызды элементтерінің біріне айналуға. Сонымен, АКТ құзыреттілігі – маманның кәсіби құзыреттілігінің бөлігі, өмір бойы білім берудің барлық кезеңдеріндегі педагогикалық қызметтегі жетекші құзыреттердің бірі.

Бүгінгі таңда АКТ құзыреттілігі кәсіби педагогикалық құзыреттіліктің құрамдас бөлігі ретінде 2018 жылы әзірленген ЮНЕСКО-ның «Педагогтарға арналған ЮНЕСКО - ның ақпараттық-коммуникациялық құзыреті» стандартында дәлелденген. («UNESCO ICT Competency Framework for Teachers. VERSION 3» (ICT CFT)). Бұл құжат студенттерге оқу жоспарының мақсаттарына жетуге көмектесу үшін педагогтар өздерінің кәсіби тәжірибесіне кіріктіруі қажет құзыреттердің жан-жақты жиынтығын береді. ЮНЕСКО құжатында «құзыреттілік» термині мұғалімнің функционалдығын сипаттайды, ал «құзыреттілік» мұғалімдердің сәйкес функцияларды орындау қабілетін білдіреді. Педагогтердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы мұғалімнің кәсіби қызметінің барлық аспектілерін көрсетеді (білім берудегі АКТ рөлін түсіну, оқу жоспары мен бағалау, оқыту тәжірибесі, цифрлық дағдыларды қолдану, оқу процесін ұйымдастыру және басқару, кәсіби даму). Ол осы аспектілерге сәйкес алты модульді, соның ішінде АКТ құзыреттерін және білім беруді ақпараттандырудың үш деңгейін көрсетеді. («Білімді алу», «Білімді меңгеру», «Білімді құру») (1 кестені қараңыз).

1 Кесте. ЮНЕСКО-ның білім беру қызметкерлеріне арналған АКТ-құзыреттілік негіздері

	Білімді алу	Білімді меңгеру	Білімді құру
Білім беру саясатындағы АКТ-ның рөлі	Саясатты түсіну	Саясатты қолдану	Саясат саласындағы инновация
Оқу бағдарламасы және бағалау	Базалық білімдер	Білімді қолдану	Білім қоғамына қажетті дағдылар
Педагогикалық тәжірибелер	Білім беруде АКТ-ны қолдану	Күрделі есептерді шешу	Өзін-өзі ұйымдастыру
Сандық дағдылар	Қолдану	Интеграция	Трансформация
Оқу процесін ұйымдастыру және басқару	Тәрбие жұмысының дәстүрлі формалары	Ынтымақтастық топтары	Оқыту ұйымдары
Педагогтың кәсіби дамуыа	Цифрлық сауаттылық	Желіаралық іс-әрекет	Педагог-новатор

Осылайша, білім беруді цифрландыру мұғалім кәсібін өзгертуде, мұғалімнің цифрлық біліктілігіне қойылатын талаптар артуда. Бүгінгі таңда АКТ құзыреттілігі, оның ішінде цифрлық сауаттылық өмірлік цикл бойы мұғалімдерді оқыту мен оқытудың барлық нысандарының бөлігі болуы керек. Цифрлық сауаттылық – ақпаратты табу, бағалау, пайдалану және жасау үшін жеке тұлғаның цифрлық технологияларды, коммуникацияларды немесе желілерді пайдалану қабілеті. Цифрлық сауаттылық жеке тұлғаның қабілетін де қамтиды: ақпарат көздерінің кең ауқымындағы бірнеше форматтағы ақпаратты түсіну және пайдалану; цифрлық ортада тапсырмаларды тиімді орындау.

Көрсетілген әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға қол жеткізу бүкіл дүние жүзіндегі білім беру жүйелерінің негізгі міндеті болып табылады. Педагогтар өскелең ұрпаққа осы мақсаттарға жетуге көмектесу үшін жеткілікті түрде дайындалуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №988 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/24.02.2021>.
- 2 Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000799>. 24.02.2021.
- 3 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы: 2017 жылдың 12 желтоқсаны, №827 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>.
- 4 Тоқаев Қ.-Ж. Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа жағдайдағы Қазақстан 2020 жылғы 1 қыркүйек // <https://www.akorda.kz/kz/addresses>. 21.03.2021.
- 5 UNESCO ICT Competency Framework for Teachers. VERSION 3. – Text : electronic. – Digital library UNESCO : official site. – 2019. URL: <http://ru.unesco.kz/unesco-ict-competency-framework-for-teachers-version-3> (дата обращения: 16.01.2020).
- 6 Петрова, Н. П. Цифровизация и цифровые технологии в образовании / Н. П. Петрова, Г. А. Бондарева // Мир науки, культуры, образования. — 2019. — № 5 (78). — С. 353–355.
- 7 Проект дидактической концепции цифрового профессионального образования и обучения / В. И. Блинов, М. В. Дулинов, Е. Ю. Есенина, И. С. Сергеев. – Москва : Перо, 2019. – 72 с.
- 8 Современная цифровая образовательная среда в Российской Федерации : официальный сайт. – Москва, 2017. – URL: <http://neorusedu.ru/> (дата обращения: 16.03.2019).
- 9 Ершова, Н.А. Формирование компетентности учителя начальных классов в области информационно-коммуникационных технологий в педагогическом колледже : специальность 13.00.08 «Теория и практика профессионального образования» : диссертация на соискание ученой степени кандидата педагогических наук / Ершова Надежда Александровна Волгоградский государственный педагогический университет. – Волгоград, 2009. – 232 с.
- 10 Смирнова, И.Н. Формирование профессиональной готовности будущего учителя экономики

к использованию информационных технологий: специальность 13.00.08 «Теория и методика профессионального образования»: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата педагогических наук / Смирнова Инна Николаева; Елецкий государственный университет им. И. А. Бунина. – Елец, 2007. – 23 с.

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНА ӘСЕР ЕТУШІ ФАКТОРЛАР

Шегенов Арипжан Хамидуллаұлы
Акмолинский транспортный колледж
КазАТК им. М.Тынышпаева

Қазіргі заман талабына, еңбек нарығының талабына сай сапалы біліммен, сапалы тәрбиемен қаруланған, ғылыми-техникалық революцияның соңғы жаңалықтарымен таныс және жаңа ақпараттық технологияларды игерген сапалы мамандарды дайындау – мемлекеттік маңызы бар мәселелерге айналып отырғаны баршамызға мәлім. Әлемдік стандарттарға сай жоғары сұранысқа ие өнім өндіретін, жер шарындағы бәсекеге қабілетті елдердің қатарына, дүние жүзілік сауда ұйымына кіруді мақсат етіп алған еліміздің экономикасын дамытуға өз үлестерін қосатын белсенді студент – жас мамандарды дайындау ісінде кәсіптік-техникалық білім ордаларының орны бөлек. Яғни, КТБҰ-ның материалдық-техникалық базасын жақсарту, оқытылып жатырған мамандықтарына қажетті оқу-әдістемелік кешенінің барлық талаптарға сай қамтамасыз етіліп отырылуы және тағы да басқа қордаланған көптеген мәселелер шешілсе, бұл бәсекеге қабілетті, жоғары сұранысқа ие сапалы маманның бітіріп шығатындығының кепілі.

Жалпы, сапа және білім сапасы деген ұғымдарға анықтама бере кетсек.

- Сапа – күтілетін нәтиже, тиімділік ретінде жалпы қабылданған стандартқа немесе орындалу қажеттілігіне сәйкестік дегенді білдіреді.
- Білім сапасы – объектінің, әр деңгейдегі білім сатыларының, топтың, білім үрдісінің, білім ұйымдарының, білім жүйесі түлектерінің көрсеткіші.

Білім сапасының нәтижесін төмендегі екі көрсеткіш айқындайды:

1. Білім әлеуетінің сапасы – білім беруді жүзеге асырудың әдіснамалық амалдары, ұстанымдары, білім стандарты, тұжырымдамасы, бағдарламасы, оқу құралдары, оқытушылардың сапалық құрамы, біліктілігі, инновациялық ізденістері, оқу үрдісін ұйымдастыру технологиясы, білім әлеуеті сапасын басқару формалары, бағалау, диагностикалау сияқты жүйелер арқылы анықталады;
2. Білім нәтижесінің сапасы – студенттер, түлектер білімінің деңгейі, көлемі, толықтығы, жүйелігі, тұрақтылығы, қалыпты өсуі, өмірмен, практикамен ұштасуы сияқты тұтастығымен анықталады.

ИСО –халықаралық стандартында білім сапасын қамтамасыз ету, білім сапасы жүйесін сертификаттау, білім беру қызметін жүзеге асыратын білім беру ұйымдарына төмендегі талаптарын қояды:

- Сапаны жоспарлаудағы негізгі қызмет тұтанушыларды (студенттер, оқытушылар, ата-аналар, мамандар, өндіріс, қоғам, аймақ) және олардың қажеттіліктерін анықтау және оны білімдік бағдарламаларды жасаушылар мен жоспарды орындаушыларға дейін жеткізу;
- Сапа байланыстарын орнатудағы қызмет түрлері, оқу үрдісін қамтамасыз етудегі құралдар, оқытушылар ұжымы, студенттерді қабылдау, білім үрдісін ұйымдастыру, сапаны бағалау критерийлері мен көрсеткіштер жиыны арасындағы қызметтердің байланысын, алгоритмін орнату;
- Сапаны бақылау, сапа көрсеткіштерін өлшеу құралдарымен қамтамсыз ету, оларды талдау және мониторингілеу, білім стандартына сай үрдіске түзетулер еңгізу, тұтынушылардың бақылау қызметтеріне араласуын қамтамасыз ету;
- Сапаны жақсарту, оқу үрдісін үздіксіз жетілдірудің инфрақұрылымын жасау, білім үрдісіндегі кемшіліктерді айқындау және жою, білім үрдісін жетілдіру бағытында ғылыми-

әдістемелік топ құру, білім мақсаттарына жетудегі бақылауды орнату, мамандардың біліктілігін арттыру.

Кәсіби білім беру сапасына әсер ететін факторлар

Қазіргі таңда колледжер мен кәсіптік лицейлердегі оқу процесінің сапасын арттыруға оқу орындарының материалдық-техникалық базасының жаңартылмауы, оқу-әдістемелік жұмыстарының дұрыс жүргізілуі және оқу-әдістемелік құралдарының жеткіліксіз болуы, қазіргі заманғы оқу құралдарының (арнайы техникалық оқулықтар, электронды оқулықтар және т.с.с.) жеткіліксіздігі немесе болмауы, қазақ тіліндегі арнайы оқулықтардың мүлдем тапшылығы, теория мен тәжірибенің қажетті деңгейде ұйымдастырылмауы сияқты қордаланған мәселелер едәуір кедергі болып табылады.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі кадрлық құрамда қарт кісілердің көбеюінің, еңбекақы деңгейінің төмендігі мен техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің педогогика қызметкерлеріне арналған әлуметтік қоржының жеткіліксіздігі салдарынан неғұрлым білікті әрі болашағы бар оқытушылардың кәсіпорындарға кетіп қалуының тұрақты үрдесі сақтап қалуда. Арнаулы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің өндірісте тәжірибеден өту және арнайы біліктелген көтеру жүйесі жоқ.

Кәсіптік білім беру сапасына әсер ететін негізгі факторларды мынандай бағыттарға бөлуге болады:

1. Колледждің (кәсіптік лицейдің) жалпы дамуы;
2. Стунденттердің білім алу құқығын жүзеге асыру;
3. Оқыту сапасының деңгейі;
4. Студенттердің білім сапасы;
5. Колледждің (кәсіптік лицейдің) тәрбие жұмыстары;
6. Стунденттердің тәрбиелік деңгейі;
7. Студенттердің денсаулығы;
8. Ата аналармен жұмыс.

Кәсіби білім беру сапасына әсер ететін негізгі факторлары мен бағыттары талдау

1. Колледж (кәсіптік лицейдің) ұжымы қызметінің мақсатты бағыттылығы:
 - Колледж (кәсіптік лицей) ұжымы мен оның басшылығының даму қажеттігін сезіну;
 - Ғылыми-педагогикалық байланыстар мен өзгерісті қолдау ортасының деңгейі;
 - Жалпы қызмет пен оның дамуына шығармашылық тұрғыдан келу деңгейі;
 - Өзара бәсекелестік деңгейі;
 - Экономикалық материалдық және кадр ресурстарының жағдайы;
 - Кадрлардың кәсіби біліктілік деңгейі.
2. Балалардың білім алу құқығын жүзеге асыру:
 - Ата-аналардың әлеуметтік тапсырысы және студенттердің талаптары мен мүмкіндіктеріне бағдарлану деңгейі;
 - Оқу- тәрбие жұмыстарының мазмұны мен әдіс формаларын саралау жағдайы;
 - Педогогикалық үрдісті дараландыру деңгейі;
 - Базистік оқу пәндерінің игерілу барысы;
 - Студенттердің танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталған тәрбие жұмыстарының ұйымдастырылуы;
 - Оқытудың әр түрлі жүйелерін ұйымдастыру;
 - Оқу материалдық базаның жағдайы, педогогикалық процесті әдістемелік қаматмасыз ету барысы;
 - Әлуметтік жағынан қорғалуы.
3. Оқыту сапасы :
 - Ғылыми-теориялық білімдер деңгейі;
 - Әдістемелік деңгейі;
 - Психо-педагогиялық дайындық деңгейі;
 - Оқу мотивациясы мен қызығу деңгейі;

- Қазіргі педагогикалық технологияларды меңгеру деңгейі;
- Қарым-қатынасты ізгілендіру жағдайы;
- Ғылыми-зерттеу және тәжірибе-сынақ жұмыстарына қатысу;
- Жаңарту, өзгерістер ендіру деңгейі;
- Оқытушылардың әдістемелік оқу жағдайы;
- Оқу-материалдық база жағдайы.

4. Студенттердің білім сапасы:

- Студенттердің жеке ерекшеліктерінің (мамандыққа қызығушылығы, бейімділігі, қабілеті, денсаулығы, т.б.) деңгейі;
- Кәсіби білім беру, оқыту деңгейі;
- Сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының деңгейі;
- Студенттерде жалпы және арнайы оқу икемділіктерінің қалыптасу деңгейі;
- Студенттерді бағалаудың қалыптасқан жүйесінің жағдайы;
- Сыртқы орта (отбасы, ортасы, БАҚ және т.б.) әсерінің жағдайы.

5. Сыныптан тыс тәрбие жұмыстары:

- *Сабақтан тыс тәрбие жұмыстары.*

Жеке тұлға мен колледж (кәсіптік лицей) ұжымның мұқтаждықтарын қанағаттандыратын, сабақтан тыс тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті жағдайлардың болуы;

- *Ұйымдастырушылық – педагогикалық жағдайлар.*

Педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету барысы.

Топ жетекшісі мен тәрбиешінің тұлғалық қасиеттері.

Тәрбие теориясы мен әдестемесі бойынша психо – педагогикалық білімдер жүйесі.

Ортаның студент тұлғасына тәрбиелік әсерін бағыттау мен үйлестіру.

Диагностикалық негіздегі тәрбие үрдісін басқару барысы;

- *Материалдық – техникалық жағдайлар.*

Тәрбие қызметін ұйымдастыруға қажетті материалдық – техникалық жағдайдың болуы;

- *Әлеуметтік жағдайлар.*

Жеке тұлға қалыптастыруға бағытталған оқу орны мен қоғамның өзара әрекеттестігі.

6. Студенттердің тәрбиелік деңгейі:

- Колледждегі (кәсіптік лицейдегі) тәрбие жұмыстарының жағдайы;
- Колледжден (кәсіптік лицейден) тыс мекемелердегі тәрбие жұмыстарының жағдайы;
- Аймақтағы (қала, облыс) тәрбие жұмыстарының жағдайы;
- Отбасындағы тәрбие жағдайы;
- Оқу орнындағы жатақханадағы (үйдегі) ахуал;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары;
- Бұқаралық ақпарат құралдарының тәрбиелік ықпалы;
- Формальді емес қарым-қатынас ортаның тәрбиелік ықпалы.

Кәсіби білім беру сапасын қамтамасыз етуге және арттыруға әсер ететін мәселелерді шешу жолдары

1. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының материалдық-техникалық базаларын жаңарту, оқу кабинеттері мен оқу-өндірістік шеберханаларын, зертханаларын қазіргі заман талабына сай жаңа ақпараттық технологиялармен толық қамтамасыз ету.

2. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жұмыс істеу үшін техникалық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру гранттарын бөлу есебінен жоғары оқу орындарында мамандар даярлау.

3. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқу үрдісіне білім беру стандарттарын, бағдарламаларын, оқытудың жаңа ақпараттық, интерактивтік, дистанциялық технологияларын енгізу.

4. Техникалық және қызмет көрсету кадрларын даярлау, қайта даярлау, біліктілігін арттыру, білім алушыларды өндірістік практикалардан өткізу, түлектерді жұмысқа орналастыру жөнінде әлеуметтік серіктестермен келісім – шарттар жасасу. Сонымен қатар, оқытушыларды жұмысқа қабылдау кезінде арнайы бір критерийлерге немесе талаптарға сай сүйену.

5. КТБҰ-ры мен әлеуметтік серіктестерінің арасындағы ара-қатынастар заң жүзінде бекітілсе және оны бақылауды білім басқармасы жүргізсе.
6. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындарының оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру мақсатында қазіргі заманғы оқу-әдістемелік құралдармен, ғылыми-әдістемелік көмекші құралдармен, оқу әдебиеттерімен және арнаулы пәндер бойынша оқу құралдары қазақ тіліндегі әдебиеттермен толық қамтамасыз ету, сонымен қатар мамандықтар бойынша оқу құралдары мемлекеттік немесе жергілікті тапсырыс бойынша дайындау немесе орыс тілінен аудару.
7. Орта кәсіптік-техникалық білім беру оқу орындарында оқытылатын мамандықтарды облыс, аймақ экономикасы мен өндіріс, шарушылық, тұрмыстық қызмет көрсету салаларына қажетті сұраныстарға сай жоспарлау, қажетті мамандар сұранысын болжау.
8. Орта кәсіптік-техникалық білім беру оқу орындары студенттерін өндірістік машықтану жұмыстарын ұйымдастыру, бітіруші-түлектерді мамандықтарына сәйкес еңбекке орналастыру жұмыстарын үйлестіру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы.
2. Қазақстан Республикасында техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2008-2012 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
3. К.Өстеміров, Н.Шәметов, И.Васильев «Кәсіптік педагогика». Алматы, 2006.
4. Құдайбергенов К.С. Құзырлық білім сапасының критерийі: Әдіснамасы және ғылыми-теориялық негізі. Алматы, 2008.
5. «Қазақстан кәсіпкері» журналы №2, 2012 жылы.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Садықов Мамед Бадырханович
«Шипагер» медициналық колледжі,

Астана қаласы

Аңдатпа. Бұл мақалада проблемалық оқыту технологиясын оқу практикасын іске асыру процесіне енгізу негізінде орта буын мамандарын даярлау бағдарламасы, «Автокөлікті пайдалану және жөндеу, техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша білім алушыларды даярлау сапасын арттыру мәселесін шешу жолдары ұсынылған.

Түйін сөздер: оқу практикасы, құзыреттіліктер, проблемалық оқыту, педагогикалық технология, педагог, кәсіби модуль.

Қазақстан Республикасында еңбек нарығында орта кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектері бәсекеге қабілетті, қоғам талап ететін жағдай қалыптасты. Бұл оқытудың дәстүрлі түрлерін қайта қарау қажеттілігін тудырады [1]. Білім алушылардың кәсіптік модульдер мен оқу пәндерін меңгеру кезінде проблемалық оқыту технологияларын (бұдан әрі – ПО) пайдалану болашақ мамандарды кәсіптік даярлау сапасын арттыруға ықпал етеді деп санаймыз.

ПО ойлаудың, тұлғаның ерекше түрін қалыптастырады, өзінің кәсіби шешімдеріндегі сенімнің беріктігін арттырады, құзыреттілікті қалыптастырудың беріктігін, сондай-ақ білімді жақсы меңгеруді қамтамасыз етеді. ПО білім алушылардың жетістікке жету мотивациясын дамыту үшін алғышарттар жасайды, тек оқуда ғана емес, сонымен қатар олардың болашақ кәсіби қызметінде де жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Тәжірибе оқу процесін ұйымдастырудың ажырамас бөлігі және формаларының бірі болып табылады. Орта буын маманының кәсіптік бағдарламасын меңгерген білім алушылардың практика түрлері оқу және өндірістік практика болып табылады [2]. «Автокөлікті пайдалану

және жөндеу, техникалық қызмет көрсету» мамандығы бойынша орта буын мамандарын даярлау бағдарламасының оқу практикасы кәсіби Модульдер шеңберінде іске асырылады. Ол білім алушылардың жалпы және кәсіби құзыреттерін игеруге, сондай-ақ Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету және жөндеу саласында бастапқы практикалық тәжірибе алуға бағытталған. «Құрылыс-техникалық колледжде» практика жұмыс бағдарламасында көрсетілген практика тақырыбына сәйкес арнайы жабдықталған оқу шеберханаларында өткізіледі. Оқу кестесіне сәйкес тәжірибе екі апта ішінде жүзеге асырылады және жеңіл және жүк көліктерінің құрылымын зерттеуге арналған. Білім алушылар автомобильдің негізгі тораптарын жеңіл автомобильдердің макеттері мысалында оқиды (1-сурет).



1 сурет - Практикалық сабақ өткізу

Жұмыс берушімен кері байланыс арқылы орта буын мамандарын даярлау бағдарламасының Білім беру процесіне бағдарламалық технологияны енгізу теориялық білімді кәсіби тәжірибеге айналдыруға ықпал етеді деп болжауға болады. Осы технологияларды орта кәсіптік білім беру ұйымдарында іске асыру жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту үшін жағдай жасауға мүмкіндік береді, білім алушылар өздерінің шығармашылық әлеуетін іске асыра алады. Бұл олардың бәсекеге қабілеттілігін және еңбек нарығындағы сұранысын арттыруға көмектеседі.

Проблемалық оқыту-бұл студенттерде терең және тұрақты оқу-танымдық мотивацияны қалыптастыру әдісі [3], бұл студенттерге нақты міндеттерді өз бетінше шешу арқылы өзін-өзі жүзеге асыруға, сондай-ақ белсенді өмірлік ұстанымды қалыптастыруға мүмкіндік береді [4]. Проблемалық міндеттерді жүйелі түрде қою және проблемалық жағдайларды тұжырымдау білім алушылардың белсенділігін арттыруға әкеледі. Олардың алдына қойылған мәселе-бұл күресуге болатын кедергі. Бұл жағдайда жеке тұлғаның белгілі бір қасиеттерінің қалыптасуы, сондай-ақ оның дамуы жүреді. Оқытушының жұмысы барысында әрдайым білім алушылардың оқу жұмысын жандандыратын оқу проблемалық жағдайларын жасау болып табылады. Мұғалім жаңа білімді үйрену, дағдыларды игеру, материалды бекіту және дағдыларды пысықтау кезінде олардың тәуелсіз қызметін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Мәселелерді креативті шешу барысында студенттер жаңа білім алады және игереді, оларда ойлау әрекеттері мен операциялары, қызығушылық, жаңа нәрсені ашу қабілеті қалыптасады.





2 сурет - Автомобильдердің құрылғысын зерттеуде қолданылатын қозғалтқыш макеттері

Қазіргі уақытта әртүрлі деңгейдегі оқу орындарының түлектері өздерінің кәсіби қызметінде туындаған, ақпаратты өз бетінше өндеуді және қарқынды ойлау қызметін талап ететін проблемалық жағдайларға үнемі тап болады [5].

Біздің студенттер өздерінің кәсіби қызметі аясында кездесетін проблемалық жағдайларды анықтау мақсатында біз түлектер жұмыс істейтін ұйымдар мен кәсіпорындарға сауалнама жүргіздік. Сауалнама барысында автомобильдің негізгі тораптарын жөндеуге, техникалық қызмет көрсетуге және жөндеуге қатысты сұрақтар қойылды. Жұмыс берушілерден алынған мәліметтер автомобиль қозғалтқыштарын жөндеуге және күтіп ұстауға байланысты тапсырмаларды орындау кезінде жас мамандарда ең көп проблемалар туындайтынын көрсетті. Осы мәліметтер негізінде «ПМ» кәсіби Модулінің оқу практикасы шеңберінде проблемалық оқыту технологияларын қолдана отырып тапсырмалар жасалуы мүмкін. 01 автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу».

Бірінші кезеңде оқу практикасына дайындық шеңберінде оқытушы білім алушылардың дайындық деңгейін ескере отырып, проблемалық жағдайларды тұжырымдайды және жақында өткен материалға негізделеді.

Екінші кезеңде проблемалық жағдайларды шешу дәйектілігі, проблемалық сипаттағы практикалық тапсырманы орындауға өз бетінше дайындалу үшін тапсырмалар мен сұрақтар жүйесі жасалады.

Үшінші кезеңде оқытушы мен өндірістік оқыту шебері практика шеңберінде проблемалық оқыту процесін басқарады: білім алушылардың бар қайшылықтарды шешу жөніндегі күш-жігерін жандандырады, тапсырманы орындау кезінде қажетті көмек көрсетеді.

Үшінші кезеңді іске асыру кезінде оқу практикасы шеңберінде білім алушылар қызметінің топтық сипаты, білім алушылар ұжымының проблемалық жағдайларды шешуді ұйымдастыру қажеттілігі ескеріледі. Оқу практикасын өткізу үшін проблемалық бағдарланған материалды құрылымдау және таңдау кезінде танымдық іс-әрекеттің даму логикасына және кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың үдемелі процесіне назар аудару қажет. Оқу практикасын бастамас бұрын оқытушы білім алушылар тобының алдына алдағы жұмысқа дайындық бойынша міндет қояды, оқу практикасының барлық кезеңдерінен өту үшін жеке тапсырмалардың тізбесі келтірілетін әдістемелік нұсқаулар береді, тапсырманың орындалу реттілігі көрсетіледі.


Тапсырма тізбегі келесі түрге ие:

- жұмысты орындау үшін қажетті құралды дайындаңыз;
- Renault Duster қозғалтқышын бөлшектеу;
- тапсырмаға сәйкес бөлшектерді өлшеу;
- бөлшектердің қандай жөндеу өлшеміне сәйкес келетінін көрсетіңіз;
- есепті толтыру;

- қозғалтқышты құрастыру;
- қауіпсіздік ережелерін сақтай отырып, тапсырманы орындаңыз.

Оқу проблемасы-студенттер дайындаушы зауыт ұсынған технологияны ескере отырып, тапсырманы орындауы керек. Білім алушыларға әртүрлі көздерден алынған ақпаратты талдау, макеттері «Құрылыс-техникалық колледжінің» зертханаларында орналасқан автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу операцияларын орындау технологиясын білу қажет. Тапсырмалардың дұрыстығын тексеру үшін біз білім алушылар үшін жұмыс нәтижелерінің эталоны және оқытушыларды әр сабаққа дайындауға негіз болатын Нұсқаулық-технологиялық карталарды әзірледік.

Тапсырмаларды орындау нәтижелерін бақылау мақсатында бағалау парақтары пайдаланылады. Оқу жоспарына сәйкес оқу практикасы бойынша аттестаттау нысаны сараланған сынақ болып табылады. Оқу практикасын игеру нәтижелерін бағалауды оқытушы практиканттың өзіндік жұмысын және жұмыстарды орындау сапасын бақылау негізінде жүзеге асырады. Оқу практикасынан өтудің табыстылығы мен сапасын бағалау біз әзірлеген бағалау шкалаларының көрсеткіштеріне негізделген балдық-рейтингтік жүйені пайдалана отырып жүргізіледі. Барлық жұмыстардың нәтижелері осы шкала бойынша бағаланады, жинақталады және бағалаудың 5 балдық жүйесіне ауыстырылады. Білім алушылар оқу практикасынан өту кезінде жинай алатын ең жоғары балл-100



3 сурет - Проблемалық оқыту технологиясын пайдалана отырып және дәстүрлі түрде оқытудан өткен оқу топтарының сараланған сынақты тапсыру нәтижелерінің қорытынды бағаларының салыстырмалы сипаттамасы

3-суретте сараланған сынақ барысында алынған қорытынды бағалардың салыстырмалы сипаттамасы келтірілген. Проблемалық оқыту технологиясы бойынша даярлықтан өткен білім алушылар тобының және бақылау тобының білім алушыларының бағалары ұсынылған.

Диаграммадан көріп отырғанымыздай, БҚ технологиясы бойынша дайындықтан өткен топта үздік баға алған білім алушылардың саны көбірек. Бұл материалды игеру сапасының жақсарғанын және алынған теориялық білімді практикалық қызметте қолдану мүмкіндігін көрсетеді.

Осылайша, ҚБ оқу практикасы шеңберінде БҚ технологиясын іске асыру.01. Автомобильдердің құрылысы орта кәсіптік білім берудің мемлекеттік білім беру стандартында (МЖМБС) көрсетілген құзыреттердің қалыптасу деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді. Осы технологияны іске асырғаннан кейін білім алушылардың біліктілік емтиханын тапсыру кезіндегі нәтижелер деңгейі де артуы мүмкін деп болжауға болады.

Проблемалық оқытудың айқын артықшылықтарына, оның классикалыққа қарағанда артықшылықтарына қарамастан, бүкіл білім беру процесін бағдарламалық жасақтамаға негіздемеу керек екенін атап өткен жөн. Бұл оқытушылардың білім беру қызметін ұйымдастыруға дайындалуына көп уақытты қажет етеді, студенттердің кітаппен өз бетінше жұмыс жасау, дәрістер барысында теориялық материалды игеру сияқты дағдылары жоғалуы мүмкін. Осылайша, проблемалық оқыту технологиясы кәсіби құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін арттыру мақсатында білім беру процесін жүзеге асырудың классикалық тәсілдерін толықтыруы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Буслова Н.С., Клименко Е.В., Пилипец Л.В. Проблемное обучение: от Сократа до формирования компетенций // *Фундаментальные исследования*. 2014. № 5 (4). С. 860–864.
 2. Введенский В.Н. Компетентность педагога как важное условие успешности его профессиональной деятельности // *Педагогика*. 2003. № 4. С. 21–31.
 3. Емельянова С.Г. Проблемное обучение как педагогическая технология // *Актуальные проблемы обучения математике и информатике в школе и вузе в свете идей Л.С. Выготского*. М.: Изд-во МПГУ, 2016. С. 273–276.
 4. Емельянова С.Г. Технология проблемного обучения // *Математика и математическое образование*. Тольятти: Изд-во ТГУ, 2017. С. 416–419.
- Манаенкова М.П. Компетенция и компетентность: проблемы профессиональной подготовки // *Социально-экономические явления и процессы*. 2014. № 3 (61). С. 205–208.

КУРАТОРҒА ОҚУ ТОБЫНДА ТУЫНДАҒАН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ШЕШУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Елеусызова Бахыт Мухаметкалымовна
«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және
бизнес университеті»АҚ колледж, Астана қаласы

Аннотация: «Кейс – стади» технология направлена на организацию адаптационного периода студентов первого курса в колледже ,виды кейсов и чем руководствоваться куратору .над поставленными вопросами перед ним .Провести конкретно работу куратора с учащимся для адаптации первокурсника с новым периоде жизни для него ,новые знакомства ,новые правила жизни, оказание помощи первокурсникам в установлении и поддержании социального статуса студента в новом коллективе

Ключевые слова : кейс-стади субъект- субъектных отношений, компетентного подхода,открытой дискуссии ,ситуация ,анализ ,кейс –технологии, результат обучения, социальные адаптации , референдных лиц,изолированные, социометрической процедуры .

«Кейс – стади» технология направлена на организацию адаптационного периода студентов первого курса.

В современном образовании в последние годы стало больше внимания уделяться личносно - ориентированному воспитанию учащихся, взаимообщению педагогов и воспитуемых в процессе воспитания. Немаловажно и то, что многие инновационные педагогические технологии строятся на компетентностном подходе и нацелены на будущую профессиональную деятельность. Среди наиболее приемлимых в этом плане является педагогическая технология Кейс-стади (case-stady).

Кейс (с англ. — случай, ситуация) - это разбор ситуации или конкретного случая, деловая игра. Он может быть назван технологией анализа конкретных ситуаций, «частного случая». Суть

технологии состоит в том, что в основе его используются описания конкретных ситуаций или случая (от английского «case» - случай). Во – первых, случай должен желателью отражать реальную жизненную ситуацию. Во-вторых, в описании должна присутствовать проблема или ряд прямых или косвенных затруднений, противоречий. В третьих, требуется овладение теоретическими знаниями для перевода этой ситуации в практическую деятельность. В процессе работы над кейсом часто требуется дополнительная информационная подпитка самих участников работы над анализом ситуации.

Кейс-стади - это интерактивная технология, так как сразу же вводит воспитуемых в процесс субъект- субъектных отношений, дает возможность воспитанникам проявить активность, инициативу, самостоятельность, дает каждому право на собственное мнение.

Элементы метода анализа ситуаций применялись часто в сочетании с игровыми и дискуссионными методами.

Истинный интерес к технологии кейс-стади пришел к нам в 2000-х годах. Связано это с новыми задачами социально-экономической рыночной ситуации, изучением компетентностного подхода, так как сегодня во всех сферах становится востребованным специалист, умеющий работать в команде, способный внедрять свои идеи и технологии в производство, имеющий склонность к инновациям, умеющий критично и оперативно и аналитично работать с огромными объемами информации различных видов.

Кейс-стади в образовании. В условиях работы со студентами возможны разные варианты использования кейс-стади как в учебном процессе, так и в воспитательной работе.

При организации *открытой дискуссии*, где рассматриваются умения и навыки учащихся.

Так же при подборе игр для обучающихся с ООП следует учитывать следующие требования: игровая форма занятий создается при помощи игровых приемов и ситуаций, которые выступают как средство побуждения, стимулирования обучающихся к учебной деятельности; соответствие игры возрасту или интеллектуальному уровню развития; учет структуры дефекта. По результатам наблюдения за учебной деятельностью студентов с ООП, совместно с психологом и социальным педагогом колледжа, было принято решение использовать ролевые игры как одну из форм игрофикации во время изучения дисциплины «Основы экономики».

Ролевая игра – это интерактивный метод, целью которого является обучиться на собственном опыте путем специально организованного и регулируемого “проживания” жизненной и профессиональной ситуации.

Проигрывание определенной сценической роли, отождествление (идентификация) с ней, помогает обучающемуся:

1. обрести эмоциональный опыт взаимодействия с другими людьми лично и профессионально значимых ситуациях;
2. установить связь между своим поведением и его последствиями на основе анализа своих переживаний, а также переживаний партнера по общению;
3. пойти на риск экспериментирования с новыми моделями поведения в аналогичных обстоятельствах. [3]

На уроках экономики были применены следующие разновидности ролей, которые принимают на себя студенты в ролевых играх:

1. Роль потребителя.
2. Роль предпринимателя.
3. Роль государства в экономике.

Роль №1. Потребитель.

Оборудование:

- товары первой необходимости, а именно продукты питания (гречневая крупа, рисовая крупа, макароны, фасоль, сахар, соль, хлеб, вода бутилированная, молоко, мясо, яблоки, овощи), либо карточки с изображением данных товаров;
- товары, удовлетворяющие вторичные потребности, а именно продукты питания (кока-кола, чипсы, кириешки, жвачка, конфеты, печенье), либо карточки с изображением данных товаров;
- макеты денег;
- макет витрины магазина.

Условия игры: студент ограничен собственным бюджетом, то есть стипендией, размер которой составляет 31422 тенге в 2022-2023 учебном году.

Описание игры: перед студентом ставится задача распределить свои средства на продукты питания так, чтобы поддержать жизнедеятельность своего организма на протяжении более длительного времени, не нанося ему вред. Обосновать и доказать совместно с каждым из студентов правильность сделанного выбора.

Цель данной ролевой игры: научить студентов с ООП рационально распределять ограниченные денежные ресурсы; привить навыки финансовой грамотности, а также здорового образа жизни через употребление полезных продуктов питания; предоставить каждому из студентов возможность представить себя в роли потребителя, распределяющего самостоятельно свои финансовые ресурсы.

Роль №2. Предприниматель.

Оборудование: видеоролики с историями успеха крупных предпринимателей (Стив Джобс, Рэй Крок, С. Шулепкаев)

Описание игры: перед каждым из студентов ставится задача сформулировать и

охарактеризовать собственные интересы, знания, умения и навыки, которыми он обладает в большей степени и обосновать их актуальность. Совместно с каждым из студентов выявить возможности развития их интересов в предпринимательскую деятельность. Обнаружить риски, с которыми может столкнуться предприниматель в процессе своей деятельности. Выявить пути решения каждой из проблем и определить возможности, из них вытекающие.

Цель данной ролевой игры: доказать каждому из студентов, что их интересы, знания, умения и навыки могут приносить им в будущем прибыль и способствовать независимости в условиях современной экономики; научить каждого из студентов с ООП находить выход из проблемных ситуаций, которые могут возникнуть в предпринимательской деятельности и представить себя в роли предпринимателя.

Роль №3. Представитель государственного уполномоченного органа, осуществляющего контроль и регулирование деятельности всех остальных субъектов в экономике.

Оборудование: Конституция Республики Казахстан, Трудовой кодекс, Налоговый кодекс, Закон «О защите прав потребителей».

Описание игры: перед каждым из студентов ставится задача определить функции государства в условиях современной экономики, изучить некоторые законы Республики Казахстан, создать образ и представить себя в роли представителя государства, обладающего определенными личностными и профессиональными качествами, предложить проект собственного закона.

Цель данной ролевой игры: доказать каждому из студентов необходимость участия государства в экономике, ознакомить с понятиями «закон», «законность», «законодательная база», обязательный характер исполнения законов Республики Казахстан; предоставить каждому из студентов возможность представить себя в роли представителя государства, наделенного определенными полномочиями в той или иной сфере.

На современном этапе развития Республики Казахстан происходят изменения в образовательных процессах, где преподавателю необходимо уметь ориентироваться в многообразии интегрированных подходов к развитию подростков, в широком спектре современных технологий. При работе с подростками, имеющими особые образовательные потребности, применяются особые коррекционно - развивающие педагогические технологии, позволяющие добиваться положительной динамики в обучении и воспитании.

По результатам мониторинга было замечено, что у большинства студентов с ООП существуют трудности в тех ситуациях, когда нужно налаживать коммуникации в новом коллективе, распоряжаться собственными финансами в момент выбора и приобретения каких-либо товаров, проблемы с поиском выхода из возможных конфликтных ситуаций, а также с усвоением нового учебного материала и применение полученных знаний, умений и навыков на практике.

В ходе совместной работы преподавателя с психологом и социальным педагогом, было решено применять некоторые формы игровых механик, которые на момент окончания изучения дисциплины «Основы экономики» в объеме 24 часов, привели к следующим результатам:

- повышение самооценки;
- коррекция психических процессов;
- совершенствование умений и навыков, которые помогут в дальнейшей успешной адаптации студента в современном обществе;
- лучшее усвоение учебного материала по изучаемой дисциплине

Использование данных форм инновационных технологий обучения позволяет без каких-либо особых материальных затрат повысить эффективность учебного процесса.

Список использованной литературы

1. Антропова, М.В. Обучение с учетом психофизических особенностей подростков / М.В. Антропова, Г.Г. Манке // Педагогика. -1993. -№ 6. -С. 9-13.
2. Котлярова, И. О. Показатели оценки качества результатов образовательного процесса / И. О. Котлярова, Г.Н. Сериков, С.Г. Сериков, О.А. Ханжина // Вестник ЮУрГУ. Серия «Образование, здравоохранение, физическая культура». - 2008. - № 29 (129). -С. 34-54.
3. Немов, Р. С. Психология. Кн. 2: Психология образования / Р. С. Немов. - М. : Просвещение:

ВЛАДОС, 1995. -496 с.

4. Закон Республики Казахстан «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 10.09.2023г.)

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІ МОТИВАЦИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Жумабаева Гулзат Тулендиевна
ШЖҚ МКК Сервис және туризм колледжі,
Астана қаласы

Бүгінгі таңда тұлға және тұлғаның қалыптасуындағы іс-әрекеттің маңыздылығы – психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені, қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Ал қоғамның қазіргі жағдайында, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңарту кезінде, жас ұрпақтың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз. Сондықтан да, тұлғаның теориялық зерттеулеріне, жалпы ұғымына сарапталған талдауларға зер салсақ, адамның тұлғасы өзінің енген қарым-қатынастарының, іс-әрекеттің негізгі кешенді әсерінің нәтижесінде дамиды. Тұлға – бұл қоғамдық-тарихи дамудың өнімі. Адамның қоғамдық қатынастар жүйесінде алатын орны, оның орындайтын іс-әрекеті – бұл оның тұлғасының қалыптасуын анықтайтын жағдайлар. Тұлғаның қалыптасуы адамның мінездемесі үшін маңызды орын алады, яғни оның мінез-құлық пен іс-әрекетінің жоғары саналы формаларын қамтамасыз етіп, оның ақиқатқа байланысты барлық қарым-қатынастарының бірлігін құрайды. Сондықтан да, қазіргі кезде студенттердің оқу іс-әрекеті және әрекеттің мотивациялық мәселелері кеңінен қарастырылуда.

Мотивацияның атқару тәртібі келесідей психикалық процестерден тұрады: түрткіні қа- былдау, оның эмоционалдық бағасының ма- ғынасы, мәнін түсіну және түрткі бағасы, түрткіге көз жеткізу. Мотивтің мазмұны мо- тив түріне тәуелді. Ішкі мотив мазмұны оқып жатқан материалдың дүниетанымдылығы, сол объектіні практикалық қызметте тану болып табылады. Осы білімді игеру сана-сезімнің ту- ындауын көрсетеді. Сөйтіп, мотив мазмұны

– оның әділетті негізі. Субъектілік мотив негізі – тұлғаның дара ерекшелігіне байланыс- ты оқу материалының маңызы. Субъектілік мағынаның қалыптасуы оның объектілік мағы- насы субъектілік жүйе құндылығын салыс- тыруда және эмоционалдық күйзелістерінің нақтылығында, адамилығында.

Эмоционалдық бағалаудың білімде орны

– оның мазмұндылығымен және объектілік мағынасымен, сонымен қатар ішкі жалғаспалы факторлармен, ең алдымен оның жеке оқыту- шысымен сипатталады. Оқытушының негізгі оң эмоционалдық бағасы мынадай болу керек: тартымды, өзінің пәніне деген ішкі терең та- лап қоя алушылық және оқушыларға өз білімін жеткізе алушылық. Жасандылық пен жалған әрекет жасау тез байқалады және оқушылардың пәнге деген қызығушылығын жоғалтады. Егер оқу процесінің нәтижесі болмаса, тартымдылық жоғалады.

Мотив нақты әрекеттің себеп психикасының қажеттілікті қанағаттандыру құралы неме- се тікелей бағыты. Әртүрлі және нақты адами қажеттілік бар, осы қажеттіліктерді қанағат- тандырып, мақсаттарына қол жеткізеді. Осы мәселені талдаған зерттеуші С. Кэррол және Г. Тоси былай деген: «Адамның қажеттілік құрылымы оның әлеуметтік құрылым орнына және бұрынғы алған тәжірибесімен анықталады. Адамдардың арасында олардың өздеріне маңызды әртүрлі қажеттілік бар.

Қажеттілікті әртүрлі жолдар мен тәсілдермен алу тағы бар. Нақты жолмен, адам өзінің өмір тәжірибесінен алған нақты қажеттілікті қанағаттандыруы мүмкін» А.Н. Леонтьев бы- лай деген: «Қажеттіліктің болуы кез келген қызметте қажетті құрал, алайда, қажеттілік өздігінен нақты бағыт қызметін беруге қауқарлы емес. Жұмыс бағытының жеке қозғаушысы, осы қажеттілікке

жауапты құрал болып табылады».

Жалпы айтқанда, әрбір жеке адам қоғам тұлғасы ретінде жеке тәрбие жұмысына, жеке өзіндік өмір бейнесіне, жеке құқыққа, танымдық қасиетке, жеке түрткі күшіне ие болатын жан. Адам белгілі бір қоғамның мүшесі, ол қандай да болмасын бір іспен айналысады, оның азды- көпті тәжірибесі, білімі өзіне тән ерекшеліктері болады. Осы айтылғандардың жиынтығы оны «жеке адам» етеді. Жеке адамның өзіндік ерекшелігі оның дүниетанымынан, сенімінен, талғам, мұратынан, бағытынан, қабілет қызығу- шылығынан жақсы байқалады. Адамның айна- ласын қоршаған дүние үнемі өзгеріп отыр- ғандықтан оның түрлі ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтарын да дамып өзгеріп отырады. Танымдық іс-әрекеттер адам мақсаттарымен ұмтылыстарының негізі болатын, білімін қалыптастыратын, шығармашылық қызметінің тарихи үрдісі. Ой еңбегімен дене еңбегі ара- сында танымдық іс-әрекет шығармашылық қабілетін арттыруда жаңалық ашушы мен туды- рушы болып табылады.

Ал, таным – рухани өндірістің (ғылым, эстетика, діни, парасаттылық және т.б.) түрлі салаларындағы кәсіби мамандардың ерекше қызметі ретінде көрінеді. Таным – адамның табиғатқа белсенді түрде әсер етуінен, табиғат заттарын өңдеуден, зат қасиетін өндірісте пай- даланудан бағыт алады.

Аталған зерттеулерді қарастыра келе, танымдық түрткілер мен қызығушылықтар сту- денттердің білімін дамытып, әртүрлі әдістер арқылы әрі қарай жетілдіреді. Яғни, ғылыми танымға, оқу әрекетін білуге, зерттеуге, ізденуге деген қызығушылықтарын туғызады. Ал, өзіндік білім түрткісі – олардың білімін жетілдіру әдістері. Бұл деңгейлер оқушылардың нәтижеге жетуін қамтамасыз етеді.

Студенттердің оқуға деген негізгі екі түрлі мотивтері болады:

- табысқа жету;
- танымдық мотив.

Мұндағы танымдық мотив студенттің оқу- танымдық әрекетінің, оның ішінде ойлау іс- әрекетінің негізін құрап қарастырады. Бұл іс- әрекет проблемалық ситуация кезінде пайда болады да, студенттер мен оқытушылардың қарым-қатынасының дұрыс жағдайда өрбуіне себеп болады. Ал, табысқа жету мотивтері сту- денттердің оқыту процесінде танымдық және кәсіби мотивтерге бағынышты болады.

Студент тұлғасының дамуы мен қалыптасуы кәсіби бағыттылықтың, оның іс-әрекетіне ықпалын бейнелейді. Өз кезегінде, оқу іс- әрекеті оған болашақ мамандығының жағымды жақтарына әсер етеді. Бағыттылықтың дамуы негізінде, оларды анықтайтын қажеттіліктердің, бағдарлардың, қызығулардың, мақсаттардың, бейімділіктердің, мұрттардың және сенімдердің жиынтығы болып табылатын күрделі құрылым деп саналады [2].

Мамандықты анықтау жүйелілігінің психо- логиялық ерекшеліктері өзін-өзі бағалауы, өзін-өзі анықтауы және мақсатқа жетудегі мотивациялық себептерімен айқындалады. Сонымен бірге әлеуметтік ортаның өзіндік әсерінің ықпалы да орын ала отырып, оқу іс-әректінің психологиялық ерекшеліктерінің мазмұнын ашады.

Әрекеттің стилі – әрекеттің өзі сияқты өзгеріп отыратын функционалдық объект. Кәсіпкердің стилі жайлы материалды жинақтау, өңдеу және интерпритациялау бағдарламасын құрғаннан кейін білуге болады. Индивидуалды әрекеттің сол уақыттағы көріністерін тану мен зерттеу арқылы да, сонымен бірге кәсіпкер еңбегінің қорытындыларын интерпритациялау анализі нәтижесінде анықтауға болады. М.Р. Шукиннің айтуы бойынша «Әрекеттің нәтижесіндегі ин- дивидуалды ерекшеліктерді әрекет типтерінің жылдам және нақты көріністерін қарастыру қажет».

Қорытындылай келе, студенттердің жоғары оқу орындарында мотивация бойынша резерв- тері айтарлықтай кең көлемді және оқу әре- кетінде студенттің мотивация құзыреттілігін қалыптастыруға жалпы ұйымдастырушылық– басқарушылық жүйе жұмыс күшін кеңейтуді талап етеді.

Әдебиеттер

1.Юрчук В.В. Современный словарь по психологии. – М.: «Современное слово», 1998.

- 2.Ковалев В.И. Мотивы поведения и деятельности. – М.: Наука, 1998.
- 3.Виханский О.С., Наумов А.И. Менеджмент: учебник. – 3-е изд. – М.: Гардарики, 1999.
- 4.Айсмонтас Б. Б. Педагогическая психология: учебное пособие. – М.: Московский городской психолого-педагогический университет, 2004.

КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР: ЭКОНОМИКА МЕН ҚОҒАМҒА ӘСЕР ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ ФАКТОРЛАРЫ

Болсхан Байжигит
арнайы пәндер оқытушысы
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі»
ШЖҚ МКК Астана қаласы әкімдігінің

Аннотация: Мақалада инновацияның кәсіби дайындықтағы рөлі және олардың қоғамның экономикалық дамуы мен әлеуметтік құрылымына әсері қарастырылады. Технологиялық прогресс, икемді білім беру бағдарламалары, индустриямен ынтымақтастық, жобалар үлгісінде оқыту, жеке тұлғаны дамытуды қолдау, халықаралық ынтымақтастық және білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау сияқты білім берудегі заманауи тенденциялар талқыланады. Авторлар бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру және тұрақты білім беру ортасын құру үшін инновацияның маңыздылығын атап көрсетеді.

Түін сөздер: білім берудегі инновациялар, кәсіптік оқыту, технологиялық прогресс, икемді білім беру бағдарламалары, индустриямен ынтымақтастық, жобалық оқыту, жеке тұлғаны дамыту, халықаралық ынтымақтастық, тиімділікті бағалау, әлеуметтік және экономикалық даму.

Қазіргі әлем технологиялық жетістіктер мен жаһандық өзгерістердің әсерінен тез өзгеруде. Бұл тұрғыда кадрларды кәсіби даярлау бәсекеге қабілетті және инновациялық қоғамды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Кәсіби дайындықтағы инновациялар қоғамның экономикалық дамуы мен әлеуметтік құрылымына әсер ететін негізгі факторға айналууда. Бұл мақала осы инновациялардың қазіргі шындықты қалай қалыптастыратынын және бізді болашаққа бағыттайтынын қарастырады.

1. Технологиялық прогресс және білім беру әдістерін жаңарту

Жаңа технологиялардың дамуымен кәсіптік білімге инновацияларды енгізу мүмкін болды. Виртуалды шындықты, жасанды интеллектті және интерактивті оқыту платформаларын пайдалану қазіргі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келетін неғұрлым тиімді және бейімделген дайындық курстарын құруға мүмкіндік береді[1].

2. Икемді білім беру бағдарламалары

Кәсіби дайындықтағы инновациялар дәстүрлі білім беру модельдерін қайта қарауға әкеледі. Пәндердің қатаң иерархиясының орнына студенттерге олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкес курстарды таңдауға мүмкіндік беретін икемді білім беру бағдарламалары көбірек қолданылууда. Бұл әмбебап дағдыларды қалыптастыруға ықпал етеді және тұлғаның жан-жақты дамуын қолдайды.

3. Индустриямен ынтымақтастық

Білім беру мекемелері мен кәсіпорындар арасындағы ынтымақтастық тығыз бола түсуде. Кәсіби бағдарламалар Еңбек нарығының нақты қажеттіліктерін ескере отырып әзірленуде. Бұл түлектерге теория мен практика арасындағы алшақтықты азайту арқылы кәсіби қызметке дайын болуға мүмкіндік береді.

4. Жұмсақ дағдыларды дамыту

Кадрларды даярлаудағы инновациялар коммуникация, шығармашылық ойлау және уақытты басқару сияқты жұмсақ дағдыларды дамытуға бағытталған. Бұл дағдылар өзгерістердің жылдам қарқыны мен бәсекелестіктің жоғарылауы жағдайында барған сайын

құнды бола түсуде.

5. Жобалар мен практикалық тапсырмалар мысалында оқыту

Кәсіби дайындықтағы инновациялар сонымен қатар нақты жобалар мен практикалық тапсырмалар арқылы оқытуға баса назар аударуды қамтиды. Студенттер өз білімдерін нақты сценарийлерде қолдана алады, бұл материалды жақсы игеруге және нақты мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

6. Жеке дамуды қолдау

Кадрларды даярлаудағы инновациялар тек кәсіби аспектілерге ғана емес, сонымен қатар студенттердің жеке дамуына да назар аударады. Бағдарламаларға көшбасшылық қасиеттерді дамыту, өзін-өзі басқару, сондай-ақ психологиялық тұрақтылық модульдері кіреді, бұл түлектердің қазіргі қоғамның күрделі сын-қатерлеріне кешенді дайындығын қалыптастырады.

7. Білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық компоненттерді білім беру процесіне біріктіру білім, тәжірибе және мәдени ерекшеліктер алмасуға ықпал етеді. Студенттер әлемдік озық технологияларға, озық тәжірибелерге және олардың кәсіби білімін толықтыратын әртүрлі көзқарастарға қол жеткізе алады.

8. Білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау

Кәсіптік оқытудағы инновациялар білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау жүйелерін де қамтиды. Студенттер мен жұмыс берушілердің тұрақты талдаулары мен кері байланысы бағдарламаларды жақсартуға мүмкіндік береді, бұл оларды қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес және бейімделеді[2].

Қорыта келе кәсіптік оқытудағы инновациялар білім берудің әртүрлі аспектілерін қамтитын көп қырлы және серпінді процесс болып табылады. Білім беру әдістемелерін үнемі дамыту және бейімдеу арқылы ғана біз қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне дайын кадрларды даярлауды қамтамасыз ете аламыз. Бұл инновацияларды енгізу білікті мамандарды қалыптастырып қана қоймайды, сонымен қатар қоғамның экономикалық және әлеуметтік прогресінің қозғаушы күші болып табылады. Кәсіби дайындықтағы инновациялар қоғамның экономикалық және әлеуметтік дамуының қуатты қозғалтқышы болып табылады. Технологиялық прогресс, икемді білім беру бағдарламалары, индустриямен ынтымақтастық және жұмсақ дағдыларды дамыту болашақтың қиындықтарына сәтті бейімделуге ықпал ететін тұрақты білім беру ортасын қалыптастырады. Бүгін осы инновацияларды жүзеге асыру-ертең қоғамның өркендеуінің кепілі.

Пайдаланылған әдебиеттердің тізімі:

1. Сименс, Г. (2005). Коннективизм: цифрлық дәуірдегі оқыту теориясы. Халықаралық білім беру технологиялары және қашықтықтан оқыту журналы, 2 (1), 3-10.

2. Браун, Дж. с., Коллинз, А. және Дугид, П. (1989). Позитивті таным және оқу мәдениеті. Білім беру саласындағы зерттеуші, 18 (1), 32-42.

ҰМЫТЫЛҒАН ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРДЫ ЗАМАНАУИ СТИЛЬДЕ ЖАҢДАНДЫРУ. ЖЕНТ ТӘТТИ ТАҒАМЫ

Байгабылова Г.Е.

Арнайы пәндер оқытушысы

Астана қаласы әкімдігінің «Сервис және туризм колледжі» ШЖҚ МКК

Ежелден қазақ аспаздығы өзіндік технологиямен ерекшеленеді. Қазақ халқының тұрмыстық ерекшелігі тағам даярлау әдісіне де өз ізін қалдырды. Дәстүрлі қазақ аспаздығына ерекше көңіл бөлінді. Қазақстанда тарыдан өнеркәсіптік жолмен тек тары өндірілсе, жартылай қолөнер әдісімен дайындалады «талқан», «жент» сияқты өнімдер шығарылады. Ал тары - дұрыс

шикізатқа жатқызуға болатын тамаша өнім, өйткені оның құрамында глютен жоқ, шикізат В тобының дәрумендері мен ақуызға бай. Талқан ұлттық дәнді дақылдарының технологиясын зерттеу және әзірлеу, өнім ассортиментін кеңейтуде, азық-түлік нарығы мен тұтынушы рационын жаңа дәнді дақылдармен байытуда алмастырылмайтын құрамдас бөліктерге бай өнім және ұмытылып бара жатқан төл дәстүрлер мен ұлттық мәдениетті ескере отырып жасалуында. Бұл зерттеу жұмысында дәстүрлі өнім жаңа, ең пайдалы форматта жетілдірілді. Төмен калориялы тары талқанның технологиясы жасалды.

«Талқан – көктеген және термоөңдеуден өткен бидай, қара бидай, сұлы және арпадан жасалған өнім. Күш беретін құнарлы тағам әсіресе, балаларға, жүкті әйелдерге, қарттарға пайдалы. Поволжье, Орта Азия, Оңтүстік Сібірдің көшпелі халықтарының көне рецептілері негізінде арнайы технологиямен әзірленген. Талқан – сіңімді әрі дәмді. «Ыстық су құй да, жей бер. Сүтке пісір де балаға бер». Бұл – біздің емес, Ресейдің жарнамасы. Терістік көршімізде талқанның түр-түрі өндіріледі. Мәселен, Башқұртстанның ғалымдары сұлы талқанының технологиясын әлдеқашан әзірлеп тастаған. «Құнарлы дәм» деп атайтын бұл тағамның жарнамасы ең алдымен емділігімен байланыстырылады. Ал біз үшін талқан дегенің тіпті таңсық емес. Өзіміздің ұлттық тағам. Тек өндірісі қолға алынбаған. Жұрт іздегенін базардан табады. Айталық, Шымкенттің базарында қазір талқанның келісі – 500 теңгенің айналасында сатылып жатыр. Ораза кезінде ғана баға солай, былайғы уақытта талқанды іздейтіндер жоқтың қасы. Рамазан айы өте шыққаннан кейін базардан 1 келі тары не талқан табуыңыз мұң болып қалады. Сонда да болса, таза дәнді дақылдардан дайындалатын талқан бүгінге дейін қазақтың дастарханынан кете қойған жоқ. Жалпы, көшпелілер азық еткен тамақ түрлерінің қайсысы болса да құнарлылығымен, дәмділігімен таңғалдырады. Талқанды өндіруді Қостанай облысы Жітіқара қаласындағы «National Food Company Kazakhstan» ЖШС қолға алыпты. Үстіміздегі жылдың басынан бері кәсіпорын тұрғындарға көптеген бидайдан дайындаған талқан өнімін ұсынды.

Басшылық өнімді сол баяғы апа-әжелеріміз жасаған технологиямен өндіруді жөн санапты. Кәсіпорын көшпелілер күшінің қайнары саналатын талқанның күніне бір тоннасын өндіреді. Олар айына 20 тоннаға дейін осы экологиялық сапалы өнімді тұтынушыға ұсына алады. Алдағы уақытта өндіріс орны талқанды тек бидайдан ғана емес, дәнді дақылдардың өзге түрлерінен де дайындауды ойластырып отыр. Жуырда қостанайлық бір топ кәсіпкер ұлттық тағамымыз – талқан туралы дабыл қағып, Елбасына ашық хат жолдады. «Ұлттық тағамымыз ұмытылып барады» деген кәсіпкерлер талқанды күнделікті тұтынатын азық-түлік тізіміне енгізіп, балабақша мен әскерде ас мәзіріне қосуды сұрапты. Құптарлық-ақ ұсыныс. Талқан тек құнарлы тағам ғана емес, емдік қасиеті мол азық. Ғалымдардың айтуынша, күніне 200 грамм талқан жеген кісі қан аздығы ауруынан құлан-таза айығады екен. Ертеде ата-бабаларымыз талқанды сусамыр дертін емдеуге пайдаланған. Жалпы, ежелден-ақ, ұлттық тағамдар қатарында талқанның орны ерекше болған. Оны сәбиден бастап қарт кісілерге дейін сүйсініп жеген. Талқан күш-қуат берумен қатар, қартаю үдерісін баяулатады дейді дәрігерлер.

Халқымыз тарыны – «жауынгер дақыл» деп атайды. «Кеспе көже күн батқанша, бидай көже ел жатқанша, тары көже таң атқанша» деп бекер айтпаған. Сөктің тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасын білген. Ұзақ аурудан әлсіреген кісіні ашыған көжемен көтерген. Тары көже әрі сусын, әрі тамақ болады. Бозада ашытады. Қуырылған бидайдан, арпадан жүгеріден ұнтақтап дайындалады. Ерте кезде талқан дайындаудың екі тәсілі болған. Бірі – қол диірменге тарту, екіншісі – келіге түю. Екі тәсілмен дайындағанда талқанның майдаланбай қалып қоятын түйіршіктері болады, оны «талқанның сағы» дейді. Талқанның сағын бөліп алу үшін жайпақ табаққа салып екшейді. Сонда сағы талқанның бетіне бөлініп шығады да, ұнтағы астында қалады. Бетіндегі сақты алып тастай отырып, талқанның ұнтағын бөліп алады. Талқан аса дәмді әрі құнарлы тамақ. Оны майға, кілегейге, қаймаққа араластырып жеуге де, шайға салуға да болады. Талқан салған шай қою болады әрі тез суиды. Оны жентке қосады. Талқаннан әзірленетін тамақты «сарталқан» немесе «майталқан» деп атайды. Сарталқан дайындағанда талқанды қойдың құйрық майына немесе жылқының майына араластырып, баяу жанған отқа қойып қуырады. Талқанды құмшекер салып дастарқанға құрғақ күйінде қоюға да болады. Оны

кебегі көп тазартылмаған бидай ұнынан (2 не 3 сорт ұннан) әзірлеуге де болады. Ол үшін аздап май жағылған қазанға шақтап ұн салып ақырындап қуырыды. Қуырылып қызыл-күрең тартқан ыстық талқанға сары май және құмшекер қосады, сонда ол өте дәмді болады. Оны балалар да сүйсініп жейді. Талқанды майға, кілегейге, сүтке араластырып жеуге болады. 1 кг талқанға – 200 г құм шекер, 200 г май қажет. – Тарының дәні ғана емес, сабаны да пайдалы. Ауыл-шаруашылығында пайдаланса, мол өнім алуға болатыны белгілі. 1 кг тары сабанында 0,41 азықтық өлшем, 23 г сіңімді протеин болады. Ал тары жармасының құрамында 81% крахмал, 12% белок, 3,5% май, 0,15% қант бар. Мұндағы белоктың мөлшері күріш, қарақұмық жармаларынан едәуір көп. Тарыдан жасалған тағамдар адам ағзасына күш-қуат беріп, иммунитетті көтереді. Бір кесе сүтке тары бөктіріп жеген адам күні бойы тоқ жүреді. Отыз күн ораза кезінде халықтың тары-талқан жейтіні де сондықтан. Оның құрамы микроэлементтерге бай. Сүйекті, тырнақты, шашты қатайтып, жарақаттың тез жазылуына, терінің жақсаруына алып келетіні белгілі. Сондай-ақ тары асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартып, ағзадан шлактардың шығуына әсер етеді. Құндылығы, дәмділігі жағынан арпа мен сұлы жармасынан асып түседі. Тағамдық қасиеті мен түрлі ауруларға пайдасы мол. Құрамында темір мен С дәрумені көп болғандықтан тарыдан жасалған тағамдарды жиі жейтін болсаңыз, қан айналым жақсарады, нәтижесінде қан қысымын реттейді. Сонымен қатар, тары ағзаға қажетті фтор, магний, марганец секілді элементтердің орнын толықтырады. Тарыға май, қант және мейіз, кепкен өрік қосатын болса, пайдасы да күшейе түседі. Жас ана сүтті шәйға тары салып ішсе, сүті молайып қоюланады, баланың да тамағы тоқ болады. Талқан-қуырылған бидайдан, арпадан, жүгеріден ұнтақтап дайындалатын тағам.

Женттің физика-химиялық қасиеттеріне шоколадтың әсері зерттелді. Жент өнімінің құндылығын арттыруға әсер ететін қоспаның оңтайлы мөлшері негізделді. Жент дәрумендер мен минералдарға бай: А дәрумені - 11,1%, В1 дәрумені - 20,3%, В6 дәрумені - 11,6%, РР дәрумені - 17,8%, кремний - 74,5%, магний - 16,5%, фосфор - 24,1%, темір - 12,7%, кобальт - 24,6%, марганец - 54,3 %.

СТАНДАРТТАУ - ЭКОНОМИКА ӨЛШЕМІ

Дәуренова Ләззат Дәуренқызы

«Стандарттау, сертификаттау және метрология» пән оқытушысы

Абай облысы Білім басқармасы «Көлік колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Аннотация: Берілген мақалада стандарттау экономика саласындағы жұмыстың даму экономикалық тиімділігін бағалауын жүргізу принциптері көрсетілген. Қоғамдағы бәсекелестік, инновацияларды енгізу, саудадағы кедергілерді жою, сауданы кеңейту, тұтынушы міндеттерін қорғау, қоршаған ортаны қорғау және тағы да бірқатар маңызды мемлекеттік саясаттың бағыттарын қолдаудың факторлары қарастырылады.

Түйін сөздер: Стандарттау экономикасы, халықаралық стандарт, өндіріс, тиімділік.

Стандарт қолданылмайтын бірде бір экономикалық және көпшілік қызмет сферасы жоқ. Стандарттар қауіпсіздік және сақтандыру қызметтерінде, өнімді шығарғанда, эксплуатациялағанда, медицинада, білімде, жылжымалы нарықта, есеп және аудит жүйесінде, банктік жүйеде, қауіпсіздік қызметінде, өнімді идентификациялауда және кодтауда, ақпараттық қызмет құпия объектіге және тағы басқа қызметтік органдарда қолданылады.

Халықаралық стандартты қолданбай және білмей дүниежүзілік нарыққа шығу мүмкін емес. Өнім сапасын растайтын және стандарттың барлық талабын орындау үшін, тәуелсіз объектіде сапаны бағалау жүргізу қажет. Бұл мәселені сертификаттау шешеді.

Стандарттаудың негізі Еуропаның дамыған елдерінде 19 - ғасырдың басындағы

өнеркәсіп революциясы кезінде қаланған . Үлкен фабрикалар мен зауыттардың пайда болуы және олардың көп көлемде тауарлар шығаруы дайын өнімді белгілі бір өлшемдік ретке келтіруді, тауарлардың бір нұсқамен шығаруды, тауарлардың өзара алмастырушылық қасиеттерге ие болуын талап етті. Ресейде 1715 жылы Туланың қару шығаратын зауытында өлшемдік тұрақтандыруды енгізу жұмыстары жүргізілген болатын (өзара алмастырушылық).

1856 жылы Лондонда өткен халықаралық өндіріс қызметкерлерінің съезінде қатысушылардың бірі кез-келген шам әрдайым шам қойғышқа тура келетіндей етіп жасау туралы ұсыныс жасаған.

КСРО елдерінде бірінші азық-түлік тауарларының стандарты 1926 жылы бекітілген. Отызыншы жылдары көптеген азық-түлік тауарларының стандарттары бекітілді, соның ішінде ет, ет және сүт консервілері, тауық өнімдері және т.б. Олар тұтынушыға өнім құрамында судың, қанттың, тұздың, майдың белгіленген үлесінің бар екенін кепілдейтін. Бірінші мемлекеттік стандарттар өнім сапасын жақсартуда үлкен рөл атқарды. Ұлы Отан соғысы жылдары азық-түлік тауарларының жаңа түрлеріне стандарттар енгізілді. Қолданыстағы стандарттардың көбісі соғыс уақытына бейімделіп өзгертілді. Ал соғыстан кейінгі жылдары өнім сапасына көп көңіл бөліне бастады. Соған байланысты 1955 жылдан бастап 1960 жылға дейін 200-ден астам стандарт қайта қаралды. Ал 1975 жылдан бастап халықаралық Экономикалық Өзара Көмек Кеңесінің (оның құрамына ҚСРО-нан басқа социалистік лагерь елдері Румыния, Польша, Дания, Болгария, Венгрия, Чехославакия, Монғолия, Куба кірген) стандарттары енгізіле бастады, олар халықаралық ИСО стандарттарына сәйкестендірілген [1].

Стандарттау өндірістің даму қарқынына және деңгейіне айтарлықтай әсер етеді. Ғылым мен техникадағы және тәжірибедегі соңғы жетістіктерді негізге ала отырып, стандарттау өндірістік қолжетерлік деңгейін арттырып қана қоймай, ғылым мен техниканың ынталандырушысы болып табылады.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан экономикасының дамуына ИСО-ның ықпалы тиіп отыр.

Тәуелсіз Қазақстан әлеуметтік-экономикалық дамудың жаңа жолына түсті, нарықты экономиканы игеріп отыр. Сондықтан қоғамның одан әрі дамуы үшін жаңа жолдар, жаңғыртулар керек. Түрлі реформалар мен жаңғыртулар қазіргі заманғы халықаралық стандарттар талаптарына сай болуы тиіс.

Елімізде қабылданған үдемелі индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы және басқа мемлекеттік бағдарламалар кешенді жұмысты талап етеді. Сондай-ақ Кеден одағы, Еуразиялық экономикалық одақ құру және әрі қарай жетілдіру процестері отандық экономикамызды дамытудың жаңа міндеттерін алға шығарды.

Стандарттау - экономиканы тиімді басқарудың қолайлы жолы. Қоғамдағы бәсекелестік, инновацияларды енгізу, саудадағы кедергілерді жою, сауданы кеңейту, тұтынушы міндеттерін қорғау, қоршаған ортаны қорғау және тағы да бірқатар маңызды мемлекеттік саясаттың бағыттарын қолдаудың факторы деп айтамыз.

Халықаралық стандарттау ұйымы, Халықаралық электробайланыс кеңесі және Халықаралық электротехникалық комиссияның дайындаған халықаралық стандарттары әлемдік саудадағы техникалық кедергілерді жою, жалпы әлеуметтік-экономикалық прогресті дамыту арқылы тұрақтылыққа және тиімділікке қол жеткізуге ықпал етеді.

ИСО кеңесінің жұмысына қатысу біздің мемлекетімізге халықаралық стандарттау саласындағы стратегияны жасауға белсенді қатысуға, ғаламдық мәселелерді шешуде өз ойларымызды ұсынуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде Қазақстан 16 ИСО техникалық комитеттерінің (ТК) халықаралық ұйымдарының толық мүшесі және 15 ИСО ТК-ның бақылаушы мүшесі. ИСО жұмысына белсене қатысып, стандарттарды одан әрі дамытуға үлес қосуда. Бұл еліміздің экология мәселесінің, экономикасы мен әлеуметтік секторларының дамуына, кәсіпорындардың халықаралық стандарттарға белсенді ауысуына ықпалын тигізеді.

Халықаралық стандарттар саясаткерлерге, өнеркәсіптер мен тұтынушыларға экономиканың күрделі өзгеруіне бірлесіп қарсы тұруға қажетті жағдайлар жасайды [3].

Шаруашылық субъектілердің арасындағы қатынастар экономикалық және экологиялық

емес факторлар арқылы жасалынады, соның ішінде техника-экономикалық үлкен рөл атқарады.

Техникалық саясаттың артықшылығы экономикалық стандарттауда анықталады.

Стандарттау экономикасы - бұл экономиканың ғылыми-техникалық жетілдіруінің құрама бөлігі. Әр түрлі салалар мен жалпы өндіріс орталарына стандарттауды жүргізу зардаптары бірдей әсер бермейді. Сондықтан қосымша капитал салымымен байланысты ерекше стандарттарды енгізу өнімді әзірлеуші немесе өндіруші үшін тиімді емес, бірақ тұтынушыға пайдасын тигізеді. Керісінше, нәтижесінде өндіруші, жабдықтардың технологиялық жабдықталуының унификациясын, технологиялық процесті үлгілеуі және тағы басқа кең ауқымда жүргізуі, өнімді пайдалану аумағында аса көрінбейтін артықшылықтары болуы мүмкін.

Стандарттау экономика саласындағы жұмыстың даму экономикалық тиімділігін бағалауын жүргізу принциптерін орнататын қаншама стандарттар тізімін бекітуге әкеледі. Осы нормативтік құжат арқылы стандарттау экономикасының тиімділік әдістері мен есептеу тәртібі үшін жинақтау, талдау, деректерді өңдеу және тағы басқа әдістері ұсынылған.

Стандарттау тиімділігі - бұл өнім және қызмет көрсету стандарттауы бойынша жұмыс нәтижелерінің тиімділігі және стандарттарды енгізу арқасында өнім мен қызмет көрсету өндірісі үшін рационалды емес шығындарды жою немесе төмендету [2].

Стандарттау тиімділігін өнім стандарттауымен барлық ресурстар түрлерінің шығындар (материалдылық, еңбектік) нәтижелері және оларды енгізу мен жасауды (өнім сапасын арттыру, ақауы бар өнім мөлшерін азайту, пайдалану кезіндегі қайта жіберілген өнімдер санын азайту, өнім қызметінің мерзімін ұзарту, сапа деңгейі мен өнім қауіпсіздігін көтеру және тағы басқа) салыстыру арқылы анықталады.

Стандарттау бойынша жұмыстарды жүргізу нәтижесінде экономикалық әсерді алу көздері әр түрлі болып келеді, оларды келесілермен біріктіреді:

- үнемдеу, яғни пайдалану салаларында шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту нәтижесінде қол жеткізу, сонымен қатар әлемдік нарықта өнімнің бәсекеге қабілеттілік нәтижесіндегі валюталық түсімнің өсуі;

- үнемдеу, яғни техникалық шешімдердегі мүмкін болатын барлық нұсқалардан қолайлы іріктеу нәтижесінде қол жеткізу. Осының арқасында өнімді өндірген кезде, оның сериялылығын жоғарлату бұйымның, құрамдас бөліктердің, құрастыру бөлшектер мен бірліктердің түрі мен үлгілерін қысқарту арқасында болады [3].

Стандарттаудың экономикалық тиімділігін бағалаудың негізгі мақсаты стандарттары пайдалану мен өңдеудің дәлелін қамтамасыз ететін, ұстанымы бойынша жүзеге асырылады:

- әр түрлі әдістемелердің нәтижелерін салыстыру;
- әдістемелерді бағалаудың қарапайымдылығы мен қол жеткізерлігі;
- бағаланатын объектілерге қолданылатын нұсқа түрлері;
- бағаланатын әр түрлі объектілерге арналған жарамдылықтар.

Стандарттаудың экономикалық тиімділігін (экономикалық әсерін) есептеу барысында келесілерді ескеру қажет:

- стандарттау объектісімен барлық өмірлік цикл (жобалаудан бастап жойылып кетуіне дейін) кезеңдерінде болатын зардаптар;

- өнімді стандарттау кезеңдерінде орындалатын қызмет түрлерінің саны.

Жобалау сатысындағы экономикалық әсерді есептеу үшін жобалау жұмыстардың көлемін, еңбек сыйымдылығын, жобалау жұмысының мерзімі мен құнының қысқартылуына байланысты ескереді:

- оларды көп реттік пайдалану мен қолдану мақсатында басқа нормативтік құжаттар мен техникалық құжаттарды, стандарттарды таңдау;

- өнімге, қызмет көрсетуге, процестерге қойылатын талаптарды орнататын ережелер мен жалпы терминологияны қолдану;

- техникалық мұрағатта сақталынатын құжаттама көлемін азайту;

- шығарылатын техникалық құжаттарды бекіту мен келісуге кететін уақытты қысқарту, оларды өңдеу, бекіту, жариялау тәртібі туралы нормативтік-құқықтық актілерге қол жеткізілуінің арқасында орындалады.

Өндіріс саласындағы экономикалық әсерді есептеу үшін анықтайды:

- материалдардың сыйымдылығын төмендету;
- процестердің еңбек сыйымдылығын төмендету;
- бөлшектер мен түйіндердің унификациясы;
- бөлімнің құрама және қосымша номенклатурасын қысқарту;
- қордың сыйымдылығын төмендету;
- отын мен электр энергиясының салыстырмалы шығындарын төмендету;
- шығарылым санының өсуі нәтижесінде өнім бірлігіне сәйкес келетін нақты шартты шығындар үлесін қысқарту [5].

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық реттеудің бірыңғай жүйесін дамытудың негізгі бағыттары туралы Еуразиялық экономикалық комиссияның Техникалық реттеу министрі Виктор Назаренко 13 наурызда Мәскеуде «Ресей бизнесі апталығы» аясында өткен «ЕАЭО-дағы техникалық реттеу мен стандарттаудың өзекті мәселелері» атты халықаралық форумында айтып берді.

ЕЭК министрінің айтуынша, ЕАЭО техникалық реттеу саласында оны дамытудың негізгі мақсаттары мен басымдықтары нақты айқындалған. Негізгі мақсаттарға саудадағы техникалық кедергілерді жою, ішкі нарықты қауіпті өнімдерден қорғау және өнімнің сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру жатады.

Өзара сауда жасаудағы техникалық кедергілерді жою бөлігінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер біраз жұмыстар атқарды. Сонымен қатар осы бағыт бойынша жұмыстарды айтарлықтай жандандыру қажет.

Министр бірқатар мүше мемлекеттерде елдің ұстанымын тұжырымдау кезінде дұрыс дәрежедегі үйлестірудің жоқтығына, техникалық регламенттерді әзірлеу және оларға өзгертулерді енгізу үшін жауапты Одақ елдерінің уәкілетті органдарының орындаушылық тәртібінің жеткіліксіздігіне назар аударды [4].

ЕЭК министрі өнеркәсіп кәсіпорындарының стандарттаудың барлық процестеріне қатысуына ерекше назар аударды. «Бұл ретте, талаптардың жоғары деңгейіне шығу үшін техникалық регламенттер мен стандарттарды қолдану практикасын, олардың қажеттілігін бағалау, олардың бизнеске нақты әсерін бағалау сияқты басқа да маңызды міндеттерді орындау талап етіледі. Дәл осы жерде біз үшін өнеркәсіп пен бизнестің ұстанымы маңызды. Техникалық регламенттердің стандарттарын әзірлеу бағдарламаларын орындау үдемелі болуға тиіс. Одақтың 45 техникалық регламентінің стандарттау бағдарламаларына қосылған тақырыптарының тек 58% бойынша ғана әзірлемелерді аяқтау қанағаттанарлық деп саналмайды. Одақ мемлекеттерінің стандарттауды қаржыландыру мәселелеріндегі рөлі де қайта қаралуы тиіс болды.

Қорыта келе, мүше мемлекеттердің бизнес өкілдері мен уәкілетті органдарын қалыптасқан экономикалық жағдайды және осы саладағы интеграцияның өзекті міндеттерін шешу қажеттілігін ескере отырып, техникалық реттеудің негізгі элементтерін іске асыру тәсілдерін меңгеру керек [6].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Амирджанянц Ф.А., Рабинович Б.Д., Швандар В.А. Эффективность стандартизации. - М.: Изд-во стандартов, 200-. - 328 с.
2. Ефимов В.В. Средства и методы управления качеством. - М.: Кнорус, 2007.
3. Магомедов М.Д. Управление качеством в отраслях пищевой промышленности. - М.: Дашков и К, 2008.
4. Никифоров А.Д. Управление качеством. - М.: Дрофа, 2004.
5. ГОСТ Р ИСО/ТО 10014–2005 «Руководство по управлению экономикой качества».

6. СТ РК 1.59–2006 «Порядок определения экономической и социальной эффективности от проведения работ по стандартизации».

ПРОБЛЕМНО-ОРИЕНТИРОВАННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ПРИ ОБУЧЕНИИ СТУДЕНТОВ В ВЫСШЕМ МЕДИЦИНСКОМ КОЛЛЕДЖЕ: АНАЛИЗ ПРИМЕНЕНИЯ

Миннеханова Альфия Раисовна
преподаватель специальных дисциплин
Карагандинский областной высший сестринский колледж

Аннотация: в статье рассматривается опыт использования проблемно- ориентированного обучения на занятиях специальных дисциплин. Проанализированы преимущества и недостатки данной технологии, а также выявлены барьеры применения технологии в практике.

Ключевые слова: проблемно- ориентированное обучение, технологии, подход.

Важными составляющими в современном мире являются поиск новых подходов, которые бы соответствовали современному образованию. Современный технологический прогресс и, так называемые Soft Skills, позволяют посмотреть новым взглядом на обучение конкурентноспособных специалистов медицинских профессий

Важная роль развития технологий отводится в образовательной отрасли. Проблемно-ориентированное обучение является современной моделью, которая набирает популярность среди многих отраслей образования. Это учебный подход, который использует реальные проблемы в качестве стимула для того, чтобы учиться. Анализ этих проблем приводит к приобретению новых знаний по дисциплине и навыков решения проблемы^[1].

Вследствие этого преподавателю на сегодняшний день отводится совсем другая функция: если раньше это было в виде основного источника знаний, то сейчас он является помощником студентов в образовательной среде. Если ранее преподаватель был главным субъектом, то настоящее время выставляет студента, как основного субъекта образовательного процесса, который хочет и может учиться самостоятельно^[2].

Сама технология очень интересна тем, что студенты, вовлекаясь в процесс, действительно погружаются в представленную проблему, активно обсуждают и самостоятельно делают выводы. Тем самым реализуется неотъемлемая цель обучения студентов медицинского колледжа – личностно- ориентированное обучение.

Когда я впервые применила данный подход у студентов второго курса, то встретила, прежде всего, с отсутствием энтузиазма. Студенты, которые привыкли на занятия получать информацию с одной стороны, в виде «зачитывания» лекции преподавателем, отрицательно восприняли новость, что на лекции им придется самим «добывать» знания.

Для преподавателя при применении данной технологии выделяются свои барьеры: большие затраты времени для разработки учебных кейсов, слабая управляемость познавательной деятельностью обучающихся, информация усваивается не в той последовательности, как привык преподаватель.

На практических занятиях проблемно- ориентированное обучение направлено на формирование практических умений в соответствии с профессиональной квалификацией специалиста. Например, ведение пациента медицинской сестрой вместе с врачом с момента поступления до момента выздоровления^[3].

В процессе работы со студентами в виде проблемно- ориентированного обучения можно столкнуться с такими недостатками, как:

- неполное осознание студентами своих ролей – в начале занятия каждому студенту отводится своя роль, но в процессе решения проблемы, эти роли смешиваются. Как правило, более активные студенты подавляют пассивных, не следуют своим ролям;

- неэффективность данной технологии на теоретических занятиях, сложно применять при модульной системе образования;
- неумение работать с литературой, выделять ключевую информацию – студенты привыкли, что основную информацию (опорный конспект) преподносит преподаватель. Ключевую информацию отображают текстово, нередко переписывая весь блок, игнорируя логические схемы, таблицы и др.
- частичная теоретическая подготовка студентов – студент знает, что преподаватель не будет спрашивать пересказ материала, поэтому недобросовестно готовится. И здесь дело не только в недобросовестности студентов, а в том, что они привыкли к такому подходу в обучении, что является очень большим недостатком традиционной методологии обучения^[4].

Данные отрицательные стороны все равно являются несущественными, по сравнению с достоинствами проблемно- ориентированного обучения:

- во-первых, осуществляется личностно-ориентированный подход в обучении: студент – это главный субъект в образовании, который развивает внимание, наблюдательность, интерес к достижению цели и др.
- во-вторых, развивается способность работы в команде, которая является неотъемлемой частью деятельности будущего медицинского работника: «от моего участия зависит здоровье стандартизированного пациента»;
- в-третьих, во время решения проблемной задачи охватывается большая часть информации, так как при поиске пути решений студенты обращаются к различным источникам. Если по занятию предусмотрена одна тема, то в результате обсуждения проблемы можно охватить целый раздел модуля;
- в-четвертых, развивается продуктивное клиническое мышление. Это дает возможность будущему специалисту самостоятельно увидеть и решить проблему, найти способ решения, провести анализ.
- в-пятых, визуализация ключевой информации на доске, позволяет в целом проанализировать и найти способ решения проблемы. Так же развитие навыка работы с литературой, преобразование информации в виде схем, пунктов, таблиц и др.

Таким образом, проблемно- ориентированное обучение позволяет усваивать материал через осознание и понимание проблемной ситуации; посредством сбора и изучения необходимой информации позволяет принять решение; дисциплинирует работу в команде. Студенты учась, преодолевают сложности и видят, что их настоящее обучение и жизнь тесно связаны между собой^[5].

Список использованной литературы

1. С.И. Двойников. Ситуационное обучение в сестринском деле/ Двойников С.И., Лапик С.В. – М.ГОУ ВУНМЦ МЗ РФ, 2004. – с. 12.
2. Е.Х. Батяева. «Проблемно-ориентированное обучение: сущность, недостатки, преимущества»// авт. Батяева Е.Х., Ким Т.В., Барышникова И.А., Салихова Е.Ю., Рогова Н.Р., Пржанова А.А., Николаева Т.Л./ Медицинское и фармацевтическое образование, 2016. - №1 –с.115.
3. С.И.Поздеева. «Проблемное и проблемно-ориентированное обучение: сравнительный анализ»// Поздеева С.И. Siberian Pedagogical Journal, 2016. - №2 –95 с.
4. С.Т.Нуртазин. «Инновационный метод проблемно-ориентированного обучения»// Нуртазин С.Т., Базарбаева Ж.М., Есемсиитова З.Б., Еремекбаева Д.К. Успехи современного естествознания, 2013. - №5. с. 112.

К.М. Хамчиев. «Проблемно-ориентированное обучение в медицине как мотивация изучения фундаментальных дисциплин»// Хамчиев К.М., Кубетаев Т.Ж. Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований, 2015. - №7. с. 35

БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ ЖЕТІСТІКТЕРІН БАҒАЛАУ

Ибраева Анар Кусаиновна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

Астана халықаралық университетінің Педагогикалық колледжі

Аннотация: Бұл мақалада «Бастауыш білім берудің педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың өлшемдері қарастырылады. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі педагогикалық білім беру бағытында жекеленген модульдер бойынша білім алушылардың білімін бағалау өлшемдері, ойлау дағдыларының деңгейлеріне сай тапсырмалар құрастыру қазіргі заманауи білім беру жүйесіндегі маңызды мәселердің бірі. Осымен байланысты мақалада кәсіптік модульдер бойынша білім алушылардың жетістіктерін бағалау мен ойлау дағдыларының деңгейлеріне сай тапсырма үлгілері ұсынылған.

Түйін сөздер: бағалау критерийі, білім алушының оқу жетістігі деңгейі, дескриптор, ойлау дағдыларының деңгейлері, деңгейлік тапсырмалар.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде білім беру сапасын арттыру үшін қойылатын басты талаптардың бірі - жаңа технологияларды қолданумен қатар оқыту нәтижелерін бағалау мен бақылау түрлерін іріктеу.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 2 тамыздағы «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 244 бұйрығымен білім алушылардың білімін бағалау өлшемдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Бағалау критерийлеріне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың білімін бағалау критерийлерін айқындайтын жаңа тарау қосылды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлері оқу материалын меңгерудің Блум таксономиясына сәйкес мынадай деңгейлерін бағалауға негізделген:

- білу;
- түсіну;
- қолдану;
- талдау;
- синтез;
- бағалау.

Бұл тұста Б. Блум таксономиясының танымдық деңгейлерін қолдану болашақ кәсіптік оқыту мұғалімдерінің әдістемелік іс-әрекеттерін шыңдай түсуге жол ашады. Атап айтсақ, ой ұшқырлығы, қалыптан тыс ойлау, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой – пікірлерге тұра білу, өзіне сын көзбен қарау т.б. сияқты болашақ мұғалімдердің шығармашылық дербестігі қалыптасады. Өйткені, кәсіптік оқыту үдерісінде болашақ мамандардың алған білімдерін шығармашылық деңгейге жетелеу, өнімді тәсілдермен жүзеге асады. Б. Блум таксономиясының ұтымдылығы да сонысымен ерекшеленеді. [5].

Кесте 1. Блум таксономиясы бойынша бағалау критерийлерінің мазмұндық сипаты

Бағалау критерийлері	Мазмұндық сипаты
Білу	Нақты фактілерді, ақпараттарды білу мен жаңғырту, олардың сипаттамасын білу, мәліметтерді қайталау немесе тану арқылы есте қалай сақталғанын тексеруге бағытталады, мағлұмат пен деректерді еске түсіреді.
Түсіну	Оқу материалын түсінгендіктің ретінде келесідей әрекеттерді атқарады: <i>Трансляция</i> – оқу материалын бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру (мысалы, сөзбен келтірілген мәліметті кесте, схемамен көрсету,

	т.б.); <i>Интерпретация</i> –оқу материалын «өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау; <i>Жорамалдау</i> –оқу материалдары бойынша әңгіменің әрі қарай не туралы болатындығын, оның салдары мен нәтижелерін болжау.
Қолдану	Бұл категория оқу материалын нақты жағдайда және мүлдем жаңа ситуацияда қолдануды меңзейді. Мұнда ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды, практикалық тұрғыдан қолдану кіреді. Оқу нәтижелері түсіне деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап етеді.
Талдау	Жаңа нәтиже ретінде оқу материалдарын мүлдем өзгеше реттейтін хабарлама (баяндама, т.б.), жұмыс жоспары, схемаларды атауға болады. Мұндай оқу нәтижелері жаңа мазмұн мен жаңа құрылымдарды жасап шығаратын шығармашылық әрекеттерді қолдануды талап етеді.
Жинақтау	Оқу материалының құрылымы анық көрінуі үшін оны құрамдас бөліктерге бөлу. Бұл категория оқу материалының мазмұнын сезінумен қатар оның ішкі құрылысын қалайша құралатындығын меңзейді. Оқу материалының элементтерінен жаңашыл сипаттан бүтінді (нәтижені) құрастыру.
Бағалау	Оқу материалының маңызын анықтау, ол туралы өзіндік пікір келтіру, ойын білдіру. Бұл деңгей алдыңғы категориялардың оқу нәтижелелеріне қол жеткізуді меңзейді.

- ✓ Coursera - это онлайн-платформа для обучения различным предметам, включая компьютерные науки, здравоохранение и бизнес, с использованием видеоуроков.
- ✓ Podcasts - это аудио-эфирные программы на различные темы, которые можно использовать для обучения и преподавания.
- ✓ Screencastify - это инструмент для записи экрана, который может быть использован для создания видеоуроков и уроков.
- ✓ Edpuzzle - это онлайн-инструмент для создания интерактивных видеоуроков с вопросами и упражнениями для проверки понимания студентами.
- ✓ Vimeo - это платформа для хранения и просмотра видео, которая может быть использована для обучения и преподавания.

Облачные сервисы - это сервисы, которые предоставляют доступ к вычислительным ресурсам через интернет, включая хранение данных, обработку информации и совместную работу над проектами. Могут быть полезными для педагогов и обучения, включают:

- ✓ Google Диск - облачный сервис, который позволяет пользователям хранить и обмениваться файлами, включая документы, презентации, фотографии и видео.
- ✓ Dropbox - облачный сервис, который также позволяет пользователям хранить и обмениваться файлами, а также синхронизировать файлы между различными устройствами.
- ✓ OneDrive - облачный сервис, созданный компанией Microsoft, который позволяет хранить и обмениваться файлами, а также работать с ними совместно в режиме реального времени.
- ✓ iCloud - облачный сервис, разработанный компанией Apple, который предназначен для хранения и синхронизации данных между устройствами Apple, включая документы, фотографии, музыку и видео.
- ✓ Amazon Web Services (AWS) - облачный сервис, который предоставляет инфраструктуру для хранения данных, вычислений и разработки приложений.
- ✓ Microsoft Azure - облачный сервис, который предоставляет инфраструктуру для хранения данных, вычислений и разработки приложений, а также инструменты для анализа данных и машинного обучения.
- ✓ Google Cloud Platform (GCP) - облачный сервис, который предоставляет инфраструктуру для хранения данных, вычислений и разработки приложений, а также инструменты для анализа данных и машинного обучения.

Необходимо отметить, что сегодня во всем мире огромное внимание педагогического сообщества направлено на срочное формирование новых цифровых компетенций. Опыт последних лет показал, что в нынешних условиях педагогу необходимо максимально быстро учиться, осваивать современные технологии, овладевать новыми инструментами обучения и взаимодействия, а также внедрять в ежедневную работу все эффективные форматы обучения. Непрерывное обучение — вот к чему сегодня пришел весь мир и на чем будет строиться наше будущее. Непрерывное обучение и для обучающихся, и для педагогов — отныне только при таких условиях мы вырастим образованное, эрудированное новое поколение.

САБАҚ БЕРУ БАРЫСЫНДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Даирова Айзада Сеилхановна
оқытушы: биология пәні
колледж: КММ «Қарағанды машина жасау колледжі»

Аннотация: Мақалада педагогикалық, инновациялық технологияларды сабақ барысында қолданудың маңыздылығы айтылған. Қазіргі заманауи мұғалімнің жан жақтылығы білім

берудегі пайдасы.

Түйін сөздер: Инновация, технология, интерактивті әдіс, технологиялық инновация, иннотехник дәрежесі.

Инновация дегеніміз – бұл лабораториялық емес жаңа идеяны бірінші рет жүзеге асыру, ғылым жүзінде пайда болса да практикада негізделген. Жаңалық енгізу – мекемеге, ұйымға жергілікті аймақтық, мемлекеттік мекемелерге енгізілген үлгіге бағытталған.

Инновация сөзі латын тілінен аударғанда жаңалықты ендіру деген мағынаны білдіреді.

Инновация — кез келген жаңалық немесе жаңалықты енгізу ғана емес, бұл бүгінгі қолданыстағы білім жүйесінің тиімділігін арттыратын үдеріс. Инновациялық іс-әрекет — білім берудің кез келген деңгейінде инновациялық үдеріспен қамтамасыз ететін шаралар кешені және үдерістің өзі. Педагогикалық инновация білім беру жүйесін қайта құру, жетілдіру, модификациялау, өзгертуге байланысты немесе оның белгілі жақтарын, қасиеттерін және аспектілерін (жаңа заңнамалық акттерді, құрылымдарды, тұжырымдамаларды және интеграциялық байланыстарды және т.б. жасақтау. Инновациялық үдеріс ұйымның мақсаты, құрылымы, міндеттері, технологиясы және адам ресурстарын қамтиды.

Инновациялық әдістердің ең негізгісінің бірі – «интерактивті оқыту әдісі». Негізгі қағидасы - педагогикалық қарым - қатынас пен қарым - қатынас диалогы арқылы жеке тұлғаны қалыптастырып дамыту.

Интерактивті әдіс - тәсілдерді жиі пайдалану, әр сабақта оның мүмкіндіктерін түрлендіріп отыру – педагогтар қауымының басты міндеті. Интерактивтік оқу технологиясы (ИОТ) – деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоциялық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, білім алушыларға педагогикалық әсерлі танымдық қарым - қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушы мен білім алушының іс - әрекетін оқу - ойындар түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.

- | | | | |
|---|---|---------|---------|
| ✓ | Интерактивті әдістерге | мыналар | жатады: |
| ✓ | ◆миға шабуыл әдісі; | | |
| ✓ | ◆топпен жұмыс; | | |
| ✓ | ◆проблемалық шығарма әдістері; | | |
| ✓ | ◆рөлдік ойындар; | | |
| ✓ | ◆зерттеулер; | | |
| ✓ | ◆іскерлік ойындар; | | |
| ✓ | ◆сын тұрғысынан ойлау әдісі; | | |
| ✓ | ◆пікірталастар және т. б. | | |
| ✓ | Оқудың интерактивті әдістерінің үлгісі: | | |
| ✓ | «Ми шабуылы», «ми штурмы» («дельфи» әдісі) – бұл әдіс, берілген сұраққа кез - | | |

келген оқушы жауап бере алатын әдіс. Маңыздысы айтылған көзқарасқа бірден баға қоймау керек, барлығын қабылдау қажет және әрқайсысының пікірін тақтаға немесе парақ қағазға жазған дұрыс. Қатысушылар олардан негіздеме немесе сұраққа түсініктеме талап етілмейтінін түсінулері керек. «Ми шабуылы» хабарландыруды анықтау керек болғанда және қатысушыларының белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Технологиялық инновациялар – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен білім алушылар еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор үлес қосылады.

Қазіргі заманғы оқыту технологияларына келесі талаптар қойылады:

- оқыту мақсатының нақты қойылуымен, оның ғылыми негізделуі, іс - әрекетінің нәтижесінің жоғары сапалы болуы;
- оқу материалын толық қабылдау мүмкіндігінің болуы;
- оқу процесінде қарым - қатынастың еркін болуы;
- оны үнемі жетілдіріп, толықтырылып отыру мүмкіндігінің болуы.

Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады: Білім беруді ізгілендіру технологиясы — оқушыны азамат етіп тәрбиелеу, олардың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту баланың жаны мен жүрегіне жылылық ұялату (Ш.Амонашвили). Ойын арқылы оқыту технологиясы — дидактикалық, тәрбиелік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік мақсатқа жету. Ойындық іс — әрекеттің педагогикалық механизмі жеке бастық, өзіндік талап — талғамдарына сүйенеді. Баланың бойындағы білімділік, танымдық, шығармашылық қасиеттерін аша түсуді көздейді (Л. С. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин, З.Фрейд). Проблемалық оқыту технологиясы — оқушының өз бетімен ізденуге үйрету, олардың танымдық және шығармашылық икемділіктерін дамыту. Тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы — (В. Ф. Шаталов) мынаны көздейді — білім, білік, дағдыны қалыптастыру, барлық баланы оқыту, оқытуды жеделдету. Түсініктерді қабылдау арқылы оқыту технологиясы — (С. Н. Лысенкова) барлық баланы табысты оқыту. Оқу материалының бірізділігі, жүйелілігі, саралау, әр оқушыға берілетін тапсырманың қолайлығы, бағдарламаның кейбір тақырыптатырының қиыншылықтарын жеңу, қиын тақырыптады біртіндеп оңайлату әдісін қолдану. Деңгейлеп саралап оқыту — міндетті нәтижелерге негізделген. Білім, білік, дағдыны меңгерту, мемлекеттік стандарт көлемінде білім беру. Әр оқушыны оның қабілетімен мүмкіндік деңгейіне орай оқыту, оқытуды оқушылардың әртүрлі топтарының ерекшелігіне сәйкес бейімдеу, ыңғайлау. Бағдарламалап оқыту — (Б.Скиннер, Н.Краудер, В. Г. Беспалько) ғылыми негізде түзілген бағдарлама негізінде оқытудың тиімділігін арттыру, баланың жеке қасиеттерін ескере отырып оқыту. Оқытудың компьютерлік технологиясы — ақпаратпен жұмыс істей білуді қалыптастыру және қатынас қабілетін дамыту, жеке басты ақпараттық қоғамға даярлау. Мұнда оқыту оқушының тікелей компьютермен қатынасы арқылы орындалады. Өз-өздігінен даму технологиясы — (М.Монтессори) баланы жан — жақты дамыту, дербестікке тәрбиелеу, бала санасында нәрселер әлемімен ойлау әрекетінің бірігуі. Оқыту баланың дамуына сәйкес табиғи болуы керек, сонда бала өзін — өзі дамытады. Дамыта оқыту технологиясы — (Л. С. Выготский, Л. В. Занков, Д. Б. Эльконин, В. Б. Давыдов) баланы оқыта отырып жалпы дамыту, яғни бала бойында еркіндік, мақсаткерлік, ар — намыс қасиеттерін дамыту. Модульдік оқыту тетехнологиясы — (В. Б. Монахов) оқытудың тұтас технологиясын жобалау, алға қойған мақсатқа жетуді көздейтін педагогикалық үрдісті түзу, мұғалімге нәтижені талдап, түсіндіріп бере алатындай жүйені таңдау және құру. Оқушылармен жүргізілетін қиындықтың алдын алу және түзету жұмысының жүйесін жасау. В. А. Максимова технологияларды былай ұйымдастыруды ұсынды:

1. Ойын технологиалары;
2. Терминдік технологиялар;
3. Ақпараттық технологиялар;
4. Диалогтық технологиялар;
5. Құрылымдық ойлау технологиялары

Қазіргі пән оқытушыларының негізгі міндеті — білім беруді нәтижеге бағыттау, яғни инновациялық жаңа технологияны меңгеру екені баршамызға мәлім. Оқу үдерісіне қоғамның жаңа қажеттіліктеріне сәйкес инновациялық тәсілдерді енгізу, оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісін талап етеді. Осыған орай кез-келген оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын заманауи инновациялық технологияны меңгеруге ұмтылу керек. Себебі мемлекеттік білім стандартына сәйкес оқу үдерісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды, білім алушылардың білімін қадағалаудың инновациялық бақылау-өлшеу құралдарын енгізуді жүктейді. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы – оқытуды ізгілендіру, өзін-өзі дамытып, тәрбиелей білетін, заман ағымына ілесе алатын білікті, жан-жақты жеке тұлға қалыптастыруды мақсат етеді.

Білім беру жүйесі алдында тұрған талаптарды жүзеге асыру жолында ғалымдар мен педагогтар танымдық іс - әрекетті дамыту әдістерін іздестіруде. И. П. Павлов «... жақсы әдіспен талантты емес адам көп нәрсе жасайды, ал нашар әдіспен ұлы адамның өзі де текке жұмыс істейді» - деген болатын.

Міне, сондықтан жеке тұлғаны оқыту мен дамытудағы белгілі әдістердің ролін бағалай отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде адам ақыл - ойының «терең қайнарына бойлай алатын» әдістерді пайдалану жолындағы ізденістер мен ұсыныстар бүгінгі таңда өзекті деп санау қажеттігін айту керек.

Мұғалім иннотехник дәрежесіне көтерілу үшін инновациялық технологияларды меңгеру керек, содан кейін пән бойынша қандай тақырыпқа пайдалану керектігіне тиімді зерттеу жүреді. Яғни әрбір инновациялық технологияларды меңгереді, содан кейін меңгерген технологияларды апробациядан (сабақ барысында қолдану) өткізеді, мұғалім талдау жасай отырып, тақырыпқа сай технологияны таңдайды. Оқытушы білім алушының табиғи дарын, қабілетін ашу жас ерекшелігін ескере отырып, технология элементтерін тиімді пайдалана алу керек.

Осылайша, жоғарыда қарастырылған педагогикалық инновацияның болмысын ұғу амалдарындағы ортақ нәрсе олардың басты назары педагогикалық шығармашылықтың үдерісі мен нәтижесінде болуында. Барлық зерттеушілер білімнің инновациялық үдерістердің болмысын жаңа теориялық талдап, түсінік беруге, үздіксіз инновациялық қозғалысты қамтамасыз етуге қажеттілігін атап өтеді. Бұл қажеттілік, өз кезегінде мамандардың арнайы даярлау, соның ішінде педагогикалық инновация саласында құзыретті педагогтерді даярлау мәселелесін өзектендіреді. Инновациялық іс-әрекетке, үздіксіз инновациялық режимде жұмыс жасауға педагогтерді даярлау арқылы инновациялық білім беруді дамытудың сәттілігі анықталады. Осы даярлықтың маңызды құрылымдық бөліміне қоғамның, еңбек нарығының, тұлғаның, технологиялардың және үздіксіз ақпараттық ортаның жаңаруына өз кәсіби іс-әрекетінде оперативті әрекет етіп, икемді болу қабілеті жатады. Сонымен, педагогтің құзыреттілігі білім берудегі инновацияның дамуының тұрақтылығының маңызды шарттарының бірі. Сондықтан, педагог мамандардың кәсіби құзыреттіліктерін мақсатты дамыту- білімнің инновациялық дамуының маңызды факторы.

Қазіргі таңда осы айтылған технологиялар бойынша КММ «Қарағанды машина жасау колледжінде» сабақтар жаңа инновациялық технологиялар бойынша өтуде. Сабақ барысында оқушыларға интерактивтік тақта арқылы ойын түрінде тусіндіру өз нәтижелерін беруде. Терминдік және құрылымдық ойлау технологияларын ғаламтордағы (<https://learningapps.org/>) секілді парақшалармен жұмыс істеу өте тиімді. Бұл парақшада әрбір пән мұғалімі өзіне керек, тақырыпқа сай ойындар, суреттер, кроссворд т.б материалдар дайындай алады, сонымен қатар әрбір оқушы өз телефонынан немесе интерактивті тақтаға шығып жұмыс істей алады. Оқушыларға кітаптан бөлек мұндай жаттығулар материалды тезірек және қызықтырақ қабылдауға септігін тигізеді. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Инновациялық технологияны пайдалану — өмір талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

2. Скакун В.А. Введение в профессию мастера производственного обучения: Методическое пособие. - М.: Высш. шк., 2010 г.

3. Қабдықайыров Қ., Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А, 2015

4. Раджерс Э. Инновация туралы түсінік. – //Қазақстан мектебі, №4, 2011. «Әлеуметтік әріптестік жағдайында техникалық және кәсіптік білім беру», Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы №2 (26) 2013ж;

5. Шишов С.Е. Понятия компетенции в контексте проблемы качества образования. «Государства и образования, 2002 г»

6. Тренерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012., 6-766

КӘСІПТІК ОҚЫТУДАҒЫ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

Жауар Бауыржан Ушканбек улы
«Ауылшаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша
арнайы пән оқытушысы
Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының
№ 7 Бетқайнар колледжі КМҚК

Аннотация: Мақалада «Ауылшаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша кәсіптік оқытудың технологиялық интеграциясы қарастырылған.

Түйін сөздер: виртуалды шындық, тренажер, имитациялық технологиялар.

Кіріспе. Білім берудің үнемі өзгеріп отыратын ландшафтында теория, технология және практиканың конвергенциясы оқу тәжірибесін жаңа тәсілдермен анықтайтын инновациялық тәсілдерге әкелді. Технология оқу процесін жақсартатын құралдарды ұсына отырып, білім берудегі инновациялардың катализаторы ретінде қызмет етеді. Виртуалды шындық, толықтырылған шындық, интерактивті тренажерлер және онлайн ынтымақтастық платформалары студенттердің мазмұнмен өзара әрекеттесу жолында төңкеріс жасады. Технологияның интеграциясы оқыту әдістерін әр тараптандырып қана қоймайды, сонымен қатар студенттерді ХХІ ғасырдың цифрлық талаптарына дайындайды. Бүгінгі таңда ғылымда және қоғам өмірінде болып жатқан интеграциялық процестер техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының түлектерінің кәсіби дайындығына үлкен талаптар қояды, бұл өз кезегінде болашақ мамандарды даярлауды үнемі жетілдіріп отыру қажеттілігін тудырады. Осы қажеттілікті Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың жолдаған Жолдауынан: «Қазақстан үшін заманауи цифрлық технологиялар трансферті, Индустрия 4.0 элементтерін енгізу айрықша маңызды...Елімізге жас, білімді әрі ынталы мамандар керек» байқауға болады [1].

Ауыл шаруашылығын механикаландыру саласында трактор түйіндерін дұрыс құрастыруды үйрету үшін виртуалды шындық (VR) тренажерлерін пайдалану жеке тұлғаларды физикалық жабдықты пайдаланбай немесе оқу процесінде зақымдану қаупінсіз оқытудың инновациялық және тиімді әдісі болып табылады.

Комбайн тренажері-бұл виртуалды шындық бағдарламасы (VR) немесе комбайнның жұмысын имитациялауға арналған компьютерлік бағдарлама. Бұл машиналар адамдарға астық жинайтын комбайндарды қалай тиімді пайдалану және басқару керектігін үйрету үшін пайдалы. Олар егін жинауға қажетті дағдыларды үйрету және жетілдіру үшін қауіпсіз және бақыланатын ортаны қамтамасыз етеді.

Виртуалды тренажерлердің артықшылықтары:

- студент үшін қауіпсіз жұмыс кеңістігін құру мүмкіндігі, онда ол өз өміріне қауіп төндірмей әр түрлі дағдыларды игере алады
- оқытындардың қажеттіліктерін ескере отырып құрылған білім беру кеңістігін құру;
- автоматизмге жету үшін бірнеше рет қайталау мүмкіндігі
- үйлесімді сценарийлер мен әрекеттер;
- тез шешім қабылдау және әрекет ету қажет жағдайға сүңгу мүмкіндігі [2].

Виртуалды шындықта (VR) астық жинайтын комбайн тренажерін пайдаланудың бірқатар артықшылықтары бар, бұл оны астық жинайтын комбайнның жұмысын үйрету және таныстыру үшін тиімді және құнды құрал етеді:

Қауіпсіз оқу ортасы. Виртуалды тренажерлер бақыланатын және қауіпсіз жаттығу ортасын қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе астық жинайтын комбайндар сияқты ауыр техниканы басқаруды үйрену үшін өте маңызды, өйткені ол жазатайым оқиғалар мен жабдықтың зақымдану қаупін азайтады.

Шынайы модельдеу. Виртуалды шындық тренажерлері жоғары шынайы орталар мен

модельдеулерді жасай алады. Астық жинайтын комбайн тренажері нақты астық жинайтын комбайнның жұмысын, басқару элементтерін және физикасын дәл қайталай алады, бұл қызықты оқу тәжірибесін қамтамасыз етеді.

Тәжірибе. Виртуалды тренажерлер нақты жабдыққа қол жеткізуді қажет етпестен практикалық оқытуды қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе жаңадан бастаушыларға немесе астық жинайтын комбайнға тікелей қол жеткізе алмайтындарға пайдалы.

Қайталанатын тәжірибе. Студенттер нақты жабдықтың тозуы туралы алаңдамай, өз дағдылары мен техникасын жетілдіре отырып, астық жинайтын комбайнмен бірнеше рет жұмыс істей алады.

Ауа-райына тәуелділіктің болмауы. Ауа-райы жағдайлары далалық жұмыстарға айтарлықтай әсер етуі мүмкін. Виртуалды шындық тренажерлері ауа-райына, тәулік уақытына немесе орналасқан жеріне қарамастан оқытуға мүмкіндік береді, бұл тұрақты оқу мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Сценарийлердің әртүрлілігі. Комбайн тренажерлері тәжірибе үшін көптеген сценарийлер мен өрістерді ұсынады. Пайдаланушылар әртүрлі мәдениеттерді жинауды, әртүрлі жағдайларға бейімделуді және проблемаларды шешу дағдыларын дамытуды үйрене алады.

Дереу кері байланыс. Виртуалды шындық тренажерлері нақты уақыттағы өнімділік туралы Кері байланыс береді. Бұл кері байланыс егін жинау тиімділігі, отын шығыны және операция кезінде жіберілген қателіктер сияқты көрсеткіштерді қамтуы мүмкін.

Прогресті бақылау. Пайдаланушылар жақсартуды қажет ететін аймақтарды анықтау және дағдыларды дамыту мақсаттарын қою арқылы уақыт өте келе олардың үлгерімін бақылай алады.

Шығындарды үнемдеу. VR тренажерін пайдалану нақты астық жинайтын комбайндарда оқумен салыстырғанда үнемді. Виртуалды шындықты оқыту жанармай, техникалық қызмет көрсету немесе жабдық шығындарын қажет етпейді.

Кеңейтілген өзара әрекеттесу. Виртуалды шындықтың қызықты табиғаты оқуды қызықты әрі жағымды етеді. Пайдаланушылар интерактивті өзара әрекеттесу арқылы ақпаратты сақтап, дағдыларын арттырады.

Бірлескен оқыту. Кейбір виртуалды шындық тренажерлері пайдаланушыларға бірге жұмыс істеуге немесе шынайы егін жинау сценарийлерінде бәсекелесуге мүмкіндік беретін көп ойыншы немесе ынтымақтастық режимін қолдайды.

Сертификаттау және бағалау. Көптеген комбайн машиналары сертификаттау және бағалау нұсқаларын ұсынады. Бұл кәсіби дайындық пен құзыреттілікті ресми тану үшін пайдалы болуы мүмкін.

Бейімделу және теңшеу. VR тренажер бағдарламалық жасақтамасын оқытудың нақты қажеттіліктеріне және әртүрлі деңгейдегі пайдаланушыларға бейімдеуге және теңшеуге болады.

Қашықтықтан оқыту. Пайдаланушылар астық жинайтын комбайн тренажерінде оқуға қашықтан қол жеткізе алады, бұл Студенттерға да, нұсқаушыларға да оқу бағдарламаларына қол жеткізуге және қатысуға ыңғайлы етеді.

Виртуалды шындықта астық жинайтын комбайн тренажерін пайдалану астық жинайтын комбайнды пайдалану тәжірибесін үйрену мен алудың кешенді және тәуекелсіз әдісін қамтамасыз етеді. Бұл астық жинайтын комбайн операторларының біліктілігі мен қауіпсіздігін арттыруға арналған қуатты құрал.

Қорытындылай келе, кәсіптік білім беруде инновациялық технологиялық интеграцияны пайдалану студенттерді қазіргі әлемнің күрделілігіне дайындайтын оқу жағдайларын жасай алады. Виртуалды тренажерлерді пайдалану арқылы студенттер нақты техниканың зақымдану қаупін азайтады, қауіпсіз және бақыланатын ортада жаттығулар жасап, трактор түйіндерін құрастыруды сенімді түрде меңгере алады. Комбайн және трактор тренажері кабинетінде студенттер виртуалды түрде техниканың тізгінінде отырып, жер жырттып, астық жинап, егін шаруашылығының қыр-сырын үйренеді. Ал ауыл шаруашылығын механикаландыру кабинетінде виртуалды тренажердің көмегімен трактор тораптарын дұрыс жинауды үйренсе, дәнекерлеу ісі кабинетіндегі тренажер-симулятор білімгерлерге дәнекерлеу процесінің

дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қ-Ж. Тоқаев. Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі: Қазақстан халқына Жолдауы. 2021 жылғы 1 шілде // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysykasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555> 02.07.2021
2. Svistunov, A.A.: Otchet o rezul'tatah analizarossijskogo i zarubezhnogo opyta praktiki primenenija v obrazovanii jelektronnyh obrazovatel'nyh resursov, virtual'nyh trenazherov i praktikumov, simuljatorov, baz znaniy v oblasti Farmacija (Report on the results of the analysis of Russian and foreign experience in the use of e-learning resources in education, virtual simulators and workshops, simulators, knowledge bases in the field of Pharmacy). <http://www.gmp-mma.ru/Razrabotka2/Otchet-elektronnye%20resursy-3etap.pdf> (2015). Accessed 21 Mar 2019

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кусбаева Асель Наурызбайқызы
Алматы қаласы, «Бөбек» Ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және
сауықтыру орталығы, «Бөбек» колледжі, «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»
мамандығының арнайы пән оқытушысы

Аннотация: Мақалада мектепке дейінгі мекемелердегі цифрлық технологиялардың платформалары, олармен болашақ тәрбиеші маманының жұмыс істей алуы, цифрлық технологияның бірнеше артықшылықтары өзекті мәселе ретінде қарастырылды.

Түйін сөздер: цифрландыру, цифрлық технологиялар, блокчейн, цифрлық білім беру ортасы, платформа, интерактивті тақта, мобильді кітапхана, онлайн сервистер.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, білім беру үдерісіне цифрландыру жүйесі өте қажет. Бұл жүйе білім беру сапасын жақсарту, жаңа ақпараттық технологияларды дамыту, мекеменің әкімшілік және басқарушы қызметкерлері үшін қағаз процестерін жеделдету үшін де өте тиімді.

Ғылым мен техниканың дамуы, әмбебап компьютерлендіру, мектеп жасына дейінгі балалардың ролін арттыруды айқындайды. Балабақшадағы ақпараттық коммуникациялық технологиялар – заманауи мектепке дейінгі тәрбиелеудің жолдарының бірі.

Цифрлық технологиялар дегеніміз – бұл бұрын соңды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Бүгінгі күні бұл технологиялар әлі де күнде дамып, жасақталу үстінде.

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енуде, «Цифрлық» тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Цифрландыру үдерістің және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді.

Білім беру жүйесінде толық ашықтық пен әділдік болуы үшін барлық ақпарат порталда ашық қолжетімділікте болып отыр. Мысалы, балабақшада кезек жүріп жатыр ма? ақпараттар ашықтығы айқын көрінеді. Бұл блокчейн деп аталады, бұл ақпараттың ашықтығы болып отыр.

Бүгінде мектепке дейінгі білім беруде балабақшаларға автоматты түрде бөлу жүйесі енгізілген. Жолдаманы электронды беру, процесті автоматтандыру тікелей байланыстар,


рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етеді, өйткені мұның бәрі автоматты режимде іске асырылады [1].

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде цифрлық технологияны қолдануда өзекті мәселелердің бірі болып отыр, колледждегі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығының студенттері цифрлық технологияның платформаларын кеңінен қоданып, тақырыпқа байланысты дидактикалық ойындар, ертегілерді презентациядағы анимациялар арқылы көрсету біліктілігін игеруде. Соның негізінде: Lumio, Educoplay, платформалары арқылы балаларға дидактикалық ойындар құрастыруға болады. Сондай-ақ «Padlet» бағдарламасы арқылы студенттер ертегі желісін дайындады.

АҚТ көмегімен дидактикалық ойынды дамыту және құру үшін әртүрлі талаптар мен мақсаттарға сәйкес келетін көптеген бағдарламалар мен қосымшалар бар. Бірақ осы жиынтықтың ішінде бірнеше сұранысқа ие және икемді қызметтер бар, олардың бірқатарына тоқталсақ, LearningApps.org және WordWall.

Learning Apps және WordWall интерактивті тапсырма құрастырушысы интерактивті модульдер (жаттығулар) арқылы оқу үдерісін қолдауға арналған. Пайдаланушылар қол жетімді модульдерді қолдана алады, оларды өзгерте алады және ұсынылған конструктор мен шаблондарды қолдана отырып, жаңа модульдер жасай алады. Қызметтер бізге дайын интерактивті жаттығуларды және ұқсас немесе жаңасын жасау арқылы жаңа жаттығуларды әзірлеу мүмкіндігін ұсынады.

Learningapps.org, WordWall сізге онлайн режимінде әртүрлі интерактивті тапсырмаларды жасауға және пайдалануға мүмкіндік береді: викториналар, мәтінге рұқсаттарды енгізу, басқатырғыштар, жұп таңдау және тағыда басқа қызметтер бар. Сайтта танымал және пәндік бағыттар бойынша ұйымдастырылған дайын интерактивті жаттығулар бар. Интерактивті дидактикалық материалдарды жасауға арналған 20-дан астам шаблон бар. Жаттығулар білім деңгейі бойынша сараланған [2].



Сурет -1. WordWall платформасында дидактикалық ойындар үлгісі

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда цифрлық технологияның бірнеше артықшылықтары бар:

- компьютер экранында ақпаратты ойын түрінде көрсету балалардың үлкен қызығушылығын тудырады;
- мектеп жасына дейінгі балаларға түсінікті бейнелі ақпарат түрін алып жүреді;

- қозғалыстар, дыбыстар, анимация баланың назарын ұзақ уақыт бойына назар аудартады, ертегі желісін тыңдайды, анимациялар арқылы көріп, балалардың қиялы ұштала түседі;

- проблемалық тапсырмалар, олардың компьютердің өзі дұрыс шешу арқылы баланы мадақтау, балалардың танымдық белсенділігін ынталандырады;

Мектепке дейінгі мекемелерде қолданылатын цифрлық білім беру ортасын қалыптастыру тәжірибесімен таныстырсақ, Мектепке дейінгі білім беру ортасында келесі формаларды қолданады:

1. Бұлтты есептеулер.
2. Балабақша сайты.
3. Интерактивті тақта.
4. Мультфильмдер студиясы.
5. Дизайн және роботехника.
6. Мультимедиялық веб-сервисстер;

Бұлттық есептеулер – бұл компьютер ресурстары мен қуаты пайдаланушыға Интернет қызметі ретінде берілетін таратылған деректерді өңдеу технологиясы. Бұл технологияны енгізу оқу үдерісін жеңілдетеді, сонымен қатар педагогтар мен мектепке дейінгі мекеме басшыларының тиімділігін арттырады.

Басты артықшылығы - бұл «бұлтта» сақталған ақпаратқа оңай, кез келген жерде және тәулік бойы қол жеткізу, дискіге кіру мүмкіндігі бар кез келген адам ала алады, логин мен пароль, сілтеме, сондай-ақ Интернетке қол жетімділік. Осылайша біз құжаттарды, ақпараты бар папкаларды, файлдық шкафтарды, жоспарларды, жарыстар туралы ережелерді де сақтаймыз. Тәрбиеші, әдіскерлер кез келген уақытта өздерін қызықтыратын нәрсені қарап, қажетті материалды жүктей алады. Мектеп алды сынып педагогтері де онлайн-педагогикалық қауымдастықтардың өміріне белсенді қатысып, тәжірибе алмасады. Smart Nation платформасы – мемлекеттік қызметтерді автоматтандыратын білім беру ұйымдарын басқару жүйесін және мектепке дейінгі ұйымдардың жалпыға қолжетімді тізілімін біріктіретін платформа болып табылады.

Сайтта мектепке дейінгі білім беру мекемесінің педагогтар туралы барлық ақпарат, құжаттар, сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру мекемесінің мамандарынан ата-аналарға арналған бейнематериалдар берілген. Сайт үнемі жаңартылып отырады. Ата-аналар өздері үшін пайдалы ақпаратты оңай қарап, оқи алады, мектепке дейінгі білім беру мекемесінің құжаттарын аша алады.

Тәрбиешілер мен ата-аналар арасында жедел және сындарлы өзара әрекеттесу үшін бірыңғай ақпараттық кеңістік құру мақсатында ата-аналармен қарым-қатынас және өзара әрекеттесу процесінде әлеуметтік желілер мен мобильді мессенджерлерді пайдалану жоспарланды.

Тақырыптық апталықтар онлайн режимінде өткізілді. Сондай-ақ YouTube арнасында дене шынықтыру нұсқаушысы таңертеңгілік жаттығулар кешендерін, ал логопедтер балаларға үй тапсырмалары мен жаттығуларды жазады.

Интерактивті тақта – бір уақытта бірнеше сезім мүшелерін (көру, тактильді, есту) қолданатын әмбебап құрал, бұл балалардың ынтасын арттыруға және тақырыпты жақсы түсінуге көмектеседі. Бұл балалардың оқуын жаңа деңгейге көтеруге, балалармен сабақты қызықты, көрнекі және қызықты етіп өткізуге және тәжірибе көрсеткендей, оң нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Смарт тақтаны логопедтер, психологтар, тәрбиешілер белсенді пайдаланады. Мұғалімдер интерактивті тақта арқылы сабақтарда қолдануға арналған жаттығуларды үйренеді және өз бетімен жасайды. Интерактивті тақта арқылы мобильді кітапханадағы QR -код арқылы қажетті ертегілердің аудиода тыңдап, бейне арқылы көре алады. Сонымен қатар, бұл балалардың бейнематериалдарды пайдалана отырып, балалармен жаттығулар, саусақ және артикуляциялық гимнастика, тіл ұстарту жаттығулары орындалады.

Анимациялық студия – бала мен тәрбиешінің мүлде жаңа өнім – «мультфильмді» жасаудағы бірлескен іс-әрекетіне негізделген мультимедиялық және техникалық құралдарды

пайдаланатын заманауи технология. Мультфильмдер студиясын пайдаланудың педагогикалық құндылығы – балаларды жан-жақты дамыту. Бұл технология барлық білім беру дағдысында баланың дамуына ықпал етеді.

Робототехника дизайн негіздері мен негізгі бағдарламалауды үйрету арқылы мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының ғылыми, техникалық және шығармашылық әлеуетін дамытуға арналған [3].

Мектеп жасына дейінгі балаға арналған ойын-жаттығулары – бұл баланың дамуын анықтайтын жетекші қажеттілік. Ойын-жаттығулар балалардың психикалық және физикалық дамуы үшін басқа әрекеттермен салыстырғанда үлкен мүмкіндіктерге ие.

Негізінен тәрбиешінің де онлайн тақталармен жұмыс жасауы үшін бірнеше дағдылары болуы қажет. Цифрлық технологияның негізі онлайн сервистердің біріне тоқтайық:

-Программалармен жұмыс: Google Презентация, Canva.com.

Онлайн тақталар: Miro, Jamboard, Padlet, т.б;

-Онлайн тақтаның бағдарламалық құралдарын оқу, оның көмегімен іс-әрекеттер мен балаларға дидактикалық ойындар жасауға болады. Онлайн тақталарды «Сурет салу» ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде тиімді. Балаларға бейнені салу тәсілін көрсету арқылы әр түрлі түстерге назар аударып, шығармашылық қабілеті дамиды.

Осындай тиімді бағдарламаларға тоқтала кетсек:

Google Презентация бағдарламасының ең маңызды және ыңғайлы мүмкіндігі - жасалған презентацияларға, ол құжат немесе электрондық кесте болсын, интернетке қосылған кез келген компьютерден немесе мобильді құрылғыдан оңай қол жеткізу.

Келесі тағы бір пайдалы бағдарламалардың бірі - Canva.com. Бұл дизайнды жаңадан бастағандар мен тәжірибелі кәсіпқойлар үшін тамаша тегін графикалық редактор. Canva бағдарламасының артықшылықтары - қолдану жеңіл; Сервис оны дизайнер мамандары емес, жаңадан бастағандар пайдалана алатындай етіп жасалған. Әртүрлі мақсаттарға арналған дизайнды таңдау мүмкіндігі. Canva үлгілерінің кең каталогында көптеген қызметтерді атқаруға болады.

Мектепке дейінгі мекемелерде балаларға назарын аудартатын, түрлі-түсті суреттермен безендірілген презентациялар дайындау, белгілі бір тақырыпқа байланысты сәйкес суреттер, дауыстарды қою арқылы балалардың білімін дамытып, бекіту мақсатында да қолдану ыңғайлы. Мысалға, презентацияға жан-жануарлардың суретін қойып, көрсету арқылы, олардың даусын салып беруді сұрау. Топ шынайы қарым-қатынас атмосферасына кіріп, онда балалар өз көргендерінен эмоцияларды білдіруге ұмтылып, ұсынылған тапсырмаларды ықыласпен орындайды және жаңа материалға тұрақты қызығушылық танытады. Бала тілін дамытуда иллюстрациялар мен сюжетті суреттерді тексеру балалардың дамуына көмектеседі: зейін, есте сақтау, ұсақ моторика, ойлау және сөйлеу, көру және есту қабылдауын дамытады.

Қорыта айтқанда, тәрбиеші заман талабына сай, жан-жақты болуы шарт, аталған талаптарды орындау үшін жаңа заманауи тәрбиеші маманы кез келген жаңашылдыққа бейімделе алуы қажет. Мектепке дейінгі мекемелерде цифрлық технологияны пайдалану білім сапасын арттырып, жеке және топпен бірлесе еңбек етуге мүмкіндік туғызып, педагогикалық әрекет жағынан тәрбиешінің жұмысы жеңілдетіп, балалардың танымдық белсенділігі артып, дамуына септігін тигізетіні айқын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Г.П. Мажихбаева, Н.Х. Маметжанова, Л.Ә. Рсалина Білім берудегі цифрлық технологиялар, Оқу-әдістемелік құрал, Алматы 2022жыл.

2. Мыца А.Ю., Обердерфер И.Ф., Мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру кезінде цифрлық платформаларды пайдалану. //Мектепке дейінгі білім берудегі ақпараттық технологиялар. Қарағанды 2023ж.

3. Ю.В. Сенькова, Применение современного цифрового оборудования в деятельности педагога ДОУ. // Новосибирск 2021ж.

«ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГТЕРГЕ ҚОЛДАНУҒА БОЛАТЫН ЦИФРЛЫҚ РЕСУРСТАР»

Кожина Саягуль Саматовна
«Менеджмент, бизнес және білім колледжі»
Астана қ.

Аннотация: Мақала мазмұны болашақ ұстаздардың құзіреттілігін қалыптастыруда өндірістік тәжірибе кезеңінде, сабақ барысында, сабақтан тыс уақыттарда және қашықтықтан басқаруда онлайн сервистердің түрлерін үйрену пайдасы және мұғалімнің жеке веб-сайтын ресурстар жинағы ретінде қолданудың маңызы жайлы ақпарат беріледі.

Түйінді сөздер:

Цифрлық Қазақстан, құзіреттілік, жаңашыл педагог, болашақ ұстаз, интернет-сервистер.

«Ескіден қол үзбей, жаңаға қол жеткізгендер ғана мұғалім бола алады», - деген қытайдың ойшылы Конфуций. Сонымен мұғалім өткен тәжірибесін жаңамен ұштастыра алатын кәсіби қызығушылығы жоғары, танымы биік, кәсіптік салаға бағытталған білімі, іскерлігі мен дағдысы бүгінгі және ертеңгі ғылым мен практиканың талаптарына сай болуын қажет етеді. Бұл, болашақ мұғалімдердің кәсіптік және тұлғалық өсуін қамтамасыз ете отырып, орта білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы жетілдіріп отыруды алға тартады.

Сондықтан қазіргі кезеңе білім беру саласының алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында интернет-ресурстармен тиімді жұмыс істеу өз бетінше жүзеге асыра алу мүмкіндігі кәсіби құзыреттілік белгілерінің бірі болып табылады.

Қазіргі студенттердің бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру заман талабы болып табылады. **Құзыреттілік** – бұл алынған білімдерін күнделікті өмірде практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.

Қазіргі заманғы жаңашыл педагог қаншалықты білімді, шығармашыл болса, оның құзіреттілік аясы да соғұрлым кең болмақ.

Білім беру саласын цифрландырудың ең басты мақсаты – білім беру сапасын арттыру.

Студенттер болашақ педагог ретінде, жаңашыл ұстаздар сүйенетін құжаттар, ақпараттық ресурстар жайлы ақпарат ала отырып, өзі іздену арқылы білімін толықтырып отыру үшін бағыт бағдар алады;

Қазіргі заманға сай жаңашыл ұстаздың бейнесін ашу, жұппен, топпен жұмыс жасай білуге, өз ойын ашық айтып, пікір алмасуға дағдыландыру, “ұстаз” мәртебесін шыңдауға тәрбиелеу

- Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызын түсінеді

- «Цифрлық Қазақстан»: индустриялық әлемдегі білім саласындағы өзгерістер туралы ақпарат алады

- Ұстаға өз жұмысын тиімді ұйымдастыруда қолдануға болатын Интернет ресурстармен танысады

Осыған байланысты Ұстазға болашақ педагогтарды дайындауда, саны көп интернет-ресурстарды (эл.оқулық, қажетті сайттарға, заңдарға сілтемелер, электрондық кітапхана, онлайн тест тапсырмалары, видеосабақтар мен фотоларға, т.б.) бір жерге тоғыстыртын құрал ретінде сайт-конструкторларды қолдану ұсынылады.

Мұғалім қызметінде, өзіне қажетті, студенттерімен жұмыста үнемі қолданатын

интернет-сервистерді айқындап алсақ. Мәселен, Барлықтарымызға белгілі YouTube видеохостингі, gmail почтасы, Google карта болуы мүмкін. Одан кейін, Google диск барлық құжаттарымыз жүктейтін, Google фото әдетте сабақтардан түсірген фотоларды осы сервисті, педагог сабақ өткізетін Teams, Zoom, Скайп сияқты т.б. түрлі бағдарламалар бар, оларды студенттер де қолдануда.

Осы интернет-сервистер мен қоса құжаттар, видео, фото, файлдар, бәрімен бірге жұмыс істеуде ұстазға қиындық тудырады, оның үстіне, ол ресурстар уақыт өткен сайын, көбеймесе азаймайтыны анық.

Болашақ педагогтарды тәрбиелеуде, кабинеттегі құрал-жабдықтардың әрқайсысының қалай орны болса, кітапханалардағы кітаптар белгілі салаға сәйкес қалай топтарстырылған болса, дәл солай, ұстаз өзінің күнделікті қолданып жүрген ақпараттарын бір жерге топтастырып, әр ресурстарды жеке-жеке парақшалар немесе батырмалар жасап, реттестіріп салуына болады. Осы мәселені шешуде, бізге көмекші құрал ретінде сайт конструкторларын қолдануды ұсынамын. Мысалы: sites.google.com, wix.com, tilda.cc, т.б.



Барлық жинақталған 100-200, тіпті мыңға жуық сілтемелеріңіз болса, дәл осылай сайтқа: Нормативті құжаттар, Интернет–ресурстар, сабаққа қажетті материалдар, электронды оқулықтар батырма ретінде жинақтап орналастыруға болады.

Бұндай сайттың пайдасы да мол. Мәселен, жариялауға арналған материалдарды өзі таңдайды, жазбалар жазады және рәсімдейді, сонымен қатар, сайттың орындалу сапасы және оған арналған мазмұнды таңдау өзінің құзырында болады.

Қазіргі білім берудің басты шарттарының бірі – оқушының өзіне керекті мәліметті өзі іздеп табуына үйренуі, өз оқу траекторияларын таңдай білуі. Ал сайт арқылы: оқушылар ұстаз жұмысына қатысты өзекті ақпаратты қайдан іздеу керектігін біледі. Олар өзіне керек сыныптан тыс жұмыстардың, іс-шаралардың кестесін көре алады, қажетті файлдарды ұстаздан сұрамай-ақ кез-келген уақытта жүктей алады және т. б.

Бұл заманауи тәсіл, оқушыларымен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынас жасаудың өзекті ресурсы.

Бұл болашақ ұстазға да өз материалдарын орналастыруға және сақтауға ыңғайлы алаң. Жұмыс бағдарламалары, сабақ жоспарлары, пайдалы мақалалар мен сілтемелер, оқу және әдістемелік әдебиеттер тізімі әрқашан қолында болады. Бұл жағдайда деректерді кез – келген форматта сақтауға болады (мәтіндік, фото, видео, презентация).

Қорытынды.

«Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем» демекші, болашақ ұстаздар қауымы өз білімін жетілдіру, оқу, күн сайын жаңа интернет-ресурстарын үйренуі шарт.

Жаңа формациядағы – ұстаз – ізденімпаз өзіне талап қоя білетін, кәсіби – құзырлылық

және шеберлік деңгейі жоғары, шығар тауы биік маман.

Ал білім алушылары жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдісте бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену, ұстаздар қауымына да жүктелген зор міндет екенін түсіну керек.

Сол жағдайда ғана білім алушылардың тұлғалық болмысы қалыптасып, егеменді еліміздің ертеңіне лайықты ұл мен қызы болатын жас ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздардың көбейтетініне кәміл сенуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ТжКОБ цифрлық трансформациясы <https://kasipkor.kz>
2. Білім-беру-жүйесінде-интернет-ресурс <https://ulagat.com/2021/01/27/>
3. Савелова Е. В. Цифровые образовательные ресурсы в школе: методика использования. 68б.
4. Интернет-ресурс <http://edunews.kz/sciense/1542-blm-berudeg-aparatty-tehnologiyalandyrudy-zektlg.html>
5. **Конструктор сайтов Tilda Publishing** <https://tilda.cc/ru/>
6. «Тиімді оқыту мен оқу» «НЗМ» ДББҰ, 2016ж
7. Интернет-ресурс <https://stud.kz/prezentatsiya/id/19481>
8. **«Мектептегі мұғалім көшбасшылығы»**, «НЗМ» ДББҰ, 2016ж
9. Интернет-ресурс <https://bilimger.kz/130421/>
10. Цифрлы педагогика. Оқулық. К.Д.Бузаубакова, http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html

ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ - ТҮРЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Муканова Айнұр Серікқызы

**Арнайы пәндер оқытушысы, техника және технология магистры
Астана қаласы әкімдігінің «Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКК**

Аннотация: Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім беру үрдісіне цифрлық технологияларды енгізу оқу үрдісіне өзгертулер енгізуді қажет етеді. Оқытудың дәтүрлі әдіс тәсілдерін инновациялық формаларына бағыттаудың маңызы артып келеді. Цифрлық технологиялардың бағыттарына байланысты түрлері мен олардың беретін мүмкіндіктеріне тоқталатын боламын.

Түйін сөздер: цифрлік ресурстар, IT-технологиялар, педагогикалық қызметкер, кәсіби маман, мультимедиялық қосымшалар, онлайн, қашықтықтан оқыту.

Білім беру үрдісінде жаңа цифрлық ресурстарын пайдалану және оны жүзеге асыру – ақпараттық қоғамның негізгі көзі.

Цифрлық білім беру ресурстарын қолдану жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру - беру жүйесін одан әрі дамытудың негізгі міндеттері десек те болады. Цифрлық білім беру ресурстары дидактикалық және оқыту құралы -IT-технологиялар саналатындығы сөзсіз.

Қазіргі уақытта цифрлық технологиялар өндірістің әр саласында дамуда, оның ішінде білім беру саласына да үлкен әсер етуде. Оның бірден бір көрінісі 2019-2020 жылдардағы қашықтықтан оқу форматына әкелген карантин уақытын айтуға болады. Қашықтықтан оқыту форматы таңсық емес әрине, алайда жаңа бағыттағы форматтар мен мультимедиялық қосымшалар, бағдарламалардың жаңа түрлерін меңгеріп, оқу процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету басты мақсат болды.

Педагогикалық қызметкерлер кәсіби маман даярлаудағы орны ерекше, сол себепті заман

талабына сай жаңа бағыттар мен креативті идеяларды жүзеге асырушы тұлға ретінде біліктілігін үнемі арттырып отыруы тиіс.

Цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың педагог қызметкерлер мен студенттерге маңыздылығын атап өтсек:

Педагогикалық қызметкерлер үшін.

- дәріс және практикалық сабақтарды өткізге;
- бақылау-бағалау материалдарын әзірлегенде;
- дәрістерге материалдар дайындау барысында, жобалау қызметінде;
- жиналыс, мәжілістерде сөйлеген кезде;
- ТЖКБ өз ұйымының ішінде де, әрі білім беру ұйымдары арасында да тәжірибе алмасқанда ең үлкен әсер береді.

Студентке IT-технологияларды келесі жағдайларда пайдаланған кезде:

- оқу материалын тереңірек қабылдау үшін;
- жобалау қызметінде;
- мультимедиялық шығармалар жасағанда;
- презентациялық қызметінде;
- локалдық және жаһандық желіде ең көп әсер береді.

Цифрлық білім беру ресурстарын бағыттарына қарай келесі түрлерге бөлуге болады:

- Оқытуды басқару жүйесіне арналған құралдар (eTutorium, Moodle, Ispring, Teachbase)
- Онлайн кездесулерге арналған құралдар (PRUFFME, GoogleMeet)
- Презентация құруға арналған сайттар мен бағдарламалар (Prezi, Canva)
- Электрондық оқу материалдарының Онлайн-конструкторлары (Socrative, ProProfs, Easy TestMaker, Plickers)
- Интерактивті онлайн тапсырмалар құруға арналған бағдарламалар (Wordwall, Timeline)
- Анимациялық презентациялар мен видеолар жасауға мүмкіндік беретін онлайн сервистер (POWTOON, Vyond, GoAnimate)

Оқытуды басқару жүйесіне арналған құралдар:

eTutorium - онлайн курстар, вебинарлар құруға арналған платформа, көп функциялы қызмет етеді. Бейне және аудио материалдарды, суреттерді, виртуалды тақтаны пайдалану қол жетімді, онда мұғалім не айтылғанын түсіндіре алады. Оқушылармен екі жақты байланыс қамтамасыз етіледі.

Moodle - электрондық оқыту білім алудың заманауи түрі ретінде қашықтықтан білім беруді кеңінен қолдануды көздейтін оқу үрдісіндегі технологиялар. Білім беру ордаларында осындай технологияларды енгізу нұсқаларының бірі тегін таратылатын Moodle бағдарламалық пакеті (Modular Object Oriented Dynamic Learning Environment – модульдік объектіге бағытталған динамикалық оқу ортасы).

iSpring - оқу курсы белгілі бір стандарттар мен ерекшеліктерге сәйкес құрылымдалған электронды оқу материалын білдіреді. Бұл материал PowerPoint-те жасалған, мәтін, графика, мультимедиа-элементтері (анимация, аудио, видео), тест/сауалнама, тіпті оқушылармен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі (интерактивтілік) кіретін сабақ немесе курс.

Teachbase (қаз. Тичбейс) - бұл қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған онлайн-жүйе, ол оқу курстарын әзірлеуге, оқытуды жүргізуге, статистика мен нәтижелерді одан әрі талдай отырып тестілеуді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Онлайн кездесулерге арналған құралдар:

Pruffme.com - вебинарлар, бейнеконференциялар, интерактивті дашбордтар мен тақталар, курстар, тесттер мен сауалнамалар құруға және өткізуге арналған онлайн платформа. Pruffme - курстар, тесттер, вебинарлар мен сауалнамалар құруға және өткізуге мүмкіндік беретін қызмет. Платформа әлемнің кез-келген нүктесінен байланыс пен оқуға кең мүмкіндіктер ұсынатын бағдарлама.

Google Meet (бұрынғы *Hangouts Meet*) – кез келген көлемдегі компанияға үйлесетін және бейнеконференциялар, қашықтан әңгімелесулер, вебинарлар, виртуалды тренингтер, қашықтан сұхбаттар өткізуге мүмкіндік беретін Google Hangouts платформасының бизнеске бағытталған нұсқасы. Бастапқыда бұл өнім бизнеске арналған қорғалған бейнеконференциялар сервисі ретінде құрылған болатын, қазіргі уақытта тегін және барлығына қолжетімді.

Презентация құруға арналған сайттар мен бағдарламалар

Prezi - бұл ерекше құрылымы бар интерактивті мультимедиалы презентация жасауға көмектесетін, ақпарат беруші веб-сервис. Prezi Video Zoom, Microsoft Teams, Google Meet, Slack және Cisco Webex сияқты танымал бейнеконференция және ынтымақтастық құралдарымен жұмыс істейді және

қазіргі гибриді жұмыс орнының ажырамас бөлігі болды.

Canva - бұл керемет дизайн құралы, оны қолдану өте оңай және бұл сізге тәжірибе болмаса да, өте кәсіби нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Бұл құралдың жағымды жақтарының бірі - Интернеттен басқа, IOS және Android үшін қосымша нұсқасы бар, сондықтан сіз өзіңіздің дизайныңызға компьютерден және ұялы телефоннан кіре және өңдей аласыз.

Электрондық оқу материалдарының Онлайн-конструкторлары

Socrative - викториналар, дауыс беру, сауалнамалар мен тесттерді тез құруға мүмкіндік беретін ақысыз қызмет. Сонымен қатар, Socrative нақты уақыттағы тестілеу нәтижелерін тез қарап шығуға және бүкіл топтың ғана емес, әр оқушының үлгерімін бағалауға мүмкіндік береді. Бір уақытта 50 адамға дейін тестілеуге болады.

ProProfs QuizMaker – тестілеу және басқа оқу және бақылау материалдарын жасауға арналған веб-қызмет. Кәсіби мамандарға, университеттерге бағытталған. Оны сервисті жасаушылар стандартталған емтихандарға дайындалуға ыңғайлы алаң ретінде жариялады. ProProfs әртүрлі құралдарды ұсынады: сөздік флэш-карталары, математикалық оқулықтар, тәжірибелік сұрақтар және симуляциялық тесттер, оқу ойындары.

Easy Test Maker - бұл тегін онлайн тест генераторы. Сіз бірнеше жауапты таңдау арқылы, бос өрістерді толтыру сияқты, сәйкестіктерді табу, қысқа жауап беру және "шын" немесе "жалған" сұрақтары және т.б. тесттер жасай аласыз. Сондай-ақ, нұсқауларды енгізіп, оларды әртүрлі бөлімдерде жасау арқылы сынақтарды бөлуге болады. Кірістірілген тесттерді тексеру кездейсоқ теруді болдырмайды.

Plickers сервисі сыныптан жылдам кері байланысты жүзеге асыруға мүмкіндік береді (ата-аналар аудиториялары, тыңдаушылар), мобильді дауыс беру және фронтальды өткен немесе ағымдағы материал бойынша оқу сабағы кезіндегі сауалнамалар, сабаққа қатысуды лезде есепке алу. Мобильді қосымшамен жұмыс бірнеше минуттан аспайды. Сауалнама нәтижелерін алу сабақта ұзақ тексерусіз өтеді. Смартфондардың болуы немесе компьютерлер білім алушыларға қажет емес.

Интерактивті онлайн тапсырмалар құруға арналған бағдарламалар:

Wordwall - интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функциялы құрал болып табылады. Үлгілердің көпшілігі интерактивті және баспа нұсқаларында қол жетімді. Көптеген мұғалімдер бұл қызметтің орыс тіліндегі нұсқасына риза болады. Интерактивті компьютер, планшет, телефон немесе интерактивті тақта сияқты веб-интерфейсі бар кез-келген құрылғыда ойнатылады. Оларды студенттердің өздері немесе мұғалімнің жетекшілігімен студенттер сынып алдында кезекпен ойната алады.

Timeline - уақыт кестесі-хронологиялық ретпен оқу материалын құруға арналған құрал. Уақытты сіздің сабағыңызды әртараптандыратын қызықты оқиғаға айналдыруға болады. Ал мұндай сервистерді Жобалық жұмыс ретінде пайдалану білім алушылардың танымдық қызығушылығын, сыни ойлауын, оқу материалын талдай, жіктей білуін және т. б. дамытуға ықпал етеді.

Анимациялық презентациялар мен видеолар жасауға мүмкіндік беретін онлайн сервистер:

PowToon - бұл анимациялық презентациялар мен анимациялық білім беру, бейнелерін жасауға мүмкіндік беретін онлайн платформа. Оның атауы PowerPoint бағдарламасының атауы мен Cartoon сөзінің тіркесімі болып табылады, бұл бізге ресурстың мүмкіндіктері туралы да айтады. Қызмет қосымша ақылы функциялармен ақысыз. Google немесе басқа әлеуметтік шоттар арқылы тіркеуге болады. Chrome браузері үшін кеңейтім бар. Тегін нұсқаның жарамдылық мерзімі шексіз.

Аталған оқыту нәтижелерін негізге ала отырып, білім беру барысында білім алушыларға берілетін экономикалық түсініктерді, мамандықтарына бейіндеп оқыту арқылы білім алушыларға тек экономика ұғымын түсіндіріп қана қоймай, қол жеткізер мамандықтары мен экономика саласының байланысын, мамандықтарының экономикалық дамудағы рөлін толықтай меңгертуге болады.

Толығырақ «Архитектура» мамандығының «Техник-жобалаушы» біліктілігінің мазмұнына тоқталсақ:

- Құрылыс саласындағы негізгі экономикалық мәселелерді меңгеру;
- Өндіріс түсінігі, құрылысқа қажетті өндірістік шикізаттар;
- Тауар ұғымы, құрылыс саласындағы тауар;
- Құрылыстағы өндірістік, тұрақты және өзгермелі шығынды есептеу;
- Инфляция және құрылыс саласындағы инфляцияның экономикалық салдарын ұғыну;
- Құрылыс бәсекелестігінің рөлін меңгеру;
- Табыс ұғымын, құрылыстағы табыс пен пайданы есептеу;
- Құрылысты қаржылық жоспарлау түрлері мен әдістерін игеру және әлемдік экономикалық дамудағы құрылыс саласының рөлі деген тақырыптар қарастырылады.

Ал, «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» мамандығының «Техник-механик» біліктілігінің мазмұны келесіні құрайды:

- Автомобиль өндірісінің экономикалық дамуда алатын рөлі;

- Автомобиль өндірісі түсінігін және өндірістік мүмкіншіліктерін меңгеру;
 - Тауар ұғымы, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсетуде қажетті тауарлар
 - Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсетуде өндірістік, тұрақты және өзгермелі шығындарды есептеу;
 - Инфляция және оның пайда болу себептері, инфляцияның автомобиль өндірісіне әсері;
 - Сұраныс пен ұсыныс заңы: автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсетудегі сұраныс пен ұсыныс заңын меңгеру;
 - Автомобиль өндірісіндегі және автомобильге техникалық қызмет көрсетудегі бәсекелестік;
 - Табыс ұғымы: автомобильге техникалық қызмет көрсетуде табыс пен пайданы есептеу;
 - Автомобильге техникалық қызмет көрсетуде қаржылық жоспарлау әдістерін игеру;
 - Әлем экономикасы, әлемдік экономикалық дамудағы автомобиль өндірісі;
- Екі мамандықтық бейініне қарай өткізілетін тақырыптардың мазмұнының айырмашылығы берілген.

Қорыта келе, қазіргі таңда әлемдік нарыққа ену шағымызда кездесетін мәселелерді жеңіп, бәсекеге қабілетті отыз елдің қатарына кіруге негіз болатын, өскелең ұрпақтың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін, үздіксіз экономикалық білім мен тәрбие беру және де жетілдірудің жолдарын іздестіру мен ұтымды қолдану жағын қарастыруымыз қажет [5].

Әдебиеттер:

1. Түсіпбеков, Т. Т. Кәсіпорын экономикасы : әдістемелік құрал оқитын арналған / Т. Т. Түсіпбеков, Г. С. Тенізбаева ; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі. - Астана : Фолиант, 2010. - 196 с.
2. Ходжаниязов Ж.Т. Нарықтық экономика негіздері: Оқулық. 2-басылым. - Астана: Фолиант, 2010. - 168 б.
3. Қуатова, Дильмина Яхияқызы. Өндіріс экономикасы : практикум / Д. Я. Қуатова. - Алматы : Экономика, 2006ж - 106 б.
4. Үмбетәлиев, А.Д. Кәсіпорын экономикасы және кәсіпкерлік: оқулық / Алтынсары Дүйсенбекұлы Үмбетәлиев; ҚР білім және ғылым м-гі, М. Әуезов атын. Оңтүстік Қазақстан мем. ун-ті.- Алматы: Экономика, 2009ж.- 461.
5. Темірбеков А.Б. Экономикалық теория. Алматы: Экономика, 2007ж

РОЛЬ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ТРАНСФОРМАЦИИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ

**Ағишан Айдана Қалдықұлқызы, преподаватель специализации
Орынжан Даурен Орынжанұлы, мастер производственной практики
ГККП «Мангистауский высший политехнический
колледж имени Халеля Өзбекғалиева»**

Введение

В период стремительных инноваций и технологического развития сфера образования становится ключевым фактором перемен. В условиях постоянных изменений в мире и возрастающих требований общества к образовательной системе искусственный интеллект (ИИ) вступает в игру, предоставляя уникальные возможности для преобразования традиционного образовательного процесса. В данной статье мы пройдем через ворота будущего образования, озаглавленного ИИ, и рассмотрим, как эта технология меняет ландшафт обучения, делая его более гибким, интеллектуальным и адаптированным к индивидуальным потребностям каждого

учащегося.

Современная образовательная система сталкивается с разнообразными вызовами, начиная от потребности в индивидуализации обучения до необходимости подготовки к трудовым реалиям постоянно изменяющегося рынка труда. В этом контексте искусственный интеллект выступает в роли технологического руководителя, предлагая инновационные решения для повышения эффективности образовательного процесса и обеспечения возможности доступа к обучению в любое время и в любом месте.

При создании данной статьи моим вдохновением послужила книга "Искусственный интеллект и универсальное мышление", которая внесла множество новых идей и вызвала ряд вопросов относительно образовательной системы в нашей стране и в глобальном контексте. В результате этого решено сфокусироваться на четырех ключевых аспектах и вопросах, которые, по моему мнению, играют важную и фундаментальную роль в данной теме.

1. Как создать условия для индивидуальной поддержки каждого учащегося в максимальной степени?

2. Развитие образовательной среды, обеспечивающей эффективность для преподавателей и студентов, доступную в любое время и в любом месте.

3. Повышение качества практического обучения, предоставляя студентам шанс приобрести реальный опыт работы в предприятиях или лабораториях.

4. Стимулирование сотрудничества между образовательными учреждениями для совместной работы над проектами и обмена информацией, с целью улучшения образовательного процесса и борьбы с распространением недостоверной информации.

В наше время образование сталкивается с вызовом, когда универсальный метод обучения перестает удовлетворять потребности многообразных учеников. По моему мнению, важным шагом в развитии образования является рассмотрение вопроса о том, как сделать обучение более индивидуализированным, чтобы соответствовать разнообразным потребностям студентов.

При изучении данных вопросов, я стремлюсь понять, какие специфические технологии и методы могут быть применены для формирования образовательной среды, способной индивидуально адаптироваться под каждого ученика. Будь то внедрение виртуальных помощников, анализ данных или другие технологические решения, моя цель - выявить инновационные методы, способствующие максимальной персонализации образовательного процесса.

1. Использование виртуальных помощников для индивидуальной поддержки.

В настоящее время в образовательном процессе виртуальные помощники представляют собой мощный инструмент, направленный на создание уникального и индивидуализированного обучающего опыта для каждого студента. Эти интеллектуальные ассистенты применяют алгоритмы машинного обучения для того, чтобы адаптировать учебный материал под индивидуальные потребности и уровень знаний каждого ученика.

- **Индивидуальное обучение:** Виртуальные помощники проводят анализ учебных достижений и предпочтений каждого ученика, предоставляя персональные рекомендации и задания, соответствующие их уровню знаний и стилю обучения.
- **Немедленная обратная связь:** В ходе обучения виртуальные помощники обеспечивают быструю обратную связь, что дает студентам возможность немедленно и эффективно корректировать свои ошибки.
- **Учет индивидуальных потребностей:** У некоторых студентов могут возникнуть дополнительные вопросы, в то время как другие быстро осваивают учебный материал. Виртуальные помощники адаптируются к этим различиям, предоставляя дополнительные материалы или регулируя темп обучения в соответствии с потребностями каждого студента.

- Поддержка мотивации и интереса: С применением геймификации и интерактивных подходов виртуальные помощники создают захватывающую обучающую атмосферу, стимулируя интерес студентов и поддерживая их мотивацию к учению.

Этот подход к обучению не только расширяет горизонты понимания предмета, но и помогает каждому студенту достичь максимального потенциала, создавая уникальный и персонализированный путь к знаниям.

<https://cyberleninka.ru/article/n/the-development-of-a-model-for-a-personalized-learning-path-using-machine-learning-methods/viewer>

2. Облачные платформы: Доступное обучение в любом месте и в любое время

С развитием облачных технологий образование претерпевает революцию в доступности и гибкости обучения. Облачные платформы предоставляют учебным заведениям и студентам уникальные возможности для получения знаний в любом месте и в любое время, переосмысливая привычные рамки учебного процесса.

- Доступ к контенту: Благодаря облачным платформам студентам доступны образовательные материалы в любое время, что позволяет изучать темы, просматривать лекции и выполнять задания в удобное для них время.
- Совместное обучение: Возможность совместной работы над проектами и обмена знаниями с использованием облачных платформ поощряет коллективное обучение, способствует развитию навыков командной работы и обогащает образовательный опыт.
- Интерактивные ресурсы: С использованием облачных платформ становится доступен разнообразный набор инструментов, таких как вебинары, форумы, онлайн-тестирование, расширяя возможности обучения и создавая более интерактивную образовательную среду для студентов.
- Персонализация обучения: С применением облачных платформ студенты могут самостоятельно определять темп обучения, изучать материал в соответствии с индивидуальными потребностями и формировать уникальный образовательный маршрут.

Внедрение облачных технологий приводит к изменениям в процессе обучения, где традиционные границы учебных аудиторий исчезают, открывая путь к более гибкому, доступному и индивидуализированному образованию для каждого учащегося.

<https://cyberleninka.ru/article/n/the-use-of-cloud-services-to-enhance-information-interaction-in-e-learning-to-improve-the-quality-of-educational-results/viewer>

3. Современные подходы к обучению: инновации в ходе учебного процесса

Интеграция искусственного интеллекта в сферу образования также способствует переосмыслению и обновлению традиционных методов преподавания. Новые подходы открывают для преподавателей и студентов уникальные перспективы, содействуя более активному и эффективному обучению.

- Интерактивные образовательные ресурсы: Применение искусственного интеллекта открывает возможности создания интерактивных и мультимедийных образовательных материалов, придавая учебному процессу привлекательность и повышая его доступность.
- Виртуальные лаборатории и симуляции: Применение искусственного интеллекта в создании виртуальных лабораторий и симуляций расширяет горизонты практического обучения, особенно в сферах, где доступ к реальным лабораториям может быть ограничен.

- Индивидуализированные образовательные программы: Применение систем искусственного интеллекта способствует разработке индивидуально адаптированных учебных планов, учитывая уникальные потребности студентов и обеспечивая более эффективное усвоение учебного материала.
- Оценка проектов с использованием искусственного интеллекта: Внедрение ИИ в образование обогащает методы оценки, включая анализ проектов и развитие у студентов навыков критического мышления и творчества.

Инновации в образовании, вдохновленные искусственным интеллектом, расширяют возможности, поддерживают новаторские подходы и поощряют активное участие студентов в учебном процессе.

<https://cyberleninka.ru/article/n/the-role-of-artificial-intelligence-in-the-management-of-e-learning-platforms-and-monitoring-knowledge-of-students/viewer>

4. Применение искусственного интеллекта в образовании: Перспективы и исследования

При анализе внедрения искусственного интеллекта в образование невозможно обойти вопрос об его эффективности без ссылки на данные и исследования. Многочисленные научные исследования подтверждают положительное воздействие использования ИИ на качество образования и академические достижения студентов.

- Улучшение академических результатов: Результаты исследований свидетельствуют о том, что студенты, получающие поддержку и обратную связь от систем искусственного интеллекта, достигают лучших академических показателей и более глубоко усваивают учебный материал.
- Соответствие индивидуальным потребностям: Искусственный интеллект успешно используется в разработке персонализированных образовательных программ, учитывая стили обучения и индивидуальные потребности каждого студента.
- Оптимизация преподавательского процесса: Применение систем искусственного интеллекта улучшает эффективность преподавателей, автоматизируя рутинные задачи, такие как проверка работ и выставление оценок, что в свою очередь позволяет педагогам более активно взаимодействовать с учениками.
- Инновации в оценке: Алгоритмы искусственного интеллекта способны анализировать данные обучения и предоставлять более объективные и сбалансированные оценки, учитывая разнообразные аспекты успеваемости студентов.

Эти данные и исследования выступают ключевыми элементами, обосновывающими значимость внедрения искусственного интеллекта в образовательную сферу, формируя инновационные и эффективные методы обучения.

<https://cyberleninka.ru/article/n/benefits-of-digital-learning-over-traditional-education-methods/viewer>

Заключение

В заключении статьи хочу подчеркнуть, что внедрение искусственного интеллекта в образование представляет собой не только технологический прогресс, но и настоящую революцию в подходах к обучению и преподаванию. Внедрение виртуальных помощников, облачных платформ и эффективных методов преподавания, основанных на искусственном интеллекте, обогащает образовательный процесс, делая его более доступным, персонализированным и инновационным. Результаты исследований подтверждают положительное воздействие ИИ на успеваемость студентов, повышение эффективности преподавателей и создание учебных программ, адаптированных к индивидуальным потребностям. Использование искусственного интеллекта в образовании не только является следующим этапом в развитии образовательных технологий, но и мощным инструментом для

формирования лучшего образовательного будущего.

Список литературы

1. Книга издательства "Политехника". "Искусственный интеллект и универсальное мышление" А.С. Потапов (2012).
2. Журнал "Восточный ренессанс: Инновационные, образовательные, естественные и социальные науки". "Роль искусственного интеллекта в управлении платформами электронного обучения и мониторинге знаний студентов" Рахимов, Мехридин, Юлдашев, Аксроржон, Солиджонов, Дилерджон (2021).
3. Журнал "Восточный ренессанс: Инновационные, образовательные, естественные и социальные науки". "Обучающие Преимущества цифрового обучения по традиционным методам образования" Ташова Зебо Махмуджановна (2021).
4. Научный журнал "Перспективы науки и образования". "Использование облачных сервисов для повышения информационного взаимодействия в электронном обучении с целью повышения качества образовательных результатов" Машарова Татьяна В., Михлякова Елена А., Круковский Владимир Ю., Ян Гуюнь (2020).
5. Журнал "Бизнес-информатика". " Разработка модели персонализированной траектории обучения с использованием методов машинного обучения " Екатерина С. Морозевич, Владимир С. Коротких, Евгения А. Кузнецова (2022).

ҰСТАЗДАРДЫҢ ОҚУШЫЛАРҒА БІЛІМДІ ОҢТАЙЛЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТҮРДЕ ЖЕТКІЗУ ЖОЛДАРЫ. LESSON STUDY НЕМЕСЕ "ЗЕРТТЕУ САБАҒЫ".

Мұхтар Саягүл Ерікқызы
Инновациялық Еуразия университетінің Жоғары колледжі
Шет тілі пәнінің оқытушысы
Павлодар қаласы

Мұғалімдер жаңа нәрселерді басқаша қабылдайды. Біреу мұның бәрі бұрыннан белгілі, классикалық педагогикалық еңбектерде сипатталған дейді. Басқалары біздің дәстүрлі сынып-сабақ жүйемізде бағдарламаның барлық идеяларын жүзеге асыру екіталай деп күмәнмен санайды. Басқалары теорияның бастапқы көздеріне баруды талап етеді. Бірақ есте сақтау керек нәрсе-бұл жаңа нәрсе емес, демек, бүкіл білім беру жүйесі мұны талап етеді! Оқыту жүйесін ғана емес, мұғалімнің ойлау тәсілін де өзгерту қажет. Педагогикалық практиканы жетілдіру қажет.

Инновациялар адамның кез-келген кәсіби қызметіне тән, сондықтан табиғи түрде зерттеу объектісіне айналады. Инновацияның өзі оқытудың жаңа стратегиялары мен тәсілдерін таңдайды. Олар пайда болмайды, олар ғылыми ізденістердің, жеке мұғалімдер мен бүкіл ұжымдардың озық педагогикалық тәжірибесінің нәтижесі. Бұл процесс біргелкі болуы мүмкін емес, оны басқару қажет. Оқыту технологияларының алуан түрлілігімен: дидактикалық, компьютерлік, проблемалық, модульдік және басқалар - жетекші педагогикалық функцияларды жүзеге асыру мұғалімде қалады. Оқу-тәрбие процесіне заманауи технологияларды енгізе отырып, мұғалімдер кеңесші, бағдарлаушы, функцияларын барған сайын игеруде. Бұл олардан арнайы психологиялық-педагогикалық дайындықты талап етеді, өйткені мұғалімнің кәсіби қызметінде тек арнайы, пәндік білім ғана емес, сонымен қатар педагогика мен психология, оқыту және тәрбиелеу технологиялары саласындағы заманауи білім де жүзеге асырылады.

Бірақ кәсіби шеберліктің өсуінің міндетті шарты. Бұл біздің не істеп жатқанымызды түсіну, талдау және ойлау екенін есте ұстаған жөн. Алайда, кез-келген жағдайда, тек өз тәжірибеңізден үйрену қиын және әрдайым тиімді бола бермейді. Осындай мақсаттар үшін сабақты әріптестеріңізбен сындарлы талқылау өте пайдалы болуы мүмкін.

Мұның жарқын мысалы - Lesson study немесе "зерттеу сабағы", ол тәжірибенің кәсіби дамуы кең таралған жапондық бастауыш мектептің тамырына ие. Шағын топта жұмыс істей отырып, мұғалімдер бір-бірімен ынтымақтасады, оқу мақсаттарын бірлесіп талқылайды, оның іс жүзінде қалай жұмыс істейтінін бақылау үшін Сабақты ("зерттеу сабағы" деп аталады) жоспарлайды, содан кейін басқа мұғалімдер одан пайда көруі үшін нәтижелерді қайта қарап, есеп береді. Қазіргі уақытта бұл әдіс Ұлыбритания мен Жапонияда білім беру процесінің сапасын арттыру үшін сәтті қолданылуда.

Осылайша, Lesson study-ді оқушылардың оқуына назар аудару арқылы оқытуды дамыту және жетілдіру құралы ретінде қарастыруға болады және Lesson study-ді оқытуды зерттеу сабақтарында бірлесіп жоспарлайтын, оқытатын, бақылайтын және талдайтын мұғалімдер тобының тәжірибесін жетілдіру құралы ретінде пайдалану жолдарын анықтауға болады.

Бүгінгі таңда, Lesson study бұл оқытудың қуатты, кәсіби тәсілі, ол мыналарды қамтиды:

- оқу процесінің мәнін түсіну
- әріптестермен өзара әрекеттесу әдістемесі
- әріптестерді қолдау әдістері.

Тіпті тәжірибелі мұғалім жүргізген сабақты талдау оны жетілдірудің мүмкін жолдарын көрсете алады; мұғалім оқыту процесіне көбірек қызығушылық танытады, ынталы, жаңа жұмысқа шабыттандырады. Мұндай қызметті ұйымдастыру тек мұғалімдердің ғана емес, оқу орынындағы барлық қызметкерлердің белсенді қатысуын талап етеді. Басқа мұғалімдермен ынтымақтастық жасай отырып, мұғалімдер әртүрлі көздерден алынған оқу материалын бейімдейді. Негізгі қағида-сабақты оқу іс-әрекеттің нәтижесіне емес, процестің өзіне бағытталған.

Бұл зерттеудің мақсаты-мұғалімге оқуды жүйелі түрде жақсарту және мұғалімнің оқшаулануын азайту үшін ынтымақтастықта көмектесу, егер ол ұзақ уақыт бойы тұрақты бола алса. Бұл зерттеу баламалы тәсілді, оқу мәдениетін өзгерту үшін кәсіби дамуы бар сабақты оқу процесінде қолдануды зерттейді. Зерттеу сабағы табысты оқыту стратегиясын қарастыру үшін ынтымақтастық пен сабақтарды әзірлеу жолдарын ұсынады және мұғалімдердің жеке оқушыларға қатысты оқыту сапасы туралы ойлауын жеңілдетеді. Сабақты зерттеу барысында мұғалімдер сабақты жоспарлау, оқыту, бақылау және бірлесіп талдау үшін бірлесіп жұмыс істейді. Бір мұғалім сабақты сыныпта жүзеге асырса, басқалары бақылайды және оқушылардың сұрақтары мен түсіністіктеріне ескертулер жасаңыз. Бірлескен жоспарлау және ынтымақтастық мұғалімдерге оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін инновациялық педагогикалық тәсілдерді дамытуға немесе жетілдіруге көмектеседі. Осылайша, Сабақты зерттеу сияқты тәжірибені ұйымдастырудың бірқатар артықшылықтары бар, олардың ішінде мыналар ерекшеленеді:

1. Нысаналы бағыт. Көбінесе мектептерде жүргізілетін Академиялық зерттеулер қазіргі заманғы білім беру процесінің шындықтарынан алшақтайды, ал сабақты зерттеу қазіргі уақытта және нақты жағдайларда осы оқушы мен педагогикалық ұжымда бар шындықты көрсетеді.

2. Кәсіби дамудың бір жолы. Іс-әрекетті зерттеу, содан кейін оны талдау мұғалімнің не істеп жатқанына сенімді болуына ықпал етеді. Нәтижесінде мұғалімнің сабақты жоспарлау және өткізу процесіне деген көзқарасы айтарлықтай өзгереді, өйткені жүйелі рефлексия проблемаға сыни тұрғыдан қарау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

3. Әріптестермен өзара әрекеттесу. Педагогикалық процестің әлсіз жақтарының бірі-әріптестерімен жаңа технологиялар мен авторлық әзірлемелерді талқылауға уақыттың жетіспеушілігінен туындаған мұғалімнің оқшаулануы. Командаларда жұмыс істей отырып, мұғалімдер тәжірибеде тиімділігі дәлелденген тәжірибелермен, идеялармен және стратегиялармен бөлісуге, педагогикалық дағдыларды жетілдіру мақсатында жаңа әдістерді әзірлеу және сынақтан өткізу мүмкіндігіне ие.

4. Мектеп жүйесінің мүмкін модификациясы. Осы типтегі зерттеулерді жүргізу білім беру жағдайына және болашақта мектеп жүйесін дамыту стратегиясына тікелей әсер етеді, өйткені Сабақты зерттеу белгілі бір мұғалімнің дағдылары мен дағдыларын жетілдіру мақсатында ғана

емес, бүкіл педагогикалық ұжым үшін жүзеге асырылады.

5. Өз жұмысын талдау. Сабақты зерттеу кезінде назар мұғалімнің өзіне емес, оқушылардың ол жүргізетін әрекеттерге реакциясына бағытталғанын біле отырып, мұғалім сабақтағы әріптестерінің қысымына ұшырамайды. Нәтижесінде, оған жалпы процесті сыни тұрғыдан қарау әлдеқайда оңай. Басқаша айтқанда, мұндай қызмет түрін ұйымдастыру зерттеуді Құзыретті тұлғалардан шақырылған емес, тікелей процеске қатысушылар жүргізетінін білдіреді.

Басқаша айтқанда, мұндай қызмет түрін ұйымдастыру зерттеуді Құзыретті тұлғалардан шақырылған емес, тікелей процеске қатысушылар жүргізетінін білдіреді. Бұл білім беру проблемаларын анықтау үшін мұқият талдау жүргізу қажеттілігін ескермей, педагогикалық тәжірибені сипаттайтын, түсіндіретін немесе жалпылайтын зерттеулерді ұйымдастыру мен жүргізудің басқа түрлерімен салыстырғанда осы технологияның қорғанысының айрықша ерекшелігі болып табылады, содан кейін оларды шешу жолдарын іздейді. Мұндай технологияның мақсатты бағыты мұғалімнің іс-әрекетін емес, оқу процесінің өзін зерттеу және кейіннен талдау болып табылады.

21 ғасырдағы білім беру жүйесі мұғалімдер арасындағы ынтымақтастықты кеңейтуді көздейді, оның аясында мұғалімдер бірлесіп жұмыс істей алады, инновациялық және тиімді идеялармен алмасады, осылайша оқыту мен оқытуда практикалық қызметте қолданылатын тәсілдердің әсерін күшейтеді. Идеялардың нақты сыныптарда нақты іске асуы өте маңызды. Бүгінгі таңда мұғалімдер оқыту мен қолдауды қажет етеді, атап айтқанда, жоғары танымдық қажеттілікпен және сыныпты басқарудың ықтимал проблемаларымен байланысты нақты сабақтарды жоспарлау мәселелерін түсінуді тереңдету.

оқушыларға бағытталған әдістерді қолдану. Осылайша, Lesson study:

-кәсіби дамудың ең тиімді жолы

-мұғалімдердің кәсіби қауымдастығын құруға ықпал етеді;

-мұғалімдерге оқушылардың қалай ойлайтынына назар аударуға көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Альберта мұғалімдер қауымдастығының Альберта мұғалімдеріне арналған практикалық зерттеулерге арналған нұсқаулығы, 2002
3. Фред А. Дж. Кортаген, Янги М. Ким, Уильям Л. Грин білім берудегі сапа мен шабыттың негізгі рефлексивті тәсілі, 2012
4. "Мектеп сабағы" әдістемелік құралы, Г. Қызылқия, 2006 ж.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ-БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Бижанова Арай Жамантаевна
Оқытушы, заң ғылымының магистрі
Қ.Құлажанов атындағы «Қазақ технология және бизнес Университеті»
АҚ колледжі

Аннотация:

Білім берудегі қазіргі заманғы технологиялардың көмегімен жаңа білім беру парадигмасы іске асатын құрал ретінде қарастырылады. Білім беру технологияларының даму тенденциялары тұлғаның өзін-өзі тануына және өзін-өзі дамуына мүмкіндік беретін гуманитарлық білім берумен тікелей байланысты

С помощью современных технологий в образовании рассматривается новая образовательная парадигма как средство реализации. Тенденции развития образовательных технологий напрямую связаны с гуманитарным образованием, позволяющим осуществлять самосознание и

саморазвитие человека.

With the help of modern technologies in education, a new educational paradigm is being considered as a means of implementation. Trends in the development of educational technologies are directly related to humanities education, which allows for human self-awareness and self-development.

"Білім беру технологиялары", "педагогикалық технология" терминімен қатар "оқыту технологиялары" термині қолданылады. Оның біріншісі көлемді болып келеді. Өйткені, білім беру технологиясында оқушының, үйренушінің тұлғалық сапасын дамыту және құрумен байланысты болатын тәрбиелік аспекті бар. Оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұны жүзеге асырылады. Педагогикалық өзара әрекеттестіктің құралы (оқыту және мотивация), оқыту процесін ұйымдастыру, әрекеттің нәтижесі (сонымен бірге кәсіптік даярлықтың деңгейі) қарастырылған.

Нақтылы педагогикалық процесті талдап жүзеге асыруды, оқыту технологиясын жобалау процесі деп атауға болады, оның құрылымын төмендегідей анықтайды:

- оқу жоспары және бағдарламасына сай оқытудың мазмұнын таңдау;
- оқытушы бағдарлай алатын оқытудың басымды мақсатын таңдау, яғни жобалау барысында білім алушыларда қандай кәсіптік және тұлғалық сапа қалыптасады, міне соны анықтау;

- мақсаттарға немесе басымды бір мақсатқа негізделіп оқыту технологиясын таңдау;
- оқыту технологиясын талдап жасау.

Педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне сәйкес білім берудің қазіргі заманғы технологиясының нұсқауы, төмендегі принциптердің қатысуымен жасалуы тиістігі анықталуда:

- дидактикалық жүйені көрсететін технологияның бүтіндік принципі;

- қойылған мақсатқа жету үшін нақты педагогикалық ортада технологияларды қайта өндіру принципі;

- сәйкес келетін педагогикалық жүйелердің өзін-өзі дайындау механизміне әсер ететін факторлардың приоритеті және педагогикалық құрылымдарының сызықтық емес принципі;

- оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына және оның танымдық қабілеттілігіне процесінің бейімделу принципі;

- біріктірілген білімдерді құру үшін оптимальді жағдай жасайтын оқу ақпараттарының потенциалды көп болу (артық болу) принципі.

Педагогикалық технологияның міндеттері:

- әр түрлі қызмет саласындағы іскерлік пен дағдылардың шыңдау, білімнің тереңдігін, беріктігін арттыру;

- мінез – құлықтағы әлеуметтік құнды әдеттер мен формаларды нығайту және арттыру;

- технологиялық құрал-саймандармен жұмыс істеуге үйрету;

- технологиялық ойлау дағдыларын дамыту;

- оқу міндеттері мен қоғамдық пайдалы еңбек ұйымдастыруда технологиялық тәртіпке сай нақты әдеттерді тәрбиелеу.

Педагогикалық технология әр түрлі жағдайлардағы нақты өзара іс-қимылдарды, жүйеленген, бағдарланған, оқыту және тәрбиелеу стандарттарына сай тәсілдер негізінде компьютер мен техникалық құралдар қолдану арқылы да ұйымдастырылады. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің құрылымдарында оқытудың айқындалған көптеген технологияларын пайдаланып жатқандығы белгілі. Болашақ маманға тәжірибе беруде ақпаратпен жұмыс істеу әдістеріне, жаңа білімдерді құру әдістеріне, ең маңыздысы - әлемнің дамуы туралы білімдердің қажетті деңгейін қалыптастыратын әдістерге үйрету. Сондықтан әрбір оқытушыға және оқушыға "оқыту" мен "үйрену" процестерін игеру үшін 3 тілді меңгеруі қажет: ана тілін, ғылым тілін және технология тілін. Сонымен технология көмегімен білімдерді, іскерлікті, дағдыларды игеру процесінде тұлғалық қасиеттің дамуында нәтижелі шешімге жету мүмкіндігі қамтамасыз етіледі. "Педагогикалық технология" оның ішінде "оқыту технологиясы" ұғымын анықтауда, басым көпшілік мамандар оларды үш маңызды жағдайлармен біріктіреді:

- іс-әрекетінің жиынтығы түріндегі қажет ететін үлгіні дәл анықтау негізінде оқытуды

жоспарлау;

- оқытуды талап ететін әрекетті қалыптастыруды іріктеген қатаң тізбекті әрекеті түріндегі оқытудың барлық процесін "бағдарламалау".

- алғашқы белгіленген эталонмен оқытудың нәтижесін салыстыру. М.Чошанов оқыту технологиясы негізінен педагогикалық процестегі «Қалай нәтижелі етіп оқыту керек?» мәселесін шешуге бағытталатынын айтады. Оқыту технологиясы жөніндегі ой-пікірлерді саралай келе, біздер оны: біріншіден, оқытудың мақсатқа сәйкес нәтижесіне қол жеткізудегі нақты қадамдарды және олардың үйлесімділігін зерделейтін ғылым саласы; екіншіден, оқытудың нақты жағдайда нәтижелі жүзеге асырылуын белгілейтін жобалау немесе модельдеу; нақты оқыту процесін нәтижелі етіп оқытудағы процес деп білеміз.[1]

Жалпы "Педагогикалық технология" түсінігі қаншалықты қолданыста болғанымен, ол жөніндегі түсінік ұғыныңқы болмаған. Білім берудің қазіргі кездегі практикасында бұл ұғым стандартты емес ғылыми көріністерде ереже ретінде қолданылып, педагог жұмыстарының өндірілген әдіс-тәсілдерін, құралдарын білдіреді. В.П.Беспалько технологияны түсіну үшін ең алдымен педагогикалық іс-әрекеттің өндірушілік белгісіне көңіл аудару қажеттігіне зейін аударады, әлеуметтік тұрғыдан бұл белгі, технологияның басқа белгілерінен оның жалпылық сипатымен байланыстылығын сипаттайды. Қазіргі білім беру технологияларын Г.К. Селевко технологияның классификациялық параметрлері тұрғысынан: қолдану деңгейі, негізгі дамыту факторы, меңгеру тұжырымы, жеке тұлғаның құрылымына бағдарлау, мазмұн сипаты, басқару типі, ұйымдастыру формалары, балаға ықпал ету тәсілдері, әдістердің басымдылығы, жетілдіру бағыттары, оқушылар категориялары бойынша нақтылап көрсетеді.

Ш.Т.Таубаева оқытудың қазіргі технологияларының аттарын атап көрсетіп, олардың мақсаттарын, тұжырымының және мазмұны мен әдістерінің ерекшеліктерін сипаттап көрсетеді. Жұмыста педагог-ғалымның зерттеулері басшылыққа алынған.

Сонымен педагогикалық технологиялардан төмендегілерін бөле жарып көрсетуге болады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тірек сигналдары арқылы оқыту;
- деңгейлік саралап оқыту;
- міндетті нәтижелерге негізделген деңгейлік оқыту технологиясы;
- бағдарламалап оқыту технологиясы;
- оқытудың компьютерлік технологиясы;
- дидактикалық бірліктерді ірілендіру технологиясы;
- дамыта оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту.

Сондай-ақ Қазақстандық ғалымдардың оқыту технологиялары белсенді түрде білім беру жүйесінде қолданылуда. Бұл технологиялардың өздеріне тән ерекшеліктері бар. Мәселен, В.Ф.Шаталовтың тірек сигналдары арқылы оқыту технологиясының ерекшелігі:

- үнемі қайталау;
- ірі блокпен оқыту, тіректі қолдану;
- жеке бағдарлы қарым-қатынас, ықпал;
- ізгілік;
- зорлықсыз, еркімен оқыту;
- әр оқушының табысының жариялылығын түзетуге, өсуге, табысқа жетуге жағдай жасау;

- оқыту мен тәрбиелеуді біріктіру.

Сондай-ақ әрбір педагогикалық технологияның өзіндік ерекшеліктері бар. Олардың негізгі қарастыратыны оқытуды нәтижелі ету.

Педагогикалық жүйедегі негізгі өзекті мәселе - оқушылардың, студенттердің ойлау қабілетін дамытып, өздігінен жұмыс істеуге баулу, өз ойын тұжырымдауға дағдыландыру болғандықтан сабақ барысында кеңінен деңгейлеп, дамыта оқытудың модульдік әдісін жиі пайдалану қолдау табуда.

Білім беру жүйесі - сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны. Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуында жетекші роль атқарады, сондай – ақ оны әрі қарай айқындай түседі. Ал білімнің қалыптасып, дамуының жалпы шарттары философияның негізгі мәселесі – рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасы тұрғысынан зерттелетін ілім таным теориясы деп аталады. Таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қалыптастырады. Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.[2]

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар : бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Осы айтылғандарды жинақтай келіп, жаңа формация мұғалімі- рефлексияға қабілетті, өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық, зерттеушілік, дидактикалық - әдістемелік, әлеуметтік тұлғалы, коммуникативтілік, ақпараттық және тағы басқа құдыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани- адамгершілікті, азаматтық жауапты, белсенді, сауатты, шығармашыл тұлға.

Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды және тиімді педагогикалық технологияларды меңгеру үшін педагогтардың кәсіби мәдениетін дамытуға бағытталған оқу қажеттіліктері туындылап отыр.

Біліктілік арттыру жүйесінде педагогтардың оқу қажеттіліктері нақты білімнің мәнін түсінуге, соның нәтижесінде өзіндік іс- әрекетке енуге және жеке өміріндегі тәжірибені жетілдіру мақсаттарына байланысты қалыптасады. Осы заманғы мұғалім оқуға үлкен потенциалдық мүмкіндіктермен келеді.

Сондықтан олардың функционалдық сауаттылықтарын кәсіби шеберлікпен ұштастыру үшін нәтижеге бағытталған білім беру үлгісінде мақсатты түрде білім беретін, қалыптастыратын, дамытатын андрогогикалық процесс қажет. Басқаша айтқанда ересектерге арналған, жалпы және кәсіби білімнің қажеттілігін дамыту, ғылым, білім мен мәдениет жетістіктері арқылы адамдардың жалпы мәдениеті мен әлеуметтік белсенділікті дамытуға бағытталған танымдық іс-әрекетке ынталандыру үшін білім беру. Қазіргі білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру- оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр.

Француз қайраткері «Адамға оқып – үйрену өмірде болу, өмір сүру үшін қажет» дегендей оқыту процесін технологияландыру, осыған сәйкес оқу бағдармаларын жасау, ғалымдар мен жаңашыл педагогтардың еңбектерімен танысу жұмыстары мұғалімдердің үздіксіз ізденісін айқындайды. Жаңа педагогикалық технологиялардың негізгі мәні пассивті оқыту түрінен активті оқытуға көшу оқу танымын ұйымдастырудағы бастамашылдығына жағдай туғызу, субъективтік позицияны қалыптастыру.

Білім сапасын арттыру және нәтижеге бағытталған үлгіге беталуы барысында мұғалімдер мемлекеттік стандарт берілген нәтижелерге жетуде кәсіби шеберлікпен меңгерген зерттеу біліктері мен дағдылары нәтижесінде проблеманың шешімін таба алатын, ақпараттық – коммуникативті мәдениеті жоғары тұлғалық - дамытушылық функцияны атқарады. Қазіргі заман адамның осы құзыреттілікті меңгере отырып тек « кәсіби икемділігін оңтайландыруды қамтамасыз ету ғана емес, іске асырылу мүмкіндігін « үнемі оқып – үйрену және өзін-өзі жасау талабын қалыптастыра алады.

Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы жобасында Қазақстанда оқытындарды сапалы біліммен қамтамасыз етіп, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, сондай- ақ педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық. Олай болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі педагогтердің, зиялылар қауымының деңгейіне байланысты. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты – мамандықтарды игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңестігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның құзырлылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну – қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі. Жалпы алғанда «құзырлылық» ұғымы жайлы ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым.

Құзырлылықтың латын тілінен аудармасы «компетенс» белгілі сала бойынша жан – жақты хабардар білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде шешім шығара алады дегенді білдіреді» деп көрсетеді. Бұл жайлы Б.Тұрғанбаева «...өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз » деп анықтаса, Ресей ғалымы Н.Кузьминаның көзқарасы бойынша, «Құзырлылық дегеніміз - педагогтің басқа бір адамның дамуына негіз бола алатын білімділігі мен абыройлығы ».

Латын тіліндегі « компетенс» сөзін ғалым К.Құдайбергенова «Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез- құлқын , ең бастысы тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланған жаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алу қажет» деп жазса, Б.Тұрғанбаева «Құзырлылыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады. Өйткені, құзырлылыққа бағытталған үлгіде білім алушылардың өздерін ұйымдастыру - басты мақсаты » деп көрсетеді.

Қ.Құдайбергенова «Құзырды әртүрлі кенеттен болған ситуацияларда мәселелерді шешу үшін қажетті білімді немесе әрекетті көрсете білу қабілеті, білім мен өмірлік ситуация арасындағы байланысты орнату мүмкіндігі ретінде, ал құзырлылықты адамның өзіндік

деңгейіне, даралық қасиеттеріне тікелей байланысты тұлғалық, теориялық, практикалық өлшеу дәрежесі жоғары деңгейде кіріктірілген құрылым ретінде қарастыру ұсынылады» деген тоқтам жасайды.[4]

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әбенбаев С., Ахметова Г., Әбенбаева И. Дәстүрлі емес сабақ турасында //Мектептегі шетел тілі. 2003, №2, бб.11-16.
2. Қуанбаева Б. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдірудің дидактикалық шарттары: дисс. Пед. ғыл.канд. – Алматы, 2005. –137 бет.
3. Селевко Г.К. Современные технологии в образовании. –М., 1998.
4. Таубаева Ш.Т. Оқытуың қазіргі технологиялары //Бастауыш мектеп. -1999. №4. бб-5-12

ЖҰМЫС ӨНДІРІСІНІҢ ЖОБАСЫ ЖӘНЕ ОНЫ АВТОМАТТАНДЫРУ.

Абилбекова Айдана Әмірханқызы
Арнайы пән оқытушысы
М.Өтебаев атындағы жоғары жаңа технологиялар колледжі

Аннотация: Ғылыми прогресс бір орында тұрмайды. Құрылыс саласы, экономиканың басқа салалары сияқты, жылдам өзгеріп жатқан әлеммен бірге өзгеріп жатыр. Қолданыстағы технологиялардың одан әрі дамуы, жаңа инновациялық материалдардың пайда болуы, сонымен қатар құрылыс материалдарына қойылатын экологиялық тұрғыдан қауіпсіздік талаптары құрылыс саласының дамуына елеулі әсерін тигізіп жатқаны сөзсіз.

Түйін сөздер: Құрылысты ұйымдастыру жобасы , автоматтандыру, бағдарламалық модульдер, нормативтік-әдістемелік база ,FoxPRO C++ бағдарламасы, BIM, ғимараттың ақпараттық моделі.

Құрылыстың дайындық кезеңінде технологиялық құжаттар мен жұмыс өндірісінің жобасын талапқа сай және сауатты құру өте маңызды.

Жаңа ақпараттық технологиялар осы жұмысты автоматтандырады, яғни жеңілдетіп жылдамдатады.

Технологиялық ұйымдастыру құжаттарының құрылымы мен мазмұны нормативтік ережелерге сай жұмыс өндірісінің жобасы мен құрылысты ұйымдастыру жобасынан тұрады.


Жұмыс өндірісінің жобасы (ЖӨЖ) құрылыс жұмыстарының дайындық кезеңінде технологиялық-ұйымдастыру жүйесіндегі құрылыс-құрастыру жұмыстарының технологиясын, орындалу мерзімін, қаржылармен жабдықтау тәртібін анықтайтын жоба, ол ғимараттардың (үймәреттердің) жеке бөлшектерін тұрғызу жөніндегі өндірістік процестерді ұйымдастыру кезеңінде басшылыққа алынатын негізгі құжат қызметін атқарады.

Құрылысты ұйымдастыру жобасы (ҚҰЖ) – құрылыстың ұзақтылығын және кезеңдік мерзімдерін, күрделі қаржыны бөлуді және құрылыс-құрастыру жұмыстарының көлемін, материалдық-техникалық және еңбек ресурстарын және олардың орнын толтыратын кездерді, құрылыс-құрастыру жұмыстарын жүзеге асырудың негізгі әдістерін және объектілердің құрылысын басқарудың құрылымын анықтайтын техникалық (жұмыс-техникалық) жобаның құрамдас бөлігі.


Ғимараттар мен үймәреттерді тұрғызуда жұмыс өндірісінің жобасына төмендегідей техникалық құжаттар кіреді:

- Нысан бойынша жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспары; (сурет-1)
- Құрылыстың бас жоспары; (сурет-2)


- Технологиялық карталар; (сурет-3)
- Геодезиялық жұмыстар жөніндегі шешімдер;
- Еңбекті қорғау, техника қауіпсіздігі;
- Түсіндірме жазба.



Сурет-1. Жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспары. (үлгі)



Сурет-2. Құрылыстың бас жоспары (үлгі)



Сурет-3. Технологиялық карта (үлгі)

Негізі құрылыс саласында ҚМЖЕ 3.01.01-85 «Құрылыс өндірісін ұйымдастыру» құжатының талаптарына сәйкес жұмыс өндірісінің жобасы мен құрылысты ұйымдастыру жобасы бекітілмей құрылыс-жинақтау жұмыстарына рұқсат берілмейді. Өкінішке орай ,

құрылыста жұмыс өндірісінің жобасының кейбір бөлімдері орындалмай, ғимараттардың қирауы, монтаждау крандарының орындарынан ауытқып құлауы тәрізді келеңсіз жағдайлар орын алып жатады.

Құрылыс өндірісінің технологиясының және техникасының әрқашан күрделенуі, тиімді шешімді таңдауды қиындатып отырады.

Бұл жағдайдан шығу жолы модельдеуді қолдануға құрылысты басқарудың негізгі звеноларында, есептеу техникасын және экономикалық әдістерді пайдалануда шеше аламыз.

Нәтижесінде нақты, мұқият орындаған жұмыс өндірісінің жобасы құрылыста технологиялық тәртіпті, сапаны, құрылыс мерзімі мен орындайтын жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

ЖӨЖ-ын құру көп еңбекті қажет ететін және орындаушы мамандардың кәсіби деңгейіне жоғарғы, арнайы біліктілікті талап ететін күрделі процесс.

Осындай күрделі жобаны іске асыру барысында көптеген сұрақтар туындайды:

- ✓ Құрылыс-жинақатау жұмысын өндіруді қалай оңтайландыруға болады?
- ✓ Құрылыстың құны мен жұмыс өндірісінің күнтізбелік жоспарына қандай өзгерістер енгізуге болады?
- ✓ Құрылыс жұмыстарын орындау барысында қандай қарама-қайшылықтардан аулақ болу керек?

ЖӨЖ-ны орындау мерзімін жылдамдатып, сапасын жоғарылату үшін бүгінгі таңда жаңа заманауи ақпараттық технологияларды қолдану қажет.

ЖӨЖ-сын автоматтандыру бағдарламасы 3 принципке сүйенеді:

1. ЖӨЖ-ың мақсатын жүйелеу және құрылымын негіздеу;
2. Құрылыста кіріс-шығыс мәліметтерді нақтылау үшін нормативтік және анықтамалық-әдістемелік ақпаратпен қамтылып, дамыған білімділік базаны ұйымдастыру;
3. ЖӨЖ-на кіретін бөлімдерді блоктарға бөліп, нақты шешімдерін автоматтандыру.

Автоматтандырылған тапсырмалардың нақты шешімдерінің бағдарламалық модульдері есептік және графикалық компоненттермен қамтылу керек. AutoCAD бағдарламасында графикалық модуль орындалып, ал есептік модульдері мысалы FoxPRO C++ бағдарламасында орындалатын жағдайларды да қарастыруға болады.

Бағдарламада тексттік, цифрлік, кестелік және графикалық материалдардан құралған нормативтік-әдістемелік база болу керек. Бұл базаны нормативтік және анықтамалық-әдістемелік құжаттармен қамту қажет.

Мысалы, жүк көтергіш монтаждау крандар мәселесі қарастырылған жағдайда, база төмендегідей ақпараттардан құрылады:

- Жүк көтергіштігі;
- Жүктерді строптау схемасы;
- Уақытша инвентарлық ғимараттардың каталогы;
- Құрылыс алаңында орындалатын әр түрлі жұмыстардың технологиялық схемасы;
- Құрылыс материалдары мен құрылымдарын қоймалау схемасы;
- Жарықтандыру құрылғылары туралы мәлімет.

Жоғарыдағы сұрақтардың шешімін табуда BIM, 4D, 5D және 6D бағдарламасының жобалау технологиясы қолданылады.

«BIM» - Building Information Modeling – ғимараттың ақпараттық моделі. Ғимараттарды ақпараттық модельдеу немесе BIM (Building Information Modeling) құрылыс жұмыстарын айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл жүйе әр түрлі мамандар мен ұйымдармен әзірленген болашақ ғимараттың компоненттерін есептеуге, қосуға және келістіруге мүмкіндік береді. Бұдан басқа, жобаның әр түрлі кезеңдерінде осы компоненттердің дұрыстығын, тиімділігі мен пайдалану сипаттамаларын тексеруге мүмкіндік береді.

Нысанның цифрлық моделі жұмыс құжаттамасының жазылуына, құрылыс конструкциялары мен бөліктерін жасауға негіз бола алады. Оны ғимаратты пайдалану кезеңінде ұйымдастырушылық - шаруашылық сұрақтарын шешу үшін қолдануға болады.

Жобалаудың бұл ақпараттық моделінде құрылыс нысанының кеңістіктік (3D) моделі күнтізбелік жобалаудың (4D) моделімен өзара байланысты. Сонымен қатар, құрылыстың құны (5D) моделінде анықталады.



Жобаның 4D-6D моделі ғимараттың инженерлік жүйелерін құрудың, құрылыс нысанының кез-келген мерзіміндегі жағдайды визуалды көрінісін айқындайды. Жобаның орындалу барысы талданады. Модульдік құрастыру немесе қайта фабрикациялау құрылыс жұмыстарының мерзімін айтарлықтай қысқартады.

Бұл бағдарламалар құрылыс саласында қолданысын табуда. Технологиялық құжаттардың орындалуының жемісті болуы білікті жобалаушы мен бағдарламалаушылардың серіктестігіне байланысты.

Бүгінгі таңда, ғылымның, техника мен мәдениеттің даму барысында педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияны үйлестіру білім беру жүйесінің алға басуына ықпал етпек.

Оқу үдерісін жетілдірудің негізгі шарты – студенттердің ғылыми-шығармашылық потенциалын дамыту. Кәсіби білім беру саласында құрылыс мамандарын даярлауда жоғарыда баяндалған заманауи ақпараттық технологияны қолдану - Қазақстан экономикасының басты локомативі – құрылыс өндірісінің ілгері жылжуына үлкен ықпалын тигізеді деп сенемін.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Данилов Н.Н., С.Н. Булгаков, М.П. Зимин «Технология и организация строительного производства», -М.: Стройиздат,1988.- 628 б, 664 б,713 б
2. Хамзин С.Қ. «Үймереттер мен ғимараттардың құрылыс технологиясы», «Фолиант» баспасы, 2004. - 27, 28 б,
3. Хамзин С.Қ. «Құрылыс өндірісінің ұйымдастырылуы мен технологиясы», «Фолиант» баспасы, 2007.-6,7 б

ҚАЗАҚ БИЛЕРІНІҢ ШЕШЕНДІК ӨНЕРДЕГІ ОРНЫ

Кайрбаева Айгуль Маулеткажиевна
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы
Шәкәрім жоғары колледжі

Аннотация:

«Дала заңының» билігін жүзеге асырушы күші – билер ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталады. Шешендік өнерді билер сөзімен байланыстырып, шешен-билердің ұтымды тапқыр сөздерін көркем сөз ретінде қарастырды. Заманның әр биі қазақ шешендік өнерінде, шешендік сөздерде өзіндік орындары бар, оның қалыптасуына игі ықпал еткен.

Қазақ шешендік өнерінің піспегі – шешен билер де, күбісі – халық. Билердің шешендік

Буллинг мәселесін шешудің бір жолы - үйде оқыту. Онлайн оқытуда сіз баланың әлеуметтік шеңберін өзіңіз қалыптастырасыз. Стресс пен қысымсыз жаттығуға болады. Бірақ, бала үнемі үйде отырмайды. Ол қоғаммен араласуы керек. Ата-ана оны біреулер жәбірлейді деп, үйге тығып қойып отыра алмайды. Сондықтан оны бірге шешуіміз қажет.

Жетекші тарапынан қалай әрекет ету керектігін қарастырып көрейік.

Оқу орнында буллингпен жұмыс істеу - бұл үлкен тақырып. Міне, жетекшіге қалай баруға болатынының бір ғана мысалы, 5-6 бала бірігіп бір балаға бойкот жариялады. Жетекші жәбірленуші мен оның ата-анасының келісімін алып, бойкот бастамашыларымен және бейтарап позицияны ұстанған тағы төрт баламен кездесу ұйымдастырады. Жетекші студенттерге студенттің не сезінетінін түсіндіреді және одан қысымды азайту үшін екі-үш шешім табуды сұрайды. Өз миссиясының маңыздылығын сезіне отырып, балалар "жобаға" белсенді қатысады. Аптасына бір рет барлық қатысушылар кездесіп, өздерінің жетістіктері туралы әңгімелейді. Осы кездесулердің бірнешеуінен кейін жағдай, әдетте өз қалпына келеді.

Өкінішке орай, барлық ата-аналар оқу орындарынан қолдау таба бермейді. Содан кейін жалғыз "опция" - бұл отбасылық білім беру. Оқу орнын ауыстыру әрдайым жұмыс істемейді, өйткені қорлау қайталануы мүмкін. Отбасылық оқу кезінде сіз балаңызбен оның жарақаттық тәжірибесін талқылауға жеткілікті уақыт аласыз.

Буллингке түскен баланың ата-анасы не істеу керек:

1. Балаға оның кінәлі емес екенін түсіндіріңіз. Бала ешбір жағдайда басқалардан жаман емес екенін айтыңыз.

2. Онымен болған жағдай туралы сенімді түрде сөйлесіңіз. Оған әрі қарайғы әрекеттер мен мінез-құлық көзқарасын түсіндіріңіз.

3. Балаңызға өзіңіздің оның жағында екеніңізді білдіріңіз. Қолдау көрсетіп, тыныштандырыңыз: "Маған бәрін айтқаның дұрыс болды! Мен саған сенемін. Болған оқиғаға сен кінәлі емессің. Мен саған көмектесемін".

4. Балаңызға өзіне деген сенімділік пен құрдастарының шабуылына қарсы тұру қабілетін арттыруға көмектесіңіз.

5. Жетекшімен, психологпен бірлесе отырып, балаңыздың қорлаушысының ата-анасымен сөйлесіңіз.

Егер сіздің балаңыз буллинг болса, не істеу керек? Көбінесе буллингтер отбасында зорлық-зомбылыққа ұшыраған балалар, сондай-ақ өткен психо-травматикалық сәттерді бастан өткерген балалар болады. Егер әкесі баланы үйде ұрып-соғып, қорлайтын болса, онда келесі күні ол өзінен әлсіз адамды қорлауға тырысады. Мұндай балаға мамандардың көмегі қажет, бірақ бастысы — сіздің үйіңізде не болып жатқанын талдау керек. Бірақ буллингтер эмпатияның төмендеуімен бірге өзін-өзі жоғары бағалайтын және оның әрекеттерін жақсы білетін кездер болады. Мұндай балаға қатаң шектік қойып, оның әрекеттерінің салдарын түсіндіру қажет. Бұл туралы онымен сөйлесіңіз. Жәбірленуші немесе агрессор ретіндегі тәжірибеңіз туралы айтыңыз. Баланың айналасына назар аударыңыз: ол ересек достарының зорлық-зомбылығына ұшырайды ма? Соңында, не болып жатқанын бірге түсіну үшін отбасылық психологпен кеңесіңіз.

Буллинг мәселесі бойынша топтың жетекшісі ретінде өз тәжірибеммен бөлісетін болсам, ең алдымен біліктілік арттыру курстарынан бастадым, сосын оқытушыларға арналған жадынамалар әзірледім, психологпен бірлесе отырып студенттерге арналған сауалнама, тест жұмыстарын әзірлеп, қорытынды шығардық.

Буллинг мәселесі – заманауи, өткір әлеуметтік мәселе. Сіз оған көзіңізді жұма алмайсыз, өйткені балалардың қатыгездігі кейде барлық рұқсат етілген шектеулерден асып кетеді. Сондықтан жаппай буллингты болдырмау үшін ат салысайық.

1. **Байқаңыз.** Тек осылай ғана сіз білім алушылар арасындағы қарым-қатынасты түсіне аласыз. Студенттердің өзара қарым-қатынасын, егер олардың қарым-қатынасында бір-біріне сын болса, олар қалай әрекет ететінін тыңдаңыз. Қақтығыстар туындаған кезде олардың жиілігіне назар аударыңыз. Егер сіз балалардың көпшілігі өздерінің курстастарына қиянат жасайтынын байқасаңыз, алдымен колледж психологымен бөлісуге болады.
2. **Кімнің қандай әлеуметтік рөлдері бар екенін түсініңіз.** Топта көшбасшы бар ма және аутсайдер бар ма. Бұл студенттердің өзін қалай ұстайтынына және бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынына назар аударыңыз. Мүмкін, студенттердің біреуі интроверт, олар сезімтал, осал және әрқашан басқаларға қарағанда қолдауды қажет етеді.
3. **Балалардың физикалық жағдайына назар аударыңыз.** Мысалы, студент ұзақ уақыт бойы депрессияға ұшырайды, қайғылы, жалғыздыққа бейім, курстастарымен сөйлескісі келмейді. Қорқытуға ұшыраған студенттер жиі ұйықтайды, суық тиюге, жүйке тиктеріне, энурезге және басқа ауруларға бейім.
4. **Студенттердің іс-әрекеттерін белсенді бағытқа бағыттаңыз.** Егер сіз студенттер арасында тым агрессивті ойынды байқасаңыз, онда оларға басқа біреудің зардап шегу ықтималдығы аз болатын басқа ұқсас әрекеттерді ұсыныңыз. Мысалы, егер студенттер оқу бөлмесінде бір-біріне қағаздар лақтырып ойнаса, онда тақтаға бормен нысана сызып, балаларға қағаздарды нысанаға лақтыруды ұсыныңыз.
5. **Сізге қорлау туралы шағымданған әрбір студентке назар аударыңыз.** Мұның бәрі ұсақ-түйек болып көрінуі мүмкін және студент мәселені өзі шешуі керек, бірақ олай болмауы мүмкін. Балалар көбінесе жылдар бойы үнсіз азап шегеді, өйткені олар бірдеңе жасауға батылы бармайды немесе олардың проблемасына ешкім назар аудармайды. Сонымен қатар, әр адам әр түрлі, ал кейбіреулер үшін басқалар әзілдесетін қорлау өте ауыр тәжірибені тудыруы мүмкін.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Егер сізде бір топ балалар қандай да бір түрдің "нысанасын" таңдады деген күдік болса, оның мінез-құлқын мұқият қарап шығыңыз.

1. Құрдастар студенттердің біріне "күлкілі" лақап ат ойлап табады және оған тек осылай жүгінеді.
2. Курстастар белгілі бір студентпен бір партада отырудан бас тартады, онымен бір командада жұмыс істегісі келмейді, сабаққа бірдеңе алуды ұмытып кеткен кезде онымен оқулық, кеңсе заттарымен бөліскісі келмейді.
3. Бұрын оқуда табысты болған білім алушы енді тақтаға шығып, ауызша сауалнамаларға қатысудан қорқады. Оның кез-келген жауаптары құрдастарының мазақтары мен ренішті пікірлерін тудырады. Мұндай жағдайлар жеке емес, үнемі байқалады.
4. Үзілісте студент көбінесе шетте тұрады, басқа студенттермен сөйлеспейді, ал егер ол жалпы ойынға қосылуға тырысса, ол үнемі бас тартып, кейін мазақ етеді.
5. Бұрын белсенді студент топтың істеріне қатысудан бас тартуға тырысады, экскурсияларға қатысуды, командалық жарыстарға қатысуды және т. б. тоқтатады.
6. Жанжал жағдайында құрдастар үнемі бір студенттің барлық қиындықтары үшін айыптайды. Қандай жағдай болмасын, ол әрқашан кінәлі болып тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кравцова М.М. «Жалған балалар», М-2005.
2. Зиновьева Н.О. «Зорлық-зомбылық психологиясы және психотерапиясы», Б- I бөлім.
3. Ильин Е.П. «Агрессивті мінез-құлық психологиясы», П-2014.
4. Кон И. С. «Буллинг дегеніміз не, онымен қалай күресеміз?», «Отбасы және мектеп», 2006ж, № 11., 5-18 б.

ЖАҢАШЫЛДЫҚҚА ҰМТЫЛУ ОҚУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ

Сапарбекова Гульнар Жайдаровна
Қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің жоғары санатты педагогы,
ф.ғ.к. Астана қаласы әкімдігінің
«Қоғамдық тамақтандыру және сервис колледжі» ШЖҚ МКК

Аннотация

Мақалада тәрбие мен білім беру ісінде келешек ұрпаққа қандай білім беру туралы мәселе талданады. Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістерінің жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы. Адамның тұлғаға айналуы, парасаттылық, адамшылық қасиеттерінің шыңдалуы ұлы В.Франкльдың, Абайдың, Шәкәрімнің, Міржақыптың, Румидің еңбектері мен философиялық пайымдаулары арқылы баяндалады. Құндылық пен Мәнді көкірекке құйғанда ғана адам тұлғаға айналады. ФАдамның бітім болмысын құндылық ретінде тануды қарастырады.

Білім беру саласында болып жатқан ауқымды өзгерістер түрлі бастамалар мен түрлендірулерге кеңінен жол аша отырып, тәрбие мен білім беру ісін жоғары деңгейге көтеруді қажет етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясы мен инновациялық әдіс-тәсілдерді енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу», - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері атап көрсетілген [1].

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйрену керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген тәрізді негізгі сұрақтар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда пайдаланылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазіргі кезде оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп білім алушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді. Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу аталған міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады.

Оқу бағдарламалары мен оқу жоспарлары белгілі бір пән және сынып аясында білім алушылардың нені оқып, нені үйрену қажет екендігін айқындау үшін қолданылады. Сонымен қатар, жекеленген пәнді оқыту мазмұнына қысқаша шолу ұсына отырып, бұл құжаттар мүдделі талаптарға оқушылардың белгілі сынып аясында оқу бағдарламасы бойынша жалпы түсінік алуына, белгілі бір сыныпта оқушылардың қандай білім, білік, тәжірибе жинақтайтынын анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалім әрбір кезеңде қолданатын оқыту үлгілеріне (жеке, жұптық, топтық, бүкіл сыныптық), оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беруі керек, себебі белсенді сабақта мұғалім мен білім алушының атқаратын қызметі мен іс-әрекеттерінде үлкен өзгеріс бар; сабақты жоспарлағанда мұғалім педагогикалық іс-әрекетінің мазмұнын анық көрсетеді, яғни өзінің және білім алушыларының орындайтын әрекеттерін ашып көрсетеді. Белсенді сабақта білім алушылардың әрекеті танымдық, коммуникативтік және өзін-өзі басқару тұрғысында көрініс табады. Оқу мақсаттары нені оқып-білу және нені бағалай алу керектігін көрсетеді. Егер нәтижесінде неге қол жеткізуіміз керектігін білмесек, оқу мен оқытудың табыстылығын бағалау да мүмкін емес. Бағалау критерийлері оқу мақсатына жетуге бағытталған қадамдар ретінде қарастырылады. Бағалау критерийлерін нақты анықтамай

қалыптастырушы бағалауды тиімді жүргізу мүмкін емес. Сабақтың әдістемелік жобасын құру барысында мұғалім белсенді оқу әдістерін ұтымды қолдану арқылы оқу мақсаттарының орындалуына барынша қол жеткізуді ұстанады. Мұнда оқу-танымдық үдерістердің табыстылығына әсер ететін ынталандыру, жағымды психологиялық орта орнату, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру сияқты маңызды мәселелерді басты назарға алу керек.

Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор. Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде білім алушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер. Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімді баяндауына, оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес, білім алушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді. Белсенді оқыту әдістерінің ерекшеліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетіне ояту жатыр. Онсыз білімдерді игеру алға жылжушылық болмайды. Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына білім алушыларға білім ғана беріп қоймай, танымдық қызығушылықтар мен қабілеттердің, шығармашылық ойлаудың, өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету және т.б. жаңа міндеттер қойылумен байланысты.

Белсенді оқытудың мәні-оқу үдерісі іс жүзінде барлық білім алушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуында. Сабақтың тиімділігін және табыстылығын қамтамасыз ету - мұғалімнің айтарлықтай күш-жігерін жұмсауын қажет етеді. Дегенмен, сабақтың тиімділігін арттыру әрбір педагогтің қолынан келетіні анық. Тиімді сабақты ұйымдастыруда кездесетін мәселелер: сабақта қолданатын әдіс-тәсілдердің бірсарындылығы; сабақта уақытты тиімді қолданбау; проблемалық оқыту элементтерін сирек қолдану; сабақта АКТ тиімді қолданбау; барлық білім алушылардың танымдық әрекетке тартылуын қамтымау; сабақтың және тапсырмалардың логикалық құрылымына мән бермеу; сабақта көрнекі құралдардың жеткіліксіздігі; жаттығулар мен тапсырмаларды немқұрайлы таңдау; оқушыларды шектен тыс көп тапсырмалармен жалықтыру.

Аталған қиындықтарды шешу жолдарының бірі-сындарлы оқыту теориясын басшылыққа алып сабақты белсенді әдістер қолдану арқылы тиімді жоспарлау болып табылады.

Табыстылыққа ұмтылу-оқу мен оқытудың негізгі мақсаты. Білім алушыларды оқыту және тәрбиелеу алдын ала болжауға мүмкін болмайтын көптеген жағдайларға тәуелді күрделі үдеріс. Оқудың табыстылығы пәннің ерекшелігіне сәйкес тиімді әдістерді таңдай білетін мұғалімнің шеберлігіне байланысты болатыны анық. Сонымен қатар мұғалімнің мәдениеті мен білім алушыларға деген сүйіспеншілігінің ең маңызы зор. Егер білім алушы сабақтан жаңа нәрсе үйреніп, өзіне көңілі толып шықса, сабақтың жақсы өткені, мұғалімнің еңбегі табысты болғаны, ал егер білім алушы сабақтан ештеңе үйренбей, немқұрайлы көңіл-күймен шықса, сабақтың сәтсіз болғаны; демек мұғалімнің ойлануы керек деген сөз. Дегенмен сабақтың табысты болуы тек мұғалімге қатысты нәрсе емес, білім алушының ынта-жігері мен өзінің білім алуына деген жауапкершілігіне де байланысты. Сабақта әрбір білім алушының өзіндік маңызын және өзінің қаншалықты табысты болғанын сезіне білуі қажет. Бұл үшін мұғалім дайын, жаттанды білім беруден арылып, білім алушыны жаңа білімді өздігінен игеруіне бағыттауы керек.

Сабақта белсенді әдістер қолдану білім алушының өзіндік рефлексия жасау дағдыларының дамуына, сыныптағы жалпы жұмысқа үлес қосып, қатысқанын сезінуге, оқу үдерісінің белсенді мүшесі болуына, танымдық белсенділігінің артуына мүмкіндік береді. Сондай-ақ, мұғалімнің сабағын қызықты ұйымдастыруына, білім алушыларының танымдық әрекетін күшейтіп, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдай түсуіне ықпал етеді.

Оқу пәндері арасында байланыс орнату білім беру бағдарламасының аясын кеңейтіп, теңестіреді, тереңірек білім алуға мүмкіндік береді, көптеген дағдыларды қалыптастырады, түсінік пен дағдыларды дамытуға көмектесе алады, оқудың анағұрлым саналы меңгерілуіне көмектеседі, оқуға деген уәжді арттыра алады.

Білім алушылардың қажеттілігін қанағаттандыру тәсілінде білім алушылардың оқуға қолдау көрсету мақсатында тексеру және кері байланыс ұсынылады. Яғни, уәжді және өзін-өзі бағалау деңгейін арттыра отырып қай бағытта оқыту керектігі анықталады. Сонымен бірге білім алушылардың өз жұмысын жақсартуына мүмкіндік беріп, білім алушылардың барынша тиімді оқу жолдарын түсінуіне көмектеседі.

Адам трансцентті болмыс. Оның табиғаты бұ дүниеге сыймайды. Адам ғана өз негізінен асып, басқа әлемге жол аша алады. Пенде психофизикалық қабатын жарып шығып, ғайып әлемге жол ашқанда толыққанды тұлғаға айналып, құдіретін әлемге паш етеді. Басқа әлемге талпынбай, өз шегінде тұйықталып қалса, адамшылық қасиеттері құмға сіңгендей жоғалады [2].

Жеме-женге келгенде өзін игеру - жанға жасырынған сансыз мүмкіндікті жарыққа шығару деген сөз. Енді «Адам сол үшін жаратылған ба?», «Біз тек бойда бар талант пен дарынды паш етуге келдік пе?» деген сұрақ туады. Іштегі мүмкіндікті жүзеге асыру ма, әлде әлемнен Мән іздеп табу ма?».

Яссауи хикметінде:

«Түбінде дарияның жақұт жатыр».

Кім егер сүңгіп алса - сол жан бақытты ақыр», - деп келеді [3]. Абайда: «Жүрек теңіз қызықтың бәрі асыл тас. Сол қызықсыз өмірде жүрек қалмас» деп қайталайды [4]. Ішкі әлемі өзімен өзі қайнап жатқан адамды жеке субъект деп алайық. Ол өзіне үңілген сайын ішкі әлемін қызықтап, соны ғана сомдай береді. «Әлемді қалай сипаттаса да ашылған әлемді көреді. Адамның өзі – әлемді сомдап, сипаттаушы субъект. Оны бір ғана пенденің жеке әлемі деп те айтамыз. Қысқасы адамзатқа ортақ ғаламның бір фрагментін таниды [5].

Осы В.Франклдің ойын қарапайым мысалмен былай жеткізуге болар.

Маулени Руми: Үндістер халыққа көрсету үшін бір пілді әкеп, қараңғы қораға қамайды. Хайуанды көру үшін қораға бірнеше адам келеді. Қораның іші қараңғы болғандықтан, пілді ешкім көре алмайды. Олар түнекке пілді сипалап көреді. Бас жағында тұрған біреуі оның ұзын тұмсығын ұстап: «Піл бір науаға ұқсайды», - дейді. Тағы бірі құлағынан сипалап: «Піл жалпақ желпуішке ұқсайды», -деп түйеді. Енді бірі аяғын ұстап,: «Піл дөрене екен! - деп таңдай қағады. Төртіншісі жонынан сипап: «Піл дегенің патшаның тағы ғой» - деп жеңістік бермейді. Әрқайсысы пілдің әр жерін қолымен ұстап, әр нәрсеге ұқсатты. Ортақ пікірге келе алмады. Біреу тал, біреу төбе деп өзылкенірдек болды да қалды. Оларда бір балауыз шам болғанда, мұнша тартысып, таласпас еді. Сезім көзі тек қол мен уысқа ұқсайды: қолмен ұстап таудай пілді қалай танырсың! [6].

Сырттан қарағанда ішінде не барын білмейсің. Іштегін көрудің бір шарты бар. Ол кіршіксіз мөлдір таза һәм мөлдір болуы керек. Сонда ғана кіршіксіз таза тастарды көруге болады.

Франклдың осы ойын Абай:

Іштеі кірді қашырса,

Түседі Хақтың сәулесі

Жүректің көзі ашылса,

Адамзаттың хикмет кеудесі [4].

Қорыта айтқанда, ақыл есі түзу, жүйкесі сау пенде жан тыныштығын күйттеуге яки болмаса физиологиялық құмарлығын қандыруға талпынбайтынын, әу бастан хикмет жинап, Мән табуға ұмтылады. Құндылық пен Мәнді көкірекке құйғанда ғана адам тұлғаға айналады. Парасатты қасиеттері шындала түседі. Адам мәнді өмір бақи іздеумен, игерумен болады. Соған сәйкес адамшылығы да шындалады.

Үндінің ұлы ақыны, жазушы Рабиндранат Тагор: «Мен ұйықтап кеттім. Түсімде өмірді көрдім. Өмір бақыт пен шаттық екен. Сәлден соң оянып кеттім. Қарасам өмір дегенім адамдық борыш болып шықты. Тұрдым да іске кірістім. Нәтижесінде адамдық борышым шаттық пен бақытқа айналды» [7].

Қорыта айтқанда, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдансақ, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алып, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерінің қалыптастыруға ықпал етеміз. Білім алушылар бойына мейірімділік, бір-біріне деген

сенімділік қасиеттерін ұялата аламыз, себебі олар топпен жұмыс жасағанда бірлесіп жасауға үйренеді, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артады. Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт-оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз-оқу. Надан жұрттың күні –қараң, келешегі –тұман» деген сөздерімен аяқтағым келіп отыр. ХХІ ғасыр-ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру-тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. Франкл В. Өмірден мән іздеген жан
3. Қожа Ахмет Яссауи. Диуани хикмет. - Алматы, «Отбасы хрестоматиясы», 2021ж.
4. Құнанбаев А. Шығармалары, Алматы,1998ж
5. Логотерапия. Құрастырған: Керімбай С. – Отбасы хрестоматиясы қоғамдық қоры: Алматы, 2022ж.
6. Маулени Руми. Өлеңдері
7. Рабиндранат Тагор. Әңгімелері мен шығармалары.

ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ШӘКӘРІМНІҢ АР КОНЦЕПТІСІ

Түсіпбаева Сәуле Кайсановна
“Семей қаласының Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті КеАҚ”
Шәкәрім жоғары колледжі

Шәкәрім шығармашылығы зерттеу нысаны деп танылғанан бері көптеген маңызды істер атқарылуда.[1.19Б]

Десек те, Шәкәрімнің шығармашылық ауқымы әлі толық зерттеліп болған жоқ.

Ұлы ақыннан қалған ұлағатты мұраны зерттеу ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында оның көзі тірісінде басталғанымен уақыт салған салмақ қоршаған ортасы зобалаң жүйелі түрде зерттеуге мүмкіндік бермеді

Шәкәрім шығармашылығын зерделі зерттеуді тілші-лингвист,әдебиетші ,философ ғалымдар назарынан еш уақытта тыс қалдырған емес.

Зерттеушілер Шәкәрімнің көзқарастарын философиялық , діни- философиялық,этика – эстетикалық, саяси-тарихи ,сопылық таным көріністеріне байланысты жіктеп бай мұраны барлық қырынан жан-жақты зерттеп терең ашуда.

Шәкәрім философиясындағы Абырой, Намыс,Ұждан ұғымдары -адамгершілік қасиеттердің ең бағалы көрінісінің бірі. Шәкәрім өз шығармашылығында абырой, Ар мәселесін көп қарастырған. Атап айтар болсақ, танымал “ Үш анық” еңбегінде:

“ Еңбекпенен ,өрнекпенен

Өнер ойға тоқылса,

Жайнар көңіл, қайнар өмір

Ар ілімі оқылса ” деп білім беру саласында “Ар білімі “ концептісінің оқылуын, тұлғаны тәрбиелеудегі ойларын айрықша атап өтеді немесе “Адамдық борышың -

Халқыңа еңбек қыл.

Ақ жолдан айнымай

Ар сақта,оны біл

Талаптан да білім мен өнер үйрен,

Білімсіз, өнерсіз

Болады ақыл тұл” деп тұжырымдайды.

Ал, біз бұл мақаламызға арқау етіп отырған имандылық тақырыбы Шәкәрім шығармашылығының барлық қырларында көрініс тапқан .Атап айтқанда, поэзия жанрынан басқа аударма саласындағы еңбектерінің желісі де аталған тақырыппен өрбітіліп отырады.

Шәкәрімнің 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Мұсылмандық шарты» атты еңбегі қазақ халқының рухани дамуына қосылған ірі үлес.

Аталған еңбек 1993 жылы Алматыда «Қазақстан» баспасында қайта жарық көруіне орай Мекемтас Мырзахметов кіріспе мақала жазып, еңбектің ғылыми маңызын атап көрсетеді.

Шәкәрімнің ұлы Ахат әкесі туралы естеліктерінде «Мұсылмандық шарты» жөнінде де : [2.815 б] «Әкей мұны надан,білімнен хабары жоқ кезінде,басқа жұртта «Ғибадат сламия» деген кітап бар ,олар араб тілінде не түрік тілінде жазылады ,қазақ тілінде жоқ деп соларға еліктеп жаздым,оны мансұқ еттім» –деген сөздерін бере отырып ,нашар жазылған шығарманың бірі ретінде Шәкәрім өзі баға беріп ,көңілі толмайтындығын атап көрсетеді.

Алайда, сол заман үшін Шәкәрім ислам дінінің басты қағидаларын ,иман ғибадаттарын қазақ тілінде халыққа түсінікті қылып жазып шығаруды мақсат еткен.Бұл шығарманың маңызы зор.

Ең әуелі иман шарттарына тоқталған ,құран аяттарын қазақ тіліне аударып бере отырып түсіндіреді.

«Әл Бақара», « Әл Ағраф», « Әл Қассаф», « Әл Жасиа», « Әл Саф» тағы басқа Құраннан алынған сүре аяттарын түсіндіру Шәкәрімдей ғұламаның сұңғылалығын көрсетеді .

Өз шығармашылығын өзі сынауы ,өз қатесін көтеріп соны түзей алуы жазушының артық қасиеті.

Бұл әркімнің қолынан келе бермейді біреудің қатесін біреу көреді деген бар. Бәрінен адам өз қатесін өзі көріп ,өзі түзегені артық.Өз қатесін өзі түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар.Ол адамға біткен-ақ жүрек.

«Сондықтан да, әділ сыншың-ақ жүрегің» деген Толстой ақыл кеңесін сабақ етіп алғандығынан болар .[2.816]

Шәкәрім имандылық ұғымын,имандылық тақырыбын барлық шығармашылығының өн бойында көтере отырып, « Ар түзер адамның адамдық санасын »деп ашық айтқан.

Ендеше , мұсылман философиясындағы имандылық ,қазақ ұғымындағы кісілік,Шәкәрім негізін салған ар ілімі ардан нәр алады.[2.1086] .

Жалпы, Ар,иман ұғымы Шәкәрім шығармашылығында кең қолданыс тапқан.

Шәкәрім Құдайбердіұлы1912 жылы «Айқап» журналының бесінші санында «Бес сауал» яғни, білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұрап жазған мақаласының жарияланғандығы көпшілікке таныс екендігін ескерсек, бесінші сауалдың да «Заман өткен сайын адамның адамшылығы түзеліп бара ма?» деп мәселені көтеруі- имандылық тақырыбы- ғұламаны кеңінен толғандырғандығынан туындаса керек-ті деп ойлауға негіз болады.

Шәкәрімнің жарқын ойлары келешек ,яғни болашаққа арналған .Жастарды бақытты өмірге жеткізудің жолы әділет деп халықты соған үндейді. «Мұсылмандық шарты » еңбегінде тоқталатын сауда-саттық, нәпақа ,қарыз ,хайуанаттар хақы ,өтірік ант пен өтірік,жақсы мінез әр түрлі залымдық ,пайда, зиян ,су тазалығы әр түрлі терілердің илеуі мен адалдығы,мал бауыздамақ һәм адал малдың жарамды нәрселері,аң ауламақ т.б мәселелердің басында имандылық бастауы тұратындығын атап көрсетеді.

Осы орайда, кәсіптік -техникалық білім беру колледждерінің немесе жоғарғы оқу орындарының заң ,экономика ,қаржы ,мал шаруашылығы,ауыл шаруашылығы мамандарын дайындау барысында аталған еңбекке студенттер назарын аударудың, тиімділігін пайдалануды ұсына отырып, жете үңіліп оқитын еңбектерінің ең бастысы- «Мұсылмандық шарты» және « Бес сауал» болмақ деп тануымыз қажет.

Шәкәрім шығармашылығының қай- қайсысын алсақ та, имандылықты басшылыққа ала отырып , кейіпкерлер аузынан адалдық, әділдік, хақ, хақиқат- ақиқат сөзін айтқызып, адамшылықпен ізгілікті көтеріп отырады. Қоғам өміріне имандылықты дарыту -Шәкәрімнің өмірлік арманы болғандығы анық. Сол мақсатта әрекет етеді. Бұл турасында Ахат өз естелігінде әкесінің « Адам бойына біткен үш асыл қасиеттері бірігіп басын қосса, адамзат баласының таласуы қалмақ. Олар: таза ақыл, ақ жүрек, адал еңбек . Осы үш қасиет біріксе өзімшілдік, мейірімсіздік, қара ниеттілік деген сияқты қылықтарға орын қалмайды» деген сөздерін көрсетсе, тағы бірде әкесінің соңғы аманатын « Отанға , елге адал қызмет істе, өзінді адал еңбегіңмен таныта біл» деген өсиетін жазады.[2.806б.]

Ендеше, ақ пен қараны ажырату пайдалы білім арқылы келетінін, екі дүние өміріне азық боларлық ең басты рухани құндылықтың имандылық екендігін айтудан Шәкәрім еш жалыққан емес.

Деп айтарлық 3 нәрсе бар: кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек атты үш анығының шыңы имандылық – жаратушыны тану, мәңгілікке апарар тура жол.

Қорыта тұжырымдағанда , Шәкәрімтанудағы имандылық , АР мәселелері өрісінің әлі де кеңейе түсетіндігі анық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- «Шәкәрім дәрістері». Республикалық ғылыми- практикалық конференция материалдары., Семей, 2001жыл.
- Шәкәрім. Энциклопедия. Семей: « Тенгри» баспасы, 2008.
- Жол табалық ақылмен . Шәкәрім шығармаларының бір томдық жинағы. 2006ж.

ПРОГРЕССИВНЫЕ ИДЕИ НРАВСТВЕННОГО ВОСПИТАНИЯ

Заместитель руководителя по ВР

Бектурсынова Р.А.

ТОО Колледж менеджмента, бизнеса и образования

«Нравственность — основа всех человеческих ценностей»

Альберт Эйнштейн

Воспитание как целенаправленный процесс формирования личности являлось составляющим для казахского народа. О нем писали произведения, сочиняли песни и стихи. Прославленные педагоги поднимали вопрос нравственности человека, что отразилось в их рассказах и педагогических трудах. Нравственное воспитание всегда интересовало человечество, поскольку являлось острой проблемой растущего поколения, а ныне его актуальность только возросла. Родители, общество, учителя все больше окунулись в изучение вопросов нравственного воспитания детей.

Изменения, происходящие в обществе, обязывают нас адаптироваться, корректировать сознание, мышление и воспитание. Нынешние дети уже маловосприимчивы к тем методам, которые использовали наши предки. Для того, чтобы взрастить в подрастающем поколении общепринятые нормы поведения, необходимо изучать и внедрять в практику совершенно новые методы воспитания. Каким образом мы можем осуществить такую задачу? Конечно, все

начинается со школьной скамьи, с первых дней обучения ребенка в школе. И тут ставится акцент на предмете литературного чтения, потому как именно на нем идет интенсивное воздействие на сознание и нравственную составляющую учащихся. От того, чему и как мы научим и воспитаем подопечных, будет зависеть какой личностью они станут в будущем. На данный момент в мире нет ничего постоянного, но мораль, этичность и знания – это то, что поддерживает в каждом из нас стабильность; это то, что никто не сможет отнять у нас. Выхолащивание нравственности, культуры – вот настоящая угроза для общества. На педагогов возложена большая ответственность, ибо они не только вкладывают представление о том или ином предмете, но еще и формируют необходимые качества. На глубоком знании педагогики и психологии зиждется успех и процветание народа.

Казахский просветитель Абай Кунанбаев часто упоминал о нравственном воспитании. Он говорил, что именно в процессе воспитания человек становится нравственным или же, наоборот, невоспитанным; не от природы в нем присутствуют эти качества, а окружающая среда и соответствующее воспитание определяют в нем, какой он. Если говорить о детях, то кто же будет для них воспитателем? Разумеется, в первую очередь это его семейное окружение. Потом идут воспитателя, наставники, учителя, т.е. профессионалы своего дела. И в последнюю очередь идут друзья и сверстники. Отсюда следует, что семья является началом всех начал, а к ней уже присоединяется образовательная среда, т.е. школа. Абай Кунанбаев в своих творческих литературных шедеврах говорил: «Дитя человеческое не рождается на свет разумным. Только слушая, созерцая, пробуя все на ощупь и на вкус, оно начинает познавать разницу между хорошим и плохим. Чем больше видит и слышит дитя, тем больше узнает. Много можно усвоить, внимая словам разумных людей. Недостаточно обладать разумом – только слушая и запоминая наставления знающих, избегая пороков, можно стать полноценным человеком».

Особенность цели нравственного воспитания сводится к выводу ученых о ее общем характере, динамической изменчивости, планировании результата. Борьба с самим собой, является не только неизбежной и естественной, но и необходимой для поддержания психического и духовного здоровья. Человек не мыслим без постоянной борьбы и ее необходимость продиктована психическим здоровьем. Задача вооружения ребенка знаниями, известными истинами считалось делом образования. Воспитание же занималось развитием воли, нравственности, самостоятельности, внутреннего «я» в рамках общественного сознания и идеалов человечества того времени. Причем и образование, и воспитание являлось задачей педагогов и учебных заведений, однако, необходимо осознавать важность семейного воспитания с рождения ребенка.

Семья является основным источником формирования ценностей подрастающего поколения. Это базовый социальный институт, функционирование которого напрямую влияет на государственное благополучие и стабильность. Поэтому первоочередными целями государственной семейной политики являются поддержка, укрепление и защита семей, создание необходимых условий, способствующих физическому, интеллектуальному, духовному, нравственному развитию семей.

Глава государства в одном из своих выступлений (2021 г.) отметил намерения по проведению комплексной семейной политики и поддержке института семьи, подчеркнув, что крепкая и счастливая семья является основой благополучия и процветания страны. На сегодняшний день на государственном уровне предпринимается ряд мер по поддержке института семьи.

Семья как главный фактор воспитания детей призвана обеспечивать подрастающему поколению полноценные условия жизни. Каждый ребенок должен расти в атмосфере счастья, любви и понимания. В сложном современном мире жизнестойкость человека обусловлена субъективным восприятием благополучия. Если ребенок не получает в семье любовь и поддержку, у него возникает состояние эмоционального неблагополучия, что проявляется в расторможенности, агрессии, заторможенности, страхах, изолированности. И это, как утверждают исследователи, будет сопровождать человека и во взрослой жизни. Если,

напротив, родители предоставляют своему ребенку любовь и поддержку, у него возникает состояние эмоционального комфорта, которое обеспечивает: доверительное и активное отношение к миру; высокую самооценку и самоконтроль; ориентацию на жизненный успех.

Нравственное воспитание молодого поколения приобретает в современных условиях особенно большое значение. Формирование основ личности связано с воспитанием нравственных качеств, творческих особенностей и раскрытием индивидуальности ребенка. В процессе нравственного воспитания у детей формируются чувства такие как товарищество, коллективизм, патриотизм, уважение к людям труда, активное отношение к действительности.

Наделив обучающегося знаниями, но, не воспитав в нем нравственно богатую личность, мы делаем его послушным исполнителем воли любого лидера. Национальная доктрина образования одной из ключевых задач провозглашает воспитание молодого поколения в духе высокой нравственности.

«Наряду с качественным образованием необходимо и нравственное воспитание учащихся. Ответственные граждане – опора государства. Этот принцип должен стать основой формирования новой общественной этики в стране. В народе говорят: «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» (Если у тебя хороший наставник, то и жизненные принципы будут верными). Поэтому важно, чтобы школы стали центрами, где дети будут постигать моральные принципы и общечеловеческие ценности. Справедливость, ответственность, трудолюбие, образованность, патриотичность и милосердие. Именно к обладанию этими качествами должна стремиться молодежь, потому что в этом и заключается новое качество нации», – сказал Президент нашей страны К. Токаев. Он отметил, что подрастающему поколению следует прививать любовь к казахским традициям и ценностям. «В вопросе воспитания следует также опираться на базовые установки отечественной педагогики. Подрастающему поколению нужно прививать любовь к казахским традициям и ценностям». [2]. Эти ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности.

«Воспитать человека интеллектуально, не воспитав его нравственно, — значит вырастить угрозу для общества.»

Теодор Рузвельт

Развитие и процветание любого государства, в том числе и Казахстана, может быть успешным лишь при активном участии в этом процессе подрастающего поколения. Закон Республики Казахстан «Об образовании» требует активного формирования у обучающихся высоких нравственных качеств: патриотизма, гуманности, уважения к своей культуре, нравственного поведения. В этой связи возрастает ответственность, прежде всего учреждения образования.

Результаты нравственного воспитания должны стать приоритетными показателями в ее работе. В образовательных учреждениях предстоит воспитать такую личность, чтобы она сумела выстоять в это сложное время, когда все ярче обнаруживается неудовлетворительное состояние нравственной позиции окружающих людей, утрачиваются основные ценности.

Педагог, занимающийся нравственным воспитанием, никогда не обойдет следующих постулатов: он сам должен являться примером нравственного поведения, быть личностью. Выбор обучающего должен опираться не только на логику и расчет, но и на его собственные чувства и эмоции.

Человек по своей природе не любит однообразия, и поэтому монотонная, неэмоциональная, однообразная речь педагога зачастую гасит интерес к беседе, к общению, к сотрудничеству, что делает невозможным или малоэффективным нравственное воспитание. Результативность работы педагога зависит и от способности учителя научить ребенка интонационно-образному восприятию мира.

Нравственное воспитание обучающихся всегда было актуальнейшей задачей педагога, а сегодня – особенно. Но решать ее в любое время было сложно. «Учительство – это искусство, воспитывает личностью своей, своими знаниями и любовью, своим отношением к миру». Такое

понимание учительской миссии выделяет в качестве важнейших проблем педагогического образования формирование нравственной позиции. [1].

Целью нравственного воспитания является формирование нравственного сознания, поведения и важнейших моральных качеств личности: патриотизма, чувства дружбы, и консолидации между народами, коллективизма, гуманизма, ответственного отношения к труду, сознательной дисциплины и др. (Гуманизм обозначает человеколюбие, когда человек человеку не враг, а друг. Это стремление помогать своему ближнему, оберегать его от проблем и невзгод. Также гуманизм тесно связан с понятием толерантности, когда человек проявляет терпение к окружающим его людям. Он не судит об их душе по цвету кожи или вероисповеданию. Гуманизм проповедует равенство всех людей, свободное выражение их мыслей и чувств)

В системе межнациональных отношений в центре внимания образовательного учреждения всегда находится проблема единства казахстанского народа, истоками которого является многонациональная культура, устанавливающиеся экономические связи, обеспечивающие духовное развитие всех народов, населяющих территорию нашей республики, ближнего и дальнего зарубежья.

С приобретением Республикой Казахстан статуса суверенности появилась возможность реального возрождения истории, культуры, обычаев, языка казахского народа, создались возможности для обновления содержания школьного образования на основе учета национальных традиций в единстве с мировой культурой и достижениями разных народов. Сегодня, в Казахстане сохраняются стабильность, национальное согласие и гражданский мир. Курс на укрепление дружбы между народами совпадает с желанием казахстанцев решительно двигаться вперед по пути обновления, экономических реформ и духовного возрождения.

На основе принципа гуманизма осуществляется воспитание уважения к человеку как высшей ценности общества, развиваются чувства достоинства, гордости и чести. Гуманизм наследует традиции демократического гуманизма с его требованиями уважения человеческого достоинства в каждом человеке независимо от имущественного положения, пола, расы, нации. Он содержит в себе проявления человечности, увековеченной в определенных нормах общечеловеческого: сострадание горю человека, готовность помочь в беде, защитить от насилия или оскорбления.

Содержание нравственного воспитания проявляется, прежде всего в практической деятельности обучающихся в учебе, труде, общественной работе, в характере их отношений, способах взаимодействия, в усвоенных нормах поведения.

Идеалы нравственного воспитания, этики, эстетики требуют соответствующую высоту развития ума. Большая однородность человеческого общества создается благодаря гармоничности взаимоотношений школы, семьи, колледжа, ВУЗа. (отсюда общность верований, идеалов и убеждений)

От воспитания зависит не только судьба одного конкретного человека, но рода и даже целого народа, а, в известной степени, и будущее всего человечества. Как известно, первые годы жизни являются главными в воспитании, так как ребенок учится вырабатывать в себе первичные навыки, важные для дальнейшей его жизнедеятельности и, соответственно, искоренить дурные наклонности легче именно в этом возрастном периоде. Еще в древности понимали важное значение образа жизни матери во время беременности. Следует вспомнить взгляды Платона и Аристотеля, которые, считают необходимым соблюдать определенные правила беременным женщинам: частые прогулки, отказ от шумной светской жизни, избегание любых волнений. В свою очередь в необходимость матери входит смягчение и уменьшение болезненных для ребенка раздражений. Это является началом сложного пути по развитию и воспитанию личности ребенка. [3].

Цель воспитания подготовить человека к непрерывной борьбе в течение всей жизни. Смысл воспитания сводится к снабжению нужными знаниями, которые дадут возможность человеку адаптироваться во внешней среде, благодаря своим внутренним особенностям.

В концепциях воспитания подчеркивают, что воспитание должно обеспечивать гармонию человека с самим собой через достижение им гармонии с другими людьми,

обществом, природой, человеческой деятельностью. Достижение гармонии — такова суть психологического, нравственного, физического здоровья человека.

Нравственное развитие личности происходит в течение всей жизни человека под влиянием контактов с окружающими его людьми и проявляется в его оценках и отношении к действительности, обществу, взаимоотношениях с другими людьми, в его действиях и поступках. Нравственный облик человека, включающий как его внутренний мир, т.е. понимание им того, как и почему следует поступать так, а не иначе, так и внешнюю сторону его проявления, выражающуюся в суждениях, поступках и поведении, формируется в течение всей жизни.

Литература:

1. Құнанбаев А. Шығармаларының толық жинағы (екі томдық). – Алматы: Көркем әдебиет, 2002. – 368 б.
2. Абай Құнанбаев. Избранное. Серия «Мудрость веков». – М.: Русский раритет, – 426 с. 3 Құнанбаев А. Книга слов / Пер. с каз. Р. Сейсенбаева. – Семипалатинск, 2001. – 218 с.
3. Караковский В. А., Новикова Л. И., Селиванова Н. Л. Воспитание? Воспитание ... Воспитание! Тактика и практика школьных воспитательных систем. — Москва: Педагогическое общество России, 2000. — 254 с. 4. Концепция духовно-нравственного развития и воспитания личности гражданина России / А. Я. Данилюк, А. М. Кондаков, В. А. Тишков. — М.: Просвещение, 2009. — 24 с.

1. <https://bsh.kz/news/9221>

2. <https://www.nur.kz/society/2039679-o-vazhnosti-kazahskih-traditsiy-vyskazalsya-tokaev/>

3. <https://moluch.ru/conf/ped/archive/98/4676/>

4. <https://ru.citaty.net/temy/nravstvennost/>

5. <http://novikovv.ru/prorok-abay-kunanbaev/nravstvenniy-kodeks-abaya-adam-bol-bud-chelovekom>

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РӨЛІ

Темербекова Алуам Еркековна
Бауыржан Фариза
ШЖҚ МКК Сервис және туризм колледжі

«Біздің жастар елеспен өмір сүрмеуге тиіс. Қазақстаннан тыс жерде жұмақ жоқ. Еш жерде, әлемнің ешбір елінде бәріне бірден ие болу мүмкін емес. Туған Қазақстанда еңбек етіп, өз әлеуеттерін жүзеге асырулары қажет. Ол үшін мемлекет барлық жағдайлар жасауда және одан әрі де жасай беретін болады», - деп санайды Президент.

Қай кезді алып қарасаң да қоғамның қозғаушы күші жастар болып табылады. Демек, бүгінгі күн де, ертең де, болашақ та жастардың қолында.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев жастардың бүгінгі мен болашағына қамқорлық жасауды өз саясатының негізгі мәні деп санайды. Президент жыл сайынғы жолдауларында жастар саясатын жетілдіру бойынша бірнеше іргелі тапсырмалар беріп жүргені белгілі. Жастар саясатын жүзеге асыру елді жаңашылдыққа, интеллектуалды бәсекелестікке жетелейді. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Кез келген ел өз келешегін болашақ ұрпағымен байланыстырады», - деген болатын. Сондықтан жастар қоғамның бір бөлігі ретінде мемлекетте маңызды рөл атқарады. Осы тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі болашағы, мемлекетіміздің тірегі болып есептелетін жастарымыздың қазіргі аяқ алысы көңіл қуантарлық емес. Ия, тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын ойлайтың, өзіне сенім артатын оқыған, иманды халқының адал перзенті болуға лайықты жастар баршылық. Бірақ, жастардың көпшілігін олай

деп айта алмаймыз. Себебі: қазір жастарымыз ішімдік пен нашақорлыққа салыну, үлкенге құрмет көрсетпеу, өзін әлпештеп қанаттығы қақтырмай тұмсықтыға шоқтырмай, түнде тұрып ұйқысын төрт бөлген жыласа бірге жылап ауырса бірге ауырған ата-анасын үлкейгенде қарттар үйіне өткізу, ниеті бұзық жат ағым секталардың жетегіне ілесіп кетуі, отанына қарсы шығу бұл қазір қоғамызда болып жатқан жағдайлар. Бүгін де жаһандасу деген қызыл көз пәле жастарды ұлттық санадан алыстатып бітті.

Қоғамның ең маңызды әлеуеті болып табылатын жастардың екі түрлі байлығы бар: олар денсаулық пен уақыт. Жастар Алла сыйлаған осы екі байлықтың бағасын жақсы білуге тиіс. Уақыт деген өте бағалы нәрсе, оны зая кетіруге болмайды, ал оны зиянды іске, рухани азғындау жолына жұмсау – тегі масқарашылық. Уақыт пен тәрбие арасында тығыз байланыс бар. Тәрбие – бұл уақытты қадырлеу және азға қанағат ете білу.

Қазіргі қоғамдағы жастардың тәрбиесінде жеке тұлғаға тән оның адамдық болмысын, ақыл-ойын және тұлғалық қасиеттерін дамытумен қатар мінез-құлқын, яғни жан дүниесін қалыптастыруы керек. Сонда жастардың жадында біртіндеп тәрбие қалыптасады. Бүгінгі күндегі қоғамдағы қарама-қайшы мәселелер кешені, үрдістердің бірыңғайсыздығы жастар ортасы мен қоғамда бәсекелі қақтығысқа әкелуі мүмкін. Алайда қазіргі заманғы жастар өзінің болашағын өзі жасаушы, өзінің күнделікті алып жүрген білімін, ерік-жігері мен шығармашылық белсенділігін тиімді пайдалана алатын, өмір ағысына икемделе білген, өз болашағына сеніммен қарайтын жеке тұлға. Оның алдындағы ең басты мақсат-қоғамда жаңадан қалыптасып келе жатқан қадір-қасиеттер мен әдеп-жоралғыларды өз бойына сіңдіре отырып, жаңа қоғамдық жүйеге бейімделіп, ене білу.

Бүгінгі алмағайып өзгеріс кезінде не істерін білмей жүрген әлеуметтік топтардың бастапқысы жастар. Көрнекті психолог Эриксонның пікірінше өзін өзі тұлға ретінде тануға, өзі үшін белгілі бір құндылықтар мен мінез-құлық жүйесін қалыптастыруға деген ұмтылыс – жастық шақтың ең негізгі ерекшелігі. Эриксон бұл ізденісті «тұлғалық кешенділік» деп атайды. Жалпы алғанда жастар өз құндылықтарын бағалай біліп күнделікті өмірінде жетілдіре отыруы қоғам дамуының басты пайдасына жатады. Жастардың басты құндылықтарымен қатар сүйіспеншілік, бақыт, түсіністік, сыйластық, төзімділік, мейірбандық, өзара көмектесу, бейбіт қатар өмір сүру секілді жалпыадамзаттық құндылықтарды да жатқызуға болады.

Жастық шақ адам өмірінің айырықша даму кезеңі болғандықтан, оның бір қатар өзіндік қасиеттері бар. Анығын айтқанда, жастар әлемді тану, әлемді өзгертуге деген ұмтылысы күшті болады. Осындай жастар арасындағы ұмтылыстарда да тәрбиенің, адамгершілік құндылықтардың, имандылықтың және басқада адами құндылықтардың маңызды қызмет рөлі көрініс береді.

Қоғамдағы жастар арасындағы өзгелермен араласуға тығыз тәуелді қызмет ететін жастардың тану кезеңін жатқызуға болады. Жастардың осы жастық шақты тану кезеңінде де бір-бірімен қарым-қатынастың арқасында адам өзінің де өзгенің де құндылығын түсіне алады. Сондай ақ жастар арасында сұхбаттасу және пікір алмастыру мәдениетін үйрену мүмкіндігі кез-келген жасқа үлкен артықшылық емес деп ойлаймын. Жастар мен ересек жандардың көпшілігі ойлау салты бойынша қоршаған әлем өзгермейді деп санайды. Бірақ, біз өмір сүретін әлем өзгермейтін әлем емес. Әлем – өзгертуге болатын нәрсе, оны өзгертуге адамның қабілеті мен мүмкіндігі жетеді, соған ой таралымдарыда жеткілікті. Сол үшін адам баласы яғни, жастар өз талабы мен белсенділігін жетілдіре де, дамыта да білу керек.

Қазіргі қоғамда әсіресе жастар арасында дәстүр мен жаңалықтың арасында тұрған жастардың түсінігі мен тәрбиесін талдау қажет және заман талабына сай идеялармен, тұжырымдармен ұштастырылған білім туралы пікірлерді зерделеу керек болып отыр.

Заман ауысқанымен ұлттық құндылықтар мен оған деген құрмет өзгермейді. Егде адамдар жастарды сынайды, сөйте тұра оларға үлкен үміт артады. Аға буынның көзқарасы басқа, өмірден күткені басқа. Әлемде барлық нәрсе жетіледі, адам да уақыт өте келе кемелденеді. Үнемі жаңарып отыратын адам уақыт көшіне ілесуде қиындық көрмейді. Адамның кемелденуіндегі ең маңызды фактор – отбасындағы тәрбие мен қоршаған ортасы. Біздің замандағы әлем қандай өзгерістерді басынан кешіріп жатсада біз жастардың санасына ұлттық-рухани құндылықты егуге, оның үзіліп қалмауын ойлауға тиіспіз. Мәдениетіміздегі шығыстық

және батыстық мұраның қиюластығының арқасында біздің халық әлемдік өркениетке елеулі үлес қосуда. Тамыры мықты да терең халықтың жас буыны міндетті түрде тәрбиелі, адамгершілікті және отансүйгіш болуға тиіс. Біздің жастарымыздың бойында осы құнды қасиеттер баршылық, оларды ыждаһаттылықпен сақтайды және келер ұрпаққа жеткізу жаупкершілігін сезінеді. Баршамыздың алдымызда уақыт көшінен қалыспайтын және өз мәселесін өзі сәтті шеше алатын жаңа буын тәрбиелеуге міндеттіміз.

БАЛА ТӘРБИЕСІ БАРШАҒА ОРТАҚ

Ермаханов Рахымжан Турсыматович
Астана қаласы әкімдігінің
«Кәсіптік-техникалық колледж» ШЖҚ МКК

«Адамның адамшылығы ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы ұстаздан болады. Адам баласын бауырым деу жүректің ісі» Абай.

Баланың жақсысы-әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы-қайғысы, «азап-соры» деген жастарды тәрбиелеу ісінде табысқа жету үшін әрбір ата-ананың өзі де тәрбиелі болу керек. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында. Ең алдымен ата-ананың ролі, онан кейін ұлағат сыйлаған ұстаз.

Ата-ана өз баласын өз махаббатының нұрына бөлеп, қуанышына, бақытына балайды, бала үшін күш-жігерін жұмсайды. Әке мен ана баласының келешегін ойлап, отбасында сабырлы мінездің үлгісін, еңбектің үлгілі табысын көрсете отырып адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелейді. Еңбекқор, ілтипатты ата-ананы, ұстазды бала жанындай жақсы көреді, сыйлайды. Олардың бойындағы адамгершілік қасиетті жоғары бағалайды.

Сөз жоқ, бала үшін адамгершілік талғамдар мен әдет-дағдылар, яғни жеке бастың қалыптасуының барлық әлеуметтік -психологиялық негіздері отбасында қалыптасады. Демек отбасылық тәрбиелеу шарттарын, мүмкіндіктерін зерттемей тәрбие үлгісінде оң нәтижелерге жету мүмкін емес. Кей ата-аналардың бала тәрбиесі жайлы көзқарастарында елеулі кемшіліктердің барлығын байқауға болады. «Міндетім киім мен тамақ табу ғана» деген оймен мектепке орынсыз талаптар қояды, өзінің жауапкершілігін сезе білмейді, баласын тәрбиелеуден қол үзеді. Оның зардабы баланың сабақ үлгеріміне, мәнез-құлқының өзгеруіне әкеліп соғады.

Бала тәрбиесі –баршамызға ортақ. Баланың бүгінгі іс-әрекетіне, тәртібіне бүгін назар салмасақ, ертең кеш болады. Олай болса, бір сәт уақыт бөліп, мектеппен хабарласу ата-ананың бірден -бір міндеті.

Қаз қанаты ақ болады.

Ер қанаты ат болады

Балалардың қанатты кезі,

Мектептегі шақ болады, - дегендей баланың жүрегінен жол табу-нәтижелі істің жемісі.

Қазіргі заманда ұлттық мектептің іргетасы қалана бастаған кезде ата-аналарда мектеппен байланысын нығайта түсуі абзал. Мектеп өмірі, оқушы тұлғасын әлеуметтендіру мәселесі әріптестік педагогиканы талап етеді. Және мектеп пен ата-ана, қоғам бірлескен кезде ғана тәрбие процесі өз жемісін нәтижелі бере бастайды.

Ынтымақ бар жерде тәрбие де бар. Ынтымақ бар жерде береке, бірлік те бар. Қоғамдық тәрбие жанұядан басталады. Отан жанұядан құралмақ, қазіргі заманда нарық жағдайында ата-аналардың, жалпы қоғам қауымдастығының көбісі жұмыстан бос және бос уақыты да баршылық. Ендеше сол бойындағы білімін, ілімін, күш-жігерін неге игі іске жұмсамасқа. Ел болашағы жастар қолында. Ал сол жастар «рухани» байлықпен қалыптасады. Қандай бағытпен жүреді, қандай ізгі істер жасайды, қандай қоғам келешекті қалыптастырады? Ол жалғыз мектеп

мәселесі болмауы керек. Оған ата-аналар бірігіп атсалысуы қажет.

Адамды адамдық қалыпқа келтіретін де, аздырып, тоздыратын да қоғамдағы тәрбие жұмысы. Жүйелі ұлттық адамгершілік тәрбие болмаса, халық бір-бірінен рухани үлгі көрмесе адам баласы бір-біріне ақыразман әкелуі мүмкін.

Балаға жас кезінде әсер ететін құбылыстар әр түрлі болғанымен оларды тәрбиелеуші ата-ана. Әр ұрпақтың өзіндік дәстүр салты бар. Бірақ бұл ата-баба салтынан алшақ кетпек емес. Кешегі кеңестік дәуірде ол да өзгеріске ұшырап, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынаста алшақтық белең алып, бала тәрбиесін мектеп мұғалімдеріне артып, өздерін бұл мәселеде аулақ ұстағысы келеді.

Мұнда бір нәрсе анық. Нәресте іңгәләп өмірге келгеннен кейін ол тек қана ананың аялы алақанында өседі. Түн ұйқысын төрт бөлген ананың еңбегі ол ер жеткен сайын қиындай түседі. Міне, осы тұсы нағыз шешуші кезең. Бір сәт те ата-ананың көзінен таса болмайды. Осылай өзіне өзі келгенше бәріне жауапты солар. Ұлағатты тәрбие бір сәт те таусылмайды. Бұл-баланың мектепке дейінгі іс-әрекеті. Мектеп партасына отырғаннан кейін оның екінші кезеңі басталып өмірге деген түйсігі өзгеріске ұшырайды.

Бұл кезеңде ата-ананың жауапкершілігі ешқандай төмендемейді. Қайта бұрынғыдан да арта түседі. Осы тұста баланың жан дүниесіне әсер ететін, білім, тәрбие беретін, мектептің есігі айқара ашылып, ұстаздардың қамқорлығына бөленеді. Бұл да өмірінде шешуші роль атқарады.

Мектеп және жанұя қарым қатынасын дамыту үшін мына жағдайларды естен шығармауымыз керек:

1. Отбасының тәрбиелік мүмкіндігін зерттеу;
2. Тәрбие кеңестігін құруда «Үлгілі ата-аналар» қауымдастығын құру;
3. Сыныптан тыс жұмыстарға ата-аналарды көптен тарту;
4. Мектепте имандылық сағаттарын ата-аналармен бірлесе отырып жүргізу;
5. Ұлттық мәдениетке сүйене отырып, ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, ояту;
6. Ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорыта келе айтарымыз, мектеп пен жанұя арасында тығыз қарым-қатынасты орнатып, тәрбиеші ұстаз бен тәрбиеші ата-ана арасындағы ынтымақтастықты қолға алып жұмыс жасау бүгінгі күннің ең елеулі мәселесінің бірі.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығына құлақ ассақ, «Адамның бақыты – балада» деген екен. Кез келген адам өзі өмір бойы қуып жете алмайтын бақыт деген құдыретті сөздің өлшемі өмірінің жалғасы ұрпағымен келетініне мән бермеуі де мүмкін. Біреу бақытын байлықтан тапқысы келсе, екінші біреуі даңқ пен атақтан, мансап пен қызметтен іздестіреді. Мұның бәрі түсінген адамға қолдың кірі сияқты нәрсе. Адамға нағыз бақытты –тәрбиелі ұрпағы ғана сыйлай алады. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деген сөз тегін айтылмаса керек. Олай болса адам өмірінің мәні –өз ұрпағы.

Ата-ана –бала тәрбиесіндегі басты тұлға. Сондықтан әке де шеше де балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлықындағы ерекшеліктерді жете білгені жөн. Балалармен әңгімелескенде олардың пікірмен де санасып отырған орынды. Өз баласымен ашық сөйлесе алмай, сырласа білмейтін ата-аналар «Екеуміз де жұмыстамыз, кешкісін үй шаруасынан қол тимейді, баламен сөйлесуге уақыт жоқ» дегенді айтады. Бұл дұрыс емес. Баламен сөйлесуге тіпті арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ. Әке мен шеше ұл-қыздарымен үй шаруасында жүріп-ақ әңгімелесіп, ой бөлісуге неге болмасқа.

Жанұядағы жанжал, үлкендердің аузына келген сөздерді айту, баланың көзінше басқа біреуді сөгуі, біреудің сыртынан өсек айтуы балаға теріс әсер етеді. Бала алдында әке-шеше үй ішінің үлкендердің әдептілік танытқаны жөн. Мысалы, арақ пен темекінің толып жатқан зиянын біле тұра, балалардың көзінше арақ ішіп, үсті-үстіне темекі тұтатқандар бар. «Көрінген таудың алыстығы жоқ» дейді, ертең-ақ ұл өсіп ер жетеді, қыз өсіп бой жетеді. Сонда арақ пен темекінің зиянын қалай ұқтырамыз.

Бұзақылықтың басы бос жүруден басталады. Жас шыбықты қалай исең, солай өседі ғой. Ия, «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілесің» демекші ата-ана тәрбиесі бала өмірінде үлкен із қалдырады. Баланың бойына барлық жақсы қасиеттерді дарыту, тіпті жанында жүрген

достарына дейін мән беру, табиғат сыйлаған дарыны болса дамыту, дұрыс білім алуына жағдай жасау – ата-ананың басты парызы. Ендеше бала тәрбиесінде ұсақ-түйек дейтін ешнәрсе жоқ және сол нәрседен де қателесуге қақымыз жоқ. Бала – әр жанұяның бақыты. Олай болса, өз бақытымызды бағалай білейік.

Астана қаласы әкімдігінің «Кәсіптік – техникалық колледж» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны әрбір оқу жылының басында жаңа оқу жылына тәрбие жұмысының жылдық жоспарын жасап, сонымен әрі қарай жұмыс істейміз. Жылдық жоспар, айлық жоспар сонымен қатар күнделікті жоспар жасалады. Оқу жылы бойында әртүрлі тақырыптарда тәрбие сағаттар, ашық сабақтар, ойын сабақтар, пікір алмасу, әңгімелесу, дөңгелек стол және де атаулы күндерге, мереке күндеріне байланысты сабақтар өткізіледі. Әртүрлі кездесулер оның ішінде ішкі істер министрлігі мамандары, медбике, психологтармен жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар әртүрлі экскурсиялар оның ішінде «Алжир», Қабанбай батыр кесенесі және қаланың көрікті жерлерін аралату.

Бұл тәрбие жоспары 8 бағытта жұмыс атқарылады. Әр бағыттың мақсат міндеттері бар.

1. Бағыт: Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мақсаты: Балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

2. Бағыт: Рухани-адамгершілік тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Міндеттері: дәстүрлі дүниетанудың және дүниетанымның қалыптасуы, қоршаған ортаның алуан түрлілігін, күрделілігін, қайшылықтарын және біркелкі еместігін тану;

Адам өмірінің құндылығын және әр адамның бірегейлігін ұғыну, өз өміріне ұқыпты қарауды тәрбиелеу;

Жігерлі мінез қалыптастыру, қалай да қиындықты жеңе білу қабілеті, қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін мақсатқа беттелген болу;

Махаббаттан, сезім үлгісі мен әлемге қатынасынан, басқа адамға және өз-өзіне құралған жоғарыдағы жүйені дамыту және нығайту.

3. Бағыт: Ұлттық тәрбие

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

Міндеттері: алуан түрлі халықтар мәдениетінің ерекшелігін түсінуге тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарға ұқыпты қарау;

Мәдени ерекшеліктерге жағымды қарауды тәрбиелеу, тұлғаның өзін-өзі таныту жағдайын қамтамасыз ету.

Әлемдік мәдениет негізіне қатыстыру және өзге өкіл халқын құрметтеуге тәрбиелеу;

Оқушылардың ұлтаралық мәдениет қатынасын қалыптастыру;

Әлем рухында тәрбиелеу, өзге ұлттармен өзара түсінушілік және әлем мәдениетін сақтау қажеттілігін ұғыну.

4. Бағыт: Отбасылық тәрбие

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5.Бағыт: Еңбек, экономикалық және экологиялықтәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

6. Бағыт: Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Міндеттері: еліміздің жетістіктерін кеңінен насихаттау;

Түсіндіру және насихаттау құралы ретінде бұқаралық ақпарат құралдарын қолдану;

Ақпараттық ортамен тиімді әрекеттесу икемін қалыптастыру.

7. Бағыты: Көпмәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

Міндеттері: жастардың көркем-эстетикалық ынтасын дамыту және қолдау, олардың ойдағыдай өзін-өзі танытуға және қоғам өміріне белсенді қатысуына қолдау көрсету.

8. Бағыты: Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Міндеттері:

Салауатты өмір салты қағидасын орындауға жағдай жасау;

Салауатты өмір салты қағидасы және икемін оқушылар мен студенттерге меңгеру, дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдану қажеттілігін тәрбиелеу;

Оқушылар мен студенттердің денсаулығын бекіту және қорғау, ағзаның толық жетілуіне және дұрыс қалыптасуына көмектесу;

Спортты дәріптеу;

Денсаулыққа құндылық ретінде жауапты қарауын қалыптастыру әлеуметтік тәжірибесін жандандыру.

Дене жаттығуымен шұғылдану қажеттілігін санада қалыптастыру, спорт және дене шынықтыру жаттығуларына қатыстыру, спорттық секция жұмыстарына, жарыстарға, спорттық-мәдени көпшілік іс-шараларына және спорттық жарыстарды ұйымдастыруға практикалық қатысу;

Денсаулықты сақтау және қорғау сұрақтары бойынша ақпараттық деңгейін көтеру, белсенді демалысқа, дене тәрбиесімен жаттығуға, туризм және спортқа қызықтыру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Мақал –мәтел сөздің –інжу маржаны» 2019 обылыстық кітапхана баспасы, авторы Арапа Нұрғазин
2. Әуезов М. Абайтану дәрістерінің дерек көздері: Оқу құралы / М.Әуезов.- Алматы: "Санат", 1997. - 448 б.
3. М.Жұмабаев «Педагогика»
4. Б.Момышұлы «Ұшқан ұя»

КОЛЛЕДЖДЕ ТӘРБИЕ ҮДЕРІСІН ЖАН - ЖАҚТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Темірбаева Алма Мейірбекқызы
Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары
З.Г.Мурзагулова атындағы

Аннотация: Бұл мақалада колледждің тәрбие жұмысын жан-жақты іске асыру мақсатында атқарылған іс-шаралар жайлы қысқаша жазылған. Осы іс-шараларды орындау арқылы тәрбие үдерісін ұйымдастырудағы тиімді жолдары ұсынылды.

Түйін сөздер: тәрбие, тұлға, білім алушы, жоба, клуб, байқау, колледж, медицина.

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі мен ертеңі болашақ ұрпақ қолында екенін ескере отырып, жан - жақты дамыған тұлға тәрбиелеу – кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Соңдықтан жас ұрпақты шыңдап өсіру, білікті азамат болып қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі білім орындарының алдына қойып отырған басты міндет. Осы орайда 25-жыл бұрын құрылған «З.Г.Мурзагулова атындағы «Даналық» Жоғары медициналық колледжі» ширек уақыт бойы білікті мамандар даярлап, ұрпақ тәрбиелеу ісіне өз үлесін қосып келеді.

Әбу Насыр Әл - Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» - деген екен. Осыны ескере келе оқу барысына қарағанда, білім алушылардың аудиториядан тыс іс-әрекет түрлері көбірек. Білім алушылар байқауларға, викториналарға, сайыстарға, конференцияларға, дебаттарға, семинар-тренингтерге қатысады, ғылым мен медицина жаңалықтары жөнінде баяндамалар тыңдайды, танымдық сипаттағы ойындарға қатысады, оқыған кітаптарын талқылайды. Білім алушылардың жеке тұлғалық, кәсіби біліктіліктерін дамыту, жеке қасиеттерін ашу мақсатында келесі жобалар мен клубтар жұмыс жүргізеді, атап айтатын болсақ: «Зияткер» клубы, «Лидер», «Ashyq jurek», «Ұлы дала», «Sanaly urpag», «Bagdar.kz», «100 үздік студент», «Ата-аналар мектебі», «Оқуға құштар колледж» жобаларымен «Jas sarbaz» қозғалысы.



Жобаларға тоқталып өтсек, «Зияткер» клубы Астана қаласының колледж аралық пікірсайыс орталығымен тығыз жасап, көптеген дебат сайыстарында жүлделі орындарды иеленген. «Құқық» ҚҚ өткізген қалалық кубокты жеңіп алды.



«Лидер», «Ashyq jurek» жобалары бойынша (Еріктілер) Астана қаласының № 2 арнайы мектепке әр мемлекеттік мерекелерде барып, іс-шаралар өткізіп (Аниматорлар –



мультфильмдердегі кейіпкерлер), балалардың көңілдерін көтеріп, колледж тарапынан арнайы азық-түлік себеттермен жаңа жылдық тәттілер сыйлығы таратылып тұрады. Ұлттық балалар оңалту орталығындағы балаларға: сурет салу альбомы, түрлі-түсті қарандаштар, пластилиндер алып барып, қысқаша концерттер көрсетіп,



балалардың тезірек сауығуына өз үлестерін қосуда. Бейбітшілік және келісім сарайында өткізілген «VOLUNTEER FEST» фестивалінде БМ Алғыс хатымен марапатталды.

«100 үздік студент»



жобасы бойынша 2 курс «Емдеу ісі» мамандығының 2 ЛД-Г тобының студенті Цечоева Амина колледжішілік сайыстан жарып шығып, Республика деңгейіне өтіп, Астана қаласынан пайызбен есептегенде 1-ші болып, Республикада 1-ші» оңдыққа кірді, Білім министрімен кездесуге қатысып, жастарға тиесілі сұрақтарға жауап алды.

Тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасындағы тәрбиенің кешенді бағдарламасы, 2020-

2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру бағдарламасы, «ҚР Білім туралы» Заңы, колледждің Жарғысы негізінде жасалды. Жоспар құруда тәрбиенің мазмұнын ашатын негізгі сегіз бағыт бойынша іс-шаралар қарастырылған. Жоспарланған іс-шаралардың орындалуына колледж студенттерімен қатар, ата-аналар, оқытушылар және қаладағы «Астана Жастары» ЖРО, «СӨС» орталығы, «Атамның аманаты» ҚБ, «Елбасы Академиясы», «Колледжаралық пікірсайыс орталығы», ҚР «Ұлттық академиялық кітапханасы», ҚҚ «Құқық» және де көптеген қаланың мәдени-танымдық орталықтармен тығыз байланыста жұмыс жүргізіледі.

Медицина мамандығы ең әуелі жауапкершілік пен өз ісіне адалдықты талап ететін мамандық. Ал, бұл қасиеттер білім алушылардың бойында колледж қабырғасында қалыптасады. Осыған орай колледж оқытушылары білім мен тәрбиені бірге алып жүруге талпынады. Сапалы, білікті маман даярлау жолында жетістіктерге жету үшін осы тиімді іс-шараларды тәжірибелеріңізде қолдануды ұсынамын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Білімді ұлт» «Сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің қаулысы.
2. ҚР Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы.
3. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, Астана, 2023.

МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ СТРАТЕГИЯЛАРЫ: ИДЕЯНЫ ТҰЖЫРЫМДАУДАН НӘТИЖЕГЕ ЖЕТКІЗУ

Нұрғлаиева Тансық Узбековна

З.Г. Мурзагулова атындағы Жоғары медициналық колледжінің бөлім меңгерушісі

Аннотация: Бұл мақалада идеяны тұжырымдаудан жетістікке жету жолына сүйене отырып, медициналық білім берудегі жеке тұлғаны тәрбиелеу стратегиялары қарастырылады.

Түйін сөздер: жеке тұлға, стратегия, идея, медицина, кәсіптік тәрбие, ақыл-ой, эмоция.

Медициналық білім болашақ мамандардан тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен қатар жоғары моральдық және этикалық стандарттарды талап ететін ерекше маңызға ие. Болашақ мамандарды- рухани адамгершілігі дамыған, бәсекеге қабілетті, өмірге бейімделген тұлға ретінде қалыптастыру да, студенттердің жеке басын тәрбиелеу маңызды болып табылады және жоғары медициналық колледждегі топ кураторы олардың құндылық бағдарларын қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл мақалада идеяны тұжырымдаудан жетістікке жету жолына сүйене отырып, медициналық білім берудегі жеке тұлғаны тәрбиелеу стратегиялары қарастырылады .

Жеке тұлғаны тәрбиелеу идеясы

Медициналық колледж студенттерінің жеке басын тәрбиелеудің бірінші кезеңі идеяны нақты тұжырымдаудан басталады. Бұл кезеңде болашақ медицина мамандарының жеке басын одан әрі қалыптастыруға негіз болатын негізгі құндылықтар анықталады.

Мұндай идеяның маңызды компоненттері-этика, мәдениет, жауапкершілік және кәсіптік шеберлік..

Педагогикалық стратегиялар

Медициналық білім беру студенттерінің жеке басын тиімді тәрбиелеу үшін әртүрлі педагогикалық стратегияларды қолдану қажет. Ақыл-ой (интеллектуалды) мәдениетті-тәрбиенің аса маңызды құрамдарының бірі. Адамның ақыл-ойының дамуы оның интеллектілік, ойлай білу қабілетінің, білімдік-танымдық қызметінің дамуымен сипатталады. Шапшаң ойлай алатын, мәселеге тез талдау жасай отырып, логикалық дұрыс қорытынды жасай алатын жеке тұлғаны тәрбиелеудің қажеттілігі әрбір адамның ақыл – ой қабілетін дамытумен тығыз байланысты.

Маңызды аспект-теориялық білімді практикалық дағдылармен біріктіру. Симуляциялық жаттығулар, рөлдік ойындар және практикалық жағдайлар студенттерге теориялық материалды игеріп қана қоймай, құрмет пен қамқорлыққа негізделген пациенттермен қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Қиындықтарды жеңу

Адамдардың қоршаған ортадағы құбылыстарды түсініп қабылдауы да әр түрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктеріне байланысты. Мәселен, біреулердің бір нәрсені жасауға іскерлік қабілеті болса, екінші адамда оның болмауы, біреудің ұйымдастырушылық қабілеті күшті болса, екінші бір адамның ұйымдастыру ісіне қабілетсіз болуы, біреуі білімді тез қабылдаса, екінші адамның білімді баяу қабылдауы, біреудің дене күші дамыған болып келсе, екінші адамның абстракциялық ойлау қабілетінің баяу дамуы, біреулердің сурет салуға немесе ән салуға бейімділігі болуы мүмкін. Жеке бастың бұл ерекшеліктері адамдардың басқалармен ұжымдық қарым-қатынасында байқалады.

Сонымен бірге, адамның өмірдің үздіксіз тәрбие құшағында болатынын, бұрынғы игерген білім, білік, дағдыларын жаңа білім, білік, дағдылармен толықтыру, жаңарту және жетілдіруге тура келеді. Жеке тұлғаның ой-санасының, білім көлемінің толысуына байланысты оның өмірге көзқарасы, белгілі құбылыстарға баға беруінде де өзгерістердің болуы, толысып жаңарып отыруы заңды құбылыс. Қазіргі білім әртүрлі қиындықтарға тап болады және жеке тұлғаны тәрбиелеу де ерекшелік емес. Қиындықтардың бірі - студенттерді медициналық тәжірибеге байланысты эмоционалды күйзеліске дайындау. Топ кураторы психологиялық қолдау әдістерін, стресске төзімділікті дамыту бойынша тренингтерді қолдана алады, осылайша студенттер болашақ кәсіби қызметте кездесетін қиындықтарды сәтті жеңе алады.

Жеке тұлғаны тәрбиелеу нәтижелері

Жеке тұлғаның қоғамдағы ролі қандай? Қоғам дегеніміз адамдардың жиынтығы болып шығады. Шын мәнісінде адамдар қоғамдасу арқылы өзіне тән қасиеттерге ие болып, жеке тұлғалық бейнесін танытады. Адам өмірде белгілі бір әлеуметтік ортаға тән болып, өзіндік тұлғасын қалыптастырады және өзіне тән мінез-құлық ерекшелігін ашып көрсетуге мүмкіндік алады. Сөйтіп, өз бойындағы табиғи қабілетінің ашылуына және оның дамуына жағдай жасайды. Адамдардың бірлесіп еңбек етуі, өмір сүруі рухани бірлестікті (көзқарас, сана-сезім, кәсіптік т.б.) туғызады. Сөйтіп, әрбір жеке тұлға басқалармен мыңдаған байланыс түрлері арқылы әлеуметтік, қоғамдық байланысқа, қарым-қатынасқа түседі.

Мұның бәрі жеке тұлғаның қоғамнан тыс өмір сүре алмайтынын, оның бар өмірі қоғамдасу, ұйымдасу, пікірлесумен өтетініне, айналасындағы адамдармен үздіксіз қарым-қатынасқа құралатынына дәлел бола алады.

Тұлғаның құрылымдық компоненттері үш бөліктен тұрады. Біріншіден, оның ақыл-ойын дамыту арқылы санасын жетілдіру; екіншіден, адамзаттық өркениетті тұлғаның бойына біртіндеп сіңіру; үшіншіден, жеке тұлғаны іс-әрекетке ендіру арқылы өзін-өзі тәрбиелеуге белсене қатыстыру. Тұлғаны тәрбиелеп жетілдіруде осы үш компонент тығыз бірлікте қызмет етеді.

Әлеуметтік көзқарас тұрғысынан қарағанда, тәрбиеге қоғамдық бақылау және түзету енгізетін, жастарды мемлекеттік және қоғамдық құрылымдар арқылы басқарып бағыттайтын, қоғамның қазіргі және болашақ өміріне мақсаттылықпен даярлау ісі деп қараймыз. Тәрбие ісі адамның қабілетін қоршаған ортада және оның санасында қалыптастыруды мақсат ететін болғандықтан, ол-психологиялық процесс. Медициналық білім берудегі жеке тұлғаны

тәрбиелеудің қорытынды кезеңі түпкілікті нәтижелерге қол жеткізу болып табылады. Бұл емтихандарды сәтті тапсыру және диплом алу ғана емес, сонымен қатар студенттердің өмірге деген терең құрметін, пациенттерге деген қамқорлығын және үнемі кәсіби және жеке өсуге деген ұмтылысын көрсететін құндылықтарды қалыптастыру.

Қорытынды

Медициналық білім берудегі жеке тұлғаны тәрбиелеу стратегиялары күрделі, бірақ маңызды процесс. Топ кураторы тәлімгер және көшбасшы рөлін атқара отырып, студенттердің Болашақ медициналық практикасының негізіне айналатын құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Идеяны тұжырымдаудан бастап түпкілікті нәтижеге жетуге дейін бұл жол қиындықтарға толы, бірақ оны жеңу қоғамға пайда әкелетін және жоғары моральдық принциптерге адал бола алатын кадрларды қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, Астана, 2023
2. Педагогика / под ред. В.А.Сластенина и др. – М., 2002. –.
3. Қоянбаев Ж., Қоянбаев Р. Педагогика. – Астана, 1998

ВОСПИТАТЕЛЬНЫЙ ЧАС «СТО ВОПРОСОВ, СТО ОТВЕТОВ»

**Хатпина Бибигуль Жанбулатовна, зам.директора по ВР
Зайтов Алмас Рифхатович, воспитатель общежития
ГКП на ПХВ «Высший колледж транспорта и коммуникаций»
акимата города Астаны**

Аннотация

Воспитательный час «Сто вопросов, сто ответов» представляет собой инновационную программу, нацеленную на создание и укрепление тесных взаимоотношений между студентами. Главная цель данного мероприятия заключается в формировании уважительного отношения, товарищества и дружбы среди обучающихся, позволяя им ощутить силу взаимопонимания и объединения.

Мы стремимся воспитать у студентов способность быть открытыми и близкими друг с другом, обучая их быстро адаптироваться к новой среде, в которую они попадают. Для достижения данной цели, наша программа предлагает различные интерактивные форматы, которые способствуют созданию атмосферы доверия и уважения.

В ходе воспитательного часа, студенты будут иметь возможность задать вопросы друг другу, выразить свое мнение, поделиться своими историями и узнать больше о своих товарищах по учебе. Сто вопросов, которые мы предлагаем, затрагивают различные темы — от увлечений и мечтаний до сложных эмоциональных вопросов. Это поможет участникам понять друг друга лучше, развивая их навыки коммуникации и эмпатии.

Кроме того, наша программа направлена на то, чтобы сделать отношения между студентами и воспитателями максимально открытыми и доверительными. В процессе общения и обмена идеями, студенты будут учиться эффективно использовать время и быть ответственными друг перед другом.

Воспитательный час «Сто вопросов, сто ответов» поможет студентам осознать важность поддержки и взаимодействия в учебной среде. Он закладывает основу для продуктивного обучения и развития не только умственных, но и эмоциональных навыков. Мы уверены, что эта программа станет полезным инструментом в формировании гармоничных отношений между студентами и поможет им добиться успеха как в колледже, так и в жизни.

Ключевые слова

Сто вопросов, сто ответов, воспитательный час, беседа, интервью.

Сценарий воспитательного часа «Сто вопросов, сто ответов»

Тема. «Сто вопросов, сто ответов»

Цель: укреплять духовную связь поколений, совершенствовать навыки самопознания; подготовить к семейной жизни, учить преодолевать конфликты, воспитывать чувство сострадания, умение прийти на помощь, развивать творческие навыки.

Тип: воспитательный час

Форма проведения: беседа-интервью

Место проведения: дом студентов

Оформление: заставка «Сто вопросов, сто ответов»

Раздаточный материал: памятка правила межличностных отношений

ПЛАН МЕРОПРИЯТИЯ

1. Вступительное слово зам.директора по воспитательной работе
2. Ответы воспитателя на вопросы студентов
3. Тренинг «Выясняем отношения»
4. Заключительное слово

Ход мероприятия

Терпение — вот лучшее умение.

Пословица

Воспитатель: Наше мероприятие будет проходить в формате интервью, вы будете задавать вопросы, а я максимально постараюсь дать ответы по следующим 7 блокам (демонстрация на экране):

Взаимоотношение друг с другом. Дружба.

Обучение

Стиль

Привычки (тайм менеджмент, вредные и т.д)

Пищевые привычки

Социальные сети, отношения в интернете

Отношения с близкими

Ответы воспитателя на вопросы студентов

Тренинг «Выясняем отношения»

Беспроигрышный метод решения споров

1. Выясни, чья это проблема и в чем конкретно дело.
2. Ищи как можно больше решений.
3. Оцени различные решения.
4. Вместе с родителями подумай, какое решение самое удачное.
5. Обязательно следуй достигнутым договоренностям.
6. Договорись с родителями, что вы будете искать другое решение, если дела пойдут не так, как вы хотели.

Заключительное слово: Попробуйте применить свои новые знания на практике сегодня же, выстраивая хорошие отношения друг с другом, со своими родителями, братьями и сестрами, соседями, чужими людьми в транспорте, общественных местах. Отнеситесь к ним так, как хотели бы, чтобы отнеслись к вам. И увидите, как много добрых и прекрасных людей, оказывается, живет рядом с вами. Научитесь правильно распределять свое время, откажитесь от вредных привычек.

Памятка правила межличностных отношений

их;

- . проявляй внимание к людям, старайся, чтобы твои слова и поступки не обидели их;
- . никогда не смейся над физическими недостатками людей;
- . всегда и во всём помогай младшим и слабым;
- . не забывай поблагодарить за оказанную тебе услугу;
- . не придумывай никому обидных прозвищ;
- . учись правилам общения;
- . если друг одолжил тебе что-либо, отдай ему это в обещанный срок, не дожидаясь напоминания;
- . всегда выполняй данные тобой обещания;
- . никогда не обещай того, чего выполнить не сможешь;
- . контролируй свои мысли и поступки;
- . всегда будь точным: неточность — это, прежде всего, невежливость;
- . никогда не подслушивай чужие разговоры и не читай чужие письма, смс;
- . никогда не проявляй к людям неуважения, дерзости, грубости или хамства.

. Помни золотое правило: «ВО ВСЁМ КАК ХОТИТЕ, ЧТОБЫ С ВАМИ ПОСТУПАЛИ ЛЮДИ, ТАК И ВЫ ПОСТУПАЙТЕ С НИМИ ».

Список использованных источников

1. Абдошов Гарифолла Шинушұлы: Ол туралы //Ақжайық ақберендері.-Алматы: Өлке,2005.-58б
2. Абдрахманов К. Гадильше и его книга: [Жаңа кітап] /Ауыл тынысы. – 2003. -22 қараша. – 2б.
3. Газеева О. Методика организации самовоспитания старших подростков //Воспитательная работа в школе. – 2014. № 3 с. 98
4. Герцог Г.А. Основы научного исследования: методология, методика, практика: учебное пособие / Г.А. Герцог. — Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2013.
5. Гуслова М.Н. Инновационные педагогические технологии: учеб. пособ. для студентов учреждений сред. проф. образования. М.: ИЦ Академия, 2013.с. 288
6. Ларина В.П., Ходырева Е.А., Окунев А.А. Лекции на занятиях творческой лаборатории «Современные педагогические технологии».- Киров: 1999 – 2002.
7. Медведев Д. А. О профессиональном образовании/ Электронный ресурс/ режим доступа: www.kremlin.ru.
8. Селевко Г.К. Воспитательные технологии. М.: НИИ школьных технологий, 2005.с. 269

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сарсенбаева Айнур Орынтаевна
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
М.Тынышпаев ат.ҚазККА Ақмола колледжі

Тәрбие – балаға, жасөспірімге, жеткіншекке өзін сезіну, бағалау, жетілдіруде ең алдымен, оймен, құндылықтармен, адамдармен қарым қатынас жасаумен, эмоционалды-еркіндік аясымен жұмыс жасау.

Студент белгілі жастағы адам және жеке тұлға ретінде үш жағынан сипатталуы мүмкін:

1) психологиялық жағы – психологиялық үдерістер, жағдайлар және қасиеттердің бірлігін көрсетеді. Психологиялық жағынан, ең бастысы, психикалық үдерістердің жүзеге асуына, психикалық жағдаяттардың пайда болуына, психикалық құрылымдардың көрінісіне тәуелді болатын – психикалық қасиеттер (бағыттылық, темперамент, мінез-құлық, қабілеттер). Дегенмен, нақты студентті зерттеу кезінде, әр индивидтің ерекшеліктерін, олардың психикалық үдерістерін және жағдаяттарын ескеру керек;

2) әлеуметтік жағы – студенттің белгілі әлеуметтік топтан, ұлттан шығуынан туындайтын қоғамдық қатынастарын, қасиеттерін нақты көрсетеді;

3) биологиялық жағы – жоғарғы нерв іс-әрекетінің типі, анализаторлардың құрылысы, шартсыз рефлексдер, инстинктер, физикалық күш, дене құрылысы, бет әлпеті, терісінің және көзінің түсі, бойы және тағы басқалармен көрінеді. Бұл жағы, негізінен, тұқым қуалаушылық және туа біткен дағдылармен алдын ала анықталған, бірақ, белгілі шекара аралығында тіршілік жағдайына байланысты өзгереді.

Бұл жақтарын зерттеу студенттердің қасиеттері мен мүмкіндіктерін, оның жасына байланысты және тұлғалық ерекшеліктерін көрсетеді.

Сонымен, егер студентке белгілі жастағы адам деп қарасақ, оған қарапайым, құрама және сөз сигналдары, абсолютті және әртүрлі сезім анализаторлар оптимумы, күрделі психомоторлық құрылымдардың және басқа дағдылардың иірімділігі тән болады. Басқа жастағы адамдарға қарағанда, жасөспірімдік шағында оларда үлкен жылдамдықтағы оперативтік еске сақтау, және зейіннің тез басқаға ауысуы, вербалды-логикалық есептерді шығаруы және т.б. мүмкіндіктері басым болады. Сонымен, студенттік жас барлық алдындағы биологиялық, психологиялық, әлеуметтік даму үдерістеріне негізделген ең жоғары, «шың» жетістіктерге жетуімен сипатталады.

Егер студент жеке тұлға ретінде зерттелсе, онда 18-20 жас – адамгершілік және эстетикалық сезімдерінің ең көрнекті дамыған, мінез-құлықтың қалыптасу мен тұрақтану кезеңі, және, ең маңыздысы, ересек адамның әлеуметтік ролінің толық кешенін игеру: азаматтық, кәсіби-еңбектік және т.б. Бұл кезең «экономикалық белсенділіктің» басталуымен байланысты, демографтар оны адамның жеке өндірістік іс-әрекетке кірісу, еңбек биографиясының басталу және өзінің меншікті от басын құру кезеңі деп түсінеді. Бір жағынан, мотивацияның, барлық құндылық бағдар жүйесінің өзгеруі, келесі жағынан – мамандандырылуына байланысты арнайы қабілеттердің қарқынды қалыптасуы, бұл жасты мінез-құлық пен интеллектінің тұрақтануының орталық кезеңі сипатында бөліп көрсетеді. Ол спорт рекордтарының, көркем шығармашылықтың, техникалық және ғылыми жетістіктердің уақыты. Студенттік жас - интеллектуалдық және физикалық күштің дамуының көптеген оптимумдарына жететін кезең болып сипатталады. Бірақ, кейбір кезде осы мүмкіндіктер мен олардың нақты жүзеге асуының арасында «қайшылықтар» қатар жүреді.

Әркез дәстүрлі технологияларды пайдаланып, тәрбие процесін жүзеге асырып келеміз. Қазіргі студенттермен, 3-4 жыл бұрын оқу бітіріп кеткен студенттерді салыстыруға келмейді. Барлық жағынан студент өзгеріп келеді. Ақпараттық, цифрлік заман. Біздің айтқымыз келетін дүниелерді, студент алдын ала білім отырады. Сонықтан біз әртүрлі әдіс тәсілдерді пайдалану

арқылы өз жұмысымызды жандандырамыз. Топ жетекші, топтағы студенттермен жұмыс барысында:

- жоспарлайды
- талдайды;
- ұйымдастырады;
- бақылайды

Қымбаты әріптестер, Біз қазір қандай студенттермен жұмыс жасаймыз. Осыдан 3 жыл бұрын, біз қорқытып алушылық, студенттер арасындағ бопсалаушылық, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған студенттермен жұмыс жаап келдік. Олардағы проблеманың шешімін қарастырдық. Топтық лекциялар, ұжымдық іс шаралар жақсы әсерін қалдыратын еді. Ал қазір уақытта студентте, оқытушыларды жаңашылдықты талап етеді. Қазір қоғамдық, **толық емес отбасы**, өкіл әкесімен, өкіл анасымен тұратын студенттер арасында туындайтын мәселелердің шешімін табуымыз керек. Стресске түскен студенттер көп, отбасы кикілжіңдері көбірек байқалады.

Сондықтан да студенттердің әлеуметтік психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, жұмыс жасауымыз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ.Б. Психология. Алматы, 2000, 325 б.
2. Тәжібаев Т.Т. Абай жастарды тәрбиелеу туралы, Алматы, 1964 156б.
3. Алдамұратов Ә.А. Қызықты психология, Алматы, “Қазақ университеті”, 1991, 112 б.

КУРАТОРСТВО КАК ОСНОВА ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ КОЛЛЕДЖА

Джиеналиев Ерлан Курмашевич
Преподаватель истории
Колледж Astana IT University

Тәсібек Бағнұр Танатарқызы
Преподаватель истории
Колледж Astana IT University

Аннотация: Статья посвящена проблеме кураторства в колледже в современных условиях. Целью работы является ознакомление с особенностями работы куратора в сфере среднеспециального и технического образования. Задачами статьи являются: знакомство с основами воспитательной работы куратора; работа над адаптацией студентов 1 курса колледжа; работа с активом группы; направления воспитательной работы с группой; работа с родителями; ознакомление с главными функциями куратора; профилактика правонарушений студентов и решение конфликтных ситуаций. Применение данного опыта несомненно окажет помощь молодым кураторам в работе со студентами в колледже.

Ключевые слова: Куратор, колледж, адаптация, актив, профилактика.

В XXI веке новые исторические условия выдвинули ряд проблем, важность которых стала очевидна в воспитательной работе кураторов в колледжах. В современной жизни молодежи наблюдается снижение общего уровня образованности и воспитанности, радикальное изменение ценностных ориентаций, безыдейность, негативное отношение к общественно полезной деятельности, безнравственное и асоциальное поведение, тяжелые социальные условия, толкающие подростков на преступления. И эти проблемы не случайны,

так как сознание вступающего в жизнь молодого поколения, естественно, подвержено противоречиям и сомнениям.

Учитывая все проблемы, которые сложились в казахстанском обществе и в образовании, необходимо своевременно оказать юношам и девушкам содействие в правильном выборе духовно-нравственных ценностей, помогающих сформировать общекультурные и профессиональные компетенции.

Как бы ни была трудна деятельность куратора, но, несомненно, она необходима студентам, поскольку основное структурное звено в колледже - это учебная группа, представляющая собой систему, которая помогает реализовать заботу о социальном благополучии студентов, решать проблему их досуга, сплачивать коллектив, создавать соответствующую эмоциональную атмосферу. Организатором деятельности студентов в группе, координатором воздействий был и остается куратор. Процесс воспитания студенческой молодежи не дает мгновенных результатов и требует повседневной, целенаправленной, индивидуальной работы.

Основой воспитательной работы является создание в группе условий нормального воспитания и развития личности каждого студента. Это:

1. Гуманный стиль отношений между всеми участниками образовательного процесса;
2. Демократические принципы и стиль общения между преподавателями и студентами;
3. Разумная дисциплина и порядок, как условия защищенности в образовательном пространстве;
4. Возможность проявления студенческих инициатив и их поддержка со стороны педагогического коллектива [1].

Особое внимание следует уделять этапу адаптации студентов к обучению в новом коллективе и образовательной среде, как основе формирования коллектива группы.

Этапы адаптации:

1. Заочное знакомство с группой до начала учебного года (подготовка списка группы, ознакомление с информационной карточкой абитуриента, выявление потенциальных лидеров, слабых по успеваемости студентов (согласно школьным оценкам).
2. (1 сентября присутствие вместе со студентами на линейке, первое знакомство с группой, знакомство студентов с учебным корпусом, с расписанием, настрой студентов на серьезное и ответственное отношение к учебе. Беседы с группой. Создание чата группы.)

Актив группы выбирается в сентябре. Актив группы состоит из старосты, зам. старосты, учебного сектора, культурно-массового сектора. Куратор должен организовать проведение выборов актива. До того, как проводить выборы, необходимо ознакомить студентов с правами и полномочиями представителей актива.

План воспитательной работы куратора состоит из нескольких разделов:

1. Организационная работа, составление воспитательного плана;
2. Учебная работа;
3. Связь с родителями;
4. Воспитательная работа в группе
5. Самоуправление в учебном заведении и в группе;

В основу воспитательной программы взята Единая программа воспитания, которая включает в себя направления:

- 1. Национальный интерес
- 2. Совесть
- 3. Стремление

Работа с родителями студентов группы является важным звеном в многогранной деятельности куратора. Начинается она с того, что сразу после начала обучения студента, кураторами создается паспортизация семей, выявляются трудные подростки, создается банк данных студентов, оказавшихся в тяжелой жизненной ситуации, и семей, находящихся в социально-опасном положении, с целью оказания последующей помощи.

Всегда активно сотрудничаем с родителями студентов, используя коллективную и индивидуальную формы работы. Регулярно поддерживаем связь со всеми родителями студентов группы, ежемесячно передаю карты успеваемости одним из способов: лично, по

телефону, электронной почте, через Ватсап. По необходимости родители приглашаются в учебное заведение для личной беседы с заведующей отделением и преподавателями. На родительских собраниях организуется психолого-педагогическое просвещение родителей.

Направления работы с родителями:

1. Изучение семей и условий семейного воспитания;
2. Информирование родителей о содержании учебно-воспитательного процесса;
3. Психолого-педагогическое просвещение родителей;
4. Взаимодействие с родительским комитетом;
5. Совместная деятельность родителей и студентов [2].

Куратор с первых дней пребывания в учебном заведении должен быть для студента «палочкой – выручалочкой» и не устает повторять своим студентам первокурсникам: «Куратор нужен для того, чтобы студент был счастлив. Если ты не знаешь, на каком этаже кабинет или буфет – звони куратору. Не знаешь, в какой аудитории занятия – звони куратору. Не знаешь, как зовут преподавателя – звони куратору. Если ты не местный и не можешь найти дорогу – звони куратору. Если ты не знаешь, как писать объяснительную записку или заявление – звони куратору. Если у тебя трудности в учебе – звони куратору. И вообще в любом случае – звони куратору!».

Главные функции куратора:

1. Своевременно информировать студентов об итогах успеваемости, внеклассных мероприятиях, экскурсиях, культурно – массовых мероприятиях и т.д.;
2. Контролировать успеваемость и посещение занятий студентами группы;
3. Осуществлять академическое кураторство - выявление учебных и научных интересов студентов, привлечение студентов к самостоятельной учебной и исследовательской работе;
4. Содействовать в разрешении конфликтных ситуаций студентов (в группе, с преподавателями, с администрацией);
5. Способствовать социальной адаптации студентов (выявление социальных проблем студентов, вовлечение в студенческую жизнь);
6. поддерживать контакты с родителями или родственниками студентов по мере необходимости (проблемы успеваемости, дисциплины) [3].

Одним из важнейших факторов, влияющих на показатель успешности работы куратора с группой, являются регулярные встречи со студентами. И это действительно так, ведь на расстоянии невозможно найти точки соприкосновения, узнать друг друга, выяснить проблемы и обсудить возможные пути их решения, подобрать стиль общения с группой в целом, а также с каждым студентом по отдельности.

Важно в период адаптации, когда члены вновь сформированного коллектива только начинают вырабатывать модель поведения и общения (как между собой, так и с куратором, преподавателями, администрацией учебного заведения). В этот период необходимо встречаться со своими подопечными несколько раз в день, контролировать их на каждой паре.

До конца обучения необходимо проводить ежедневную проверку посещаемости занятий, каждый раз меняя время. В целом, общение со студентами группы происходит ежедневно. Они, как правило, собираются в кабинете классного руководителя на большой (двадцатиминутной) перемене для того, чтобы поделиться новостями. Кураторские часы проводятся регулярно, один раз в неделю. Один раз в месяц в группе проходит собрание по подведению итогов успеваемости (помесячной аттестации) и посещаемости занятий. Однако, после того, как студенты после занятий покидают стены учебного заведения, их общение с куратором не заканчивается. Оно продолжается по телефону, электронной почте или социальных сетях, где создана своя группа.

Принципы куратора

1. Умей признавать свои ошибки (и уж тем более старайся не повторять их);
2. Не бойся ошибок - на ошибках учатся;
3. Откажись от идеи превосходства, желая залезть в душу студента и принуждать его к откровенности, умей выслушать студента;
4. Старайся видеть успехи студентов и радоваться каждому из них;

5. Принимай студента таким, какой он есть, со всеми его достоинствами и недостатками, ведь и ты не идеал;
6. Всегда нужно найти то, за что похвалить;
7. Постарайся общаться и сотрудничать со студентами, как можно больше;
8. Не делай ничего за студента, а делай вместе с ним;
9. Умей выслушать и услышать каждый ответ студента.
10. Не читай много нотаций - все равно не поможет;
11. Поручай студентам такие дела, в которых они видели бы результаты своей деятельности;
12. Не выбирай себе любимчиков [4].

Чаще всего, студентам требуется помощь в учебе (они не выполняют, или не защищают своевременно практические и лабораторные работы, не сдают зачеты по темам), так и образуются пробелы в знаниях, которые, накапливаясь, могут привести к получению итоговой неудовлетворительной оценки. Как правило, эта проблема возникает из-за пропусков занятий (в том числе и по уважительной причине) и решается достаточно просто. Ежедневный контроль успеваемости со стороны куратора и информирование родителей позволяют своевременно принять меры к ликвидации пробелов в знаниях путем проведения индивидуальной работы с такими студентами, организовать помощь преподавателя и успевающих по этой дисциплине товарищей.

Часто хороший результат дают меры по привлечению ребят в спортивные секции, а также объединение широкого круга студентов общим делом. Нельзя сбрасывать со счетов и организацию предметных и спортивных олимпиад, участие в дистанционных конкурсах, привлечение к ним студентов не только в качестве участников, но и болельщиков, зрителей, организаторов. Все это положительно влияет на активность студентов в учебном заведении, значительно ограничивают риск мотивации на асоциальное поведение[5].

Больше всего проблем различного характера возникает у студентов с асоциальным поведением, выявление которых является первоочередной задачей классного руководителя. Здесь необходимо проведение индивидуальной воспитательной работы. Такие студенты ставятся на внутренний контроль, их условно относят к «группе риска», для них разрабатывается индивидуальная воспитательно-образовательная программа. Те, кто совершил правонарушение или состоит на учете в ИДН, относятся к «группе риска» заводится дневник индивидуального педагогического сопровождения [6].

В решении подобных проблем всегда необходимо тесно сотрудничать с администрацией, так как при работе с такими студентами часто необходима помощь завуча по воспитательной работе, психолога, Совета профилактики правонарушений.

Таким образом, идеальный куратор— это высоконравственный, обладающий многосторонним знанием образованный человек, имеющий опыт практической деятельности, владеющий педагогическими тонкостями обучения людей подросткового возраста и взрослых. Требования к кураторам каждый год растут. Задача куратора показать и разъяснить на собственном примере, как высокий уровень культуры в сочетании с интеллектом, развиваемым в процессе получения образования, позволяет человеку занять достойное место в обществе.

Список использованной литературы

- 1.Чеботарева Т.А. Функциональная роль классного руководителя в формировании личностных качеств выпускника колледжа // Актуальные задачи педагогики: материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Чита, октябрь 2013 г.). -- Чита: Издательство Молодой ученый, 2013. -- С. 118-121.
- 2.Шкарин Д.Ю. Классное руководство как целенаправленная система воспитания // Молодой ученый. -- 2015. -- №2. -- С. 570-573.
- 3.Webquest. Wikipedia. Die freie Enzyklopadie. [Электронный ресурс]. — 2010.-Режим доступа: <http://de.wikipedia.org/wiki/Webqu>
- 4.Гейхман Л. К. Интерактивное обучение общению. Подход и модель / Л. К. Гейхман. — Пермь: Изд-во Пермск.ун-та, 2002—260 с. : ил.
- 5.Щуркова Е. Н. Классное руководство: Теория, методика, технология. – М.: Педагогическое общество России, 2000.

"ЛУДОМАНИЯ ДЕРТІ: БЕЛГІСІ МЕН ПРОБЛЕМАЛАРЫ, ПРОФИЛАКТИКАСЫ"

Қаржаулова Гүлжаухар Мырзабековна
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының «№3 Байзақ колледжі»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

Аннотация:

Құмар ойындарға тәуелділік қазіргі қоғамның жетекші және күрделі мәселелерінің бірі болып табылады, оның негізінде психоәлеуметтік мәселелер жатыр. Елімізде қоғам арасында құмар ойындарына деген тәуелділіктің жоғарылауы осы мәселені ашуды талап етіп отыр. Бұл мақалада тәуелділіктен қалыптасқан зиянды ойындардың жасөспірімдерге кері әсері, ауытқуға ұшырататыны, психопатияға душар ететіні, аддиктивті мінез тудыратыны туралы айтылған. Мақаланы колледждерде тәрбиелік жұмыстарды жүргізуде, семинар сабақтар мен практикалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында қосымша анықтамалық құрал ретінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: лудомания, құмар ойындар, психопатия, аддиктивті мінез-құлық, ойынға тәуелділік, виртуалды әлем

Қазіргі таңда жалпы қоғам дертіне айналған ойынға деген құмарлықты ғалымдар-лудомания дейді. Ал, еліміздегі желкілдеген жеткіншектеріміздің бұл дертке шалдығуының себебі не? Лудомания ойыны – жастар мен ересектер арасындағы құмар ойындарға тәуелділік мәселелесі – қазіргі таңда өзекті болып отыр. Лудомания - ессіздік, ойынға құмарлық. Аурулардың халықаралық классификациясы бойынша лудомания аурулар тізіміне енгізілген. Еліміздің түкпір – түкпірінде толып тұрған букмекерлік кеңселердің іші толған жастар. Ойынға құмар жастар қолдарындағы соңғы ақшасын тігіп, үлкен қаражат көтерем деп сенеді. Алайда, ұтылып қалған соң, еңселері түсіп, өзін қоғамнан алшақтатып жібереді. Алғаш қызығушылықпен бәстігіп, кейін ойынға тәуелді болып қалғандар қаншама? Жастардың құмар ойынға қызығушылығы артып, санасы уланып, бар ақшасын ойындарға салып жіберіп, таныстарынан, ағайындарынан қарызға ақша алып, оны қайтара алмай жүргендер қаншама?! Ақырында ақша табу үшін қылмыс жасап, түрмеге отырады, ал кейбіреулері «мен осындай жағдайға қалай ғана түстім, қайтіп құтылсам екен?»-деп бұл тығырықтан шығуға жол іздейтіндерде бар. Лудомандар – құмар ойынның шырмауына түскен адамдар. Қоғамда оларға ешқандай шара қолдана алмайды. Себебі құмар ойындардың көбісі заң жүзінде рәсімделген. Ойын құмарлардың көбеюі салдарынан елімізде лудомандарды емдейтін арнайы орталықтар да ашылған. Бірі білсе екінші білмейді. Оқуда жүрген жасөспірімдеріміз де қолдарындағы ұялы телефонға тәуелді. Сол телефонға жүктелген ойындарды ойнап шыға алмай отырады. Міне, бұл студенттеріміздің құмар ойынға қызығуының бастамасы. Мамандардың айтуынша, лудомания дертіне шалдығу бірнеше факторға байланысты:

-биологиялық;

-психологиялық;

-әлеуметтік;

-рухани;

Лудоманды былайша аңғаруға болады:

Біріншіден, барлық бос уақытын ойынмен өткізеді. Ойындарға ставка қояды. Компьютерлік клубтарда отырады.

Екіншіден, қаржыны көп жұмсайды, ставкалар қомақты ақшаны қажет етеді, соның нәтижесінде үйіндегі құнды заттарын сатады, жақындарымен таныстарынан қарызға ақша алады, тіпті одан қала бере банктерден несие алады, сөйтіп қарызға белшесінен батады екен.

Үшіншіден, көңіл күйі өзгереді. Лудоман әрқашанда ойын туралы ойлайды.

Төртіншіден, жеңілістен кейін, қайтадан ойнап, ұту идеясы пайда болады.

Егер лудоман үлкен сомадан ұтылып қалса, ол керісінше тоқтамайды, ол тезірек ақша іздей бастайды.

Құмаройындарға деген тәуелділіктің негізгі себептері:

Жалғыздық сезімі. Жалғыздық сезімі адамды алғашқы рет ойнауға итереді, ойын процесінде алынған әсер мен түйсіну адамды қайталап ойнауға мәжбүр етеді.

Қанағаттанбаушылық сезімі. Қанағаттанбаушылық сезімі адамды өзін ойында көрсетуге мәжбүр етеді. Шынайы өмірде өзіне өзі наразы болып, шынайы өмірге қарағанда, ойында жеңіске қол жеткізу жеңіл болғандықтан, адам өзін ойында көрсеткісі келеді. Ойындағы жетістіктері неғұрлым мол болса, соғұрлым ол осы ойынға қайта қайта оралғысы келіп тұрады.

Оңай олжа сезімі. Бір рет ұтып, жеңіл түскен ақшаны қолға ұстағаннан пайда болған адреналинді сезінген адам, осы жетістігін қайталағысы келеді, алайда көбіне ұту мүмкін емес.

Әрқилы тәуелділіктерге тез ергіштік. Басқа да құмарлықтарға, мысалға, есірткі, алкогольге құмар адамдар үшін, ойынға құмарлық өте қауіпті. Тез еріп кетеді.

Психикалық бұзылыстар. Психикалық бұзылыстардан емделген адамдар, сондай-ақ ойынға құмарлыққа да ұшырағыш болады.

Лудомания дамуының 3 белгісі

Ұтыс. Кездейсоқ ойын, жиі ұтыстар, ойын ойнаудың жиіленетін оқиғалары, ұтыс өлшеміннің үлкеюі, ойын жөнінде қиялдау, өте ірі ұтыс, себепсіз оптимизм.

Ұтылу. Жалғыз ойнау, ұтыс пен мақтану, тек ойын туралы ойлау, ұтылу эпизодтарының ұзаруы, ойынды тоқтатуға қабілетсіз болу, жолдастарынан проблеманы жасыру, өтірік айту, ата-аналарының, бауырларының қамын ойламау, ойын пайдасына жұмыс уақытын қысқарту, қарызын төлеуден бас тарту, тұлғаның өзгеруі: ашушаңдық, тез шаршау, ойын үшін қарыздану, заңды және заңсыз тәсілмен жасалған өте көп мөлшердегі қарыз, қарызды төлей алмау, ойнауды тоқтатам деген жанкешті талпыну.

Түңілу. Кәсіби және жеке абыройынан айырылу, ойынға жұмсалатын уақыттың айтарлықтай ұзаруы, ұтысқа тігілетін сома мөлшерінің үлкеюі, отбасы мен достарынан алыстау, ар-ұяты мазалау, басқаларға деген жек көру сезімі, өкіну, үрейлену, заңсыз әрекеттер, сенімсіздік, суицидалды ой мен талпыныстар, қамау, алкогольді шамадан тыс тұтыну, эмоционалды бұзылу.

Лудоманиядан неге өз бетінше айығу қиын?

Қандай да болсын ойын рақаттануға әкеледі. Ойын барысындағы құмарлық, адреналиннің қарымды бөлінуі миды ширатады, осының салдарынан лудоманияға шалдыққан науқас үйреншікті рахатқа (достар мен қатынасу, махаббат) қызықпайтын болады және оның өмірінде тек ойынға деген қызығушылық пайда болады. Ойынға құмар науқас (лудоманияға шалдыққан) өзі үзе алмайтын шеңбер ішінде жүреді. Сонымен бірге ол ойынға құмарлықтан емделу қажеттілігін түсінбеуі де мүмкін. Науқастың ойын қарсаңында пайда болатын өзгеше «сиқырлану» күйі немесе өзін-өзі гипноздау, транс күйінде жүргендей болады. Біртіндеп ықылас, эмоция, жақындарға деген сүйіспеншілік кетеді және адам роботқа айналады.

Менің директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретіндегі міндетім – студенттер осы мәселе туралы дұрыс ақпарат беру. Шындығында, ойынға деген құмарлық бүгінгі күннің өткір әлеуметтік мәселесі. Мұнда алдымен, жастардың мінез-құлықтарының бұзылуы байқалады. Дертпен күресу жолында психиатр-нарколог, клиникалық психолог мамандары жұмыс істейді. Менің ойымша лудоманияға тәуелділік жастарда бос уақыттың көптігінен туындайды. Осы орайда студенттерді құмар ойынға салынып, уақыттарын бос өткізбей, пайдалы істер жасауға шақыруымыз қажет. Оқу орындарда спорттық секциялар мен әртүрлі

үйірмелердің жоғары деңгейде жүргізілуіне ат салысуымыз керек. Ал, студенттерді осы секциялар мен үйірмелерге қатысуын қатаң талап етуіміз керек.

Психологтардың айтуынша «Ойын құмарлықтан емделу уақыты шамамен 6 айды алады» екен. Лудомандарды емдеу – аса қиын процесс. Лудомандарды емдейтін Қазақстанда 147 емдеу орталығы бар екен. Орталыққа ем іздеп келетін пациенттер аз емес, алайда олардың басым көпшілігі емделіп шыққаннан кейін құмар ойынға қайта салынады екен. Орталыққа «Емделуші келгенде ең алдымен, диагностика жүргізіледі. Мұны психотерапевт мамандар өткізеді. Емделушінің оңалтудан өтуге қаншалықты дайын екені анықтайды. Диагностиканың нәтижесіне қарай әр емделушіге тапсырмалар дайындап, жеке бағдарлама құрастырылады. Тиісінше, уақытылы тапсырманы орындатып, апта сайын динамикасын бақылап, соған сай бағдарламаға өзгертулер енгізіп отырады. Ойын құмарларға ешқандай дәрі-дәрмек берілмейді. 24 сағат бойы негізінен психотерапиялық жұмыстар жүргізіледі, 10%-ы ғана тұрдо терапиялық жұмыстарға арналады. Орындайтын тапсырмалар «12 қадам» бағдарламасының базалық тапсырмалары десек болады», – дейді орталықтың психологтары. Құмар ойынға салынған адамның өзімен ғана емес, отбасымен бірге жұмыс жүргізіледі. Ойын құмарлықтан емделу уақыты шамамен 6 айды алады. Мұнан кейін олар бірнеше ай бойы мамандардың бақылауында болады. «Тәуелділік – бір ғана адамның мәселесі емес, отбасының мәселесі. Тәуелді адамның өзін ғана емес, оның ата-анасын да емдейміз. Себебі, емделіп шыққан адамның сол жолға қайта салынуына 70% ата-анасымен қарым-қатынасы әсер етеді. Біз емделушінің ата-анасымен де психотерапиялық жұмыстар жүргіземіз. Алайда, осы жұмыстардың нәтижелі болуы 99% емделушінің ынтасына, ерік-жігеріне байланысты. Емделушінің өз қалауы, ерік-жігері болмаса, құмар ойынына тәуелділік ешқашан емделмейді», – дейді психолог мамандар.

Лудомания – адам өмірінде басым рөл ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлығы. Азарт адамдарды тек материалдық шығынға ұшыратқан жоқ, сондай-ақ рухани тұрғыда да әбден азғындатты. Бабаларымыз: «Ойынға ойсыз құмар», – деп текке айтпаса керек. Өткенімізге үңілсек, құмар ойнау деген атау қазақ ұғымында болған емес. Бұл – бүгінгі қоғам дерті. Құмар ойынға бейімделу кезеңінің бірі – жалындаған жастық шақ. Адамның қызығушылығын арттырып, құмарлыққа тез үйрететін де осы кез. Санаңды улап, құмар ойынға үйір қылып жіберетіні шүбәсіз екенін біле тұра сол жолмен жүресің. Жігерлі кезеңде ой-өрісің дамитын шақта өміріңді арзан тіршілікпен өткізсең, егде жасқа келгенде сан соғып өкінерің хақ. Бұл қазаққа бөгде елден келген жат қылық.

Жалпы, лудоманияның қоғамға төндіретін қаупі орасан зор. Жас ұрпақты құмар ойынның зиянды ықпалынан жан-жақты қорғауымыз керек. Сондықтанда, студенттерімізді құмар ойындарына емес, спортты серік ететін жігерлі, өзінің кәсіби мамандығын игерген, жалынды азамат тәрбиелеуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Википедии — свободной энциклопедия
2. Газет рәсімделуі. <https://7-su.kz/news/cat-6/1926/>

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАБИҒАТЫН АЯЛАУ-ПАРЫЗЫМЫЗ

**Смаилова Гульзада Жумасатовна
«Бөбек» ҰҒПББ және СО «Бөбек» колледжі Алматы қ.**

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы экологического просвещения и воспитания подрастающего поколения. Одна из причин экологического кризиса – это отсутствие должных знаний об объектах природы, их взаимодействиях между собой и человека с ними, а также навыков экологического поведения. Экологическое просвещение и воспитание должно

соответствовать экологическим проблемам сегодняшнего дня, учитывать изменения, происходящие в обществе.

Өмір барлық жерде бар, көкте, жерде, суда, шөлді далалар мен тауларда, теңіз бен көлдерде т.б барлық жерлерде. Осы табиғатты сүю, жас ұрпақты ізгілікке, эстетикаға, отан сүйгіштікке баулитын экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы зор.

Баланы жеке тұлға ретінде қалыптастыруда экологиялық тәрбие аса маңызды орын алады. Қазіргі таңда педагогикалық теорияда білімалушыларға экологиялық білім берудің ғылыми негізін мақсаттары мен міндеттерін, принциптерін толық, әрі тұтас анықтауға зерттеушілер ұмтылуда. Педагогикалық әдебиеттерде экологиялық білім берудің мазмұнын айқындауға және экологиялық материалдарды басымырақ беру керектігі жайлы ғылыми нұсқаулар мен озат тәжірибиелер әлі де болса дәлелдене қойған жоқ. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттер мен таныса және талдай отырып, экологиялық білім берудің мақсаты-жастарды айналадағы табиғи ортаға білімалушыларға жауапкершілікпен қарауға үйрету екенін анықтадық.

Педагогикалық тұрғыдан алғанда білімалушылардың "жауапкершілікпен қарау" ұғымына жататындар:

-табиға ортада адамның өзін қалай ұстау керектігін түсіну;

-табиғатты халық қазынасы екендігін сезіну;

-табиғатқа тигізетін өз әрекетінің салдарын көре білу;

-табиғатпен қарым қатынасын жаратылыстану және ізеттілік білім тұрғысынан негіздеп алатындығын түсіну қажет.

Экологиялық тәрбие-көп қырлы процесс, оның құрамына қоғам-табиғат аясында ғылыми білімдердің өзара әрекет етуін қалыптастыру кіреді. Экологиялық бағдарда дамыта оқытудың негізгі мақсаты-жеке тұлғаның жаңа экологиялық ойлауы мен санасын қалыптастыру.

"Табиғатсыз адамзаттың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ"-халық даналығы. Жас ұрпақты табиғатты қорғауға тәрбиелеу балабақшадан басталады. Біз табиғатты қорғауда, сақтауда және оны дұрыс пайдалануда ұрпақ алдында жауаптымыз.

Табиғат-бәрімізге ортақ қазына, оны әсіресе жас ұрпақ сүйіп өсулері керек, сондықтан қоршаған ортаны аялауға деген адамның саналы қозғарасын оның бала кезінен басталуы тиіс. Сондықтан да тәрбие ісінің негізгі міндеттерінің бірі - "балаларды айналамен таныстыра отырып, оларға экологиялық білім беру" болып табылады.

Дүниежүзілік тәжірибиеде экологиялық білім берудің бірнеше бағдарламалары бар. Бұл бағдарламаларда біздің елімізде экологиялық әзірлік беруге жарайтын жалпы принциптері де кездеседі. Қоршаған ортаны проблемаларына байланысты оқушыларға білім беру екі түрлі роль атқарады: біріншіден-іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге, басшы кадрлар даярлауға және әртүрлі пәндердің мазмұнын экологияландыруға жәрдемдеседі; екіншіден-көпшілік пікірін қалыптастырып,оны жағымсыз экологиялық құбылыстарды болдырмау жағына қарай бағыттауға мүмкіндік жасайды.

Жасалатын бағдарламалардың төрт басты бөліктері болуы мүмкін:

-іргелі пәндер;

-оқушыларға экологиялық білімді қамтамасыз ететін тақырыптарды біріктіру;

-проблеманың көкейкестілігі;

-практикалық іс-әрекеттер (экологиялық, сенбіліктер, т.б).

Республика деңгейіндегі шараларға ("құстар күні","орман күні") жеке проблемалар бойынша экологиялық семинарларға ("су тазалығы","ауа тазалығы" т.б) қатысу бұлардың бәрін патриоттық тәрбие беру тұрғысынан жүзеге асыру.

Күнделікті тірлігімізде экологиялық білімді қолдана білу, іскерлікке төселу, табиғатты қорғауға және аялай білуге байланысты пайдалы еңбекке қатыстыра отырып, еңбексүйгіштік, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Мысалы, тастанды заттарды қайта қолдануға болатындығын, осы заттарды зерттеп балалардың өздері қорытынды шығара білуге жағдай туғызаи отырып балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамыту.

Адам мен табиғаттың арасындағы байланысты экология деп атаймыз. Кей-кездерде

адамдар өзімізді қоршаған ортаны байқамай ластайды.

Қазір табиғатымыз қауіпті жағдайдың алдында тұр:

- өзен, көлдеріміздің, ауамыздың ластануы табиғатты қалдық, қоқыс заттардың көбеюінің әсерінен. Бұл адамдардың қолынан жасап жатқан қауіп қатер.

Консерві қалбырлары 90 жылға дейін, полиэтиленді пакеттер 200 жылға дейін, ал заттар бірнеше жүздеген жылға дейін шірімей жер бетіндегі топырақ астында көміліп жатады. Сол үшін тазалықты сақтауымыз керек. Бірінші өзіміздің анамыз, екіншіден ол біздің Отан анамыз, үшіншіден табиғат біздің Анамыз екендігін балаларға түсіндіру. Миллиондаған жылдар бойы осы біздің табиғатымыз адамдардың өмір сүруіне жағдай жасап келеді. Сондықтан адам баласы табиғатты сүйеге қорғауға парызды.

Білімалушыларға экологиялық білімін арттыруда келесі міндеттердің жүзеге асырылуын көздейді:

- білімалушыларды экологиялық білімдерін дағды іскерліктері мен қаруландыру;
- қоршаған ортаны жауапкершілікпен қорғауды ұйымдастыру;
- білімалушыларға ғылыми-зерттеу, насихаттау жұмыстарына қатысуға белсендіру;
- білімалушыларға экологиялық білім беру жұмыстарын үздіксіз сабақтармен қамтамасыз жасау.

Экологиялық білімін арттыруды қамту мәселелері және оны жүзеге асырушы болашақ қосымша білім беру педагогын даярлау проблемасы арнайы зерттеуді қажет етеді.

Қорыта келгенде, білімалушыларға экологиялық білім мен тәрбие беру, оның интегралды сипаты жаратылыстану, қоғамдық - тарихи, гуманитарлық - эстетикалық, еңбек циклдi оқу пәндерінің барлығында белгілі дәрежеде бейнелеуін қамтамасыз етеді.

Біз табиғаттың, қоршаған ортаның ластануына жол бермеуіміз керек. Өзіңізді қандай көрсеніз өзгелерді де солай көріңіз. Адамдар бір-бірімен дос, бауырлас, сыйлас, рақымды, мейірімді болса, нұр үстіне нұр жауады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бейсенов Ә.С., Шілдебаев Ж.Б. Экология (бағдарламалар) Алматы, 1995.
2. Бейсенов Ә.С., Шілдебаев Ж.Б. Экология негіздері (оқу құралы) Алматы, 1999.
3. К.Жайлыбай Жасыл желек экологияны жақсартудың тиімді жолы, 2014.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ БОС УАҚЫТЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БАРЫСЫНДА ТӘРБИЕ БЕРУ АСПЕКТІЛЕРІ

Абдихаева Фаридә Жапарбековна
Бос уақытты ұйымдастыру пәні оқытушысы
Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжі

Аннотация: Мақалада автор бос уақытты ұйымдастыру мен тәрбие процесінің өзара байланысын, мәдени-тынығу бағдарламаларының формаларын ұйымдастырып өткізуде студентке тәрбие беру мен оның тынығу мәдениетін қалыптастыру аспектілерін қарастырады.

Түйін сөздер: бос уақыт, бос уақытты ұйымдастыру, мәдени-тынығу, мәдени-тынығу әрекеті, мәдени-тынығу бағдарламасы, тынығу мәдениеті, колледж студенттері, концерттік бағдарлама

2023-2024 оқу жылында білім беру мен тәрбие үрдісін тығыз байланыста ұйымдастыру оқу-ағарту министрлігінің қабылдаған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мен оқу орындарының оқу-тәрбие жұмысының өзекті мәселесі ретінде көтерілген болатын. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген

саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді [1].

Бағдарламада ұлттық құндылықтардың бірі ретінде ұлттық мүдде құндылығы белгіленген, ал оның бір саласы ұлттық мәдениетті дәріптеу. Бос уақытты ұйымдастыру ұлттық мәдениетті қалыптастырудың маңызды тетігі. Бос уақытты ұйымдастыру барысында ар-ұят құндылығының салалары қалыптастады: сөзіне берік, ісіне адал болу; әдеп нормаларын ұстану; шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну. Бағдарламада белгіленген бағыттардың бірі өскелең ұрпаққа көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие беру. Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру. Бұл мақала аясында көтерілген тақырыптың өзектілігін айқындай түседі.

Әрине, өнер колледжіндегі оқу-тәрбие үдерісінде көркем эстетикалық тәрбие мәселесі басты орында. Өнер мен мәдениеттің кейбір саласында маман даярлауды көздейтін оқу орнында студенттерге тәрбие беру мәселесімен қатар олардың бос уақытын ұйымдастыру, тынығу мәдениетін қалыптастырудың орны ерекше. Сонымен қатар, көтерілген мәселенің ғылымилық маңыздылығын айқындауда бос уақыт, мәдени-тынығу, тынығу мәденеті және мәдени-тынығу әрекеті терминдеріне анықтама беріп, бос уақыттағы тұлғаның мәдени тынығу әрекеті мен тәрбие мәселесінің тығыз байланысын қарастыру керек.

Бос уақытты ұйымдастыру мәселесі бос уақыт педагогикасы ғылымының аясында кеңінен қарастырылады. Колледж студенттері 15-20 жас аралығындағы жастар. Ал өскелең ұрпақтың бос уақытын ұйымдастыру мен өткізу мәселесі ғасырлар бойы қарастырылып келе жатқан үлкен педагогикалық мәселе. Бұл мәселенің ғылыми тұрғыдан қарастырылу кезеңі 20 ғасырда кең қанат алды. Білім алу мен тынығу арасындағы байланысты алғаш болып көтерген көне грек философы Сократ болды. Ол: «баланың білімін, ақыл-ойын, зияткерлік қабілеттерін дамыту дене және рухани күштерін ұштаумен байланысты, ол «қуанышты оқу процесіне негізделеді» деп айтқан болатын. Яғни, ғылымды балаларға күшпен емес, ұсынылған ойындар арқылы үйрету керек, олар өздерін табиғи физикалық және рухани тұрғыдан алғыр көрсете алатын жағдайлар жасау керек, деген Сократтың ойы бүгінгі педагогикада кеңінен қолданылуда [2].

Аристотель бос уақытты адамның жеке даралығына сәйкес пайдалана білуге ерекше көңіл бөлді. Оның пікірінше «...өмірде бос уақытты пайдалана білу қажет, бірдеңе үйрену, бір нәрседе жетістікке жету» керек. Өсіп келе жатқан жастың бейімділігі мен қабілеттеріне негізделген белгілі бір дағдылары мен ептілігі болады, осы ерекшеліктерді балалардың бос уақытын ұйымдастыру кезінде мұғалімнің ескеруі қажет» - деп өз заманынан озық ойлы пікірлер айтты [3].

Ресей ғалымы Л.Галызинаның пікірінше: «өскелең ұрпақтың бос уақытын ұйымдастыру барысында тәрбиелеу туралы педагогикалық көзқарастарды зерделеу көтерілген мәселені тарихи тұрғыдан түсінуге мүмкіндік береді; өскелең ұрпақтың өз бос уақытындағы іс-әрекеті оның өмірінің рухани, моральдық және санаткерлік тұрғыдан қалыптасуы мен дамуының мәніне айналатын анықтаушы фактор» [4].

Ғылыми зерттеулерде бос уақыт ұғымы мәдени тынығу ұғымымен қатар қарастырылады. Мәдени-тынығу – бос уақытта жүзеге асырылатын, нәтижесінде жеке қасиеттердің дамуы орын алатын және адамның интеллектуалдық, рухани, физикалық және басқа да әлеуметтік маңызды қажеттіліктері қанағаттандырылатын әр түрлі қызмет түрлерінің жиынтығы. Мәдени-тынығу әрекеті тұлғаның өздігінен білім алуын, өзін-өзі тәрбиелеуің, мәдениетті меңгеруің, әлеуметтік белсенділігін дамытуын, қызығушылыққа негізделген қарым-қатынасқа түсуін қамтиды [5]

Студент жастардың бос уақытын ұйымдастыра білуі олардың тынығу мәдениетін қалыптастырумен тығыз байланысты. Бос уақыт педагогикасы ғылымында елеулі зерттеулер жүргізген ғалымдар тұлғаның тынығу мәдениеті ұғымын жан-жақты қарастырды. Мысалы, В.Я. Суртаевтың пікірінше: тынығу мәдениеті – «бос уақытты өткізу жағдайында жеке тұлғаның әлеуметтік-мәдени әлеуетін іске асыру өлшемі, бос уақытты реттеудің игерілген дағдыларының

өлшемі, жеке тұлғаның бос уақытты өткізудің әлеуметтік маңызды түрлеріне қатысуға дайындығы» [6].

Н.В. Котельниковтың пайымдауынша, тынығу мәдениеті «адамның бос уақытын өткізу іс-әрекетінің түрлерінің, формаларының, әдістерінің және нәтижелерінің барлық алуан түрлілігінің сапалық сипаттамасы; құндылық бағдарлары мен мінез-құлық нысандарының жиынтығы, сондай-ақ жеке тұлғаның шығармашылық әлеуетін өзін-өзі жүзеге асыруға ықпал ететін бос уақытты өткізудің әлеуметтік маңызды түрлеріне қатысуға дайындығы» [7].

Демек, тынығу мәдениеті – тұлғаның өз бос уақытындағы белгілі бір белсенді әрекетпен айналысуға дайындығы. Тынығу мәдениетін қалыптастыру бойынша тәрбие жұмысының мазмұны жеке тұлғаның рухани, санаткерлік және шығармашылық әлеуетін байытуға, оның қабілеттері мен дарындылығын барынша дамытуға, мәдени құндылықтармен таныстыруға, шығармашылығын дамытуға, денсаулығын сақтауға және насихаттауға бағытталған.

Бүгінде, тәрбие тұрғысынан алғанда бос уақыттағы тұлғаның мәдени тынығу әрекетін дұрыс әрі ұтымды ұйымдастырудың маңызы артып отыр. Әсіресе оқу орындарында 2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру бойынша әдістемелік хатта бұл мәселеге көп көңіл бөлініп отыр: сынып сағаты мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау барысында оқушылардың бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды, мысалы, ар-ождан, әділдік, мейірімділік, адалдық, отансүйгіштік, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық пен сыйластықты қалыптастыруға, салауатты өмір салтын сақтауға үйретуге мән беріледі және апталық сабақ кестесінде сынып сағатын жүйелі түрде өткізу ұсынылған [8].

Аталған маңызды нұсқаулар Тәттімбет атындағы Қарағанды өнер колледжінің оқу-тәрбие үдерісінде де қамтылған. Колледж студенттерінің негізгі уақыты – білім алуға кетеді. Дегенмен, өнер колледжінің оқу-тәрбие үрдісінің өзіндік ерекшелігіне қарай студенттердің оқу кестесі бір күнде топтық сабақтармен бірге жеке сабақтарды алғанда 8-10 сағатты құрағанымен, үзіліс уақыты мен сабақтар арасында бір-екі пар бос уақыт болады. Осы уақыттарды мәдени-тынығу әрекетіне арнауды оқу-тәрбие бөлімі қарастыруда. Колледждің «Әлеуметтік – мәдени қызмет» және «Халық көркем шығармашылығы» мамандығы студенттері оқу-тәжірибесі сабақтарында колледждің барлық мамандық студенттерінің бос уақытын ұйымдастыру мәселесіне бесенді ат салысады. Колледждегі биылғы жылғы еріктілер қозғалысының белсенділігі осы мамандық студенттерінің бастамасымен тығыз байланыста өтуде. Оқу тәжірибе сабағында алған білімдерін, дағдыларын студенттер бос уақытты ұйымдастыру бағдарламаларының мына формаларын: қайырымдылық концерттер, театрландырылған қойылымдарды ұйымдастырып өткізуде кеңінен қолдануда.

Мақала аясында көтерілген мәселенің практикалық маңыздылығын ашуда колледждің Студент Жастар Парламентінің «Қамқорлық» фракциясының еріктілері ұйымдастырған 2023 жылдың 22 желтоқсанында Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесіне арналған «Гүлдене бер, Қазақстаным» атты қайырымдылық концерттік бағдарламаны Қарағанды қаласының «Таңшолпан» балаларға қолдау көрсету орталығының тәрбиеленушілеріне арнап өткізген әрекетін қарастыруға болады. Концерттік бағдарламада тақырыпқа сәйкес таңдап алынған әндер, театрландырылған хореографиялық композиция, Тәуелсіз Қазақстанның жетістігі туралы ақпарат пен әдеби композиция, билер болды. Коцертте өз өнерімен бөліскен жастардың ыстық ықыласы орталықтағы тәрбиеленуші балалар мен ұстаздар қауымына ерекше көңіл-күй сыйлады. Концертті ұйымдастырып, өткізуде белсенділік танытқан колледждің «Хореография» бөлімінің 3 курс студенттері. Осы концертті ұйымдастыру барысында колледждің хореография бөлімінің студенттерінің педагог-ұйымдастырушы ретінде кәсіби құзіреттілігін қалыптастыруда білімі мен тәрбиелілігін арттыру мәселесі қатар жүзеге асты. Қайырымдылық концертін ұйымдастырып, өткізу барысында «Халық көркем шығармашылығы» мамандығы студенттері өзі сценарист, өзі режиссер, өзі музыкалық әрлеуші, костюмер, концерттің өтуіне жауапты ұйымдастырушы ретінде бірнеше қызметтің мағынасы түсініп, орындады.

Оқу-тәжірибе сабағы барысында оқытушының бірнеше рет айтқан кеңестерін студенттердің концертті әзірлеу тәжірибесінде қолдануы – студенттің кәсіби құзіреттілігін қалыптастырумен қатар тәрбиелілігін арттыруға мүмкіндік берді:

- коммуникативті қаблеттерін дамыту мен адамгершілігі тұрғысынан алғанда: бір-бірін түсіне білу, ұжым болып қызмет атқару, басқа мамандық студенттерімен араласу, өнерін ортаға салу барысында өз тәрбиелілігін көрсету; әдеуметтік қорғаныстағы балалардың басынан өткеріп жатқан қиын жағдайын түсініп, оларға қамқорлық көрсетуге;

- шығармашылық қабілеттерін дамыту мен сахна әдебін сақтау тұрғысынан алғанда: өз өнерімен бөлісу барысында сұлулық пен әсемдіктің маңызын ашу, концерттік номерді орындау барысында өнерін шыңдау, әдептілікті сақтау, көркем шығармашылыққа концертке келген көрерменді баулуға;

- ұйымдастырушылық қабілеттерін арттыру тұрғысынан алғанда: өнер көрсетуге келген ортада тәртіпті сақтау, келген ұйымның талаптарын орындау, осы ұйымның қызметкерлерімен сыйластық қарым-қатынас орнату, мәдениет пен педагогикалық әдепті сақтау; келген ұйымның заттарына ұқыпты қарау, өз орнын таза сақтау, концерттік киімдеріне, реквизиттерге ұқыпты болу, бір кісідей жұмыла іс атқару, концерттің үзіліссіз, мүдірмей өтуіне ат салысуға.

Концертті ұйымдастыруда студенттер мына кәсіби іс-әрекеттерді орындалды: сценарий жазу, концерттің номерлері мен орындаушыларын айқындау, қайырымдылық концертті өткізу аудиториясын айқындау, мекемені таңдау, мекемемен концертті өткізу туралы келісім жасау мақсатында оқу бөліміне хабарлау, колледж директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарымен тығыз байланыста аталған мекемемен келісім жасалып, өткізу мерзімі, мекемеге жету шарттары айқындалды. Бұл арқылы студенттер концертті ұйымдастырудың қыр-сырын меңгерді - келісім жасау, құзіретті бөлім қызметкерлерімен жұмыс жасау, концертке қатысушыларды іріктеу және олармен дайындық жүргізу. Бұл әрекетті орындауда студенттер педагогикалық әдепті сақтауға, сөйлеу мәнеріне мән беріп, өзін мәдениетті ұстауға үйренеді. Осы арқылы эстетикалық тәрбиенің мән мағынасын түсінеді – әсемдік пен сұлулық әдептілікпен қатар болғанда ғана шын мағынада «Сұлу» екенін ұғынады. Концертті даярлау барысында студенттер шығармашылықпен де айналысады: әрі режиссер, әрі концерттік номерді қоюшы хореограф, сол номерді орындаушы актер, биші ретінде қызмет атқарумен қатар, студенттер өзінің шығармашылық ойын түсіндіруде сөздік қорын тек кәсіби терминдермен (хореографияға қатысты) ғана емес, педагогиканың тәрбие үрдісін ұйымдастыруға қатысты терминдерін тәжірибеде кеңінен қолдануды үйренеді. Сөздің мән-мағынасы мен күшін концерттік номерге дайындық барысында ұғынды – қарапайым сыйластық пен «рахмет», «мархабат» сөздерінің жәй ғана айтылмайтынын, сахнада өнер көрсетуде қолданудың реті мен мағынасын түйсінді, орындалатын нөмірдің шынайы өнер туындысы ретінде айшықталуына септігін тигізетінін байқайды. Осы арқылы студенттер әдептілік пен шығармашылықтың бір-бірімен тығыз байланысты үдеріс екенін барынша сезінеді.

Қорыта келе, студент жастардың бос уақытын ұтымды ұйымдастырып, тәрбиелеу ісін жүзеге асыру олардың тынығу мәдениетін қалыптастырудың ғана емес, колледждің оқу-тәрбие үрдісін жақсарту түсудің кепілі деп сеніммен айта аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Біртұтас тәрбие бағдарламасы.- Астана 2023.- 51 б.
2. Головина Г.В.Культура досуга как условие адекватного развития личности.//Аналитика культурологии. - 2011. - <https://cyberleninka.ru/article/n/kultura-dosuga-kak-uslovie-adekvatnogo-razvitiya-lichnosti/viewer>
3. Куприянов Б.В Ребёнок в пространстве свободного времени.// Народное образование: Школа и воспитание.-03/2013.-С.154-156. - <https://cyberleninka.ru/article/n/rebyonok-v-prostranstve-svobodnogo-vremeni/viewer>
4. Галызина Л. Досуг в воспитании и развитии детей дошкольного возраста. //Наука.-02/2016.-С. 3-6
5. Воспитание культуры быта и досуга. - <https://nihe.by/index.php/ru/prakticheskij-opyt-uvov-sfere-ivr-vospitanie-kultury-byta-i-dosuga>
6. Суртаев, В.Я. Социология молодежного досуга. - СПб,-Ростов-на-Дону: Изд-во «Гефест», 1998. - С.28.
7. Котельникова, Н.В. Инновационные тенденции в сфере молодежного досуга в

современной России. - Социология культуры, духовной жизни: автореф.дис...канд. социол. наук/ Н.В. Котельникова. - Ставрополь: Ставропольский гос. ун-т, 2003. - С.19-20.

8. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б.

ТҰЛҒА ТӘРБИЕЛЕУ: ИДЕЯДАН НӘТИЖЕГЕ

**Койлыбекова Акнур Дуйсеновна, Аманбаев Бекайдар Есенұлы
Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Жаңатас қаласы, Жаңатас
көпсалалы колледжінің директордың оқу-тәрбие жұмысының орынбасары**

Жаңа Қазақстан, жаңашыл ұстаз, жаңа ұрпақ – бұл білім беру жүйесіндегі бәсекеге қабілетті маман даярлау, білім кеңістігінде мәдениет пен өнерді жақсы меңгерген тұлғаны тәрбиелеудің негізгі балама жылы болып табылады. Заман талабына сай колледждерде тәрбие мен оқуды жақсарту үшін колледж оқытушылары мен орынбасарларын деңгейлік бағдарлама курстарына қатысып, біліктіліктерін үнемі арттырып отыруы тиіс. Осы өткізіліп отырған отырған Х Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының да біздерге берер пайдасы зор болмақ. «Ақылдаса пішкен тон келте болмақ»-дегендей әрдайым өзара тәжірибе бөлісіп отыру біздің еңбегімізді едәуір жеңілдетеді. Біздер осы кезге дейін тіпті әлі күнге білім беруді алдыңғы орынға қойып, ал тәрбиені екінші орынға ысырып тастауды әдетке айналдырып, сол жүріспен келе жатырмыз. Ұлы ғұлама бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Тәрбиесіз берілген білім-Адамзаттың қас жауы» деп ескерткен жоқ па еді?! Ал біз болсақ ескі кеңестік жүйемен әлі жүрміз. Сондықтан мен бүкіл Қазақстандық білім беру жүйесіне тәрбие беру принципін бірінші орынға қоюды ұсынамын және ол тәрбие қазақтың ұлттық менталитетіне, мәдениеті мен өнеріне негізделуі керек. Тіпті еліміздегі өзге ұлтдиаспоралары да бала-бақша мен бастауыш сыныптарда қазақ тілінде тәрбиеленіп, қазақ салт-дәстүрімен сусындауы тиіс. Кеңестік заманда « марксизм», «ленинизм» ілімдеріне бет бұрып, өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды ескіліктің қалдығы, сарқыншағы деп кері итеріп тастаған едік. Одан тәуелсіздік кезеңіне жеттік. Бұл кезде де тағы «изм» - «урбанизация», «модернизация» дейді, жалпы осылай кете береді. Кез-келген ұлттың рухы күшті, мығым мемлекет мұндай қауіп-қатердің ешқайсысынан да қорықпайды. Сарапшылардың айтуынша жаһандану Американдық басты үлгі дейді, бұл енді ғана өзін-өзі тануға бет бұр,ан мемлекеттерді адастырудың қитұрқы жолы деп түсіндіреді. Алайда мен жаһандануды Әлемдік деңгейдегі бірігу мен кірігу деп түсінемін. Демек, мемлекеттердің шекарасы, мәдениеттің, салт-дәстүрдің т.б. шекарасының жойылуы. Мұның жағымды да жағымсыз жағы бар. Ұлтты жойып жібереді, тілді жойып жібереді деген сияқты қауіп-қатер осы жаһанданудың жағымсыз жағын басып көрсетеді. Жағымды жағына келсем біріге отырып,әр мемлекет, әр халық өзіне тән қасиеттерін, құндылықтарын сақтай алса жаһандануды өзіне икемдей алса жақсысын өз кәдесіне жаратып, жаманын асырып тастай алса , біз жаһанданудан тек қана ұтатын боламыз, яғни әлемдік бірігу мен кірігу бұл жер бетін ғана қамтып кеткен жоқ, ол космосқа да кетіп қалды. Бірлесіп космосты игеруде, бірігіп экологияның мәселесін шешіп жатыр. Бұл ешкімнің Американың, басқаның ойлап тапқаны емес, ғылымның, техниканың, Адамзаттың дамуының қисынды бір деңгейі, қисынды бір сәті. Біз одан тысқары кете алмаймыз. Демек жаһанданудың қыр-сырын игеріп, болмысын, табиғатын біліп, соны басқарып, игеріп, өзімізге жұмыс істеуіміз керек. Осы орайда техникалық білімдерді ағылшын тілінде оқыту деген ойдан мүлде аулақ болуымыз керек. Керісінше, біз қазақ тілін есеп-қисаптың, техниканың, компьютердің тіліне айналдыруымыз қажет. Әлемде 7000 тіл бар, оның екеуі айына өлі тілге айналады. Сонда біз өз қолымызбен өз тілімізді өлімге сүйремегіміз бе?! Мысалы, Жапонияны алып қарайық. Жаһандануды жеңудің ең тиімді үлгісін көрсете алды. Жапония өзінің мәдениетінен де, кимонасынан да, тілінен де бүкіл салт-дәстүрінен де теріс айналған жоқ, жаһандануға өте белсенді кірісті. Біз де сол бағытта

қозғалуымыз керек. Қазіргі жоспарымызды араптық діни фанатизмнің құрсауынан босатып алуымыз керек. Жер-жердегі қаптап кеткен ұстазсымақтардың жөн-жосықсыз насихатын тыйып қана қоймай, жұма намазда мешітке айтылатын уағыздарға да жол бермеуіміз керек. Намазхандар уағызсыз-ақ мешітке барып, намаздарын оқи берсін. Бұл да жастарымызды тұлға болып қалыптасуына басты кедергіге айналып отыр. Дінмен уланған жастарымыз бұл өмірді тәрк етіп, о дүниеге ғана қызмет етіп жатыр. Қазіргі мына космос дәуірінде, жастарымыз керісінше орта ғасырларға бет бұрып жатыр. Бұл да болса мемлекет билігі тарапынан, білім беру мекемелерінің тәрбие саласына немқұрайлылығынан болып жатқан жағдаят. Тез арада осы қателіктерден сабақ алып, алдағы уақытта осы кемшіліктердің орынын толықтыруымыз ләзім. Барлық оқу орындарында работотехника пәндерін оқытуды жолға қою керек. Практикалық өндірістік іс-тәжірибе сабақтарды көбейтіп, теорияны азайту арқылы білімалушыларды әлеуметтендіре аламыз. Оқу процестерінде зауыт, фабрикаларға барып, тәжірибеден өту арқылы, еңбекке қызығушылығы артады. К.Маркс айтқандай «Адамды адам еткен-еңбек» екені рас, олай болса жеткіншектерді еңбекпен тәрбиелеуді қолға алайық. Түрлі қоғамдық жұмыстарға тартайық. Әр аптада бір рет тәрбиелік мәні зор Отандық кинофильмдерді акт залында кең көлемде көрсетіп отырайық. Оның ішінде ғылыми-көпшілік, тарихы т.б. деректі фильмдерді де көрсетілімге шығарайық. Сондай-ақ әр аптада бір рет тарихи тұлға, қайраткер, ақын-жазушы, кәсіпкер т.б. қоғам және еңбек адамдарымен бетпе-бет сұхбат өткізуді қолға алайық. Олар түрлі сұрақтарға жауап беріп, жастарға үлгі боларлық еңбек жолын әңгімелеп береді. Міне, осы әрекеттердің барлығы тұлғаны тәрбиелеуде сөзсіз өз жемісін береді. Мен оған кәміл сенемін.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТӘРБИЕНІҢ ТҮПІ ҚАЗЫҒЫ

**Сыздыкова Меруерт Сабитовна -
«Экономиканың базалық білімін және кәсіпкерлік негізін қолдану»
пәнінің оқытушысы, Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының
«№3 Байзақ колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылы.**

Анотация: Тұлға қалыптастыруда ұлттық құндылықтар негізінде білім мен тәрбие беру.

Түйін сөздер: Ұл тәрбиелей отырып, халықты тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлт тәрбиелейміз

Тәрбиесіз алынған білім – адамзаттың қас жауы.

«Тәрбие басы – тал бесік» деп қазақ халқымыз бекер айтпаған. Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Әл-Фараби атамыз айтқандай «тәрбиесіз білім – адамзаттың қас жауы, апаты», халқымыз қашанда бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәби дүниеге келгенен бастап, оның ойлы, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуіне назар аударған. Шыр етіп туған күннен бастап, тәрбиенің негізін қалаған халық, ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән берген. Сәбидің жүріп, сөйлей бастағаннан әдепке, мәдениетке баулу, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу отбасынан басталар мақсатты, халықтық педагогиканың даналығы.

Балаға үнемі әдептілік тәрбиесін беру арқылы оларды дұрыс жола бағыттау – өмір заңы. Бала өсе келе көп нәрсеге үйренеді, халқының, ұлтының кім екендігін айқын түсіне бастайды, отаншылдық сезімі арта түседі. Кіндік қаны тамып, туып өскен мекенін, табаны тиіп тұрған топырағын аялай бастайды. Қазақ жері – қазақ даласы! Қандай керемет, қандай ыстық...

Халықта «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиеле, өз ұлтының тәрбиесімен тәрбиеле» деген мақал бар. Жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу отбасынан басталады. Қазақ халқы балаға тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрып дәстүрлерін жинақтады. Әділдік, адалдық, имандылық, адамшылдық, бауырмалдық, шыдамдылық, парасаттылық, қамқорлық, кеңпейілділік. т.б.

адамның рухани-моральдық нормаларын бала жанына сіңіре білді. Біздің халқымыздың отбасылық тәрбие дәстүрлерінде ежелден бері қалыптасқан тәлімді үлгілері, оңды салттары аз емес. Әр отбасы ұл-қызына атадан түйгенін үйретеді. «Ұядан не көрсен ұшқанада соны ілерсің», «Ата көрген оқ жанар», «Ұлың өссе – ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе – қызы жақсымен көрші бол», «Қызға қырық үйден тиым» деген мақалдар соның дәлелі. Біздің тәрбиеміздің ерекшелігі – қыз балаға қамқорлықпен қарау. Себебі халқымыз қыз тәрбиеіне баса назар аударған. «Ел боламын десек бесігінді түзе» дегендей, тәрбие бесіктен басталатыны бәрімізге белгілі. Ал бесік иесі – ана. Ал қазірге заманда қыз баланы, яғни болашақ бесік иесін тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлуіміз керек. Өйткені қыз бала – ертеңгі бойжеткен, ана, халқымыздың болашағы. Сондықтан да отбасының берекесі болмай, отанның мықты болуы мүмкін емес. Ұл бала тәрбиесіне де халқымыз зор көңіл бөлген.

Қазіргі кезде еліміздің білім беру ісінде түбірлі өзгерістер болып жатқаны мәлім. Ал бүгінгі таңда мұғалімнің ең қасиетті міндеті-рухани бай, жан-жақты дамыған жеке, дарынды тұлғаны қалыптастыру. Рухани байлық ең алдымен әр халықтың ұлттық әдет-салты, мәдениеті, өнері және шыққан түп тамырында жататыны белгілі. Сол ұлттық құндылықтарды бүкіл адамзаттың өз ұрпағын тәрбиелеудегі білім берудегі озық ұстанымдармен байланыстыра отырып, әр баланың қабілетін, талантын ашып, өзіне-өзінің сенімін нығайтып, өзіне жол ашуына түрткі жасауымыз қажет.

Еліміздің болашағы-ұрпақ тәрбиесінде, еліміз егемендік алып, өз алдына отау тігіп өзінің ішкі-сыртқы саясатын өзі шешетін болды. Бүгінде баршаның міндеті-әдет-ғұрпымызды, салт-дәстүрімізді жандандырып, ұлттық сана-сезімі жоғары тәрбиелі ұрпақты өсіру.

Қазақ ағартушысы М.Жұмабаев «...Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» деген. Жас ұрпаққа саналы тәрбие және сапалы білім беру деңгейі ең алдымен мұғалімнің даярлығына, оның іс-тәжірибесінің қалыптасып шыңдалуына байланысты.

Мұғалім-баланың жеке тұлғасын қалыптастырушы, маңызды тәлім-тәрбие өнегесінің бастаушысы, жарқын үлгісі, бала қиялын самғатып, арманын көкке ұсындырушы басты тұлға. Бүгінгі жас өркеннің ертеңгі әлеуметтік – саяси қоғам мүшесі ретінде қалыптасуында тәлім-тәрбиенің маңызы зор екендігі белгілі. Ендеше қоғамдағы қол жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны пайдаланып, биік адамгершілік қасиеттерге баулу, тәрбиелеу-мұғалімнің басты міндеті. Мұғалім жан-жақты жетілген білімді, әдістемелік шығармашылық шеберлік иесі, халықтық дәстүр, әдет-ғұрып пен салт-сана ерекшеліктерін әлеуметтік қарым-қатынастар түрлерін кәсіби түрде меңгеруі тиіс. Әсіресе осы кәсіби білік дағдыларын шыңдауы оның ұстаздық тәжірибе жинақтауының ең басты алғы шарты болып табылады.

Келешекте біздің еліміз басқа тәуелсіз елдермен терезесі тең болып өмір сүруі үшін қазақ балаларын ешкімнен кем қылмай, мектеп қабырғасынан-ақ жан-жақты білімді, тәрбиелі етіп шығару үшін сынып жетекші ұлттық құндылықтарды басшылыққа ала отырып тәрбие жұмысын жүргізген абзал.

Қазіргі таңда мұғалім болу, тәрбиеші болу оңай жұмыс емес. Басқа ешбір мамандық адамға дәл мұғалімге қойылғандай талаптар қоймайды. Педагогтық қызметтің жетістігін бағалау да өте қиын. Оның сапасы сызғышпен өлшеп, әрбір мысқалына дейін таразыға тартатын дүние емес.

Я.А.Коменский балаларға тәлім-тәрбие беріп ұстаздық көрсететін мұғалімді өте жоғары бағалады: «Мұғалім-мәңгі нұрдың қызметшісі. Ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұр құятын тынымсыз лаулаған жалын иесі. Оларға тамаша қызмет тапсырылған, күн астында одан жоғары ешнәрсе болмақ емес». Балалардың санасы мен мінез-құлқының қалыптасуына тәрбиешінің жеке басының, оның моральдық бейнесінің атқаратын ролі орасан зор. Бұл әсерді өзінің күші жағынан ешнәрсемен салыстыруға болмайды. Бұл-ерекше құдіретті күш. Орыстың ұлы педагогі Д.К.Ушинский «Тәрбие де барлығы да тәрбиешінің жеке басына негізделуге тиіс. Ешқандай жарғы және бағдарлама, ешқандай оқу орнының жасанды орталығы қаншалықты жетілдірілгенімен тәрбие ісінде жеке адамды алмастыра алмақ емес. Тәрбиешінің тәрбиеленушіге тікелей әсерінсіз мінез-құлыққа сіңерліктей шын тәрбие беру мүмкін емес.» деп жазды. Сондықтан тәрбиешінің жеке басына ерекше талаптар жүктеледі. Ерік-қайраты күшті,

мінезге бай жас өспірімдерді қалыптастыру үшін мұғалімнің жеке басы сол талаптарға сай болу керек. Оқытушының жеке басында сөз бен істің арасында алшақтық болмау керек.

Бала тәрбиесі ең алдымен, аға ұрпақтың жас жеткіншекке деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығынан, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан адамгершілік ізгі қасиеттердің жиынтығынан туындайды. Атадан балаға ұласатын ұлттық құндылықтар үлкендердің әңгімесінен, іс-қимылынан танылып, сезім арқылы жүректен жүрекке беріліп отырған. Сондықтан егеменді ел жастарының санасына осы ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, тәрбиеші мен мұғалімнің ролі зор. Яғни, оқытушы мамандығының иелеріне болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М. Достоевскийдің «Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе өзің бағын, өзіңді өзің тани біл», - дегеніндей, әр оқытушы өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жйі-жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Н.А. Добролюбовтің «Мұғалім өзіне шәкірттердің қаншалықты жоғары бағалап қарайтынын есінде сақтаса, оның балаларға тигізетін ықпалы соншалықты күшті болады, соншалықты оның әрбір мақтауы балаларды шаттандырады, оның әрбір ескертуі баланың жүрегіне терең орнығады. демек барлық тәрбие жұмысы игілікті болады», - деп айтқанындай, баламен кездескен сәттен бастап, оның үйіне қайтатын уақытына дейінгі кезеңде баламен тікелей қарым-қатынаста екенін, онымен ішкі сезімі байланыста болатынын бір сәт естен шығармағаны абзал. Сонда ғана ел білікті, парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу ісінде едәуір табыстарға қол жеткізе алады.

Тәрбие кезеңдеріндегі оның өзіне тән заңдылықтарын сәтті пайдалану ұрпақ тәрбиесінің жемісті болуының ең үлкен кепілі болмақ.

Ал ұлттық тәрбиеге тікелей ықпал жасайтын білім ордасы, мектептер мен жоғары оқу орындары. Олар жас мамандар мен ұстаздарға мемлекет пен халықтың мүддесін ойлайтын, «елім, туып-өскен жерім, мен Қазақстан Республикасының азаматымын» деп жүрегі соғатын ұрпақ тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін үйретуге міндетті. Ал тәрбиеге байланысты оқытушылар білімін жетілдіріп, қайта даярлау мемлекеттің ұсынған қаулы-қарарлары мен заңдарына сай келуі керек.

Ұлтжанды, адами құндылықтарды бойына жиған, қиыншылықтан жол табатын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, ары таза, иман жүзді, біреудің қолдауынсыз өз еңбегімен білім алған, елі мен жерін сүйетінін атқарған ісімен дәлелдеген жастарды көргіміз келеді. Ұлттық тәрбие дегеніміз сана-сезім мен сенім қалыптастыру. Ол үшін жастарға ұлттық тәрбиені ел-жұрт, қоғамдық орын, ата-ана болып, жан-жақты ойлана отырып берсек, біздің де, мемлекеттің де көркейетіні даусыз.

Бүгінгі жас ұрпақты сонау замандардан жинақталған ата-бабамыздың мол мұрасымен яғни ұлттық құндылықтарымен сусындату-біздің басты парызымыз. Демек, ұлттық құндылықтарды пайдалана отырып тәрбиелеу арқылы сынып жетекші ұлттық тұлғаны қалыптастырмақ.

Адамды адам ететін қоршаған орта және тәлім-тәрбие десек, мектеп жасы балаларының тұлғалық ерекшеліктерінің қалыптасуына отбасы мен бірге сынып жетекшінің де ролі ерекше.

Ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеу дегеніміз-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өнерге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Бүгінгі жаһандану үрдісі жүріп жатқан жағдайда ұлттық мүдде, ұлттық тәрбие, ұлттық рухты сақтап қалу-үлкен міндет.

Жас ұрпақты ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде халқымыздың сан ғасырлық тәжірибесі бар екені даусыз. Сондықтан сол мол тәжірибені пайдалануға тырысып, ең бірінші жаны таза, рухани биік, адамгершілігі мол, халқына пайдасын тигізетін адам тәрбиелеу-сынып жетекшінің міндеті.

Ғұлама Абай баланың бойына алты қасиет пен үш асыл мінез-құлық сіңіру парыз деген.

Міне, осы алты қасиетпен бірге үш асыл мінез-құлық.

1. Елімен туған-туыс, жұрағат, жекжат, дос-жолдасқа адал болу.

2.Өте әділетті болу

3.Шындықты тура бетке айту сияқты асыл мінезді атап көрсеткен.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырғанда мынадай ұлттық құндылықтар тақырыбында тәрбиені тәрбиеленуші бойына дарытады.

Қазақ халқының салт-дәстүрі,Тәрбие түрлері,Туған жер,Отан
Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті,Тарихи тұлғалар, Әдеби мұралар Ел тарихы

Осылардың ішінен қазақ халқының салт-дәстүрін алатын болсақ,әрі қарай бірнеше тақырыптарға жіктеледі.ОЛАР:

Отау көтеру дәстүрлері:қыз айттыру,қыз көру,шеге шапан, құда түсу,бата аяқ,құда тартар,қалың мал,балдыз қалың,киім тігу,киіт,құйрық бауыр,өлі-тірі,қынаменде(ұрын келу),қыз қашар,сәукеле кигізу,күйеу киімі,той малы,қапқа салар,жігіт түйе,сүт ақы,қыз танысу,сыңсу,қыз ұзату,неке қияр, жар-жар, аушадияр, ау-жар, қоштасу, жасау, қыз көші,түйемұрындық, шаңырақ түйе, келін түсіру, беташар, бие қысырмас, күйеуаяқ, жолдық, отау көтеру, шаңырақ көтеру, атбайлар, құттық,үй көрсету,есік ашар,өңір салу,ілу,дәмету, итаяғына салу,кимешек кигізу,құрсақ шашу,жарыс қазан.

Тәрбие дәстүрлері: шілдеhana, шілде қаққан, сүйіндір, кіндік кесер, қалжа,ат қою,бесікке салу, бесік жыры,тыштырма,тымаққа салу, қырқынан шығару, иткөйлек, бауырына салу, сатып алу, асырап алу, тұсаукесер,базарлық, байғазы,бастаңғы,бәсіре,тілашар,ашамайға мінгізу,жеті ата, енші, көгентүп,айдар,кекіл,тұлым,асату,ұйқыашар,селт еткізер,сүндет той,құлақ тесу,аузына түкірту,алтыбақан,тыйым,тобық жұту,тобық тығу,қызойнақ,қыз қуу,мүше алу,біз шаншар,қыз алар,босаға майлау,келін көңілі.

Отбасы,тұрмыс дәстүрлері:ақ үй аманат, аманат, ант, ақ алып шығу,ақ құйып шығару, ақ жол,ат мінгізіп, шапан жабу, ат тергеу, айтыс,айып, айрылысар көже, ауызбастырық,ауыз тию, ат құйрығын кесу, ат майы, артынан топырақ шашу, ақтық, абысын асы, араша,аяғына жығылу, әмеңгерлік, әдеп, әдет, бата, теріс бата, байлау, баутағар, барымта, бармағын жалау, бал басы, белкөтерер,бес жақсы,бетке түкіру,бәс,бүйрек,бет айғақ, бұйымтай, бәйге, дау, дауыс, дәстүр, деңгене, дүре, дерт көшіру, емге сұрау, ен, емшегін көкке сауу,есекке теріс мінгізу, ерулік, жаза, жекпежек, жиенқұйрық, жолаяқ, жолдасу, жылу, жұртшылық, жыртыс, кәде, кек алу, көрімдік, көрісу, көз тию, көрші хақы, көкпар, көңіл сұрау, күн санау, ай санау, жыл санау, жыл қайыру, қалау, қазан шегелеу, қарғыс, қарғану, қарашаңырақ, қап қағар, қонақасы, қонақ кәде, қорықтық құю, құмалақ салу, құн, жарқын құн, қарыз, пайғамбар қарызы, құтты болсын айту, құрдастық қалжың, салт, сал-серілік, сауға, саумалық, сауын алу, сауын айту, сарқыт, сайыс, соғым басы, сүйек жаңғырту, сәлем беру, сәлем ету, сәлемдеме, сүйінші, сыбаға, өлі сыбаға, табақ тарту, таңба, туған күн, мүшел, мүшелтой, алтын той, күміс той, той, тойхана, тойбастар, тойтарқатар, тоғыз, туған жерге аунату, туырлығын тілу, тәбәрік, тіл кестіру, тізе бүгу, тоқымқағар, төркіндеу, түс жору, от басын сабау, отпен аластау, отқа май құю, уәде, үй сынығы, ұран, шашу, шарғы салу, шүлен тарату, хан сырқаты, хан талау, ым, ишара, ырым, іргеден шығару.

Еңбек дәстүрлері:асар,биебау,жылқы күзеу,күзем шай,кеусен,келі түбі,көген той,қол ұшын беру,қол үздік,қолкесер,қазық майлау,қой басты,тулақ шашу,таңсерік,нәзір,үме,сірге мөлдіретер, сабан той,сал бурын,сыралғы,лау,аңшылық,саятшылық,шашыратқы.

Наурыз дәстүрлері: наурызнама, наурыз күні,қыдыр ата,наурыз көже,наурыз жыры,наурыз бата,наурыз жұмбақ,наурыз тілек,наурыз төл,наурызкөк,наурыз есім,наурыз шешек, наурызша, саумалық, мұхаррам, самарқанның көк тасы.

Ислам тағылымдары:айт,айттық,құрбан шалу, ақсарбас, аластау,ақтық байлау, айналмақ, жан беру, жарапазан, жарапазанның батасы, жұмалық,зекет, зікір,құдайы,құран ұстау,ораза,ауыз ашар, намаз, пітір, садақа, сыйыну, талақ, талақ, табыну, тасборан, тұмар, ұшықтау, үшкіру, ішірткі, мойнына бұршақ салу.

Қаза ғұрыптары:арыздасу, өсиет, иман айту, естірту, көңіл айту, жоқтау,ақтай жоқтау, шашын жаю, қара тігу,көрісу,жаназа,дәуір,жаназа,дәуір айналдыру, сүйекке кіру,сыйыт,аманат қою, мұра, топырақ салу,бата оқыр, дұға, пидия,тұлдау,аруақты еске алу,шек беру,жерошақ майлау, ас, тұл аудару, қара жығу.

Әрбір адам ең алдымен өз халқының перзенті,өз Отанының азаматы болу керегі екенін,

ұлттың болашағы тек өзіне байланысты болатынын есте ұстауға тиіс. Оның осындай тұжырымға тоқталуына ұлттық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлер көптеп көмектеседі, Солар арқылы ол жалпы азаматтық әлемге аяқ басып, өз халқының игілігін басқа халықтарға жақын да, түсінікті ете алады. Сондықтан әрбір ұстаз өз кезі мен өткеннің талаптары, объективті факторлар негізінде жеткіншек ұрпақты өмірге даярлап, оны жинақталған тәжірибе арқылы тәрбиелеп отырып, өзінің ата-бабаларының рухани мұрасын игерте түсуі керек.

Ұлы педагог К. Ушинский «Тәрбиенің қайнар көзі тек адамның жеке басының өнегесіне негізделген. Ешқандай жарғы да, бағдарлама да оның орнын баса алмайды»-деп текке айтпаған.

Ендеше еліміз тәуелсіздікке қолы жеткен қазіргі кезде білім беру жүйесіндегі негізгі міндет-ұлтымыздың таным құндылықтарын бойына сіңіріп, салт-дәстүр, әдет-ғұрып мәйегін ұрпақ санасына егу арқылы тәләм-тәрбие беру.

Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады. Заман талабына сай тәрбие беру-оқытушының басты міндеті.

Білім, тәрбие жолы ұзақ жол. Оқытушының қателігі қоғам үшін өте қауіпті, ал, керісінше, оның нәтижелі еңбегі бүкіл ұлттың, Отанымыздың, өркениеттің тағдыры, оның ізгілікті істері ұзақ жылдар жемісін берері сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Авторы: Сейіт Кенжеахметұлы.

Алматы 2006ж.

3. XXI ғасырдағы Республикалық педогогикалық оқулардың озық тәжірибелер

«Қазақстан мектебі» журналы. №17, 2010 жыл.

«Қазақстан мектебі» журналы. №6, 2009 жыл.

«Қазақстан мектебі» журналы. №7, 2011 жыл.

БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСЫП, ДАМУЫ

Турлыгожаева Лязат Ергалиевна
Арнайы экологиялық пәндер оқытушысы
Үшқоңыр су шаруашылығы колледжі

Аннотация: В данной статье делается акцент на теоретический анализ работы с учащимися, в процессе формирования их как личности. Раскрываются теоретические предпосылки формирования личности учащихся. Определены основные понятия по актуальной проблеме: «личность», «воспитания», «среда», «общение».

Түйін сөздер: тұлға, жеке тұлғаның дамуы, әлеуметтік орта, даму, тәрбие, педагогика.

Адамдар тұлға болып, өзіндік жеке бас ерекшелігі бірден дүниеге келмейді. Әрбір жеке тұлғаны қалыптастыру, тәрбиелеп жетілдіру қажет. Өзіне немқұрайды қарайтын кейбір қоғам мүшелері басқалар қалай өмір сүрсе, мен де солай өмір сүремін деген принципті ұстанғанымен, шын мәнінде өмірде олай емес. Өмір бойы даму мен тәрбиенің нәтижесінде жеке адамның орнығып, жетілуін қалыптасу деп атайды.[1]

Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әр түрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына табиғи тума қабілет, қоршаған орта да әсер етеді деп есептеген. Жеке тұлғаның қалыптасуының факторлары туралы идеялар келесі дәуірлердің прогрессивті философиялық және психологиялық-педагогикалық пікірлерінде өз жалғасын тапқан (Э. Роттердамский, Я. А. Коменский, К. А. Гельвеций, Д. Дидро, А. Дистервег, К. Д. Ушинский, К. Маркс, Ф. Энгельс, З. Фрейд, Д. Дьюи, Э. Торндайк, Н. К. Крупская, П. П. Блонский, А. С. Макаренко, Л. С. Выготский, Э. И. Монозон, Л. И. Божович, С. Л. Рубинштейн, В. В. Давыдов т.б.).

Тұлға— жеке адамның мақсатының орындалуы ғана емес, оның ерік-жігерінің іске асуы, яғни өзі жөніндегі ойын, еркін іске асырудың дайындығы және оны іске асыруының нәтижесі, көрінісі. [2]

Жеке адамның қалыптасуы өмірге келген сәтінен басталады, жеткіншек және жасөспірім шақта жедел жүреді, ересек шақта өзінің біршама аяқталу кезеңіне жетеді.[1] Жеке адамның әсіресе балалық және жасөспірім шақтарында дамып, жетілуі ең алдымен тәрбиенің ықпалы арқылы жүріп отырады. Жеке тұлға мен қоғамдық ортаның қарым-қатынасы философия, психология, педагогика, т.б. қоғамдық ғылымдардық көптен айналысып жүрген көкейкесті мәселелері. Адам баласы материалдық және рухани өмірдің ортасында тіршілік етеді де, өзі өмір сүріп отырған қоғамының, ұжымның, ұлттың мүшесі ретінде өзіндік ақыл-парасатымен, жеке бастың өзіне тән ақыл-ой, ерік-жігер, мінез-құлық ерекшелігімен көрінуге тырысады. Қоғам мүшелерінің бәріне ортақ біркелкі мінез-құлықтың, қасиеттің болуы мүмкін емес. Әр адам өзінше жеке тұлға.[3]

Жеке тұлғаның ерекшелігі дегеніміз — оның өзіне тән мінез-құлығындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы.

Өмірде бір анадан туған егіз балалардың түр жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, мінез-құлқы, іс-әрекеті, өмірге деген икемділігі, қабілеті бірдей болмайды. Сондықтан әр адамды өзінше даралаған жеке тұлға деп қараймыз. Даму - жеке адамды жетілдірудің өте күрделі және диалектикалық процесі. Балада анадан туа біткен белгілі идеялар мен түсініктер және өжет, жұмсақ немесе байсалды мінез болмайды. Баланың дамуына ықпал ететін факторларға тұқым қуалаушылық, әлеуметтік орта, тәрбие, т.б. жатады.[4] Әлеуметтік орта - жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын әлеуметтік қатынас, олардың көп қырлы іс-әрекеттері. Әлеуметтік ортаға білім ордасының ықпал жасауы нәтижесінде баланың дүниеге көзқарасы, басқа да қасиеттері дамып қалыптасады. Егер адамдардық қалыптасуына ортаның қатысы шамалы болса, онда орта адамдардық талабын қанағаттандырмайды. Сондықтан адам өзінің дамуы үшін қажетті материалдарды осы әлеуметтік ортадан жинайды. Егер бала әлеуметтік ортадан тыс қалса, онда оның даму дәрежесі жануарлардан жоғары болмайды. Педагогика адам дамуындағы әлеуметтік ортаның ықпалын мойындайды, оған зор мән береді. Педагогика мен психологияда жеке тұлғаның “қалыптасуы” термині жиі қолданылады. Бұл жеке тұлғаның дамуының нәтижесі дегенді және оның пайда болып, тұтастыққа, бір қалыпты қасиеттерге және сапаларға ие болғанын білдіреді. Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі - тәрбие. Тәрбие балалардың жеке және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен дәрежесіне лайық іске асырылып, тәрбие адамдардық іс-әрекеттерін ұйымдастырады. Баланың жеке басының дамуы мен қалыптасуына ықпал ететін үш фактордық ішінен тәрбие адамның дамуына орасан күшті ықпал етіп, тұқым қуалаушылық пен ортаның ықпалына белсенді әсер етіп, баланың дамуын қоғам талаптарына сәйкес бағыттап, белгілі бағытта баланың өмірі мен іс-әрекеттерін ұйымдастырады, ортадағы жағдайлардан тұлға дамуына қажетті материалдарды іріктейді, жеке бастың дамуына теріс, зиянды әсер қалдыратын жағымсыз ықпалдардан аластайды. [3]

Сонымен, тәрбие бала дамуын бағыттап, басқарады, сондықтан да ол — баланы қалыптастырудағы негізгі күш. Осының негізінде мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің өсіп-жетілуін мынадай кезеңдерге бөлу қабылданды:

- 1) төменгі сынып шағындағы кезең (7 жастан 11 жасқа дейін);
 - 2) негізгі мектеп шағындағы жеткіншектік кезең (12 жастан 15 жасқа дейін);
 - 3) орта мектеп шағындағы жасөспірімдік кезең (15 жастан 18 жасқа дейін).
- Соңғы жылдары симпозиумда қабылданған жас кезеңдерінің сызбасына жаңа туған баладан бастап жасөспірімдік шаққа дейінгі өзгерістер кіреді. Олардың сатылары:
1. Жаңа туған бала (туған сәттен бір-екі айға дейін)
 2. Нерестелік шақ (бір-екі айдан бір жылға дейін);
 3. Ерте сәбилік шақ (бір жастан үш жасқа дейін);
 4. Мектепке дейінгі балалық шақ (төрт жастан 7 жасқа дейін);
 5. Бастауыш мектеп жасы (7 жастан 11,12 жасқа дейін);

6. Жеткіншек шақ (11, 12 жастан, 14, 15 жасқа дейін);
7. Жасөспірім шақ (14,5 жарым жастан, 17 жасқа дейін).[5]

Тәрбие мен оқыту осы жас сатыларына сәйкес жүргізілуі керек. Өйткені, адам жасының табиғи негізі - жас сатылары немесе биологиялық жетілу сатылары. Әрбір жас шағы психикалық дамудық ерекше сапалы кезеңі болып табылады және бала дамуының осы кезеңдегі жеке басының өзіндік құрылымының жиынтығын құрастыратын көптеген өзгерістермен сипатталады. Осыған байланысты әрбір педагог-маман орта мектеп оқушыларының жас кезеңдеріндегі ерекшеліктерге сергек те сезімтал көзқараспен қарап, олардың жан дүниесін түсіне білуі шарт.[1]

Данышпан Абай атамыз айтқандай: «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек». Абайдың бұл жерде көкसेгені – ойлы азамат. Көкірегінде көзі, бойында тулаған қайраты бар азамат. Әрбір халық өз ұлты үшін қызмет ететіндіктен, мұғалім баланы ұлттық тәрбиемен сусындатуға міндетті. Яғни, қазіргі қазақ мектептерінің алдындағы міндеттерінің бірі жеке тұлғаны алдымен ұлттық руханиятта тәрбиелеп, тәрбиелі жасқа өркениеттік білім беру. Білім ордасындағы әрбір тұлғаның келешегіне бағыт-бағдар беруші, жөн сілтер жолбасшы – мұғалім болуы тиіс. Сондықтанда осындай жауапкершілік жүктелгеннен кейін біздерге, яғни мұғалімдерге де сын болып отыр. Өз тәжірибемнен байқағаным: баланы жақсылыққа жетелеп жанастырар да, жамандықпен адастырар да — мұғалім болғандықтан ұстаз болу жеткіліксіз, ол үшін асқан білік иесі, ұсталық та, ұстамдылықта қажет. Балаға объект ретінде емес, субъект ретінде қарауға үйренуіміз керек. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі дүниесін ояту нәтижесінде оның дүниетанымы қалыптасады. Алдындағы әрбір баланың жеке басындағы қасиеттерін дұрыс тани білу үшін психолог болудың кемдігі жоқ. Жалпы бала жеке тұлғаға айналу үшін мұғалімде мынадай қасиеттер болуы қажет деп ойлаймын:

- жылылық;
- түсінгіштік;
- сезімталдық;
- мейірімділік;
- адалдық;
- шығармашылық ізденіс;
- баланы шабыттандыра алу;

Әр білім алушыны дамыту, көптеген ерекше қабілеттерін ашу, ақыл-ойының дұрыс дамып жетілуіне жағдай жасау. Осы мақсатта өз колледжімде жүргізілген тәрбие жұмыстарымның нәтижесі жаман емес деп ойлаймын. Ата-анамен жүргізілетін жұмыс бағытын нақты айқындау, жүйелендіру. Колледж, білім алушы, ата-ана арасында байланысты нығайту және топтың ата-аналар комитетін құру арқылы бала тәрбиесінде жаңа заман талабына сай ата-аналардың өзіндік толық идеяларын іске асыруға мүмкіндіктер туғызу.[2]

Баланың отбасылық тәрбиесіне жағдай жасау, ата-анамен жеке және топтық жұмыс жүргізу, тақырыптық кеңестер беру; тақырыптық ата-аналар жиналысын өткізу, ата-ана арасындағы жиналыс рейтингісін жасау; оқу үрдісінен тыс қызықты іс-әрекетті ұйымдастыруға тарту; «Білім алушы-ата-ана» жүйесіндегі ата-аналардың өзара әсерінің біріккен тренингтерін өткізу; Баланы тәрбиелеу үздіксіз процесс ол оның бос уақытында да жүзеге асырылады. Білім алушының бос уақытын тиімді ұйымдастыру, оған дұрыс бағыт беріп отыру барша қауымның ортақ ісі. Білім алушы жан жақты болып өсу үшін тек қана білім ордасымен шектелмейді. Білім алушының демалуы, сауығуы мен бос уақытын өткізу тәрбие ісінде маңызды функцияны атқарады.

Оны тек әлеуметтік тұрғыдан қорғау ғана емес, сондай ақ шығармашылық дамыту, рухани байыту мен интеллектуалдық ахуалын кеңейту үшін жағдай жасаған. Әрбір ата ана өз баласының толыққанды демалуын ғана көздеп қоймайды, сонымен қатар олардың қажетті дағды мен біліктерді меңгеруін, ой өрісі мен іс әрекетінің кеңейгенін қалайды. Білім ордасына студенттердің бос уақытын тиімді өткізу үшін мәдени іс шаралар, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен әр түрлі конкурстар, фестивальдар, өнертапқыш клубтар және ұл балаларға техникалық үйірмелер мен қызбалаларға эстетикалық үйірмелер

ұйымдастырылған. Сонымен бірге білім алушылардың қызығушылықтарын анықтау арқылы, олардың ой пікірлерін зерттей отырып колледждегі үйірме жұмыстарына жаңашылдық енгізуді мақсат етіп, сол мақсатымызды іске асырудамыз.[4]

Тәрбие арқылы білім беру- үзіліссіз жүргізілетін үрдіс, ол адамның өмірге келген күннен бастап өмір бойы жалғаса береді. Оның мазмұны студенттің жеке бас қасиеттерінің кең шеңберін қамтиды. А.С.Макаренко «тәрбие - өнер, оған арнайы үйрету керек», - дейді.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы дамуын қойып отыр. Осы тұрғыда біз бағдарлама аясында тәлімалушылар әріптестерімізге "дұрыс қарым-қатынас жасай білу дағдысын қалыптастыру мақсатында "Оқытушылар оңай нәрсені алып, оны қиындатады, ал қарым-қатынас жөніндегі мамандар қиын нәрсені алып, оны оңайлатады" Джон Максвеллдің сөзін басшылыққа алуды жөн көрдік.[1]

Әр күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде заман көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында. Мұғалімнің шеберлігі мен жетістігі – сапалы білім және жақсы тәрбие алған шәкіртінде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Р. Қоянбаев. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1991.
2. Ж. Қоянбаев, Р. Қоянбаев. Педагогика. - Астана, 1998.
3. Е. Сағындықұлы. Педагогика. - А, 1999.
4. Әбдікәрім Т.М. Білім және тәрбие берудің негізі – оқулық.//Тіл білімі.-Астана, 2008.- 110-115-б.
5. Курманбаева Ш.К. Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы // «Қазіргі заманғы қоғам дамуы аясында жастарға рухани-адамгершілік тәрбие беру» атты ҚР Тәуелсіздігінің 25жылдығына арналған халықаралық сырттай ғылыми тәжірибелік конференция материалдары. –Өскемен, 2017. – 131-135б.

ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ: ИДЕЯДАН НӘТИЖЕГЕ

Сәулетбекова Іңкәр Дәулетқызы
Шет тілі пәні оқытушысы
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі»
КМҚК, Семей қаласы

Аннотация: Бұл мақалада жеке тұлғаның дамуы және қалыптасуы, жеке тұлға ұғымына анықтамалар беріле отырып, тұлғаны тәрбиелеудегі ерекшеліктер және қолданылатын әдіс-тәсілдер туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: жеке тұлға, адам, индивид, білім беру, тәрбиелеу, өнеге, атаулы кабинет

Психология ғылымында «жеке тұлға» деген ұғымға бірнеше түсініктер береді, олардың ойын қорытар болсақ: жеке тұлға дегеніміз - әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі ретіндегі индивид. Жеке тұлғаның ең басты белгісі – оның әлеуметтік мәнінің болуы және оның әлеуметтік функцияларды (қызметтерді) атқаруы (болмысқа, адамдарға, өзіне, еңбекке, жалпы қоғамға қатысты). Сондай-ақ жеке тұлға психологиялық дамудың белгілі бір деңгейіне ие (темперамент, мінез-құлық, қабілеттілік, ақыл-ой дамуының деңгейі, қажеттіліктер, мақсат- мүдделер).

Сонымен, тұлға дегеніміз - өзіндік сана қалыптастыру барысында қарым-қатынас, іс-әрекет жасаудағы адамның әлеуметтік мәні. Демек, жеке тұлға - бұл интегративті жүйе, оның маңызды белгілері ретінде саналылық, жауапкершілік, еркіндік, қадір-қасиет, т.б. көрініс береді. Жеке

тұлға ұғымын анықтау барысында «адам», «индивид» деген ұғымдардың айқындалуы қажеттілік болып табылады. Адам - бет-бейнесімен, келбетімен, саналы іс- әрекетімен, сөйлеу қабілетімен сипатталатын тірі организм. Яғни ол биологиялық мәнге ие болады. Ал «индивид» латын тілінен алынған және оның қазақша баламасы - «жекелік». Бұл сөздің ұғым ретіндегі сипаты адамзат тұқымының қасиеттерінің ескерілмеген көрінісін берсе керек. Осы тұрғыдан алғанда әрбір адам индивид болып табылады. «Жеке тұлға» ұғымымен және сонымен байланысты бір тектес ғылыми категориялардың мәні де осында. Адамның жеке қасиеттері өмір жолында дамып, қалыптасатын болғандықтан, жеке тұлғаның «дамуы» мен «қалыптасуы» ұғымдарының мәнін ашу педагогика үшін маңызды мәселе болып табылады. Жеке тұлғаның дамуы, яғни оның әлеуметтік ұнамды қасиеттерінің қалыптасуы қоғам қолдауы мен әлеуметтік қажеттілікке байланысты іске асырылады. Әрбір адам өзінің өмір салты, құндылық бағыттарына сай іс-әрекеттерін бағдарлап отырады. Осыған орай, адамдардың тұрмыс-тіршілігі өзгермелі болады және қоғамнан өз орнын белгілейді. Яғни жеке тұлға тұрақты қасиеттер жиынтығымен ерекшеленеді. [1]

Адам болып жатқан жағдайға нақты баға бере білуі керек. Сонда ғана игі істер жасап, болашақта өзін саналы түрде ұстай біледі. Жағдайға объективті баға бере білу үрдісі оқушының бойында әлеуметтік білімді, іскерліктер мен шеберліктерді қалыптастырумен байланысты.

Алға қойылған міндеттерді түбегейлі шешу және алға қойған ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру мақсатында жоғары сынып оқушыларының әлеуметтік құзырлығын қалыптастыру мәселесі бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүйесі (анықтаушы, қалыптастыру, бақылау) жүргізілді. Жоғарыда адамның тұлға ретінде қалыптасуы нақты бір қоғамдық жағдайларда туатындығы туралы айтқанбыз. Сондықтан, біз өз тәжірибемізде қоғамның талаптары (стандарт) адамдардың мінез- құлқының моделін, ал бағалау белгілері оның мінез- құлқын анықтайды деп белгіледік. Мұнда тұлғаның өзегі оның маңызды психикалық қасиетімен- руханилықпен байланысты екенін ұмытпауымыз керек. Тек осындай жағдайда руханилық адам өмірінің жоғары көрсеткіші, оның адамзаттық, адамгершілік парыздарының ішкі құндылығы, адамның болмыстан да жоғары мәнге бағынуы, яғни қалыптасқан әлеуметтік құзырлығы болып табылады.[2]

Адам өзінде рухтардың, жанның және дененің бастамаларының қосылуынан біріккен нәрсе. Батыс өркениеті адамда денелік бастаманың дамуына бағытталған, ал ол Г. Федотов айтуынша, сонымен қатар руханилық еріктің ең аз дамуын көрсетеді.

Адам өзінің жан руханилығын дамытқанда ғана өзін тұлға ретінде іске асыруы мүмкін: ол қолындағының жағдайын түсіну, оның қайғысына ортақтаса білу, оған көмекке дайын болу, төңіректе болып жатқандардың барлығына жауапкершілік, ұяттылық, қайырымдылық көрсетуде байқалады.

Білім беру - ең алдымен, адамның жан дүниесін өзгертуге, оның қажеттіліктерін айқындау, оның ұмтылуын, талпынуын жоғарылату, оны әлдеқайда қайырымды және сезгіш жасау.

Тәрбиелеу, адамның өзіне емес басқаларға тірелген, рухани дамуына бағытталуы қажет, ұяты бар адам ашық, сенімді, өзінің қызығушылығын басқалардан жоғары ұстамайтын адам болады. Сонымен, мектептің әлеуметтік міндеті - ол қалыптасып өзін- өзі бекіте білетін, саналы түрде бірлікке ұмтылған, рухани құндылықтарға бағытталған адамдар тобын құру.[3]

Тәрбиелеу барысында біз жеке адам бойына ізгі қасиеттер жиынтығын сіңіруді көздейміз, соған байланысты қызмет көрсетеміз. Жеке адамды тәрбиелеу қызметтеріне:

- жалпы адамзаттық гуманитарлық доминанттар деңгейін игеру немесе меңгеру;
- этикалық және эстетикалық мөлшерлерде қоғамды меңгеру, яғни негізгі әлеуметтік және кәсіптік қызметі, жеке құндылығы және амалы;
- тәрбиелеу процесіндегі жеке адамның иерархиялық сапасын және деңгейін игеру.

Тәрбиелеуші - тәрбиенің субъектісі, екі жақты процесс, тәрбие өзінің белсенділігі арқылы іске асырылады және өз қабілеті мен өзін-өзі тәрбиелеу арқылы жетістікке жетеді.

Тәрбие - бағытталған процесс, әрбір негізгі мақсат оның мазмұны мен әдістеріне сәйкес және ол жеке мазмұны мен бағыты арқылы анықталады.

Педагогикалық ғылымда тәрбие дәстүрлі тұрғыдан анықталады: ақыл-ой, мінез-құлық, адамгершілік, эстетикалық, еңбек, дене шынықтыру бағыттары қазіргі кезде құқықтық, экономикалық, экологиялық, имандылық және азаматтық тәрбиемен толықтырылады. Тәрбиелеу процесінің толық және жеке бағыты әртүрлі деңгейде: социумдық деңгейде, әлеуметтік институттар-да, жеке әлеуметтік топтарда, жеке өзара және өзіндік тәрбиелеу деңгейінде іске асырылады.

Тарихи жинақталған тәрбие түрлері ішкі мәдениет түрлеріне қарай дамиды. Тарихи тәрбиелеу түрі үлкендердің балаларға арналған және негізгі міндетті, топтық мінездемесіне дәл келеді.

Тәрбиенің мақсаты белгілі әдістеме арқылы шешіледі, оның құрылымын құрастырушылар: педагогтар мен тәрбиешілер болып табылады. Тәрбие әдістерінің жіктелуі шарты және тәрбиелеу үлгісінің түрлері және бағыты, тәрбиелеу ортасы, тәрбиеленушінің жасына және тәрбиелеушінің жеке қасиетіне немесе тұлғасына байланысты болады. Осы берілгендермен байланысты тәрбие процесін контекст ретінде қарастырамыз, ол жетістікке жету үшін әдістердің тиімділік жүйесін жетілдіру болып табылады. [1]

Жеке тұлғаның санасын қалыптастыруда мынадай әдістер қолданылады.

- этикалық әңгіме;
 - пікірталас;
 - түсіндіру;
 - өнеге;
 - сендіру;
 - көндіру (суггестия).
- Этикалық әңгіме — оқытушы студенттермен әңгімелескенде, олардың ойын тыңдап, онымен санасады, ынтымақтаса жұмыс істеп, адамның мінез-құлқына, жүріс-тұрысына қойылатын талаптарды бұзған оқушылардың іс-қылықтарын талдайды. Әңгімені бастауға себепші болатын балалардың теріс қылықтары. Оқытушы тәртіп бұзған оқушылармен жеке сөйлесіп, оның қателігін өзіне әдепті түрде түсіндіреді.
 - Пікірталас. Пікір білдіру, баға беру оқушының дүниеге сенімін арттырып, ондағы қателіктер мен кейбір адамдардың жалған көзқарастарымен күресуге үйретеді. Оқу орнымыздың бетке ұстар, үздік клубтарының бірі «Оратор» дебат клубы студенттердің жеке дамуында алар мәні өте зор. «Оратор» дебат клубының негізгі мақсаты: көпшілік алдында анық, дәл сөйлеуге, ойындағы пікірін ашық білдіруге көмектесу; жұрт алдында сөйлеуге баулиды. Жеке тұлға ретінде позициясының болуы, өз пікірін дәлелдей білуге үйретеді.
 - Түсіндіру. Бір топқа, жеке оқушыларға жаңа ережелер басқа адамды құрметтеу, өзін басқа кісінің орнына қою, т. б. түсіндіріледі. Оқытушы адамшылық қасиет туралы оқушының пікірін сұрап, оқушыны жақсы сапалардың қажеттігіне сендіріп, оқушыны теріс қылығы үшін ұялтып, түзелуге бағыттайды.
 - Өнеге. Оқытушы студенттерге әдебиеттегі және өмірдегі түрлі кейіпкерлерді үлгі еткенде оқушы өзінің ішкі жан-дүниесіне үңгіле бастайды. Жеткіншектер өздері таңдаған адамдарына еліктейді. Тұлға болып қалыптасуда еліктеудің де маңызы бар.

Сапалы кадрларды дайындауда республикамызда алдыңғы қатардан орын алатын, 120 жылдық тарихы бар, Алаштың білім ордасы «М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжінің» басқа оқу орындарына қарағанда бір ерекшелігі ол атаулы кабинеттердің болуы. Біздің колледжімізде М.Әуезов, Ж.Аймауытов, Қ.Сәтпаев, Ш.Айманов және т.б. сынды қазақтың ұлы тұлғалары білім алғаны белгілі. Осындай айтулы тұлғаларымызды дәріптеу, ұлықтау мақсатында білім шаңырағында атаулы кабинеттер жасақталған. Әр атаулы кабинеттер жанында «Кіші-ғылыми зерттеу» орталықтары жұмыс жасайды. №213 атаулы кабинет Шәкен Кенжетайұлы Айманов атында орналасқан. Бұл кіші ғылыми-зерттеу орталығы әйгілі режиссердің өмірі, еңбек жолы мен шығармашылығын зерттеп, дамыту мақсатында құрылған. Осындай орталықтарда студенттер:

- белгілі тұлғалардың жүріп өткен жолын зерттей отырып, өздеріне үлгі-өнеге алады;

- ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйренеді;
- кәсіби тұрғыда сапалық қасиеттерді бойына сіңіреді;
- ғылыми-зерттеу жұмыстарына талпынады;
- адамдармен дұрыс коммуникация жасауға бейімделеді.

Сонда біз тұлғаны дәріптей отырып, тұлға қалыптастыруға, идеялардан нәтижелерге жеткіземіз.

Оқу орнының басты міндеті - қоғамның белсенді мүшелерін дайындау мақсатында оқушылардың өзін — өзі тәрбиелеу ісін жетілдіру үшін олардың жас және дербес ерекшеліктерін еске алып, оқу — тәрбие жұмысының барысында сана — сезімін ояту, өз бетінше жұмыс істей білуге үйрету.

Әрбір бала майшам болатын болса, ұстаз шамшырақ. Ол әр баланың бойына тұлғалық қасиеттерді сіңіріп, қоғамнан өз орнын табуға бағдар болады. «Ұстазы жақсының ұстанымы да жақсы» демекші, болашақ кадрларды дайындауға тұлға болып қалыптасудың маңызы өте зор болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әлқожаева Н.С Педагогика – Алматы, 2023
2. Асқарова. Ғ.А Білім беру жүйесінде жастардың әлеуметтік құзырлығын қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері – Алматы, 2022
3. Каримов А.Н Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері
4. Р.Қоянбаев. Тәрбие теориясы. — Алматы, 1991.
5. Алаштың тұңғыш білім ордасы – Семей, 2013.

ИНКЛЮЗИВТІ ОҚЫТУДА ВИТУАЛЬДЫ ШЫНДЫҚТЫ ҚОЛДАНУ(VIRTUAL REALITY)

Шүкірбек Нұрайым Бахытқызы
Арнайы пәндер оқытушысы
«Халықаралық бизнес және коммуникация колледжі»,
Алматы қаласы.

Аңдатапа: Виртуалды шындыққа негізделген инклюзивті білім берудің жаңа және тиімді тәжірибелері мен құралдарын сынау және тарату, мүмкіндігі шектеулі жандардың кәсіби жолын табуына және қоғамға әлеуметтік интеграциялануына жаңа мүмкіндіктер туғызу.

Түйін сөзер: студент, аудитория, виртуалды шындық, инклюзивті білім, платформа, модель, цифрлық технология, виртуалды көзәйнек, ғылым.

Виртуалды шындық (VR) – пайдаланушылар басына орнатылған дисплейді немесе гарнитураны киіп, компьютерде жасалған кескіндер мен дыбыстар әлемін сезінетін толық иммерсивті технология. Виртуалды шындықты пайдалана отырып, пайдаланушылар өмірлік өлшемдегі молекулалар мен динозаврларды көре алады, Лувр мен пирамидаларға бара алады немесе астронавттың немесе кардиохирургтың өміріндегі бір күнді қайталай алады.

Виртуалды шындықтың білім берудегі артықшылықтары оқыту құралы ретінде мұғалімдерге студенттерге иммерсивті, технологияны қолдайтын тәжірибелер беруге мүмкіндік береді. Студенттер виртуалды шындық арқылы тәжірибе жинақтай отырып, атомдар арасында жүріп немесе қолдарымен молекулалар жасай отырып, виртуалды микроскопиялық әлемді зерттейді немесе 3D графикасы арқылы нысандарды, құрылыс әлемін көре алады, ЭЕМ-ның қалай құрастырылғанын, сонымен қатар программалық тілдердің қалай жұмыс жасайтынын көре алады.

Денсаулық – адамның ең басты өмірлік құндылығы. Денсаулығында ақауы бар адам өз функцияларын толық орындай алмайды, сонымен қатар адам қызметінің мүмкіндіктерін шектейді. Қазіргі кезде қоғам мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірін айтарлықтай жақсарту

мақсатында оларға барыншы қамқорлық жасайды. Сол мүмкіндіктердің бірі инклюзивті білім беру.

Инклюзивті білім беру – қазіргі қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың қоғамға тартылуы керек деген түсінікке негізделген жалпы білім беруді түрлендіру үдерістерінің бірі. Бұл трансформация баршаға білімнің қолжетімділігі үшін жағдай жасауға, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі балалардың білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Инклюзив – кез келген қиындыққа тап болған балалардың қоғамнан көмек алатын үдерісі. Мұндай балалар көп нәрсені істей алады, бірақ қоғам балалардың дамуына көмектесетін жағдайларды қамтамасыз етуі керек. Осындай шарттардың бірі – *цифрлық технология*. Цифрлық технологиялардың ең дамыған, инклюзивті білімде қолдануға қолайлы саласы, құралы **виртуалды шындық**.

Қазіргі уақытта инклюзивті балалардың толыққанды және қолайлы білім алуын ұйымдастыру үшін көптеген шешілмеген мәселелер мен қиындықтар бар. Инклюзивті білім беру жүйесінде ерекше өзекті болып табылатын негізгі мәселелерді тізіп көрейік.

1. Инклюзивті білім беру мекемелері тек үлкен қалаларда бар. Елімізде мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру қызметтері шектеулі.
2. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірге оқуына кедергі келтіретін бірқатар қиындықтар бар: мысалы, әлеуметтік қолдау жүйесі жақсы дамымаған, инклюзивті білім беруді реттейтін нормативтік құқықтық актілер жоқ.
3. Түзету педагогикасы саласындағы білікті мамандардың өткір тапшылығы. Бүгінгі таңда негізінен түзету мектептерінде жұмыс істеу үшін психологтар, педагогтар, логопедтер, дефектологтар даярлайтын кадрлар даярлау жүйесін жетілдіру қажет.
4. Қоғамның мүмкіндігі шектеулі балаларды қабылдауға дайын еместігі. Қоғамда ерекше қажеттіліктері бар балаларға теріс көзқарас әлі де күшті. Мысалы, дені сау балалардың ата-аналары көбіне балаларының мүмкіндігі шектеулі балалармен бірге оқығанын қаламайды.

Жоғарыда атап кеткендей инклюзивті білім берудегі қиындықтарды виртуалды шындықтың көмегімен шешуге болады. Инклюзивті білім берудегі мәселелерді виртуалды шындықты (VR) пайдалану арқылы шешпес бұрын виртуалды шындықтың инклюзивті білім беруде бірнеше артықшылығына шолу жасасақ:

- Мүмкіндігі шектеулі студенттер виртуалды шындықсыз қарапайым өмірде жасауға мүмкін болмайтын тәжірибелерді сезіне алады.
- Мүмкіндігі шектеулі студенттер аудиториядан шықпай немесе жол ақысын төлемей мұражайға, экскурсияға және әлемнің арғы жағындағы елге бара алады.
- Виртуалды орталар әртүрлі оқу стильдері мен оқу қиындықтары бар студенттердің қажеттіліктерін қанағаттандыра алады.
- Физикалық кемістігі бар студенттер виртуалды емес әлемде мүмкін болмайтын тәжірибе жинай алады


Инклюзивті білім берудегі мәселелерді виртуалды шындық (VR) арқылы шешу.

- Мүмкіндігі шектеулі студенттер физикалық орналасуына қарамастан өзара әрекеттесетін және бірге оқи алатын виртуалды аудиторияларды дамыту.
- Мұғалімдерді әртүрлі қажеттіліктері бар балалар үшін оқыту әдістерін қолдана алатын виртуалды жағдайларда оқыту.
- Дені сау балаларға мүмкіндігі шектеулі баланың орнында болу қандай екенін түсінуге және сезінуге мүмкіндік беретін виртуалды сценарийлерді құру.
- Мүмкіндігі шектеулі студенттер қауіпсіз және басқарылатын ортада қарым-қатынас жасай алатын виртуалды орталар жасау.
- Инклюзивті мекемелерді техникалық құралдармен және жабдықтармен, соның ішінде VR технологияларымен жабдықтауды қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Инклюзивті білім беруде виртуалды шындықты қолдануға арналған көптеген платформалар

бар. Сол платформалардың бірі: **Eduverse** (Сурет 1)

Eduverse - бұл аудиторияда және одан тыс жерде иммерсивті білім алуға арналған платформа. Студенттер білім беру 3D әлемдерін өздігінен немесе топ мүшелерімен бірге зерттей алады. Жәнеде платформада Avantis әлеміне қалай кіруге болады, ғылыми түсініктер, электроэнергияның маңыздылығы, уақыттың бізге көптеген тарихи жерлердің қалдырғанын, толығымен зерттейтін бөлемдері қарастырылған.




Сурет 1 – Eduverse платформасы


Біз электроэнергияның маңыздылығы бөліміне зерттеу жүргіземіз. Виртуалды шындықтың көмегімен 3d модель арқылы, сурет 2-де көрсетілген үлкен қазбалы отын электр станциясына кіреміз. Артында (сурет 3) көп мөлшерде жылу бөлетін қазбалы отын жағылатын есіктер бар.



Сурет 2 – Үлкен қазбалы отын электр станциясы




Сурет 3 – Көп мөлшерде жылу бөлетін қазбалы отын жағылатын есіктер



Сурет 4 – Электр энергиясы өндірілгеннен кейін ол желі арқылы үйлерге, өнеркәсіпте пайдалануға болатын жерге тасымалдануы.

Жоғарыда (сурет 4) электр энергиясы өндірілгеннен кейін ол желі арқылы үйлерге, өнеркәсіпте пайдалануға болатын жерге тасымалдануы көрсетілген.



Сурет 5 – Электр энергиясы өндірілетін орталық

Соңғы суретте электр энергиясы өндірілетін орталықтың толық аймағы көрсетілген. Виртуалды шындық арқылы студенттер сабақты толықтай түсініп, электр орталықтарына бармай ақ, электр энергиясы қалай өндірілетінін және оның қуатын, қалалық аймақтарға қалай жіберілетінін жасанды әлем арқылы сезіне алды.

Eduverse- платформасын тек ақпараттық жүйелер саласында ғана емес гуманитарлық сабақтарда да қолдануға болады. Мысалы: тарих және мәдениеттану сабақтарында сіз көне заманға үңіліп, қарабайыр адамның мекеніне баруға, соғыс кезінде тарихи шайқастың ортасында қалуға немесе жарлық немесе заңдар жинағын шығаруға куә бола аласыз. Шет аймақтарда мұражайларға саяхат жасау қиын, ал виртуалды шындықпен тек өзіміздің елдің мұражайларын ғана емес шетелдік мұражайларға жасанды әлем арқылы бара аламыз.

Қорытындылай келе виртуалды шындық қолданбалары тек «елестетуге» емес, осы ортаға еніп, дағдыларды жаттықтыруға мүмкіндік береді. 360 градустық бейне режимінде студент деректі толығымен зерттеп, материалды жақсырақ түсіне алады. Яғни, бұл мүмкіндігі шектеулі студенттерге таптырмас мүмкіндік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://cyberleninka.ru/>
2. Ярмухаметова И.В. Использование VR и AR технологий в обучении / Сборник статей и тезисов студенческой открытой конференции. М, 2020.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫҢ БІЛІМ АЛУ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Назарбекова Алмагүл Кушиковна
«Х.Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі»
МКҚК
1401000.– Ғимараттар мен үймереттерді салу және пайдалану
мамандығының арнайы пән оқытушысы

Еліміздегі білім беру жүйесіндегі ұтымды тәсіл - инклюзивті білім беру. Инклюзивті оқыту – ерекше мұқтаждықтары бар балалардың мектепке дейінгі, орта білім беретін мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында оқыту үрдісінде қолданылады. Инклюзивті білім беру – балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, әлеуметтік ортасына, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің ерекшелігіне, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қарамастан, сапалы білім алуына және потенциалдық деңгейін көтеруіне ықпал ету.

Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Осы бағыт балаларды білім алуда жетістікке жетуге ынталандырып, болашаққа сенім қалыптастырады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алу құқықтары «Қазақстан Республикасының балалардың құқықтары туралы», «Білім беру туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалардың әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетуге ықпал ету туралы», «Қазақстан Республикасында кемтарларды әлеуметтік қорғау туралы», «Арнайы әлеуметтік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген. Инклюзивті білім беру немесе «білім баршаға» бағдарламасы - барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қоғамдық белсенді болуға мүмкіндік береді.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, әрбір мүмкіндігі шектеулі білім алушы сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі бір білім

алушының білім сапасының жоғарылауы, ұлт болашағына қазіргі уақыттан бастап жинақталынып жатқан қор деп түсінуіміз қажет. Педагог қызметкерлер дамуындағы кемшілігі бар баланы өзімен қатарлас дені сау балалармен бірдей спорттық сайыстарға, түрлі байқауларға қатыстыру арқылы өмірге құштарлығын, танымдық қабілеттерін дамытады, жеке көзқарасын қалыптастырады. Осы мақсатты орындауда әлеуметтік тәрбие мәселелесін көре білу, сезіну, шешу жолдарын қарастыру, мүмкіндігі шектеулі баланы қоғаммен байланыстыруға шарт жасау, кедергілерді мүмкіндігінше жоя білу қажет. Мүмкіндігі шектеулі баланы қатарға қосу, түрлі әлеуметтік кедергіге қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологиялардың барлық мүмкіндігін пайдалану керек. Бұрын оқытушылар көрнекіліктерді көбінесе қағаздан жасап, оны әрдайым жаңартып отыратын, ал қазіргі таңда әрбір педагог сабағында жаңартылған әдіс- тәсілдерді қолданады. Заманауи әдіс -тәсілдердің , ақпараттық- коммуникативтік технологиялар құралдарының көмегімен оқытушы мен білім алушының ортақ шығармашылықпен айналысуына мол мүмкіндік бар. Мультимедианың әдістемелік күші білім алушыны бейнекөріністер арқылы қызығушылығын оятып, экспрессивті – эмоциональдық тұрғыдан әсер етеді. Электрондық оқулықтар мен қосымшаларды сабақта пайдалану кезінде білім алушылар теориялық білімдерін кеңейтіп, тәжірибеде өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Тақырыпқа қатысты бейнекөріністер мен дыбыстық жазбалар арқылы білім алушының сөйлеу формасы мен интонациясына ықпал етуге болады. Дидактикалық, арнайы қосымшадағы ойындар материалдарды қажетінше қайталауға мүмкіндік береді. Дидактикалық ойындарды оқыту үдерісінде пайдалану білім алушының логикалық көкжиегін кеңейтуге, өзіндік тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Жаңа ақпараттық технологиялармен қатар, мүмкіндігі шектеулі балалармен көбінесе ойын арқылы жұмыс жасаған тиімді. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, ой - өрісін кеңейтеді. Ойнай жүріп балалар қоршаған орта жайлы білімдерін толықтырады, дербес шешім қабылдауға дағдыланады, ойлау барысында тапқырлық пен жауапкершілік танытады. Ойын әсері арқылы бала өз қабілетін байқап, потенциалдық мүмкіндігін сезіне алады. Түрлі ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар ерік, сезім түрлерін де дамытады. Мүмкіндігі шектеулі білім алушылармен жұмыс жасайтын педагогтер үшін талап та жоғары. Арнайы ойындар баланың зейінін, есте сақтау қабілетін, ауызекі сөйлеу мәдениетін дамытуға, адамгершілік сезімін оятуға, қоршаған ортаға жанашырлық танытуға мүмкіндік береді. Логопедиялық сабақтарда «Айырмашылығын табу», «Артығын тап», «Түстері бойынша бояу», «Шытырман», «Нүктелерді қосу арқылы сурет салу» секілді дидактикалық ойындарды жүргізу үлкен нәтижеге әкеледі.

Шет мемлекеттерде инклюзивті білім беру мәселесі біздің елге қарағанда едәуір жолға қойылған. Бұл елдерде инклюзивті білім беру ХХ ғасырдың 70 жылдарынан басталған, ал біздің елде екінші мыңжылдықтың басында ғана қолға алына бастады. Европа елдерін алатын болсақ, инклюзивті білім беру көптеген мәселелерді шешкен. Бұл елдерде мүгедек балаларға жалпы білім беретін мектептерде қосымша көмек жолдары ұсынылған. Біздің елде мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпыға білім беру ортасына қарай бейімдеу 2002 жылдан басталды. Сол жылы Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғаш рет «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық тұрғыдан қолдау» туралы заңды қабылдады. Осы заң аясында жарымжан балаларға ерте бастан білім беру мәселесіне мән берілген. Оларды білім беру, әлеуметтік, медициналық тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылған. Ең бастысы, аталмыш заңда инклюзивті білім берудің негізгі принциптері айқындалды. Қазақстан 2008 жылы БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» конвенциясына қол қойып, барлық мүмкіндігі шектеулі жандарға жағдай жасауға міндеттелген. Осы мәселені талқылауда халықаралық конференциялар, түрлі семинарлар ұйымдастырылуда. Сондықтан мемлекеттік «Білім беруді дамытудың 2011-2020» жылдарға арналаған бағдарламасына бірінші рет инклюзивті білім беруді дамыту қосылды.

Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылық, әр баласы ұлт болашағы екенін ескерсек,

әрбір мүмкіндігі шектеулі баланың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына қолдау көрсету біздің міндетіміз. Осы мақсатта - “Бәріне бірдей мүмкіндік”, “Сапалы білім - барлығы үшін!” деген ұстанымды қолдаймын.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасындағы Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана. 2010 ж.
2. Ә. Ермағамбет. // «Психикалық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы». // Дефектология, 2008, №4.
3. Инклюзивті білім беру жағдайында даму мүмкіндігі шектеулі оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің ұйымдастырылуы // «Открытая школа» журналы. № 7(128) 09. 20
4. ҚР білім беруді дамыту 2015 тұжырымдамасы
5. Білім беру бағдарламасы 2010 жыл
6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау» туралы ҚР 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 Заңы
7. Логопедиялық әдістемелік жинақтар

ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

**Жапар Даурен Оралканулы,
Ахметова Меруерт Казымбековна
ШЖҚ МКК Сервис және туризм колледжі,
Астана қаласы**

Қазіргі таңда өскелең ұрпақты өз халқының тарихы мен тегін, салт-дәстүрін, тілін, білімін, адами қасиетті тереңнен түсіне алатын шығармашылық тұлға етіп тәрбиелеу - заман талабы мен қоғам қажеттілігі болып отыр. Қазақстан Республикасының «**Білім туралы**» Заңына сәйкес «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылыммен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту». Ұлттық мәдени құндылықтарды қарапайым тілмен түсіндірер болсақ, белгілі бір ұлтқа тән адами қадір-қасиет, халықтың сан ғасырлар бойы жинақталған ұлттық рухани және материалдық құндылықтары. Адамдардың бойында қалыптасқан имандылық қадір-қасиеттер рухани құндылықтарға, ал адамдардың қолымен жасалған тұтыну заттары мен кәсібі материалды құндылықтарға жатады. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізін ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру-ұлттық байлығымызды игеру, ұлттық санамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, білім саласында да ұлтжандылық пен отаншылдыққа баулысақ, елі мен жерін көзінің қарашығындай қорғайтын өз халқына жанашыр, патриот тұлғаларды тәрбиелеп шығару әбден мүмкін. Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі **Ж.Аймауытов**: «*Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді*» - десе, **Сырым Датұлы**: «*Мен ағайынды екеумін: бірі - өзім, екіншісі-халқым*» - дейді. Ұлтымыздың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері

Мұстафа Шоқай болса: «Ұлттық құндылықтардан жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды»-деген еді. Ұлттық құндылықтар – ұлттық идеяның негізгі өзегі, ұлт болып қалыптасудың басты бағыттарының бірі.. Ұлттық идея – туған жер, өскен орта әсерлерінен қалыптасып, халықтың тілі, ауыз әдебиеті, салт-санасы, әдет-ғұрпы, ырымдары мен тыйымдары арқылы жүйеленген сезім. Ол – ұлттың болмысы, өзіндік психологиялық ерекшелігі. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне жұмсап, келешек ұрпаққа, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге қолдану керек. Тұлғаны қалыптастырудағы басты құндылықтардың бірі – өз елі, тарихы, халқы үшін мақтанш сезімі. Өз халқының тарихын, салтын, әдет-ғұрпын білетін, өз Отанын құрметтейтін, еліне жаны ашитын, ол үшін жауапкершілікті сезінетін тұлғаның патриоттық тәрбиесі ұлттық тәрбиенің өзегі болып табылады. Қазіргі кезеңде мектеп табалдырығынан бастап білім беруде ел тарихын терең қозғап, тәрбие сағаттарында қазақ зиялы қауымының еңбектерін, қоғам дамуына қосқан үлесін айтып түсіндіру арқылы жас ұрпақтың адами құндылық қасиеттерін қалыптастырудың бірден бір жолы. Сондай-ақ ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданылмалы көріністері: рәсімдер, рәміздер, ырымдар, тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни уағыздар, сенімдер, кісілік рәсімдері, перзенттік парыз, адамгершілік борыш, ұрпақтық міндет арқылы іске асырылып, ұлттық қасиеттерге айналады. Қазақ халқы қонақжайлылық, кісілік, сыйласымдылық, имандылық, кішіпейілділік, кеңпейілділік, салауаттылық, тіршілікке бейімділігі, өнерпаздық, шешендік, ақынжандылық т.б. қасиеттері арқылы ерекшеленеді. Білім алушылардың бойында осы қасиеттерді қалыптастырып, құндылықтарын қалыптастыруда бірден-бір әсер ететін - білім саласында жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз “Ұстазы жақсының - ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін текке кетпейтіндей өсиет еткен. Тәрбиенің түп қазығы үлгі берер ұстазда, “Ұстазға қарап шәкірт өсер” деп халқымыз ұстазға үлкен жүк артқан. Ұстаз үшін өз еңбегінің жемісін көруден артық бақыт жоқ. Жас ұрпақтың әсемдікке, сұлулыққа деген көзқарасын қалыптастыруда Абай өлеңдерінің де маңызы ерекше. «Әсемпаз болма әрнеге», «Ғылым таппай мақтанба» т.б. өлеңдері жас ұрпақты ғылым-білім үйренуге шақырып, адам бойындағы жақсы, жаман қасиеттердің ара-жігін ажыратуға бірден бір сентігін тигізетін құрал. Бүгінгі таңда жастар арасында белең алған келеңсіз жағдайлардан арылу үшін ұлттық тәрбиеге баулитын салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымыздың өте-мөте маңызды екендігін жүрегі қазақ деп соғатын Қазақстанның әрбір азаматының ұғынғаны абзал. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:

- жас ұрпақтың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтанш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Қорыта келгенде, ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеп, рухани дүниетанымын жалпы адамзаттық деңгейде дамытамыз десек, бойында ұлттық және азаматтық намысы бар ұрпақ өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық өмірдің өзегін келешек ұрпақ тәрбиесіне, соның ішінде ұлттық құндылықтар негізінде тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Хасенова Айгуль Берденбаева
ШЖҚ МКК Сервис және туризм колледжі

Есіңізде болса, мақаланың басында буллингтің аты кеше келгенімен, заты бұрыннан бар екенін атап өткен едім. «Бұрын» деп кешегі Кеңес үкіметін меңзеп отырғанымды сіз де байқаған боларсыз. Ең қарапайым мысал ретінде Б.Соқпақбаевтың әңгімесі желісімен шығарылған А.Қарсақбаевтың 1963 жылы шығарылған «Менің атым Қожа» фильмін алайық. Қожаның тентектігін педсоветке салып, пионерлердің талқысына беретін фрагмент бар. Сыныптастары коллективті түрде Қожаның кемшілігін бетіне басады, әжуалайды, «қара көже» деп атайды. Ал, мұғалім болса «Көрдің бе, Қадыров? Сені достарың да мазақтап жатыр» деп балаларды қостайды. Қожа еркін ойлы, әзілқой, креатившіл бала. Оның болмысы Кеңес үкіметі идеалындағы баланың болмысына сай келмей, сол өлшемге сия алмағаны үшін кінәлі еді. Ол кезде баланы өз рамкасынан шықпаса, көппен бірдей ойласа, момын әрі тілалғыш болса деп тәрбиелеуге жұмыстанады. Идеология сондай еді. Ал фильм соңында баланы шеттетпеу керегін, оған мейірім беру керегін жақсы жеткізген. Оны Қожаның фильм соңындағы «Маған

жаны ашыған кім болды екен? Әйтеуір мектептен қуған жоқ. Демек, сенгені ғой. Енді сенімдерін ақтаймын» деген сөзінен аңғаруға болады. Бұрынғының балалары буллингті қалай өткерді деген сұраққа жауап осы шығармада бар сияқты. Ең үлкен қателігі сол, оқушылармен қоса ересектердің де баланы қыспаққа алуы еді.

Ал енді бүгінге оралайық. 2000 жылдан бергі балалардың болмысы қандай? Олардың арасындағы буллинг деңгейі ше? Қазақстанда 17,5% бала осы жағдаймен бетпе-бет келеді. Статистика көрсеткіші бойынша 11-15 жас аралығындағы 14,1% бала өз қатарластарын кемсітуге қатысатынын мойындайды екен. Бұл жолда жағдайды реттеуге жалғыз психолог қауқарсыз. Ата-ана, ұстаз, бала және психолог төрттігін жұмылдыра отырып жұмыс атқару керек. Осыдан үш ай бұрын буллингке немесе зорлық-зомбылыққа ұшыраған жандар үшін бірыңғай сенім телефоны іске қосылған болатын. «111» номеріне хабарласу арқылы көмек сұрай алады. Бұл ақпаратты кеңінен таратып, құрбан болудың алдын алуға болады. Жалпы білім ордаларындағы буллингтің бірнеше себебі болуы мүмкін. Атап айтсақ:

- Отбасындағы кикілжің;
- Жасөспірімнің айналасын қабылдай алмауы, бәрін жау көруі;
- Айналасындағыларға сене алмау;
- Ата-ана мен ұстаздар тарапынан болатын шектен шыққан ескертпелер;
- Жасөспірім шақтағы кризис;
- Оқу үлгеріміндегі проблемалар;
- Зиянды әдеттер (алкоголь, шылым);
- Көшбасшылық үшін талас;
- Өзін өзі бағалауының төмендігі;
- Құндылықтар қақтығысы;
- Әлеуметтік және материалдық жағдайдың теңсіздігі;
- Қызғаныш;
- Педагогтердің балаларды тең көрмеуі;
- Балалар арасында не болып жатқанын ата-ана мен ұстаздардың ескермеуі;

Білім беру орындарында мұндай жағдай орын алса, ол жердегілердің барлығы ерікті әрі еріксіз түрде қатысушы болып шыға келеді. Тек әрқайсысының рөлдері әр алуан. *Инициаторлар* – сыныпта немесе топта 2-3 адамнан болады. Бұның түпкі мақсаты – өзгелерді кемсіту арқылы өзінің «мықты» екенін дәлелдеу. Олар компромиссті мойындамайды. Түйсікпен өзіне қарсы тұра алмайды-ау деген жандардың ішінен өз құрбанын таңдап алады. *Ізіне ерушілер* – өздігінен инициатор бола алмаса да, оларға еруші топ болып қалыптасады. Олар үшін бұл өрескел қылық еместей көрінеді. Топпен бірге күліп, мазақ етіп, келеке қылады. Кейбірі іштей жақтамаса да еріксіз қосылады. Себебі, жәбірленушінің орнында болып қалудан қауіптенеді. *Жәбірленушілер* – агрессияға бейім емес, сезімтал әрі эмоционалды әлсіз балалар. Өзін қорғауға шамасы жетпейтіндей физикалық тұрғыда әлсіз болып келеді. Кейде буллингке ұшырауына мұғалімнің бұл балаға деген көзқарасы себеп болуы мүмкін. Топ немесе сынып алдында оны кемсіту арқылы буллингке жол беріп алуы ғажап емес. *Бақылаушылар* – бұл процеске қатыспайды. Не ақтамайды, не жақтамайды. Бірақ бақылаушы болғаны үшін де бұл балаларға психологиялық зақым келеді. Оқу орнындағы жанжал мен кикілжің оны шаршатады. Кейде жәбірленуші досын қорғай алмағандықтан өзін үнемі кінәлі сезінуі мүмкін. *Қорғаушылар* – олар бірнешеу болғанда ғана буллингті тоқтата алады. Сондықтан ортада қорғаушы тобындағы балаларды байқасаңыз, оған сенетінінізді және оның көзқарасы дұрыс екенін есіне салып отыру керек.

Одан өзге, кибербуллинг деген ұғым бар. 2000 жылдан бері қарайғы уақытта өмірге келген балаларда гаджет өмірінің айнымас бөлігі болып кеткен. Соның салдарынан жай буллингпен қоса кибербуллинг те өрши түсті. Білім алушылар арасындағы жәбір көрушінің намысына тиетін немесе жеке ақпараттарын интернетке жария ететін қысым түрін осылай атайды. Қазіргі жасөспірімдер өз қатарластарының ортасында еркін болғанымен, ата-анасының жанында тұйық. Мектептегі, колледждегі мұндай әңгімелерді үйге жеткізбейді, сырласудан, ата-анасымен контакт құрудан қашқақтайды. Сол себепті әр ата-ана өз баласының ерекшелігін жатқа біліп, тамыршыдай дөп баса отырып әңгімеге тартуы керек. «Ерекшелігін» деп баса

айтып отырған себебім, 2000-2012 жылдары аралығында туылған балаларды Z-ұрпақ деп атайды. Бұл ұғымды енгізген зерттеушілер Уильям Штраус пен Нил Хау олардың сондай пысық әрі кәсіпке ерте бейімделетіндерін айтқан. Сондай-ақ, олар үлкен буынды сыйлағысы келмейтінін байқаймыз. Осыны қабылдай отырып, баламен контакт құру, еш қысымсыз оған авторитет бола білу үлкен шеберлікті талап етеді.

Колледж студенттері физикалық жасына сай мектеп оқушыларымен теңескенімен, колледждің оқу жүйесі, форматы жасөспірімді ересек болуға итермелейді. Өз бетінше оқу, қоғамдық жұмыстарға араласуы, жаңа статусы «студент» деген қауымды толықтырушы жандар ретінде ересектер санатына қосылады. Бірақ бұл қауіпсіздігіне өзі жауапты, ол енді шағым айтпауы керек дегенді білдірмейді. Міне, осы жерде студенттер қателеседі. Буллинг, қысым туралы ешкімге айтпайды, көмек сұрамайды. Оның арты үлкен қатерлерге, зорлық-зомбылыққа әкелуі әбден мүмкін екенін сараламайды.

Зорлық-зомбылық пен буллинктің байланысы қандай? Екеуіне ортақ форма бар. Ол – эмоционалды, вербальді, физикалық және виртуалды зорлық. Тұрмыстық өмірде де, социумда орын алатын зорлық-зомбылықты да білім алушылар өзі сенетін адамға айта алуы тиіс. Әрбір білім беретін мекемеде сенім жәшігі болады. Бұл тақырыппен бетпе-бет келген адам көз жұма қарауына не төзуіне болмайды. Бұл тақырып ашық айтылғанда ғана біз онымен күресе аламыз.

Буллинг және зорлық-зомбылық тақырыбында бірнеше әлеуметтік роликтер мен қысқаметражды фильмдер түсіруді қолға алу керек. Бұл шараның басты атрибуты ретінде колледж студенттері мен оқушыларды тарту қажет деп санаймын. Жәбірленуші рөлінде болып көрген әрбір жасөспірім өмірде мұндай қатігездікке бармаса керек. Олардың бойындағы эмпат сезімін күшейту арқылы буллингке қарсы күш құра аламыз. «Жоқ, бұл әділетсіздік» деп айта алатындай командалық рухты тудыра аламыз. Бұл үрдіс әдетке айналуы үшін оқушылар мен студенттерге осы бағытта үздік командалық жұмыстар атқарғаны үшін алғыс білдіріп, ынталандырып, сайыстар ұйымдастырған жөн деп есептеймін.

«Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген Әл-Фараби бабамыз. Балаға біліммен қоса бойына адамгершілік пен ізгіліктің дәнін еге білуіміз керек. Құрғақ теория мен формуланы жатқа соққан білім алушыдан, гуманист білім алушы әлдеқайда көп үміт күттірері анық. Сол үшін әрбір ата-ана мектеп жасына дейінгі балаларға адамзаттың бәрі бірдей екенін, өзгелерден тек ақылыңмен, адамгершілігіңмен, еңбекқорлығыңмен ерекшеленетін боласың деп құлағына құя жүруі керек. Біреуді кемсіту арқылы бәсекеге түсу абырой әпермейтінін айта жүрген жөн. Буллинг пен зорлық-зомбылықтың соңы үлкен қайғылы оқиғаға әкелуі мүмкін. Депрессия, стресс, аутоагрессия, зиянды әдеттерге деген тәуелділік, жалғыздық, суицид сияқты мәселелер бірінен соң бірі шыға береді. Заңмен қорқыту және қудалау әрине, оңай. Бірақ жастар өз еркімен саналы түрде буллингке қарсы тұруы одан да жақсы емес пе? Сондықтан ата-аналар мен ұстаздар балалардан бөлек, колледж студенттерін де сөзге тартқаны дұрыс. Оны проблемамен бетпе-бет қалдыруға болмайды. Ересек тұлға дегеніңізбен, кәмілет жасына дейінгі өспірімдерге біз қоғам болып жауап беретінімізді ұмытпайық. Буллингке қарсылық туралы билблорд, стендтер, үндеуші роликтер жиі орналастырылуы керек деп білемін. Тіпті балабақшадан бастап, ешкім ешкімді қорлауға қақысы жоқ деген идеологияны сіңіру керек.

Президентіміз Қ.Тоқаев өткен жылдың қазан айында педагогтердің республикалық съезінде осы тақырыптың өзектілігін көтерген болатын. Мемлекет басшысының сөзінше, соңғы уақытта буллинг құрбандарының ата-аналарынан жиі хат түскен. «Ашығын айтсам, ондай хаттарды оқу оңай емес, оқиға құрбаны болған балалар үшін жүрегің ауырады» деген еді. Осы тектес ситуациялардың алдын алатын заңдық нормалар қабылданатыны бәрімізді қуантқаны рас. Солай екен деп қол қусырып отыру әрбір азаматқа сын. Сол себепті моральдық, психологиялық жәрдем беру не сондай жәрдемге себепші болу әр педагогтың міндеті дер едім.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ МЕН ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Умирзаков Бекнур Агадилович топ кураторы

Аннотация:

Білім беру орындарында мақсатты бағытталған құқықтық білім беру жағымды ағымға түсіре алады, заңдарды сыйлауға үйретеді, құқық бұзушылықтардың алдын алады, еліне деген құштарлықты оятады. Студенттердің өзін – өзі тәрбиелеудің астарында құқыққа деген құрмет қалыптастыру жатыр, яғни қажеттіліктерін ұйғарымдарға байланысты өзін – өзі оқыта отырып және қатаң сақтап, өз тәжірибесінде және басының дербестігі арқылы талдау жасауы керек. Жастардың құқықтық санасын тәрбиелеуде тәжірибелік жаттығулар (жеке және топтық), ойындар немесе нақты құқықтық жағдаяттарды шешуді үйрену ерекше тиімді. **Құқықтық тәрбие процесінде студенттер келесі әлеуметтік дағдыларды иемденгені абзал: өзге адамдармен қысымшылықтан адам конструктивті қатынас құра білу; дау – дамайларды, шиеленістерді күш қолданбай шешу; дербес шешім қабылдау және оған жауапкершілік деңгейін сезіну; адам құқықтарын қорғаудың механизмдерін жергілікті, аймақтық, еуропалық және әлемдік деңгейде пайдалана білу; өз мүдделерін және үшінші бір тұлғалардың мүдделерін қорғаштау.**

Түйін сөздер: құқықтық білім беру, құқық бұзушылықтың алдын-алу, қылмыстық жауапкершілік, қылмыстық (adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226) құқық бұзушылықтың және әкімшілік (adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235) құқық бұзушылықтың алдын алу.

Қоғамдағы қазіргі кездегі ең өзекті мәселелерінің бірі – жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың, қылмыстың алдын алу. Осы себеппен біздің оқу орнымызда оқитын, әрбір студент-жас құқықтық сауатты болуы тиіс. Яғни, колледждің ішкі ережелерін орындап және ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық және Қылмыстық жауапкершілік туралы заңдарды білуі міндетті.

Осыған байланысты кураторлар тәрбие сағаттарында қылмыстық (adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226) құқық бұзушылықтың және әкімшілік (adilet.zan.kz/rus/docs/K1400000235) құқық бұзушылықтың алдын алу үшін заңнамалардан үзінділерді үнемі студенттерге таныстырып отыруы қажет. Студенттерді тәрбиелеу, олардың тұлғалық дамуы – Қазақстан Республикасы Білім беру стандарттарына сәйкес болашақ маман қалыптастыру процесінің құрамдас бөлігі, тәрбие жұмысының басым бағыттарының бірі. Осы орайда колледжде студенттермен жан-жақты әртүрлі форматта жұмыстар жүргізіліп, іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтсақ, құқық қорғау органдарының, дін мәселелерін зерттеу орталығының ақпараттық түсіндіру және кеңестік көмек көрсету бөлімінің, «Жастар ресурстық орталығының», «Адалдық алаңы» кеңсесінің қызметкерлерімен өткізілген кездесулер жастарға үлкен әсерін тигізеді. Себебі, осындай кездесулер жастардың құқықтық сауаттылығын арттыру, олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, қоғамдағы құқық бұзушылықпен күресу мәселелері жөнінде мемлекеттік органдармен ынтымақтастық орнату әрі діни тұрақтылықты қамтамасыз ету, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мәселесі бойынша сауаттылықтарын арттырады.

№3 Байзақ колледжі студент-жастардың құқықтық сауаттылықтарын қалыптастыруды негізгі мәселе ретінде қарастырады. Себебі, Конституциямыздың 1 бабымен Қазақстан құқықтық мемлекет деп танылған. Құқықтық мемлекеттің әрбір азаматы құқықтық саналы, құқықтық мәдениетті болуы қажет. Студенттерге **құқықтық білімді күнделікті кеңейту және тереңдету әрекеттері өзіндік мазмұнына сәйкес бағытталуы керек. Құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізі – құқықтық білім беру мен құқықтық насихат жасау арқылы зияткерлік әлеуетті арттыру болып табылады. Өйткені жастар құқық пен заңды білмейінше, оларда құқықтық мәдениет қалыптаспайды. Құқықтық білімі бар және оны өмір жағдайларында қолдана алатын құқықтық мәдениеті жоғары азамат заңдылықтың бұзылуына жол бермейді. Сондықтан да студент жастарымыз Ата заңымызда көрсетілген өзінің құқықтары мен міндеттерін жете білуі қажет.** Жастар – еліміздің саралы жолын дамытудың болашағы. Қазіргі таңда жастар қоғамды дамытудың барлық саласында белсенділік танытуда. Соған қарамастан жастар арасында қылмыстың өсе түсуі, жағымсыз

мінез-құлықтар мен әдеттердің көрініс алуы кездесіп отыр. Жастардың батыс мәдениетіне еліктеушілігі жағымсыз қылықтардың дамуына алып келіп отыр. **Жастар арасындағы жыныстық қатынас, кісі өлтіру, бейбастық, қарақшылық, еркін махаббат, жоспарланбаған жүктілік, тастанды бала және тағы да басқалар қатты алаңдатушылықты тудырады. Мұндай бейбастық іс-әрекеттер ұлттық тәлім- тәрбиеге, этностық қарым- қатынасқа түбірімен қарсы бағытталғанын естен әрдайым шығармау қажет. Осы көрсетілген жағдайлар азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, арттыру мәселесін алға қояды. Яғни топ кураторлары әрбір студенттің әлеуметтік жағдайын, отбасы мүшелерін, тұрғылықты мекен-жайын, спорттық секцияларға қатысуын, қызығушылығын барлығын зерттеп отыру қажет. Күнделікті әрбір студенттің көңіл-күйіне, іс-әрекетіне, сабаққа қатысуына зер салып отыру қажет.**

Құқықтық сауаттылығы төмен студенттер өз құқықтарының бұзылу жағдайында қайда барып жүгінуді білмейді. Өз беттерімен заңдылық құжаттарды рәсімдей алмайды. Заңдардың бар екенін біле тұра оны іске асырудың жолын білмейді. Міне, осы ағаттықтарды **жою үшін құқықтық білімді, тәрбиені жетілдіруіміз қажет.** Қазақстан жастарының құқықтық санасын кеңейтудің негізі – барлық қоғамдық топтардың, халықтың белсенді қызмет етуге және адам құқығының шеңберін кеңейтуге жол ашу. Құқыққа немқұрайлы қарау қандай да бір шектен шығушылық, заңға жауыздықпен қарау, демократиялық формадағы «Не істегім келсе, соны істеймін» деген қарама – қайшылық кереғарлықтарды жою керек. Оның бірден бір жолы болып жастарға құқықтық тәрбие беру шараларының белсенділігі болып табылады. **Мақсатты бағытталған құқықтық білім беру жағымды ағымға түсіре алады, заңдарды сыйлауға үйретеді, құқық бұзушылықтардың алдын алады, еліне деген құштарлықты оятады.** Студенттердің өзін – өзі тәрбиелеудің астарында құқыққа деген құрмет қалыптастыру жатыр, яғни қажеттіліктерін ұйғарымдарға байланысты өзін – өзі оқыта отырып және қатаң сақтап, өз тәжірибесінде және басының дербестігі арқылы талдау жасауы керек. Жастардың құқықтық санасын тәрбиелеуде тәжірибелік жаттығулар (жеке және топтық), ойындар немесе нақты құқықтық жағдаяттарды шешуді үйрену ерекше тиімді. **Құқықтық тәрбие процесінде студенттер келесі әлеуметтік дағдыларды иемденгені абзал: өзге адамдармен қысымшылықтан адам конструктивті қатынас құра білу; дау – дамайларды, шиеленістерді күш қолданбай шешу; дербес шешім қабылдау және оған жауапкершілік деңгейін сезіну; адам құқықтарын қорғаудың механизмдерін жергілікті, аймақтық, еуропалық және әлемдік деңгейде пайдалана білу; өз мүдделерін және үшінші бір тұлғалардың мүдделерін қорғаштау.**

Құқықтық сауаттылық білім мен тәрбиенің бірлігі принципінде құрылуы тиіс, бірақ солай бола тұрғанның өзінде құқықтық білім беру тек мақсатшылдық емес, ол өскелең тұлғаны қазақстандық патриот етіп тәрбиелеуге әсер етудің басты құралдардың бірі болуы тиіс.

Колледж қабырғасында құқықтық білімнің берілуі студенттердің құқықтық мәдениеттілігін қалыптастырып, құқықтық сананы қалыптастыруға септігін тигізеді.

Жалпы құқықтық білім берудің негізгі мақсаты заңды құрметтеуді қалыптастыру және өмірлік практикада белсенді пайдалана білу. Бұл білім қол жетерлік (жас ерекшеліктеріне байланысты), жүйелілік, міндеттерден тұрады.

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетіміздің болашақ жас ұрпақтарын тәрбиелеуде «Ата Заң» нормативтерін жүйелі қолдану арқылы құқықтық тәрбие мәселесіне назар аудару, басты мақсатымыз.

Аннотация: Қазіргі білім беру жүйесі тұлғаны қалыптастыруда, оның әлеуметтік және психологиялық қасиеттерін дамытуына маңызды рөл атқарады. Бұл процестің негізгі аспектілерінің бірі-әлеуметтік-психологиялық тәрбиелік аспектілер. Бұл мақалада біз осы аспектілердің білім беру контекстінде тұлғаның дамуына қалай әсер ететінін қарастыру.

Түйін сөздер: психологиялық аспектілер, құндылықтар, тәрбие тұжырымдамасы.

Баланың жас ерекшелігіне сәйкес тұлғалық және интеллектуалдық даму, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамыту қабілеттерін қалыптастыруына ықпал ету;
Психологиялық-педагогикалық зерттеу негізінде әр балаға жеке қарым-қатынасты қамтамасыз ету;

Баланың интеллектуалдық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды жеңу және олардың алдын алу.

Білім беру ортасы-бұл балалар мен жастардың әлеуметтік нормаларға, құндылықтарға және қоғамның үміттеріне бірінші рет тап болатын орны. Оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасауды үйренеді, қарым-қатынас пен төзімділік дағдыларын дамытады. Позитивті әлеуметтік байланыстарды орнату үшін қолайлы жағдай жасау маңызды.

Қазіргі уақытта біздің ең негізгі мәселеміз - ол жасөспірім тағдырының қиындығы, яғни қиын балалардың тәрбиесі. Қазірде қиын балалар саны едәуір өсіп бара жатқанын көруге болады. Әрине қиын балалардың пайда болуы көптеген себептерге байланысты. Білім беру арқылы жеке тұлғаның қалыптасуы тұлғаның негізгі құралы болып табылады. Әлеуметтік-психологиялық аспектілер өзін-өзі тануды, өзін-өзі бағалауды және өзін-өзі реттеуді дамытуды қамтиды. Оқу ортасында білім алушы қиындықтарға тап болады, қиындықтарды жеңу стратегияларын дамыта отырып өздеріне қоршаған әлемге деген көзқарастарын қалыптастырады.

Қазіргі уақытта біздің ең негізгі мәселеміз - ол жасөспірім тағдырының қиындығы, яғни қиын балалардың тәрбиесі. Қазірде қиын балалар саны едәуір өсіп бара жатқанын көруге болады. Әрине қиын балалардың пайда болуы көптеген себептерге байланысты.

Қиын балалармен жұмыс істеуде олардың мінез-құлқы мен бейімделуіне әсер ететін көптеген факторлар бар. Психология мен педагогикада зерттеу жасап өткен

үш негізгі факторларды қарастыруға болады.

- Әлеуметтік орта және отбасылық контекст:

Бала өсетін отбасылық орта мен әлеуметтік ортасы оның мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді. Отбасылық жанжалдар, ата-аналардың қолдауының болмауы, отбасылық қатынастардың бұзылуы балалардың мінез-құлқы проблемаларына әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, әлеуметтік дағдылардың болмауы немесе басқалармен қарым-қатынаста жағымсыз тәжірибе баланы қиындатуы мүмкін.

- Эмоционалды және психологиялық аспектілер:

Балалардағы қиын мінез-құлқыты қалыптастыруда эмоционалды және психологиялық факторлар да маңызды рөл атқарады. Өзін-өзі түсіну проблемалары, өзін-өзі бағалаудың төмендігі, стресс, мазасыздық немесе депрессия бейімделмеген мінез-құлқы стратегияларына әкелуі мүмкін. Кейбір балалар қиын мінез-құлқыты эмоционалды проблемалардан қорғау механизмі ретінде қолдана алады.

- Білім беру ортасы және мұғалімдермен өзара әрекеттесу:

Мұғалімдермен қарым-қатынас және жалпы білім беру ортасы баланың мінез-құлқына әсер етуі мүмкін. Мысалы, оқудағы қиындықтар, мұғалімдермен немесе сыныптағы балалармен теріс қарым-қатынас стресстің көзі болып, қиын мінез-құлқыты тудыруы мүмкін.

Балалардың қиын мінез-құлқы көп қырлы екенін және әр жағдайда әр түрлі факторлар сәйкес келуі мүмкін екенін атап өту керек. Қиын балалармен тиімді жұмыс істеу отбасымен

ынтымақтастықты, қолдау көрсететін білім беру ортасын құруды және эмоционалды қолдау көрсетуді қоса алғанда, жан-жақты және жеке тәсілді қажет етеді.

Қиын балаларды тәрбиелеу қиын болуы мүмкін, бірақ бұл процеске түсіністікпен, шыдамдылықпен және жағымды және қолдау ортасын құруға деген ұмтылыспен қарау маңызды. Қиын балаларды тәрбиелеуге көмектесетін бірнеше стратегияларды қарастыруға болады.

- Олардың сезімдерін түсініңіз:

Балалардың қиын мінез-құлқы олардың эмоционалды немесе әлеуметтік әл-ауқатындағы ақаулардың нәтижесі болуы мүмкін екенін түсіну маңызды. Олардың сезімдері мен мотивациясын түсінуге тырысыңыз.

- Дәйекті болыңыз:

Нақты және дәйекті ережелерді орнатыңыз. Балаларға құрылым мен болжамдылық қажет. Бұл оларға өздерін қауіпсіз сезінуге және олардан не күтілетінін түсінуге көмектеседі.

- Сезімдерді білдірудің барабар тәсілдерін үйретіңіз:

Балаларға өз сезімдерін барабар түрде білдіруге көмектесіңіз. Эмоционалды сауаттылыққа үйрету оларға эмоцияларын жақсы түсінуге және білдіруге көмектеседі.

- Позитивті мінез-құлықты ынталандырыңыз:

Позитивті мінез-құлықты ынталандырыңыз. Олардың не істеп жатқанын көрсетіңіз және оларға оң әсерін тигізетін мүмкіндіктерін көрсетіңіз.

- Позитивті тәрбиені қолданыңыз:

Ата-ананың әдістеріне назар аударыңыз. Жағымсыз нәрселер үшін жазалап қана қоймай, жақсы әрекеттерді байқаңыз және көтермелеңіз.

- Сенімді қарым-қатынас орнатыңыз:

Сенімді қарым-қатынасты дамытыңыз. Қолдау көрсетуге және түсінуге тырысыңыз. Балалар көбінесе біреудің оларға қамқорлық жасайтынын сезгенде жақсы жауап береді.

- Кәсіби көмекке жүгініңіз:

Егер тәрбиедегі қиындықтар жалғаса берсе, тәрбиешілерден, психологтардан немесе балалармен және отбасылармен жұмыс істейтін басқа мамандардан көмек сұраңыз.

- Оларды шешім қабылдау процесіне қатыстырыңыз:

Балаларға қоршаған ортаға әсер етуге және шешім қабылдауға мүмкіндік беріңіз. Бұл олардың жауапкершілік сезімін күшейтуі мүмкін.

- Олардың өзін-өзі бағалауын күшейтіңіз:

Балаларға өздеріне деген оң көзқарасты дамытуға көмектесіңіз. Олардың күш-жігерін жігерлендіріңіз, олардың күшті жақтарын түсінуге және дамуға жол ашуға көмектесіңіз.

- Икемді болыңыз:

Есіңізде болсын, әр бала ерекше және біреуіне сәйкес келетін тәсіл екіншісіне сәйкес келмеуі мүмкін. Баланың жеке қажеттіліктеріне сәйкес ата-аналық әдістеріңізді бейімдеуге дайын болыңыз.

Қиын балаларды тәрбиелеу — бұл процесс екенін және уақытты, шыдамдылықты және үнемі оқуды қажет ететінін есте ұстаған жөн.

Мұғалім мен оқушы қарым-қатынас мәселесі бұл әлеуметтік психологияның негізгі проблемалары. Шығыс елдерінде қарым-қатынас шешендік өнер яғни риторика бағытында кеңінен қолданылады.

Психологиялық тұрғыда қарым-қатынас күрделі жан-жақты процесс болғандықтан, ол **3 аспектіде** (коммуникативтік, интерактивтік, перцептивтік) қарастырылады. Аталған 3 аспектінің мазмұны – қарым-қатынас – бұл адамдардың бір-бірін тануы, араласуы және хабар беріп, хабар алмасуы. Білім берудің қай сатысында болмасын мұғалім оқушымен, оқушы мұғаліммен тікелей және кері қарым – қатынаста болады. Өйткені оқыту мен білім беру үрдісінде мұғалім үйретуші, бағыттаушы, басқарушы, тәрбиелеуші т.б. рөлді атқарса, оқушы – білім алушы, қабылдаушы, іс - әрекетке араласушы болып қарым-қатынасқа түседі.

Тәжірибеге және психологиялық зерттеулерге сүйенсек жалпы оқушылармен қарым-қатынасқа түсіп жүрген мектеп мұғалімдерді екі топқа (балалармен қарым-қатынас жасауы оңай және балалармен қарым-қатынас орнату қиын) бөлуге болады.

Бірінші топтағы мұғалімдер қай жастағы оқушылармен болмасын қарым-қатынасқа оңай түседі .Оның себептері:

- әр баланың психологиясын жетік білуі;
- баланың ішкі жан дүниесін оятатындай жылы сөздер айтуында;
- мұғалімнің этикасы мен психологиясының дұрыс қалыптасуында;

Екінші топтың мұғалімдері оқушылармен қарым-қатынасқа түсуі қиын.Оның себептері қарама-қарсы. Оның себептері:

- оқушыларға салқындық танытуы;
- әлеуметтік жағынан бөлуі;
- іс-әрекет, ойын, сөзін әділ бағаламауы;

Оқушылармен дұрыс қарым-қатынас жасауда кедергі келтіретін аталмыш қиындықтардың пайда болуының өзіндік себептері:

1. Қазіргі балалардың көпшілігі акселераттар. Психикасы тез дамыған балалар сұрақ қойғыш, тез қозғалғыш, бәрін білгісі келіп қарым-қатынасқа түсіп отырады.Бұндай топтың балаларын кейбір мұғалімдер тежейтіні жасырын емес.
2. Оқу үрдісінде кейбір мұғалімдер тек өздері сөйлеуді ұнататындығы жасырын емес. Уақытты пайдаланам деп, оқушының ойымен, пікірімен санаспайды.
3. Оқушылардың іс-әрекеттерін әділ бағаламау – жиі кездесетін құбылыс. Осының салдарынан мұғалім мен оқушы қарым-қатынасында дау - жанжал болып жатады.

Осы және өзгеде қиындықтарды жоюдың бірден-бір жолы:

- әр жастағы оқушылардың өзіне тән психикалық ерекшеліктерін ескере отырып қарым-қатынас орнату;
- мұғалім өзінің жағымсыз көңіл-күйін болдырмау;
- қарым-қатынаста педагогикаға жат сөздер айтпау;
- бұйрық емес, өтініш деңгейінде қарым-қатынас жасау;
- қарым-қатынаста дау-жанжалға жол бермеу;
- сұхбаттасуда жеке оқушының пікірін сыйлау;
- қиын, қиыр, қырсық оқушылармен жеке-дара қарым-қатынас орнатып, олармен тіл табысу. Оның бірден-бір жолы – психологиялық ойындар, тренингтер т.б.;
- қарым-қатынаста мұғалім оқушыға, оқушы мұғалімге сену;
- қарым-қатынас сезімдік, танымдық, іскерлік болу қажет.

Қарым-қатынаста кездесетін қиыншылықтарды осы және өзге де жолдар арқылы жеңе отырып, мұғалім қарым-қатынастың **3 функциясын** орындайды.

1. Мұғалім қарым-қатынаста оқушыны жеке тұлға ретінде дамыту (психологиялық);
2. Оқушыны әлеуметтік ортаның, қоғамның мүшесі ретінде тәрбиелеу (әлеуметтік);
3. Қарым-қатынас тек адамдар арасында ғана емес, ол қоршаған дүниемен, табиғатпен байланысты екенін оқушының санасына ұқтыру.

Әрбір адамды қалыптастыру, тәрбиелеп, жетілдіру қажет. Тұлға дегеніміз- адамның мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі, көзқарасындағы ерекшелігімен даралануы. Адамдардың қоршаған табиғи ортадағы құбылыстарды қабылдап түсінуі әртүрлі. Ол әр адамның жеке басына тән физиологиялық, психологиялық, биологиялық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Тұлғаны дамыту – күрделі процесс. Оның үш маңызды аспектісі бар:

- 1.Әлеуметтік-психологиялық аспектісі. Ол өз кезегінде екі факторға байланысты болады:
 - а) баланың танымы мен мінез-құлқына қажетті белгілі қондырғылар, бағалы құндылықтар, түсініктер мен ұстанымдардың мақсаты, қоғамдық әсері.
 - б) адамның өмір жағдайын, оның іс-әрекеттегі жеке стилін, тұлға аралық қарым-қатынасты анықтайтын тұлғаның дамуы.
2. Психологиялық аспектісі тұлғаның танымдық үрдістерінің жеке ерекшеліктерін қамтиды:

есте сақтау, ойлау мен сөйлеу тағы сол сияқты мінез-құлықтарын қарастырады. 3. Аспект тұлғаның ерекшеліктері мен қабілетінің психофизиологиялық дәрежесі негізінде нақтыланады. Тұлғаның даму процесі екінші және үшінші аспектілердің көмегімен іске асырылады.

Психологиялық жұмысым – экспертиза, кеңес беру және диагностиканың кешенді міндеттерін шешуде психологияны іс-тәжірибеде қолдану жүйесі болып табылады.

Колледждегі қолданатын *психологиялық қызметтің функциясы*:

Психодиагностика (психологиялық мәліметті қабылдап алу);

Психокоррекция (психологиялық мәліметті енгізу);

Психологиялық ағарту (психологиялық білімдермен таныстыру).

Психологиялық қызметтің *бағыттары мен таныстыру* :

Оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін зерттеу;

Балаларды тәрбиелеу мен оқыту ісінде отбасына психологиялық көмек көрсету;

Кәсіби бағыттылық бойынша іс – шараларды жүзеге асыру;

Мінез – құлқында ауытқуы бар оқушылармен коррекциялық іс – шаралар ұйымдастыру;

Психикалық ауытқуды диагностикалау, сақтандыру, коррекциялау (түзету) болып табылады.

Тұрмыстық жағдайы нашар отбасы және олардың балаларымен жұмыс барысында алдын алу мен түзету жұмыстарын жүргіземін.

Мысалы:

Отбасымен.

— отбасы мүшелерінің арасындағы өзара қарым-қатынасын бақылау;

— отбасы мүшелерін тиісті мамандармен байланыстыру;

— осындай отбасына қатысы бар барлық адамдармен байланысын жақсартуға көмектесу.

Жеке тұлғалық дамуын алатын болсақ:

— ата-ананың, баланың жеке тұлғалық жағымды сапасын дамыту;

— жұмысқа, сабаққа, проблемаларды шешуге деген жағымды мотивацияларын қалыптастыру.

Келешекке жоспар қоя білу:

— туындағын жұмыстар бойынша үнемі жоспарлау;

— атқарылған жұмыстың тиімділігін анықтау;

— отбасымен үнемі кездесулер жасап отыру жұмыстары жүргізіледі.

Қорытындылай келе, педагогикалық қарым-қатынас мәселесі қанша зерттелсе де, ол дамытудағы элеуметтік-психология үрдісінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені, білім беру үрдісінің сапасы педагогикалық қарым-қатынастың дұрыс ұйымдастырылып жүргізілуіне байланысты. Элеуметтік-психологиялық тәрбиелік аспектілер білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады, оқушылардың жеке басының, элеуметтік дағдыларының және құндылық бағдарларының қалыптасуына әсер етеді. Элеуметтік және психологиялық аспектілерді дамытуға бағытталған қолайлы білім беру ортасын құру үйлесімді және білімді тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӨПМӘДЕНИЕТТІ ОРТАДА ЖҰМЫС ЖАСАУ
ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация. Мақалада болашақ педагогтерді көпмәдениетті ортада жұмыс жасауға даярлау процесінде көпмәдениетті білім беруді жүзеге асыру мүмкіндіктері мен тетіктері қарастырылады. Автор қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда көпмәдениетті білім берудің маңыздылығын атап көрсете отырып, болашақ педагогтердің көпмәдениетті құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық-психологиялық жолдары көрсетілген.

Кілт сөздер: мәдени плюрализм, мәдениеттер диалогы, контекст, мәдениеттің белсенді дамуы.

Қазіргі жаһандану дәуірінде әлем де, қоғамдағы басымдықтар да өзгеруде, қазіргі білім берудің мәні мен мазмұны қайта қаралуда, білім беру және тәрбие парадигмалары өзгеруде. Осыған байланысты гуманистік дүниетаным мен құндылыққа негізделген білім берудің жаңа моделі құрылды. Сонымен қатар, қазіргі әлемде жаһандану процестері қарқынды дамуымен нарықтық механизмдер білім беру саласына еніп отыр. Жаһандану жағдайында болашақ педагогтерді көпмәдениетті ортада кәсіби қызметке дайындау білім берудің басым міндеттерінің біріне айналуға.

Көпмәдениеттілік - бұл жеке тұлғаның гуманистік мазмұны жағдайында мәдени айырмашылықтарды құрметтеу және қабылдау, көпмәдениетті ортада өмір сүру және сәтті жұмыс істеу қабілетін көрсететін сапалық сипаттамасы [3].

Көптеген шетелдік ғалымдар Е.В. Бондаревская, В.П. Борисенкова, С.К. Бондарева, Б.Л. Вульфсон, Ю.С. Давыдов, А.Я. Данилюк, А.Н. Джуринский, А.П. Лиферова, З.А. Малкова, Н.Д. Никандрова, Л.Л. Супрунова, М.Г. Тайчинова, Р. Люсиер, С. Чайкина және т.б. еңбектерінде көпмәдениетті білім берудің маңызды және мазмұнды сипаттамалары және оны жүзеге асыру тәжірибесі ашылған.

Білім беру жүйесінің міндеті – жеке тұлғаны мәдени әртүрлілікті түсінумен, осы әртүрлілікке төзімділікпен және мәдени мінез-құлық қабілетімен (нақты мәдени жағдайларға сәйкес) байланысты полимәдени ортадағы тиімді іс-әрекетке және қарым-қатынасқа дайындау.

Көпмәдениетті білім берудің басты мақсаты - жаңа педагогикалық парадигманың негізі болу, мәдениеттердің, адам мен қоғамның диалог, түсіністік және тұрақтылық қағидаттарында сындарлы дамуы мен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету үшін алғышарттар жасау екені анық.

Кәсіптік білім беру жүйесіндегі болашақ педагогтарды көпмәдениетті ортада жұмыс жасауға даярлау өзара байланысты екі бағыттан тұрады:

1) болашақ педагогтерді көпмәдениетті қоғамдағы өмірге және сындарлы тұлғааралық өзара іс-қимылға жалпы әлеуметтік-теориялық, мотивациялық және практикалық дайындау;

2) педагогикалық қызмет субъектілерімен сындарлы мәдениетаралық өзара іс-қимылға және көпмәдениетті білім беру идеяларына сүйене отырып, білім беру процесін жүзеге асыруға кәсіби-теориялық, мотивациялық және практикалық дайындау.


Педагог, бір жағынан, көпмәдениетті қоғамның мүшесі, екінші жағынан, педагогикалық миссияға байланысты жас ұрпақты көпмәдениетті ортада бейімделуге тәрбиелеуге дайын болуы керек. Осыған орай, болашақ педагогтарды көпмәдениетті ортаға даярлау, олардың кәсіби және жалпы әлеуметтік тұлғалық сапасы ретінде көпмәдени құзыреттілігін қалыптастыру ерекше маңызды. Алайда, болашақ педагогтердің көпмәдениетті құзыреттілігін тиімді қалыптастыруға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлардың жиынтығын таңдау және жүзеге асыру-әлеуметтік және кәсіби маңызды жеке сапа ретінде әлі күнге дейін педагогикалық проблема болып табылады.

Көпмәдениетті тұлғаны тәрбиелеу мен көпмәдениетті білім беру практикасы педагогтердің кәсіби құзыреттілігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету қажеттілігін, олардың білім алушылар және жастармен оқу-тәрбие жұмысының мазмұны мен нысандары арқылы көпмәдениеттілік қағидатын іске асыруға дайындығын туғызады. Қазіргі жағдайда көпмәдениетті педагогтарды даярлау бағытында педагогикалық білім беруді реформалау

қажеттілігі туындады.

Көпмәдениетті білім беру жастарда әлемнің нақты көпмәдениетті бейнесімен байланысты құндылықтар жүйесі мен оларға мәдениетаралық диалогтың тәсілдері мен дағдыларын, мәдениетаралық қарым-қатынастағы дәйекті ақыл-ой әрекетін меңгеруге көмектесуге, білім алушыларға өздері туралы, олардың болмысының мәні, адам мен адамзаттың маңызды өмірлік проблемалары туралы түсінік беруге, мәдениетаралық қарым-қатынас кезінде адамға қажетті жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған оны басқа мәдениетке енгізу, көпмәдениетті қоғамда толерантты, жанжалсыз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. Бұл адамға көпмәдениетті қоғамдағы мінез-құлық пен өзіндік дамуын басқаруды үйренуге көмектесу керек.

Сонымен қатар, көпмәдениетті білім беру мәселелерін тек педагогикалық құралдармен шешу аздық етеді, мұнда білім мен мәдениеттің интеграциясы, білім беру мен әлеуметтік-мәдени ортаның барлық субъектілерінің байланысы маңызды. Осыған орай түрлі әлеуметтік топтардың субмәдениеттерін қамтитын көпмәдениетті білім беру кеңістігі маңызды функцияны орындайды. Осы топ өкілдері төменде көрсетілген.



Көпмәдениетті білім беру құндылықтары мен идеалдары қалыптасып, жеке тұлғаның дүниетанымы мен әлеуметтік көзқарас негіздері бекітілген кезеңде ерекше рөл атқарады. Осы аталған міндеттерді жүзеге асыруда педагогикалық колледждерде болашақ педагогтердің көпмәдениетті ортада жұмыс жасау құзыреттілігі мен қабілеттілігін дамыту өте маңызды.

Педагогтің көпмәдениетті құзыреттілігі - бұл көпмәдениетті қоғамның әлеуметтік процестеріне тиімді қатысу, мәдениетаралық өзара әрекеттесуді жүзеге асыру, кәсіби қызмет субъектілерінің көпмәдениетті құрамын ескеру және оның сипаттамалары мен ерекшеліктерін педагогикалық мәселелерді шешу үшін пайдалану, сондай-ақ білім алушыларға көпмәдениетті тәрбие беру қабілетін анықтайтын интегративті жеке және кәсіби сапа [4]. Бұл сапа келесі компоненттерінің жиынтығымен ұсынылған кәсіби және жалпы әлеуметтік мазмұнды қамтиды:

- 1) когнитивті (көпмәдениетті білім және теориялық дағдылар);
- 2) мотивациялық-құндылық (көпмәдениетті құндылықтар, толерантты қатынастар, мәдениетаралық өзара іс-қимылға көзқарастар);
- 3) белсенді мінез-құлық (көпмәдениетті қоғам жағдайындағы қарым-қатынас, мінез-құлық және қызмет дағдылары).

Құрылымдық компоненттер көпмәдениетті құзыреттіліктің қалыптасу критерийлеріне сәйкес келеді [4]:

- когнитивтік (қолдану және шығармашылық деңгейінде игерілген көпмәдениетті білім);
- мотивациялық-құндылық (болашақ педагогтердің көпмәдениетті құндылықтарының әлеуметтік-кәсіби маңыздылығын түсінуі және қабылдауы, өзге мәдениеттерге берік қызығушылықтың болуы және мәдениетаралық өзара іс-қимылға ұмтылу көпмәдени құзыреттілікті қалыптастырудың мотивациялық-құндылық өлшемі);
- белсенді мінез-құлық (болашақ педагогтердің мәдениетаралық өзара іс-қимылдағы белсенділігі, мәдени олардың мінез-құлқының жеткіліктілігі, қабылданған әрекеттердің сәттілігі).

Болашақ педагогтердің көпмәдениетті құзыреттілігін қалыптастыру келесі психологиялық педагогикалық жағдайлар жүйесімен қамтамасыз етіледі [4]:

- 1) көпмәдениетті білім беру теориясының негізгі ережелеріне сүйену: ашықтық, мәдени плюрализм, мәдениеттер диалогы, контекст, мәдениеттің белсенді дамуы;
- 2) құзыреттілік тәсілдің негізгі ережелеріне сүйену: болашақ педагогтердің контекстік қызметін ұйымдастыру, инновациялық құралдар мен әдістерді қолдану арқылы олардың белсенділігін ынталандыру, көпмәдениетті құзыреттіліктің құрылымына, мазмұны мен өлшемдеріне барабар бағалау рәсімдерін пайдалану, білім беру мазмұнының көпмәдениетті

құзыреттіліктің барлық мазмұндық және құрылымдық компоненттерін қалыптастыруға бағыттау, білім беру жүйесінде жеке мүдделер мен бейімділіктерді есепке алу;

3) құзыреттілік тәсілдің әдіснамалық сипаттамаларына сәйкес келетін білім беру құралдарын, әдістерін, нысандарын таңдау: білім берудің белсенді бағыты, білім беру процесін ситуациялық-проблемалық ұйымдастыру, білім берудің міндеттік және функционалдық тәсілдер мазмұнына енгізу;

4) болашақ педагогтартердің көпмәдениетті құзыреттілігін қалыптастыруды ұйымдастыру кезінде тұлғаның рөлдік теориясына сүйену;

5) білім беру процесін ұйымдастыруға интегративті көзқарас.


Болашақ педагогтердің көпмәдениетті ортада жұмыс жасау құзыреттілігін қалыптастыру пәндік мазмұнына сәйкес кезеңдер тізбегі арқылы жүзеге асырылады [1]:

1) әлеуметтік-тұлғалық мақсаты - көпмәдениетті құзыреттіліктің жалпы әлеуметтік мазмұнын игеруі, олардың көпмәдениетті қоғам жағдайында тиімді өмір сүруге (қарым-қатынас жасау, жалпы әлеуметтік коммуникативтік міндеттерді шешу) дайындығы мен қабілеті;

2) өтпелі мақсаты - көпмәдениетті құзыреттіліктің жалпы әлеуметтік мазмұнын кәсіби қызмет саласына экстраполяциялау, кәсіби қоғамдастықтың көпмәдениеттілігін ескере отырып, тиімді педагогикалық өзара іс-қимылға дайындық пен қабілеттілікті қалыптастыру;

3) кәсіби-тұлғалық: мақсаты - көпмәдениетті құзыреттіліктің педагогикалық мазмұнын толыққанды игеруі, олардың білім алушыларды көпмәдениетті ортада тәрбиелеуді жүзеге асыруға дайындығы мен қабілетін қалыптастыру.

Пәндік мазмұнның әрбір кезеңінде шешілетін педагогикалық міндеттер мазмұнын ескере отырып, оларға сәйкес келетін білім беру процесін ұйымдастырудың нақты әдістері мен тәсілдері, формалары болады. Бұл қызметтер төмендегіше жіктеледі.



педагогтерді әлемнің және өз елінің көпжақтылығы туралы түсініктерін қалыптастыру, мәдени айырмашылықтарға оң көзқарасты дамыту, басқа мәдениеттердің тасымалдаушыларымен өнімді өзара әрекеттесу дағдыларын дамыту процесі.

Көпмәдениетті білім беру проблемаларын педагогикалық зерттеудің жаңа векторы болып табылады:

Біріншіден, оны қазіргі көпмәдениетті ақпараттық қоғам контекстінде зерттеу.

Екіншіден, көпмәдениетті білім берудің мәнін адам мен қоғамның оң дамуының факторы және құралы ретінде анықтау.

Үшіншіден, қазіргі дидактиканың әдіснамалық принципі ретінде көпмәдениетті негіздеу.

Педагогикалық колледжді бітірген түлектер оқу орны қабырғасында алған білімдері мен қалыптасқан көзқарастарын кейінгі ұрпаққа беруге тиіс болашақ педагогтер екендіктерін білуі қажет. Шын мәнінде, педагогикалық колледж түлегі — ұрпақтар арасындағы байланыс, әлеуметтік-тарихи тәжірибенің тасымалдаушысы.

Педагогикалық мамандық екі жақты дайындықты қажет етеді — арнайы және адамтану. Болашақ педагог жалпыадамзаттық мәдениеттің, әртүрлі тілдердің, өнер түрлерінің, барлық түрдегі іс-әрекет тәсілдерінің контекстіне енуі керек.

Болашақ педагогтер өзін басқа ұлттың адамын құрметтеу, қызығушылық таныту және оның қадір-қасиетін тану арқылы қабылдайтын белгілі бір этностың өкілі ретінде көрсетуі керек, осылайша білім алушыларға көпмәдениеттілік, толеранттылық идеяларын іс жүзінде жүзеге асырудың нақты көрнекі бейнесін ұсынады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. - СПб., 2000. - 304 с.
2. Давыдов Ю.С., Лазарев Б.Б., Супрунова Л.Л. Цивилизация поликультурное образование. - М.-Воронеж, 2000. – 310 с.
3. Садохин А.П. Межкультурная коммуникация: Учеб. Пособие для вузов под дисциплине «Культурология». - М.: Альфа-М: Инфра-М, 2006. — 286 с.
4. Филонов Г.Н. Теория поликультурного образовательного пространства // Педагогика, 2006. - №3. - С. 102–105

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАННЫҢ САБАҚТАН ТЫС ТӘРБИЕЛІК ІС-ШАРАЛАР АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Өмірбекова Сандуғаш Бағдатқызы
Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжі
Педагог-психолог

Аннотация: Обучающиеся учатся, развиваются, осуществляют жизненное и профессиональное самоопределение, взаимоотношения со взрослыми и сверстниками, самообразование и т.д.

Түйін сөздер: Білім алушыларға оқу, жетілу, өмірлік және кәсіби өз-өзін анықтау, ересектермен және құрбыларымен өзара қарым-қатынас, өз-өзін тәрбиелеу және т.б

Бүгінгі Қазақстанға қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешім қабылдай білетін, белсенді, шығармашыл адамдар қажет. Сондықтан сабақтарда білімділік мақсаттарды шешіп қоймай, білім алушылардың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін дамытудың жолдарын қарастырған жөн. Ол үшін сабақтарда түрлі қызықты ойындар, ойын-есептер, шығарым-тапсырмалар, логикалық жаттығулар пайдаланудың мәні зор.

Колледж құрамындағы білім алушылардың мінез-құлықтары әр түрлі болғандықтан педагогтармен жұмыс жасағанда келіспеушілік жағымсыз қатынастар пайда болуы мүмкін. Мұғаліммен қарым-қатынас сипаты білім алушының әсіресе оқуға жаңадан түскен жасөспірім білім алушының психологиялық келбетінің қалыптасуына, колледжге бейімделуіне, әлеуметтенуіне, білім алушылармен қарым-қатынасы орнауына, іс-әрекеттерге қатысты қалыптасуына ықпал ететін басты факторлардың бірі.

Білім алушылардың бойында көптеген процесстер болады: мысалы білім алушылардың білім алу барысындағы мақсаттары, мақсат нәтижесіндегі күтулері, білім нәтижелері. Білім алушылар өздерінің нәтижелері мен күтулерін бір-бірімен тығыз байланыстырады. Білім алушы өзінің ойында көптеген жаңа ақпараттарды ескереді, бірақ сол ескерген жағдайларды есіне қолданысқа келтіруде қиналады. Білім алушылардың бойында жетекші ұстазыныңүйреткен білімдерінің нәтижесіндегі ұсыныстары мен бағыттылықтары кеңейеді, бағытталады да өзінше

өзіндік рөлдерін анықтап көрсетеді.

Білім алушылардың білім алу сапасы барысында мұғаліммен қарым-қатынасының жан-жақтығы көрінбесе, ол білім алушының білім алу сапасы көрінбейді. Осы сәтте тағы да бір мысал келтіруге болады, мысалы сатушы саудагер мен сатып алушы клиенттің арасындағы қарым-қатынас күліп, мейірімді өтсе, сатушының тауары да тиімді өтетініне кепіл болады.

Білім алушылар мен жетекші мұғалімдердің арасындағы келіспеушілік, егер студенттердің сабақтан күткен мәселелері ойдағыдай өтпеген жағдайда.

Педагог-психологтар білім алушылар мен педагогтардың арасында осындай келіспеушілік жағдайын тудырмау үшін және білім алушылардың мінез-құлықтарына, өзіндік ерекшеліктеріне байланысты кеңес беру жұмыстарын атқарады.

Педагогикалық-психологиялық қызыметте кеңес беру бағыты бойынша қызыметкерлер нақты мынадай міндеттерді шешеді:

Оқу-тәрбие мекемелерінің әкімшілігіне, мұғалімдерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға білім алушыларға оқыту мен тәрбиелеу және бірлесіп жұмыс істеу мәселесі бойынша кеңестер береді.

Білім алушыларға оқу, жетілу, өмірлік және кәсіби өз-өзін анықтау, ересектермен және құрбыларымен өзара қарым-қатынас, өз-өзін тәрбиелеу және т.б. мәселелері бойынша жеке және топтық кеңес беріледі.

Жеке және топтық кеңес беру арқылы педагогикалық кеңестерге, әдістемелік бірлестіктерге, жалпы мектептік және кластық ата-аналар жиналысына қатысып, дәріс оқу арқылы педагогтардың, ата-аналардың, қоғамдық өкілдердің психологиялық мәдениетінің жоғарлауына септігін тигізеді.

Сонымен қатар педагог-психологтар жетілдіру және педагогикалық-психологиялық түзету жұмыстары да атқарады.

Бұл бағыт білім алушының жеке тұлғалық және даралық қалыптасу процесіне педагог-психологтың белсенді әсер етуін білдіреді. Оның міндеті әр білім алушының қабілетін, бейімділігін дамытуда педагогикалық ұжымға көмек беретін педагогикалық қызмет бағыты болып табылады. Бұл бағытта балалардың мінез –құлқындағы және оқуындағы өзгерістер мен бұзылуларды, дамуындағы ауытқуларды түзету жұмыстары ерекше орын алады.

Психологиялық талдау барысында анықталған және қатаң индивидуальды, нақты өзгешелігі бар білім алушының дара ерекшеліктері бойынша жетілдіру және педагогикалық-психологиялық зерттеу жұмыстарының бағдарламалары мен жоспарлары құрылады.

1. Білім алушының әр жас ерекшелік кезеңінің дамуын есепке алғанда, психикалық дамудың бөлек жақтарын және жеке тұлғаның толықтай дамуына бағытталған бағдарламаларды өңдеп жүзеге асырылады.

2. Психолог білім алушының психикалық дамуында ауытқуларды болдырмау бағытында түзету бағдарламасын өңдеп жүзеге асырады.

3. Жетілдіру және педагогикалық- психологиялық түзету жұмыстарының бағдарламасына психологиялық және педагогикалық бөлімдері кірістіріледі . Психолог психологиялық бөлімді жоспарлап, жүзеге асырады. Педагогикалық бөлімді мұғалімдермен, топ жетекшілерімен, ата-аналармен бірігіп өңдейді және оны психолог көмегімен жоғарыда аталған адамдар орындайды. Жұмыстың бөлек формаларына қоғамдық өкілді және т.б. адамдарды кірістіруге болады.

4. Жетілдіру және педагогикалық- психологиялық түзету жұмыстарын төмендегі бағыттар бойынша кірістіруге болады:

— жеке білім алушылармен арнайы жұмыс жүргізу процесінде;

— білім алушылар тобымен арнайы жұмыс жүргізу процесінде;

— тәрбиелік іс-шаралар бағытында;

— білім алушының ата-анасының және басқа туыстарының қатысуын қажет ететін формада өткізуге болады.

Білім алушылардың негізгі білім сапасын арттыру мақсатында оларды бірнеше жүйе лер арқылы қарастыруға болады. Мысалға:

1. Бірінші жүйе жеті өмірлік категорияға негізделеді: мәселені шешу, қарым — қатынас,

тұрақтылық, өзіне деген сенімділік, ойлаудағы талқылаушылық, Мен – тұжырымдамасындағы өзін-өзі басқару қабілеттілігі;

2.Екінші жүйе өмірлік біліктілікке байланысты коучингтің негізгі мақсаты болатындай етіп негізделеді: тұлға аралық қарым — қатынас, денсаулықты ұстану, жеке пікірдің дамуы, мәселені шешу және шешім қабылдау;

3.Үшінші жүйе де тұлға аралық бақылау болып саналады да ол өзіндік түсініктерге, қаржылық қорғанышқа алып келеді.

